

Н.С. Бакина, Н.Т. Жанақова, Қ.Қ. Сүлейменова

ҚАЗАҚСТАН ТАРИХЫ

Жалпы білім беретін мектептің 6-сыныбына арналған оқулық

6

Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі ұсынған

А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының сарапшыларымен келісілді



Алматы «Атамұра» 2018

ӘОЖ 373.167.1

КБЖ 63.3 (5 Қаз) я 72

Б 21

Оқулық Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі бекіткен негізгі орта білім беру деңгейінің 5–9-сыныптарына арналған «Қазақстан тарихы» пәнінің жаңартылған мазмұндағы Типтік оқу бағдарламасына сәйкес дайындалды.

Пікір жазғандар:

Қабылдинов З. Е., тарих ғылымдарының докторы, профессор

Төлебаев Т.Ә., тарих ғылымдарының докторы, профессор

Щеглов С.Г., ҚР ағарту ісінің үздігі, жоғары санатты тарих пәнінің мұғалімі

Мәуленқұл Н.Ә., жоғары санатты тарих пәнінің мұғалімі

Шартты белгілер:



– Сұрақтар мен тапсырмалар



– Ашық тест тапсырмалары



– Бір немесе бірнеше дұрыс жауаптары бар жабық тест тапсырмалары



– Тәжірибелік тапсырмалар



– Оқиға куәгерлері мен тарихшылардың деректері

Бакина Н. С. т.б.

Б 21 Қазақстан тарихы. Жалпы білім беретін мектептің 6-сыныбына арналған оқулық/ Н.С. Бакина, Н.Т. Жанақова, Қ.Қ. Сүлейменова – Алматы: Атамұра, 2018. – 240 бет.

ISBN 978-601-331-149-4

ӘОЖ 373.167.1

КБЖ 63.3 (5 Қаз) я 72

ISBN 978-601-331-149-4

© Бакина Н.С., Жанақова Н.Т.,
Сүлейменова Қ.Қ., 2018
© «Атамұра», 2018

Құрметті оқушылар!

Бұл оқулық Қазақстанның орта ғасырлардағы тарихын қамтиды. Тақырыпты меңгеру барысында сендер өз ойларыңды еркін білдіріп, мәселелерді бірлесе талқылай аласыңдар.

Сызбалар мен кестелер деректері есте сақтауға қолайлы, қысқаша берілген. Ол тарихи оқиғаларды жүйелі түрде түсініп, тақырыпты терең меңгеруге көмектеседі.

Тақырып **мәтінін** оқу барысында тарихи карталарды пайдалану керек. Карталар мемлекеттердің орналасуын, тарихи оқиғалардың өткен жерін, көші-қон бағытын нақты көрсетеді.

Тапсырмаларды орындаған кезде сұрақтарды мұқият оқып шығыңдар. Жауапты оқулық материалдары негізінде дайындаңдар.

Сұрақтар мен тапсырмалар ойлау қабілеттеріңді дамытуға ықпал етеді. Тарихи оқиғаларға қорытынды жасау, баға беру, салыстыру, жинақтау білімдеріңді жетілдіре түседі.

Әр параграфтың соңында **тест тапсырмалары** келтірілген. Олар сендерді тақырыптың маңызды тұстарына назар аудартып, деректер мен ұғымдарды есте сақтауға үйретеді. Тест тапсырмалары білімдеріңді бекіту міндетін де атқарады. Өз беттеріңше білім алу, іздену талаптарыңды ұштайды. Сонымен қатар тест тапсырмаларын ұстаздарың дайындық деңгейлеріңді бақылау мақсатында да пайдаланады.

Есте сақтауға тиісті тарихи есімдер мен даталар **қара әріппен**, жаңа ұғымдар **курсивпен** терілген. Олардың түсініктемесі оқулықтың соңындағы сөздікте көрсетілді. Оқулықтың алдыңғы және соңғы мұқабә беттерінде басты хронологиялық оқиғалардың тізімі келтірілген.



КІРІСПЕ

Кіріспені оқу барысында:

- Қазақстанның орта ғасырлардағы тарихын оқудың маңызын;
 - Қазақстанның орта ғасырлардағы тарихының кезеңдерін;
 - «Түркі кезеңі» ұғымының мәнін білетін боласыңдар.
 - Орта ғасырлардағы Қазақстан тарихына жалпы шолу жасайсыңдар.
- Кіріспені оқып шығып, Қазақстанның орта ғасырлардағы кезеңдерін жазып алыңдар.

Қазақстанның орта ғасырлардағы тарихы VI–XVII ғасырларды қамтып, негізгі үш кезеңге бөлінеді.

Бірінші (VI ғасырдан XIII ғасырдың басына дейін) – *Түркі кезеңі*.

Бұл кезеңде түркі тілдес тайпалар бірнеше ірі мемлекеттік құрылымдар: Түрік қағанатын, Шығыс Түрік қағанатын, Батыс Түрік қағанатын құрды. Сондай-ақ Түргеш, Қарлұқ, Қимақ, Қыпшақ, Қарахан және Оғыз мемлекеттерін қалыптастырды. Бұл мерзім *түркі кезеңі* деп аталады. Осы кезеңде қазіргі түркі халықтарының түп негізін құраған тайпалар пайда болды.

VI–XIII ғасырларда халықтардың бір-біріне белсенді түрде ықпал ету үрдісі белең алды. Ол Еуразия құрлығындағы мемлекеттердің барлығының ортағасырлық мәдениет ескерткіштерінен көрініс тапты. Осы кезеңде араб басқыншылығы түркілер өміріне елеулі өзгерістер әкелді. Араб әліпбиін енгізіп, жаңа дін – *исламды* орнықтырды.

Ортағасырлық түркі әлемі еуразиялық өркениетке, жалпы адамзат мәдениетіне өлшеусіз үлес қосты. Әбу Насыр әл-Фараби, Ахмет Ясауи, Махмұд Қашғари, Жүсіп Баласағұни т.б. сынды ұлы ғалымдар мен ойшылдар шықты. Түркі кезеңі ерте және дамыған орта ғасырларды қамтиды.

Екінші (XIII ғасырдың басы – XV ғасырдың ортасы) – *Монғол шапқыншылығы кезеңі*. Бұл кезең орта ғасырларда орасан зор күйзеліске душар еткен монғол шапқыншылығымен басталды.

Қазақстан жеріне басып кірген монғол тайпалары XIV ғасырда толықтай түркіленді. Алтын Орда мен Шағатай ұлысы ыдырады. Нәтижесінде Қазақстан аумағында түркі мемлекеттері: Ақ Орда, Әбілқайыр хандығы, Моғолстан, Ноғай Ордасы, Сібір хандығы құрылды.

XIV–XV ғасырларда түркі тілдес тайпалардан құралған қазақ халқының қалыптасу үрдісі аяқталды.

Үшінші (XV ғасырдың ортасы – XVII ғасыр) – Қазақ мемлекетінің қалыптасып, даму кезеңі.

XV–XVII ғасырларда Қазақ хандығы этникалық шегараларын белгіледі. Қазақ мемлекетінің нығаюына Қасым, Хақназар, Тәуекел, Есім, Жәңгір, Тәуке хандар маңызды үлес қосты. Олар қазақ жерін сыртқы басқыншылардан қорғап, кейінгі ұрпаққа ұлан-ғайыр аумақты мұраға қалдырды. XV–XVII ғасырларда Қазақ хандығы қалыптасу, өрлеу және құлдырау кезеңін бастан кешті. XVIII ғасырдың басында хандық жекелеген жүздерге бөлінді. Хандықтың жер аумағы сан мәрте өзгерді. Соған қарамастан қазақ этносының Ертістен Сырдарияға дейінгі және Жайық алқабынан Тянь-Шаньға дейінгі қонысы өзгеріссіз сақталып қалды.

Кесте бойынша орта ғасырлардағы Қазақстан тарихының кезеңдеріне сипаттама беріңдер.

Монғол және Қазақ мемлекетінің қалыптасып, даму кезеңі кейінгі орта ғасырларды қамтиды.

Орта ғасырлардағы Қазақстан тарихының кестесі

Ғасырлар	VI	VII	VIII	IX	X	XI	XII	XIII	XIV	XV	XVI	XVII
Орта ғасырлардағы Қазақстан тарихының кезеңдері	Ерте орта ғасырлар				Дамыған орта ғасырлар			Кейінгі орта ғасырлар				
	Түркі кезеңі							Монғол шапқыншылығы кезеңі		Қазақ мемлекетінің қалыптасып, даму кезеңі		

Оқулықта орта ғасырлардағы Қазақстанның саяси және мәдени тарихын мүмкіндігінше кеңінен қарастырамыз.

Саяси тарих адамзат қоғамының дамуы барысындағы оқиғалар үрдісін зерттейді.	«Қоғамның дамуы», «оқиғалар үрдісі» ұғымдарын түсіндіріңдер.
Мәдениет тарихы халықтардың қалай өмір сүргендігі, наным-сенімі, қандай мұра қалдырғандығы туралы мағлұмат береді.	Мәдениет тарихы нені зерттейді?

Орта ғасырлар дәуірінде Қазақстан аумағы арқылы дүниежүзілік сауда жолдары өтті. Қазақ даласы әлемдік діндер мен тіл, нәсілдердің «тоғысу алаңына» айналды. Қазақстан бүкіл Еуразия құрлығының тағдырында маңызды рөл атқарды.

Бүкіл адамзат тарихында көшпелілер отырықшылармен тығыз байланыс орнатты. Дала аймағы қалалар мен отырықшы өмірдің маңызды бөлігі болды. Отырықшы және көшпелі тайпалардың өзара тығыз ықпалдастығы қазақ халқы мәдениетінің ерекшеліктерін айқындады.

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаев 2014 жылғы Жолдауында «Мәңгілік Ел» ұлттық идеясын жария етті. Қазақ халқының мәдениеті мен дәстүрі негізінде тарихи сананы қалыптастыру «Мәңгілік Ел» идеясынан көрініс тапты.

Құрметті оқушылар! Кіріспені оқу барысында «Түркі елі» мен «Қазақ елі» ұғымының, қазақ халқының мәдениеті мен дәстүрлерінің орта ғасыр дәуірінде қалыптасқанынан мағлұмат алдыңдар.



Сұрақтар мен тапсырмалар

1. Орта ғасырлардағы Қазақстанның бүкіл Еуразия құрлығы тағдырында маңызды рөл атқарғанын дәлелдеңдер.
2. Мәтін мен кестені пайдаланып, Қазақстан аумағындағы мемлекеттердің құрылу жүйелілігін анықтаңдар.



ТҮРКІ КЕЗЕҢІНДЕГІ ҚАЗАҚСТАН ТАРИХЫ
(VI–XIII ғасырдың басы)

Бірінші тарау

VI–IX ҒАСЫРЛАРДАҒЫ ҚАЗАҚСТАН

§1. ТҮРКІ ҚАҒАНАТЫ (552–603 жылдар)

Тақырыпты оқу барысында:

- Түрік қағанатының қалыптасу тарихын білесіңдер;
- мемлекеттің құрылуы мен нығаюының себебін түсінесіңдер;
- *қағанат, ашина, ел, бұдун, бек, ер, этникалық сана-сезім* ұғымдарымен танысасыңдар. Оқиғалардың өзара байланысы арқылы Түрік қағанаты құрылуының тарихи маңызын анықтайсыңдар.

Түрік қағанатының құрылуы. Қытай деректері бойынша түркілер алғашқы кезде Қытай шекарасының батысында, Алтай тауларының етегінде өмір сүрді. Кейін түрік тайпаларының көсемі Бумынның басшылығымен иеліктерін Хуанхэ жағалауларына дейін кеңейтті. Батыс Қытай билеушісі жақын қоныстанған түркілер жайлы дерек жинай бастайды. Бұл деректер түрік тарихының ерте кезеңі туралы негізгі білім көзіне айналды. Қытай деректерінде түркілерге қатысты алғашқы мәліметтер **542 жылдан** бастап кездеседі. Түркілер жужан қағанына салықты темір түрінде төлеген.

«Түрік» сөзі *«берік, қишті»* деген мағынаны білдіріп, билік етуші ашина әулетіне байланысты айтылды. Кейін олардың қарамағындағы барлық тайпалардың ортақ атауына айналды. Бұл тайпалардың біраз бөлігі *теле* деп аталды.

Жужандардың тепкісін көрген түркілер оларға қарсы бас көтере бастайды. Бумын қалың қолмен жужандарға шабуыл жасайды. **552 жылы** жужандар әскері талқандалады. Бумын *түркі елінің қағаны* болып жарияланады. Орталық Азиядағы жаңа мемлекет – **Түрік қағанаты** осылай пайда болды.

Түркілер қандай оқиғаға байланысты және Қытай жылнамаларында алғаш қашан аталатындығын анықтаңдар. Түрік қағанатының құрылу барысын түсіндіріңдер. Түрік қағанаты қашан және қай жерде құрылды?

Ұлттық сана-сезім – халықтың өзіндік ерекшеліктері мен әлемдегі өз орнын ұғынуы, мәдени-тіл ортақтығы.

Түрік қағанатының негізін қалаушы Буын қайтыс болғаннан кейін билікке келген **Мұқан қаған (553–572 жылдар)** жужандарды талқандауды аяқтайды.

Түрік қағанатының нығаюы. Мұқан қаған түркілердің Орталық Азия мен Оңтүстік Сібірдегі үстемдігін бекітті. **Иштеми (Істеми)** қаған

қазіргі Қазақстан, Орталық Азия аумағын бағындырып, Еділ мен Солтүстік Кавказға шықты.

Түркілер қашан және неліктен жужандарға қарсы көтерілді? (Ұлттық сана-сезім ұғымын пайдаланыңдар).

Қытай жылнамаларындағы деректер бойынша Мұқан қаған «шегара (Ұлы қорған) сыртындағы барлық иеліктердің зәресін ұшырды». VI ғасырдың 60-жылдары Түрік қағанаты сол кездегі ірі мемлекеттер – Византия, Иран, Қытаймен өзара қарым-қатынас жасады. Түрік қағанаты нығайған кезінде (**VI ғасырдың 70-жылдары**) Маньчжуриядан Босфорға дейінгі жерді алып жатты. Иштеми қаған тұсында түркілер әскери жағынан қуатты империяға айналды.

Жужан мемлекеті V ғасырда Монғолия мен Батыс Маньчжурия аумағында көшпелі тайпалар одағынан құрылған. Түркілер талқандаған жужандардың бір бөлігі Корея мен Солтүстік Қытайға, басқалары – батысқа қоныс аударды.

Түркілердің батысқа жылжуы тек жаулап алушылық қана емес, түркі тайпаларының ірі көші-қонына ұласты. Жергілікті тайпалар түркілерден құралған мемлекетке қосылды немесе Шығыс Еуропаға қарай жылжыды.

VI ғасырдың 80-жылдарының соңында түркілер Парсы елімен одақтасты. Оңтүстік Қазақстан мен Орталық Азиядағы қуатты эфталиттер мемлекетін талқандады. Эфталиттер мұрасын бөлуге байланысты одақтасар арасында жанжал шығып, ол тез арада шешілді. Түркілердің өз әскерін кері алып кеткені үшін Парсы жағы оларға үлкен көлемде алым төлеуге міндеттенді.


Түркілер Орталық Азияны жаулап алып, Қытайдан Жерорта теңізі елдеріне баратын Ұлы Жібек жолының едәуір бөлігіне ие болды. Жібек саудасы түркі қағандарына орасан зор кіріс әкелді. Жібек матасын сатып алушы негізінен Византия еді.

568 жылы түркі елшісі Маниах Византияға қағанаттың елшілігін басқарып барды. Император сарайы түркі елшілігін аса жоғары құрметпен қабылдады. Түркілер мен Византия арасында парсыларға қарсы әскери-


сауда келісімі жасалды. Кері қайтқанда Маниахпен бірге Византия елшісі Земарх қаған ордасына келді.

Дереккөздерде Византия елшілігінің түркілерге бірнеше рет барғаны жайында айтылады. Византиямен тұрақты сауда және дипломатиялық байланыстар орнағандығын VI ғасырдағы византиялық теңгелер растайды.

Мемлекеттің ыдырауы. VI ғасырдың 60–90-жылдарында Түрік қағанаты іштей қуатты және көршілер үшін қаһарлы еді. Түркілер Қытайды өздерінің кіріс көзі деп білді. Қытайлар мұнымен келісе алмады. Түркілерге қарсы күрес олардың басты міндегіне айналды.



Сауыт құрсанған ежелгі түркі жауынгері. Қайта қалпына келтірілген



VI ғасырдың соңы – VII ғасырдың басында Қытайдың күшеюі билік басындағы түркі өулетінің өз ішінде қырқыстың басталуымен және даладағы сұрапыл жұтпен тұспа-тұс келді. Мұның бәрі қағанатты дағдарысқа ұрындырды. Түркілердің қарсылығын әскери күшпен жеңе алмаған Қытай **603 жылы** дипломатиялық жолмен қағанаттың ыдырауына қол жеткізді. Біртұтас мемлекет Батыс Түрік және Шығыс Түрік қағанаттарына бөлінді. Қағанат ыдырағанымен қуатты мемлекет болып қала берді.

«Түрік қағанатының нығаюы» тақырыбына жоспар құрыңдар.

Әкімшілік және әлеуметтік құрылымы. Түрік қағанаты Маньчжуриядан Босфорға және Сібірден Парсыға (Иран) дейінгі жерді алып жатты. Осындай орасан зор аумақты бағындырып қана қоймай, оған иелік ету қажет еді.

Қағандар тек қолбасшы ғана емес, аса көрнекті билеушілер болды. Түрік қағанатында егіншілік пен қолөнер дамыды, түрлі діндер бір-бірімен үйлесім тапты. Қытайдан Византияға апарылатын жібектің бір бөлігі қалаларда қалдырылды. Түркілер мемлекетте тәртіп орнатты. Жаулап алынған халықтардың дербестігі сақталды, олар қағандарға алым-салық төлеп отырды.



Қаған мемлекетті басқарды, жоғарғы сот міндетін атқарды, әскерге басшылық етті. Мемлекетті басқаруда тайпаның ақсүйек қауымына сүйенді. Әскери және азаматтық билікті басқаратын жүйе – *ябғу, шад* т.б. құрылды.

Билеуші өулеттің жасы жағынан ең үлкені қаған сайланды. Мұның өзі көмелетке жетпеген ханзаданы таққа отырғызудан сақтап, елдің қауіпсіздігін қамтамасыз етті. Билік үнемі тәжірибелі адамдардың қолында болды. Ұлы қаған ордасы түркілердің байырғы қонысы – Алтайда орналасты.



Ежелгі түркі жауынгерлері

Түрік мемлекетінде қарапайым халық *бұдун* (мемлекеттің қатардағы құрамы) аталды. «Бектер» *ақсүйектер* билік тобын құрады.

Қаған *ашина* руынан шыққан түркі еліндегі ақсүйек қауымының ең таңдаулы өкілі саналды. Зерттеушілер «ашина» терминін әрқилы саралайды, біреулері бұл сөзді «текті қасқыр», ал басқалары «аспаннан жаратылған» деп түсіндіреді.

Түркілердің шыққан тегі бір болғандықтан, олардың жерге және соғыстан түскен

олжаға құқықтары бірдей еді. Қауым ішіндегі бірлік таптық қарама-қайшылықтарды болдырмады. Ғалымдар түркілер тарихын зерттей келе, қатардағы бұдундардың қаған билігіне қарсы көтерілген бірде-бір оқиғасын кездестіре алмаған.

Түркі қоғамының әлеуметтік бірлігі қалай сақталынды?

Түркі қоғамының бірлігі берік еді. Соғыста ерлік көрсеткендерге қатардағы жауынгер немесе ақсүйек тобынан болсын «ер» (*жауынгер*) атағы берілді. Бектің ерлерден тұратын тұрақты жасағы құрылды. Тіпті ең кедей ердің өзі бектің алдында еркіндігін сақтап қалды. Түркі тайпалары өз мемлекетінің шегарасында бірігіп, жаңа *түркі халықтарының* қалыптасу ошағына айналды.

Елді қорғаушы – ер. Қазақтар: «Ер намысы – ел намысы» дейді. Қазақ және түркі рухани мәдениетінің сабақтастығын анықтаңдар.

Жаулап алғанға дейін бөлек жүрген тайпалар бейбіт өмірге көшіп, шаруашылығын дамытуға мүмкіндік алды. Түрік қағанатында дала тайпалары мен қала тұрғындары, будда, христиан дінін ұстанғандар және Төңірге табынушылар бейбіт өмір сүрді.



1. Ашық тест тапсырмалары

- 1.1. «Шегара (Ұлы қорған) сыртындағы барлық иеліктердің зәресін ұшырды» деп Қытай жылнамаларында _____ қаған туралы жазды.
- 1.2. Түрік қағанаты өзінің нығайған кезеңінде (VI ғасырдың 70-жылдары) _____ бастап _____ дейінгі жерді иеленді.
- 1.3. Түркілер Орталық Азияны жаулап алғаннан кейін Қытайдан _____ теңізі елдеріне баратын Ұлы Жібек жолының едәуір бөлігіне ие болды.
- 1.4. Жібек матасын сатып алушы негізінен _____ еді.
- 1.5. Түрік мемлекетінде қарапайым халық «_____» деп, ал үстем тап, яғни «_____» ақсүйектер билік тобын құрады.

«Түркі мемлекетінің алғашқы билеушісі» тақырыбына эссе дайындаңдар.



2. Жабық тест тапсырмалары

- 2.1. Қытай билеушісі түркілер жайлы барлық деректерді жинап беруді бұйырған кезде, Бумын басқарған түркі тайпалары қоныстанған жер
 - А) Шанхай аймағы
 - Ә) Пекин төңірегі
 - Б) Хуанхэ жағалаулары
 - В) Алтай таулары
 - Г) Орхон жағалаулары



- 2.2. 545 жылы түркілер тарих сахнасына шыққан кезде оларға елшілігі келген мемлекет
- А) Византия
 - Ә) Қытай
 - Б) Русь
 - В) Парсы
 - Г) Аштархан билеушілері
- 2.3. Бумын бастаған күрестегі оның басты жауы
- А) ғұндар
 - Ә) үйсіндер
 - Б) жужандар
 - В) монғолдар
 - Г) меркіттер
- 2.4. Орталық Азиядағы жаңа мемлекет – Түрік қағанаты пайда болған жыл
- А) 572 жыл
 - Ә) 542 жыл
 - Б) 532 жыл
 - В) 562 жыл
 - Г) 552 жыл

§2.

БАТЫС ТҮРІК (603–704 жылдар) ЖӘНЕ ШЫҒЫС ТҮРІК (682–744 жылдар) ҚАҒАНАТТАРЫ

Бүгінгі сабақта мына сұрақтарға жауап бере аласыңдар:

- Батыс түркілері неліктен өз мемлекетін құрды?
- Батыс және Шығыс Түрік қағанаттарының даму ерекшеліктері мен ұқсастықтары және айырмашылықтары неде?
- *ябғу, шад, елтебер, тархан, бұйрық, қара бұдун, тат* ұғымдары нені білдіреді?

Тақырыпты оқу барысында:

- ерте түрік қағанаттарының сыртқы саясатының негізгі бағыттарын анықтайсыңдар;
- «Ұлы Дала» ұғымымен танысасыңдар.

Біртұтас Түрік қағанатының құлдырауы негізінде жаңа түркі мемлекеттері қалыптасты. Осы мемлекеттер шеңберінде Ұлы Далада көне түркі халықтары одан әрі дамып, айналасындағы тайпаларға ықпал ете бастады. «Ұлы Дала» ежелден қалыптасқан ұғым. Ұлы Далаға Алтайдан Қара теңізге дейінгі кең-байтақ аумақ жатады. Оның негізін қазақтың жері құрайды. Ұлы Даланы мекендеген түркілер өз кезінде қуатты мемлекеттерін құрған.

Батыс түркілерінің өз мемлекетін құруының саяси себебі – қаған әулеттерінің дербес билікке ұмтылуында еді. Ал экономикалық себебі әр өлкенің шаруашылық ерекшелігінен туындады.

Халқы және мемлекеттік құрылымы. Батыс Түрік қағанатында түркілер халықтың аз бөлігін құрады. Осыған байланысты түркілер жергілікті халықпен араласып, жойылуы немесе ығыстырылып кетуі мүмкін еді. Алайда жағдай басқаша сипатта өрбіді. Жаулап алынған көшпелілер де, сондай-ақ **Жетісудан Қара теңізге дейін** отырықшы тұрғындар да түркілерге бағынды. Осылайша, түркілер үстемдікке ие болып шықты.

Қағанат халқы «он оқ тайпа одағына» (он оқ елі) бірікті. Әр «оқ», яғни тайпа бір *түмен*, қолбасы басқарған он мың әскер шығарды және әр оқтың өз әскери жалауы болды.

Халықтың аз бөлігін құраса да, түркілер қалай үстемдікке қол жеткізді?

Иштеми қаған Қытай деректерінің бірінде **100 мың адамдық әскері бар** «он тайпа қағаны» аталды. Л.Н. Гумилевтің зерттеуінше, Иштеми өлгеннен кейін, билікке **Тардуш** келді. Оның тұсында Батыс Түрік қағанаты түпкілікті жеке мемлекетке айналды.

Қағанаттың негізі (он тайпа) Қаратау тауларынан Жоңғарияға дейінгі жерлерді алып жатты. Батыс Түрік қағанаты шығысында Алтай тауынан, солтүстік-батысында Каспий теңізіне дейінгі аумақты өзіне қаратты. Тардуш қаған кезінде Батыс Түрік қағанаты күшейді. *Дулу* және *нушеби* қағанаттың үстем тайпалары болды. Қағанатта *қаған* ұлы әмірші, билеуші, әскери қолбасшы және барлық жердің иесі саналды.

Қағанаттың аумақтық өзегі Жетісуда қаланды. Себебі мұнда барлық керуен жолдары түйісті, бай қалалар орналасты. Қауіпсіз аумақ саналып, жергілікті тайпалармен тұрақты қарым-қатынас орнады.

Қағанаттағы *ябеу*, *шад* және *елтебер* сияқты жоғары лауазымдар қаған әулетіне тиесілі еді. Сот қызметін *бұйрықтар* мен *тархандар* атқарды. Қағанаттың негізгі халқын ерікті малшылар қауымы (*қара бұдун*) құрады. Түркілер отырықшы бағынышты халықты *тат*, яғни *тәуелді алым-салық төлеушілер* деп атады.

Сыртқы және ішкі саясаты. Түркі қағандары жаулап алынған жерлерде бұрыннан бар тәртіпті өзгерткен жоқ. Түркілер билігін бекітіп, салық алумен шектелді.





Түркі жауынгері

Батыс Түрік қағанаты VII ғасырдың бірінші жартысында, Шегу мен Тон-ябғу қағандар тұсында өркендеді. Бұл кезеңдегі әскери жорықтар барысында қағанаттың аумағы ұлғайып, экономикасы дами түсті.

Қағанның қысқы ордасы Шу өзені алқабындағы ірі сауда, қолөнер орталығы *Суяб* қаласы болды. Жазғы ордасы Испиджаб маңындағы Мыңбұлақта (Түркістан қаласының маңы) орналасты.

Тон-ябғу тұсында Орталық Азия мемлекеттеріне қағанаттың қатаң бақылауы орнықты. Оның қол астындағы барлық иеліктерге қағанның өкілдері – *түдундар* жіберілді.

Тон-ябғу билігі туралы Қытай шежірешісі: «Батыс варварлары ешқашан дәл осындай қуатты болған жоқ», – деп жазды. *Ешбар Елтеріс* қаған билікті күшейтіп, «он тайпа» – «он оқ бұдун» жүйесін енгізді. Қағанның он оқ, он түменнен (әр түменде 10 мың қол) тұратын әскери жасағы болды. «Бұдун» сөзі ел, халық ұғымын білдіреді.

Батыс Түрік қағанатының ішкі және сыртқы саясатына тән белгілерді анықтаңдар.

Қағанаттың құлдырауы. Тон-ябғу өлімінен кейін мемлекетте ұзаққа созылған дағдарыс басталды. Дулу және нушеби одағы арасындағы билік үшін күрес дағдарыстың басты себебі болды. Орталық биліктің әлсірегенін пайдаланып, Батыс түркілерден Еділ бұлғарлары, хазарлар мен қимақтар бөлінді.

Соңғы Батыс Түрік қағаны елдің бірлігін сақтауға тырысты. Қаған тайпа көсемдерін тікелей өзіне тәуелді басқарушылар етіп тағайындады. Бұдан басқа бақылауды жүзеге асыру үшін әр оққа қаған өулетінің өкілі – *шад* жіберілді. Ол орталық билік мүддесін қорғады. Алайда Батыс Түрік қағанаты әлсірей түсті.

Өзара тайпалық қырқыс және қаған билігінің әлсіреуі Таң империясы әскерінің Жетісуға баса-көктеп кіруіне әкелді. Батыс түркілер Қытайға тәуелді болып қалды.

Түркі тайпалары Батыс Түрік қағанатының орнына бірнеше мемлекет құрды. Төменгі Еділ бойында және Солтүстік Кавказдың шығысында Хазар қағанаты құрылды. Қазіргі Қазақстан аумағында

үш мемлекет: Қазақстанның батысында – Оғыз мемлекеті, Солтүстік-шығыс және Орталық Қазақстан аймағында – Қимақ қағанаты, ал Жетісуда – Түргеш мемлекеті қалыптасты.

Қағанаттың әлсіреу себептерін анықтаңдар.

Экономикасы. Батыс Түрік қағанаты көшпелілік дәстүр басым болған Шығыс Түрік қағанатынан әлдеқайда өзгеше еді. Батыс Түрік қағанатында көшпелі және отырықшы-егіншіліктің біртұтас жүйесі дамыды. Қағанат халқы қолөнер, сауда, егіншілік және малшаруашылығымен айналысты.

VI–VIII ғасырларда Шу алқабында түркі, соғды, сириялықтар мен парсылар қоныстанған 20-ға жуық ірі қалалар мен қоныстар болды. VII ғасырдағы Қытай саяхатшысы Жетісу өңірінде жер өңдеушілер мен қолөнершілердің көп екенін жазады. Бұл Жетісуда сауда мен қолөнердің дамығанын көрсетеді.

Батыс Түрік қағанатындағы шаруашылықтың негізгі салаларын және олардың Шығыс Түрік қағанатынан айырмашылығын айтыңдар.

Шығыс Түрік қағанаты. Түрік қағанаты бөлінгеннен кейін олардың дамуы әртүрлі болды.

682 жылы Қытаймен соғыс барысында шығыс түркілер өздерінің мемлекетін қайта құрды. Қалпына келген мемлекет осы күнгі Монғолия аумағында құрылды.

Шығыс Түрік қағанаты *Қапаған қаған* тұсында Орталық Азияны бағындырды.

716 жылы Білге қаған Шығыс Түрік қағанатының билеушісі болды. Білге қаған мен оның інісі **Күлтегін** Түрік қағанатын қайта өркендетті. Білге Қытаймен соғыстағы жеңісі арқылы ұтымды бейбіт келісімге қол жеткізді. Қытай императоры Түрік ордасына үлкен көлемде жібек жіберді. Бұл Қытайдың солтүстік шеғарадағы бейбіт өмір үшін төлемі еді.

731 жылы Күлтегін, көп ұзамай Білге дүние салды. Орхон өзені маңында Білге мен Күлтегінге арналып құлпытастар орнатылды. Бұл құлпытастар Түрік қағанаты тарихының жылнамасы болып табылады.

Білге қаған мұрагерлері кезінде қағанат құлдырады. **744 жылы** біріккен ұйғыр және қарлұқ күштері Шығыс Түрік қағанатын талқандады. Ашина әулеті өмір сүруін тоқтатты.



**1. Ашық тест тапсырмалары**

- 1.1. Қытай деректерінде _____ «он тайпаның» қағаны аталды.
- 1.2. Батыс Түрік қағанатының негізін құраған он тайпа _____ тауларынан _____ дейінгі жерді иеленді.
- 1.3. Қағанатта ұлы әмірші, әскери қолбасшы және барлық жердің иесі _____ саналды.
- 1.4. Батыс Түрік қағанатының қысқы ордасы ірі сауда, қолөнер орталығы _____ қаласы болды.
- 1.5. Қағанаттағы ябғу, шад және елтебер лауазымдары _____ әулетіне тиесілі болды.
- 1.6. Батыс Түрік қағанатының дағдарысқа ұшырау себебі _____ және _____ тайпаларының арасындағы билік үшін күрес болды.

**2. Жабық тест тапсырмалары**

- 2.1. Батыс Түрік қағанатының жазғы ордасы
 - А) Суяб
 - Ә) Тараз
 - Б) Отырар
 - В) Мыңбұлақ
 - Г) Сығанақ
- 2.2. Батыс Түрік қағанатындағы өзара қырқыстар, биліктің әлсіреуі Жетісуға басқыншылар әскерінің баса-көктеп енуіне әкелді
 - А) Ұйғыр қағанаты
 - Ә) Византия империясы
 - Б) Таң империясы
 - В) Шығыс Түрік қағанаты
 - Г) Қарлұқ қағанаты
- 2.3. Батыс Түрік қағанаты орнына құрылған түркі мемлекеттері
 - 1) Хорезмшахтар мемлекеті
 - 2) Оғыз мемлекеті
 - 3) Қимақ қағанаты
 - 4) Қарахан мемлекеті
 - 5) Қыпшақ хандығы
 - 6) Қазақ хандығы
 - 7) Шайбанилер мемлекеті
 - 8) Хазар қағанаты
- 2.4. Білге қаған және оның інісі Күлтегін тұсында қайта өркендеген мемлекет
 - А) Қарлұқ қағанаты
 - Ә) Батыс Түрік қағанаты
 - Б) Шығыс Түрік қағанаты
 - В) Ұйғыр қағанаты
 - Г) Түргеш қағанаты



§3.

ТҮРГЕШ ҚАҒАНАТЫ (704–756 жылдар)

Тақырыпты оқу барысында:

- Батыс Түрік және Түргеш қағанаттарының тарихына салыстырмалы талдау жасай аласыңдар;
- Түргештердің қытай, араб, шығыс түркілерімен күрестері туралы білесіңдер;
- Атлах шайқасының Орталық Азия үшін тарихи маңызын түсінесіңдер.

Халқы және жер аумағы. Түргештер VI ғасырда Батыс Түрік қағанатының құрамында болды. Олар Іле, Шу өзендерінің аралығын қоныстанып, Шу түргештері (сары түргеш) және Іле түргештері (қара түргеш) болып бөлінді. VII ғасырдың соңында түркілердің Қытайға қарсы күресі түргеш тайпаларының күшеюіне әкелді. 704 жылы түргештер Жетісуда өз саяси үстемдігін орнатты.

Түргештер әулетінің негізін **Үшлік қаған** қалады. Үшлік елді 20 өкімшілік аймаққа бөлді, оның әрқайсысы әскер шығарды. Ол бас орда етіп Шу өзені бойындағы Суяб қаласын белгіледі. Екінші ордасы Іле өзені бойындағы Күнгіт қаласында болды.

Түргеш қағанаты тарихындағы әйгілі билеушілер: мемлекеттің негізін қалаушы Үшлік және *Сұлық* (Сұлу). Олардың тұсында түргештер нығайып, Жетісудағы ең қуатты мемлекетке айналды.

Түргеш мемлекетінің жағдайы құрылған кезінен бастап күрделі болды. Оңтүстік-батыста олар арабтармен қиян-кескі күрес жүргізді. Оңтүстік-шығыста Қытай басқыншылығына төтеп берді, шығыстан Шығыс Түрік қағанаты қауіп төндірді.

Араб жаулап алушылығы. VII ғасырдың екінші жартысында арабтар Орталық Азияға басқыншылық жорықтарын бастады. VIII ғасырдың басында араб әскерлері түргештердің шегарасына жақын келді.

Үшлік 706 жылы араб әскерлеріне қарсы тұрған соғдыларға көмек беруге тырысты. Түркі-соғды одағының біріккен күштері Бұхара түбінде араб әскерлеріне айтарлықтай соққы берді. Алайда бұл жеңіс ұзаққа бармады. Араб қолбасшысы Құтайба ибн Мүсілім одақтастар арасындағы келіспеушілікті пайдалана білді. Құтайба Орталық Азия жерін басып алды.

Түргештердің өз мемлекетін құру себептері:

- дербес мемлекеттілікті қайта өркендетуге ұмтылыс;
- Батыс Түрік қағандары билігінің әлсіреуі;
- сыртқы жаулардан қорғану қажеттігі.

Сыртқы басқыншылармен белсенді күрес **Сұлық қаған** (715–738 жылдар) есімімен байланысты. Сұлық қаған тұсында түргештердің ордасы Тараз қаласы болды. Талантты қаған мемлекеттің бұрынғы қуатын қалпына келтіре алды. Сұлықтың дипломатиялық және әскери шаралары Қытай тарапынан төнген қауіптің алдын алды. Мұның өзі түргештердің батыста арабтарға қарсы әрекеттерін жандандыруға мүмкіндік берді.

Сұлық арабтарға қарсы батыл қимылдағаны соншалық, олар оған *Әбу Музахим (Сүзеген)* деген лақап ат қойды.

Қытаймен күрес. Сұлық қаза болғаннан кейін Қытай империясы Жетісу аймағына басқыншылық саясатын қайта бастады. 740 жылы Қытай әскерлері Таразды басып алып, тонады. Түргештердің орталығы Суябты қиратты.

751 жылы Тараз маңындағы **Атлах** қаласында араб және қытай әскерлері арасында үлкен шайқас өтті. Түргештер мен қарлұқтар араб жағына шығып, соғыс бес күнге созылды. Шайқаста Қытай әскері толық талқандалды.

Атлах түбіндегі шайқастың түркі халықтарының тағдырында үлкен тарихи маңызы болды:



Түргештердің басқыншыларға қарсы күресі


- Қытайлар Жетісудан қуылды;
- Арабтар Орталық Азия аумағына шегінді. Бұл аймақта ислам тез тарала бастады;
- Атлах түбіндегі шайқастан кейін түркілер арасына ислам мәдениеті кеңінен енді.

Атлах шайқасында түркілер неліктен арабтар жағында болды деп ойлайсыңдар?

Жетісуға Алтай мен Тарбағатайдан *қарлұқ* тайпалары қоныс аударды. Өлсіреген Түргеш мемлекеті қарлұқтардың қысымынан **756 жылы** құлады.

Түргеш қағанатының құлау себептері: *Қытай және арабтармен соғыс; Шығыс Түрік қағанаты тарапынан көрсетілген қысым; қара және сары түргештер арасындағы қақтығыс.*

Жетісудағы соғдылар. Соғдылардың Жетісуға VI–VIII ғасырларда қоныс аударуының үш түрлі себебі бар. В.В. Бартольд оның негізгі себебі ретінде, *біріншіден, сауданы* атайды. *Екіншіден,* Соғды еліндегі тап күресінің өршуі де өз әсерін тигізген. Билеушілердің қысымына шыдамаған соғды диқандары мен көпестері Жетісуға көшіп кеткен. *Үшінші* себебі, Орталық Азияны арабтардың жаулап алу әрекетімен байланыстырылады.



751 жылғы
Атлах
шайқасы.
Суретші
Т. Асықов

Соғдылардың Жетісуға қоныс аудару себептерін атаңдар.

Соғдылардың Жетісуға қоныс аударуы VII–VIII ғасырлардағы егіншілік және қала мәдениеті тарихында елеулі із қалдырды. Түркі тілді ортаға түскен соғдылар жергілікті тұрғындардың тілін, мәдениеті мен әдет-ғұрпын қабылдады. Сөйтіп, соғдылар түркіленіп кетті. Махмұд Қашғари (XI ғасыр) соғдылар арасында түркіше сөйлемейтіндердің болмағандығын жазған.



1. Ашық тест тапсырмалары

- 1.1. VI ғасырдан басталған деректерде түргештер _____ қағанаты құрамында аталып, _____ мен _____ аралығындағы аймақты мекендеді.
- 1.2. Түргештер өулетінің негізін _____ қаған қалады.
- 1.3. Түргештер оңтүстік-батыста _____ шайқас жүргізді, оңтүстік-шығыста _____, шығыстан _____ қағанаты қауіп төндірді.
- 1.4. Арабтарға қарсы батыл әрекеті үшін жаулары Сұлық қағанды _____ деп атады.



2. Жабық тест тапсырмалары

- 2.1. Жетісуда түркілердің арабтарға қарсы күресі кезінде билік басына келген тайпа
 - А) қыпшақтар
 - Ә) қимақтар
 - Б) түргештер
 - В) қарлұқтар
 - Г) оғыздар
- 2.2. Жетісуда түргеш тайпаларының билігі орнаған жыл
 - А) 744 жыл
 - Ә) 751 жыл
 - Б) 704 жыл
 - В) 603 жыл
 - Г) 940 жыл
- 2.3. Түркі халықтарының тағдырындағы Атлах шайқасының тарихи маңызы
 - 1) арабтар Мауараннахр өңірінен ығысты
 - 2) Түргеш қағанаты қалпына келтірілді
 - 3) арабтар Жетісу жерін тастап кетті
 - 4) қытай әскері Мауараннахрдан қуылды
 - 5) қытай әскері Жетісудан шегінді
 - 6) арабтар исламды таратты
 - 7) монғолдар Жетісу аумағына енді
 - 8) арабтар жағында соғысқан түркілер ислам мәдениетін таңдады



Атлах шайқасына қатысушының атынан әңгіме жазыңдар.

§4.

ҚАРЛҰҚ ҚАҒАНАТЫ (756–940 жылдар)

Тақырыпта мыналар қарастырылады:

- қарлұқтардың VIII ғасырдың бірінші жартысында Жетісу аумағына қоныс аударуы;
- Қарлұқ мемлекетінің құрылуы мен өзіндік ерекшеліктері.

Жер аумағы және халқы. Қарлұқтар – Алтай мен Балқаш көлі аралығындағы жерлерді мекендеген көшпелі тайпалар. Ибн әл-Факих (X ғасыр) «олар (қарлұқтар) – көне түркілер» деп жазды.

VII ғасырдың соңынан бастап қарлұқтар Шығыс Түрік қағанатының ықпалында болды. Біріккен ұйғыр және қарлұқ күштері шығыс түркілердің билігін құлатты. Орталық Азияда жаңа мемлекет – Ұйғыр қағанаты (744–840) құрылды. Ұйғыр тайпаларының билеушісі *қаған*, қарлұқтар көсемі *жабеу* лауазымын алды. Қарлұқтар ұйғырларға бағынды. Қарлұқтардың дербестікке ұмтылуы ұйғырлардың қарсылығына әкеліп, олар бұл күресте жеңілді. Жеңіліске ұшыраған қарлұқтар ұйғыр жазбаларында айтылғандай, «Ит жылы (746) батысқа қарай Он оқ еліне қашты».

Жетісуда қарлұқтар оғыз тайпаларының қарсылығына кезікті. VIII ғасырдың ортасында қарлұқтар оғыздарды Жетісудан Сырдарияның төменгі ағысына қарай ығыстырды.

Қарлұқтардың Жетісуда билік жүргізуі. 756 жылы қарлұқтар түргештерді ығыстырып, Жетісу аумағына өздерінің саяси үстемдігін орнатты.

Шығыс деректерінде: «Қарлұқтар түргештер еліне аттанып, басып алды. Оларды бағындырып, билігін құлатты» деп айтылған. Қарлұқтар ерте феодалдық мемлекет құрды. Ордасы Суяб қаласы саналды.

Қарлұқтардың Жетісуға қоныс аударуының себептері:

- көші-қон үшін жаңа жерлердің қажеттігі;
- ұйғырлармен бәсекелестік.

VIII–X ғасырларда қарлұқ тайпалары Жоңғар Алатауынан Сырдарияға дейінгі Қазақстанның үлкен аумағына қоныстанды. X ғасырдағы араб дерегінше: «Қарлұқтар жерін батыстан шығысқа дейін жүріп өту үшін 30 күн қажет болған».

Мемлекеттік құрылымы. Жетісу мен Оңтүстік Қазақстанның көптеген тайпалары қарлұқтар көсемінің қол астына қарады.

Қарлұқ қағанаты қашан және қандай тарихи жағдайда құрылды?

Қарлұқ қағанатында басқарудың әскери-әкімшілік жүйесі орнықты. Мемлекет басында жабғу болғанымен, олардың билігі *әлсіз* еді. Саяси-әлеуметтік құрылымы жағынан феодалдық мемлекет саналды. Қарлұқтарда жекеменшік дамыды. Тайпа ақсүйектерінің мұрагерлік басымдықтары болды. Бұл орталық билікті нығайтпады. Араб және парсы деректеріне сәйкес, IX–X ғасырларда қарлұқ бірлестігі көптеген рутайпалық топтардан тұрды. Қарлұқтар арасында *бұлақ* тайпасы жетекші саналды. Халықтың негізгі бөлігін қатардағы қауым мүшелері, ең төменгі құқығы жоқ топты құлдар құрады.

Қарлұқ қағанатының мемлекеттік құрылымы туралы әңгімелендер. Жоғары биліктің әлсіздігі неліктен мемлекеттің әлсіреуіне әкелді?

Көшпелі тайпаларды басқарушы ақсүйек қауымы тек жайылымға ғана емес, қалаларға да иелік етті. Деректерге сәйкес, қарлұқтар еліндегі 25 қала мен қоныстың көпшілігі Ұлы Жібек жолы бойында орналасты.

840 жылы Енисей қырғыздары қарлұқтардың қолдауымен Ұйғыр қағанатын құлатты. Бұл жағдайды қарлұқ жабғуы пайдаланып, Ұйғыр қағанатын бағындырды. Сол жылы қарлұқ жабғуы қаған лауазымын иеленді. Ұйғырлар мен қарлұқтар бақталастығы қарлұқтардың жеңісімен аяқталды.

Қазақстан аумағында қарлұқ кезеңінде (VIII–X ғасырларда) жергілікті тұрғындарды түркілендіру үрдісі белсенді жүрді.

Арабтармен күрес. Арабтар үшін Жетісудың стратегиялық, сауда-экономикалық мәні зор қалаларының маңызы ерекше болды. Сондықтан олар Жетісу өңіріне жиі-жиі жорық жасаумен болды.




Араб жауынгерлері

IX ғасырдың 20-жылдарында Орталық Азияда *Саманилер әулетінің* билігі орнады. 840 жылы саманилер түркілерге қарсы «қасиетті соғыс» жариялап, Испиджабты басып алды. Бұл қала Оңтүстік Қазақстанда исламды таратудың орталығына айналды.

IX ғасыр соңында саманилер Таразды және оның маңындағы қалаларды басып алып, тұрғындарын исламға қаратты.

Араб басқыншылығы нәтижесінде қағанат әлсіреді, ал Қарлұқ қағанатына үлкен қауіп Қашғар жағынан төнді. 940 жылы Қашғар түркілері Баласағұн қаласын басып алды.



Қарлұқ мемлекетінің құлау себептерін анықтаңдар.

Қарлұқ қағанаты өмір сүруін тоқтатты. 200 жылдай өмір сүрген мемлекет тарихы аяқталды. Жетісуда билік жаңа өулет – қарахандықтарға өтті. Олар ұзақ жылдар бойы Жетісу мен Оңтүстік Қазақстандағы қарлұқ және түргеш тайпаларына билік жүргізді.



Сұрақтар мен тапсырмалар

1. Араб басқыншылығының нәтижесін түсіндіріңдер.
2. Қарлұқ қағанаты басқару жүйесінің ерекшелігін атаңдар.



1. Ашық тест тапсырмалары

- 1.1. Деректерге сәйкес көшпелі қарлұқ тайпалары _____ мен _____ көлі аралығын мекендеді.
- 1.2. VIII ғасырдың ортасында қарлұқтар мен оғыздар арасындағы күрес _____ жеңісімен аяқталды.



2. Жабық тест тапсырмалары

- 2.1. 840 жылы жеңіліс тапқан тайпа
 - А) наймандар
 - Ә) қимақтар
 - Б) қыпшақтар
 - В) ұйғырлар
 - Г) оғыздар
- 2.2. 840 жылы Ұлы Далада қарлұқтар көсемінің иеленген жоғары лауазымы
 - А) хан
 - Ә) жабғу
 - Б) елтебер
 - В) шад
 - Г) қаған
- 2.3. X ғасырдың ортасында Қарлұқ қағанатын әлсіретіп, құлауына себеп болған жағдайлар
 - 1) Қытаймен күрес
 - 2) мықты экономикалық байланыстың болмауы
 - 3) оғыздармен күрес
 - 4) арабтардың басқыншылығы
 - 5) эфталиттердің басқыншылығы
 - 6) Ұлы Жібек жолы қызметінің тоқтатылуы
 - 7) қарақытайлардың баса-көктеп енуі
 - 8) билеуші өулеттің құлауы

§5.

ОҒЫЗ МЕМЛЕКЕТІ (IX–XI ғасырдың ортасы)

Тақырыпты оқу барысында:

- оғыздардың қайдан және қайда көшкендігін білетін боласыңдар;
- оғыздардың саяси тарихымен танысасыңдар;
- Оғыз мемлекетінің құлау себептерін анықтайсыңдар;
- оғыздардың Қазақстан тарихындағы рөліне баға бересіңдер.

Оғыз мемлекетінің құрылуы. Оғыздар жайлы деректерді IX–X ғасырлардың басындағы араб тіліндегі шығармалардан кездестіреміз. Оғыздарда мемлекет болғандығы туралы әл-Якубидің, географ әл-Факихтің еңбектерінде айтылады. Оғыздардың тайпалық құрамы туралы деректерді Махмұд Қашғари еңбектерінен кездестіреміз.


Орыс жылнамаларында да оғыздар туралы айтылады. Бұл жылнамаларда оғыздар печенегтерге, хазарлар мен Еділ бұлғарларына қарсы бірлескен күреске байланысты *торк* деп аталған. Оғыз тарихындағы бірқатар оқиғалар «Оғызнама» эпикалық шығармасында баяндалған.

Оғыз тайпалары туралы жазба деректер тізімін құрастырыңдар.

Деректерге қарағанда оғыз тайпалары Жетісу аумағында қалыптасқан. Оғыздар құрамына түркі тілдес көшпелі тайпалар ғана емес, үндіеуропалық және финн-угор тектес тайпалар да енген. Түрлі рудан тұратын тайпалар бірігіп, тарих сахнасына оғыз есімімен шықты. Батыс Қазақстан аумағына келгенге дейін оғыздардың Жетісуда *Ескі Гузия* деп аталатын ордасы болды.

Оғыз тайпаларының қалыптасу аумағын анықтаңдар.

VIII ғасырдың екінші жартысында қарлұқтармен күрес нәтижесінде оғыздар Жетісуды тастап, Сырдария бойы аумағына қоныс аударды. Сырдарияның төменгі ағысы мен Арал бойының далалық алқабын басып алды. IX ғасырдың соңында олар хазарлармен одақтаса отырып, печенегтерге соңғы соққы берді де, Жайық пен Еділ бойы аралығын толық иемденді. Печенегтермен болған ұзақ күрес оғыздардың IX ғасырда мемлекет құруына ықпал етті. Оғыздардың орталығы Янгикент қаласы Сырдария бойында, көшпелі және отырықшы мәдениет тоғысында орналасты.



Тақырып пен картаны пайдалана отырып, оғыздардың қайда көшкендігін анықтаңдар.

Оғыздардың мемлекеттік құрылымы және саяси тарихы. Махмұд Қашғари оғыздардың бастапқы кезде 24 тайпаға бірігіп, *боз оқ* және *үш оқ* деген екі топқа бөлінгендігін келтіреді. Боз оқтар ерекше артықшылыққа ие болды.

Оғыз мемлекетінің басшысы, жоғары билеушісі *жабғу* деп аталды. Әскердің бас қолбасшысы – *сюбашылар* әскери кеңеске сүйенді. Билеушіні ең мықты да ықпалды рулардан тұратын кеңесте сайлады. Оғыз мемлекеті біртұтас болған жоқ. Жоғары билеушінің билігі тайпалық

Тақырып бойынша *жабғу, сюбашы, атабек* ұғымдары мен қызметіне сипаттама беріңдер. Оғыз мемлекетінің басқару жүйесі қалай құрылғандығына қорытынды жасаңдар.

ақсүйек қауымының кеңесімен шектелді. Билеушілердің әйелдері де сарай өмірінде маңызды рөл атқарды. Мұрагерлер тәрбиелеу үшін арнайы қамқоршылар – *атабектер* тағайындалды.

X ғасырдың соңы – XI ғасырдың басында мемлекетте салық жүйесі жұмыс істеді. Мұның өзі оғыздарда басқару жүйесі болғандығын байқатады.

Малға жекеменшік мүлік теңсіздігінің негізі болып табылды. Оғыздардың негізгі бөлігі көшпелі малшаруашылығымен айналысты. Арғы бабалары Оғыз қағанның: «Қозғала беріңдер, отырықшы болмаңдар; жоқшылықты білмей, көктемгі, жазғы және қысқы жайылымды сағалап, өзен бойымен көшіңдер» деген өсиетіне берік болды.



Оғыз жауынгерлері

Х–ХІ ғасырлардағы деректерде оғыздардың Жент, Сауран, Сығанақ т.б. қалалары аталады. Малынан айырылған көшпелілер отырықшы өмір салтына көшті. Диқаншылық пен қолөнер олардың негізгі кәсібіне айналды. Оғыз көшпелі даласы Мауараннахр мен Жетісудың егіншілік өңірлерімен тығыз қарым-қатынас жасады. Оғыздардың бір бөлігі исламды қабылдады.

Оғыз мемлекеті Еуразия тарихында маңызды рөл атқарды. Олар **965 жылы** Киев Русімен одақтаса отырып, Хазар қағанатын талқандады. Оғыздар хазарларға қарсы күресте Қара теңіз жағалауындағы құнарлы жайылымдық жерлерді тартып алуды көздеді. Еділ бойымен өтетін сауда жолдарына бақылау орнату мақсатын қойды.

985 жылы Оғыз билеушісі Киев князы Владимирмен одақтаса отырып, Еділ Бұлғариясын жеңді. Бұл Оғыз мемлекетінің саяси жағынан күшеюіне ықпал етті. Белсенді сыртқы саясат нәтижесінде оғыздар оңтүстікте Мауараннахрмен шектесіп, батысында Кавказ аймағына жетті. Х ғасырда Сырдариядан Кавказға дейінгі аумақ *Оғыз даласы* аталды.

Оғыз мемлекетінің құлауы. Белсенді сыртқы саясат және көп жылғы соғыстар қыруар қаржыны талап етті. Сол себепті жыл сайын салық ұлғайтылды. Х–ХІ ғасырлар аралығында оғыз тайпаларының салық жинауға наразылық білдірген көтерілісі басталды. Салжұқ көсемдері дағдарысты өз мақсаттарына пайдалана білді. Олар оғыз билеушілеріне қарсы көтеріліске басшылық етті. Дегенмен Шахмәлік жабғу тұсында Оғыз мемлекеті қайтадан күшейіп, 1041 жылы Хорезмді басып алды. Алайда екі жылдан кейін Шахмәлік салжұқтарға тұтқынға түсіп, өлтірілді. Ол оғыздардың соңғы билеушісі еді.



Печенег



Хазар

Оғыздардың Хазар қағанаты және Еділ Бұлғариясымен күресінің себептерін көрсетіңдер.

Салжұқтармен болған ұзақ жылғы соғыстар, тайпалардың ауыр салыққа қарсы көтерілістері Оғыз мемлекетін әлсіретті. Әлсіреген Оғыз мемлекеті қыпшақ тайпалары көсемдерінің соққысынан түпкілікті

құлады. Оғыздардың біршама бөлігі қыпшақтардың қысымымен Шығыс Еуропа және Кіші Азия елдеріне қоныс аударды. Қалған бөлігі түркі тілдес Дешті Қыпшақ тайпаларымен қосылып, араласып кетті.

Оғыз мемлекетінің құлау себептерін анықтаңдар.

Оғыз тайпалары қазіргі түркі халықтарының қалыптасуына өзіндік үлес қосты. Олар қазақтардың этникалық тарихында маңызды із қалдырды.

XI ғасырдың ортасына қарай Орталық Азияда қыпшақтар үстем жағдайға ие болды.



1. Ашық тест тапсырмалары

- 1.1. Оғыздар 965 жылы Киев Русімен одақтаса отырып, _____ қағанатын талқандады.
- 1.2. Оғыздардың хазарлармен күресінің мақсаты _____ теңіз жағалауындағы құнарлы жерлерді алу.
- 1.3. X ғасырда Сырдариядан Кавказға дейінгі аумақ _____ даласы аталды.
- 1.4. Оғыз мемлекетіндегі дағдарысты _____ көсемдері тиімді пайдаланды.
- 1.5. XI ғасырдың ортасына қарай Оғыз мемлекеті _____ тайпалары соққысынан құлады.
- 1.6. Оғыз мемлекеті құлағаннан кейін олардың біраз бөлігі _____ және _____ елдеріне қоныс аударды.



2. Жабық тест тапсырмалары

- 2.1. IX–XI ғасырдың басында Еуразия тарихында маңызды рөл атқарған мемлекет
 - А) Қыпшақ
 - Ә) Қарлұқ
 - Б) Оғыз
 - В) Найман
 - Г) Керейіт
- 2.2. 985 жылы Оғыз жабғуы Киев князі Владимирмен одақтасып, жеңіліске ұшыратқан ел
 - А) Еділ Бұлғариясы
 - Ә) Хазар қағанаты
 - Б) печенегтер
 - В) Византия
 - Г) Чернигов князы
- 2.3. XI ғасырдың басында Оғыз мемлекетінің құлау себептері
 - 1) салжұқтармен болған ұзақ жылғы соғыс
 - 2) қыпшақ тайпаларының соққысы
 - 3) әулеттердің тақ үшін күресі

- 4) ауыр салықтарға қарсы көтерілістер
- 5) Ұлы Жібек жолы қызметінің тоқтатылуы
- 6) қарақытайлардың басып кіруі
- 7) араб басқыншылығы
- 8) Қытай жаулап алушылығына қарсы күрес

2.4. XI ғасырдың ортасында Оғыз мемлекеті құлап, оғыздардың біраз бөлігі Шығыс Еуропа шегіне қоныс аударды, ал қалған бөлігі

- 1) Дешті Қыпшақ тайпаларымен қосылып, араласып кетті
- 2) Хазар қағанатына кетті
- 3) Қимақ қағанатына бірікті
- 4) Хорезмшахтарының қол астына өтті
- 5) Орталық Азияға қоныс аударды
- 6) Шайбанилерге бағынды
- 7) Кіші Азия аумағына ығысты
- 8) Қазақ хандығы құрамына енді

§6.

ҚИМАҚ ҚАҒАНАТЫ (IX ғасырдың соңы – XI ғасырдың басы)

Тақырыпты оқу барысында:

- Қимақ қағанатының құрылу себебін анықтайсыңдар;
- сыртқы саясатына талдау жасайсыңдар;
- қимақтардың шаруашылығы мен мәдениеті туралы білесіңдер.

Қимақ қағанатының құрылуы. VIII–IX ғасырлар аралығында Солтүстік-шығыс Қазақстан аумағында қимақ тайпалар одағы қалыптасты. Қимақтар туралы араб, парсы, түркі және қытай деректерінде айтылған. Осы деректер негізінде қимақтардың Батыс Монғолия даласында өмір сүргенін білеміз. Қимақтар ол жерден VII ғасырдың ортасында Алтай таулары мен Ертіс бойына көшті.

Тайпаның өз алдына бөлектенуі Батыс Түрік қағанатының құлауы барысында **656 жылы** іске асты. Қимақтар тайпасының басшысы *шад-түтік* лауазымын иеленді («билеуші көсем» дегенді білдіреді).

VIII–IX ғасырлардағы оқиғалар барысында қимақ тайпалары Ертістен Жоңғар қақпасы аралығындағы аумаққа берік орнықты. Кейін батыста Жайыққа дейін жылжыды. VIII ғасырдың соңында қимақ бірлестігіне көптеген қыпшақ тайпалары енді.



Қимақтардың батысқа қоныс аударуына – жайылымдар қажеттілігі, Енисей қырғыздарымен қақтығыстар, Ұйғыр қағанатының қысымы ықпал етті.

Қимақ қағанатының құрылуы IX ғасырдың ортасында аяқталды. 840 жылы Ұйғыр қағанаты құлағаннан кейін оған енген тайпалардың бір бөлігі қимақтарға қосылды. Қимақ тайпалық одағының басшысы *қаған* лауазымын иеленді.

Қимақтардың мемлекеттік құрылымы. Қимақ қағанатының құрамына бірнеше тайпа енді. Олардың ішіндегі сан жағынан басымы қыпшақтар болды. Мемлекеттің орталығы Ертістің жоғарғы жағында орналасты. Қимақтардың қол астындағы барлық халық *иеліктерге* бөлінді. Шығыс Қазақстандағы қимақ кезеңінің ескі қорымдары оларда жерлеу салтының өртүрлі болғанын көрсетеді. Мұның өзі қимақ одағына енген тайпалардың көп екенін дәлелдейді.

Қимақ бірлестігінің құрылуына қандай оқиғалар ықпал еткенін айтыңдар.

Қимақ қағаны нақты билікті иеленді. Ол жер иеліктерін тайпа көсемдеріне әскери қызметте сіңірген еңбегіне қарай үлестірді. Өзі қағанаттың жоғарғы бас қолбасшысы саналды. Иелік билеушілері қаған әскеріне белгіленген мөлшерде жасақ беріп отырды.

Тақырып мәтінін пайдалана отырып, қимақ қағанының билігі қандай болғандығын анықтаңдар.

IX ғасырда «қимақ билеушісінің» әскері рулар жасағы ретінде құрылып, «салт аттылардан» тұрды. Деректерде қимақтардың жауынгерлігі мен қағанның күш-қуаты атап көрсетіледі. Онда «Қимақ әміршісі – ұлы патшалардың санатында және беделі жағынан даңқтылардың бірі» екені айтылған.

Қимақтардың темір сауытты атты әскері, көптеген қамал-қалалары болды. Алакөл аймағын тұтас қамал-қалалар жүйесі қорғады.

Деректерде қимақ еліндегі «он бір басқарушылар» туралы айтылады. Жергілікті жер билеушілері билікті мұрагерлік жолмен өз балаларына қалдырды. Алайда олардың билігін қаған бекітетін еді. Мұндай билік жүйесі бөлінуге әкелді.

Шаруашылығы мен мәдениеті.

Араб ғалымы әл-Идриси 16 қимақ қаласын атайды. Бұл қалалардың басым бөлігі Ертіс және Алакөл аймағында орналасты. Қимақтардың егіс алқаптары, қалалары мен қоныстары туралы ай-

тылады. Қағанның Ертіс бойындағы ордасы Имақия қаласы туралы араб саяхатшылары жазып қалдырған. Қимақтар негізінен көшпелі малшаруашылығымен айналысты.

Қимақтар көне түркі әліпбиін пайдаланды. Ертіс бойы мен Тарбағатай тауларынан ІХ–Х ғасырлардағы көне түркі жазулары табылған.

Қимақтар Тәңірге табынып, ата-баба рухына сиынды.

Сыртқы саясаты. Сыртқы саясатта қимақ қағандары айтарлықтай батылдық танытты. ІХ ғасыр ортасына қарай олар шығыста Алтайдан, батыста Жайыққа дейінгі тайпаларды біріктірді.

Қимақ қалалары туралы деректер не айтады?


Қимақтардың Енисей қырғыздарының еліне баса-көктеп кіруі туралы деректер тарихтан белгілі. Қимақтар оғыздармен бейбіт қарым-қатынас орнатты.

Көрші мемлекеттер қимақтардың жеріне шабуыл жасап отырған. Мәселен, қарахандықтар қимақ жеріне бірнеше рет әскери жорықтар жасап, Ертіске дейін жетті.

Х ғасырдың басында Қимақ қағанатының шегарасында тыныштық орнады. Әскери шабуылдар көбінесе көршілердің тату қарым-қатынасымен алмасты. Бұған Еділ бойынан, Орталық Азиядан қимақтарға барған көптеген сауда жолдары дәлел бола алады. Ұлы Жібек жолы да Ертістегі қимақ қағанының ордасына жеткен.



Қимақ жауынгері



Қимақтың садақшы жауынгері

Тақырып пен картаны пайдаланып, Қимақ мемлекетінің көршілермен байланысын анықтайтын сызба жасаңдар.

Мемлекеттің құлауы. Қимақ елі қуатты мемлекет еді. Алайда X ғасырдың екінші жартысынан оның құлдырау белгілері байқала бастады. Орталық билік әлсіреп, Қимақ мемлекеті ыдырады. Оның себептері: *біріншіден*, жеке

жер иеліктері билеушілері дербестікке ұмтылды. *Екіншіден*, қыпшақ көсемдері дербес мемлекет үшін күресті. Мұның бәрі мемлекеттің құлауына жеткізді.

Қимақ мемлекетінің құлау себептерін атап көрсетіңдер.

XI ғасырдың басында Қимақ қағанаты өмір сүруін тоқтатты. Оның жер аумағы қыпшақтарға өтті. Қимақ кезеңі аяқталып, қыпшақтар тарихы басталады.



Сұрақтар мен тапсырмалар

1. Қимақтардың мемлекеттік құрылымын Түрік қағанатымен салыстырып, олардың ұқсастығы мен айырмашылығын анықтаңдар.
2. Оқулық мәтіні бойынша қаған билігін сипаттаңдар.



1. Ашық тест тапсырмалары

- 1.1. Қимақтардың бастапқы қонысы Батыс _____ даласы болды, бұл жерлерден олар VII ғасырдың ортасында _____ таулары мен _____ бойына көшті.
- 1.2. Батыс Түрік қағанаты құлағаннан кейін _____ тайпалары бөлек шықты.
- 1.3. Әл-Идриси _____ өзені мен _____ көлі алқабында орналасқан 16 қимақ қаласын атайды.
- 1.4. IX–XI ғасырдың басында қимақтарда _____ табыну және _____ рухына сиыну маңызды орын алды.



2. Жабық тест тапсырмалары

- 2.1. Қимақ қағанатының құрылу үрдісі аяқталған кезең
 - А) XI ғасырдың басы
 - Ә) X ғасырдың соңы
 - Б) IX ғасырдың соңы
 - В) VIII ғасырдың соңы
 - Г) XII ғасырдың басы
- 2.2. Қимақ мемлекетінің құрамындағы саны басым тайпа
 - А) қыпшақтар
 - Ә) түргештер
 - Б) қарлұқтар
 - В) саманилер
 - Г) оғыздар
- 2.3. Қимақ қағанатының құрылуы IX ғасырдың ортасында мына мемлекеттің бірі құлағаннан кейін аяқталды

- А) Ұйғыр қағанаты
- Ә) Қарахандықтар мемлекеті
- Б) Хазар мемлекеті
- В) Моғолстан
- Г) Түрік қағанаты

Бірінші тарау бойынша

ҚАЙТАЛАУ-ЖИНАҚТАУ САБАҒЫ

Тақырыпты оқу барысында:

– VI–IX ғасырлардағы мемлекеттердің даму ерекшеліктерін түсіндіріп, олардың ұқсастықтары мен айырмашылықтарын анықтайсыңдар.

1. Жаулап алынған халықтардың түркілік салт-дәстүрді қабылдау себепін түсіндіріңдер.
2. «Этникалық сана-сезім» ұғымын пайдалана отырып, түркілердің өз мемлекетін құру себепін түсіндіріңдер.
3. Түркілер кімге «ер» атағын берді? «Нағыз ер жігіт» деп қазақтар кімді айтады?
4. Өткен тақырыптардың мазмұнына сүйене отырып, түркі тайпалары туралы жазба деректер тізімін жасаңдар.
5. Оқулық мәтіні негізінде Қазақстан аумағындағы VI–IX ғасырлардағы мемлекеттердің сыртқы саясатына талдау жасаңдар.
6. Түрік қағанаты тарихында таптық күрестің болмау себепін түсіндіріңдер. Түрік қағанаты әкімшілік және әлеуметтік құрылымының ерекшеліктерін атап көрсетіңдер.
7. Тақырып мәтіні бойынша түркілердің арабтармен күресі жайлы айтыңдар.

Қарлұқтар мен қимақтардың мемлекеттік және қоғамдық құрылымын салыстырыңдар. Қарлұқтар мен қимақтардың екі билеушісі де Ұйғыр қағанаты талқандалғаннан кейін қаған лауазымын алды. Екі мемлекет те иеліктерге бөлінді. Дербес иеліктердің билігі мұрагерлік жолмен берілді.

Сәйкестігін анықтауға арналған тест тапсырмалары

Мемлекеттер	Мерзімдер
А) Түрік қағанаты	1. 704–756 жылдар
Ә) Батыс Түрік қағанаты	2. 552–603 жылдар
Б) Түргеш қағанаты	3. 756–940 жылдар
В) Қарлұқ қағанаты	4. 603–704 жылдар

2.	<p style="text-align: center;">Саясат</p> <p>А) Түрік қағанатының негізін қалады Ә) Түрік қағанаты биік даму деңгейіне жетті Б) Түргеш қағанатының негізін қалады В) Шығыс Түрік қағанатын қайта өркендетті Г) Түркілердің батыс жорықтарын басқарды</p>	<p style="text-align: center;">Билеушілер</p> <p>1. Үшлік қаған 2. Білге қаған 3. Иштеми қаған 4. Бумын қаған 5. Мұқан қаған</p>
3.	<p style="text-align: center;">Тарихи оқиғалар</p> <p>А) «Түркі» атауының алғаш рет айтылуы Ә) Атлах шайқасы Б) Оғыздар Хазар қағанатын талқандады В) Оғыз билеушісі Еділ Бұлғариясын жеңіліске ұшыратты Г) Қытай әскерлері Суяб қаласын талқандады Ғ) Қарлұқтар Енисей қырғыздарымен одақтасып, Ұйғыр қағанатын жеңіліске ұшыратты</p>	<p style="text-align: center;">Мерзімі</p> <p>1. 840 жылы 2. 740 жылы 3. 542 жылы 4. 751 жылы 5. 965 жылы 6. 985 жылы</p>

Оқиғаларды ретімен орналастыруға арналған тест тапсырмалары

I. Билік

1. Сұлық қаған
2. Мұқан қаған
3. Бумын қаған
4. Үшлік қаған

II. Мемлекеттер

1. Түрік қағанаты
2. Қарлұқ қағанаты
3. Түргеш қағанаты
4. Батыс Түрік қағанаты
5. Оғыз мемлекеті

III. Оқиғалар

1. Арабтардың Қазақстан аумағына басып кіруі
2. Түрік қағанатының құрылуы
3. Қарлұқ қағанатының құрылуы
4. Батыс Түрік қағанатының құрылуы
5. Атлах шайқасы

Эссе

«Бумын – Түрік қағанатының негізін қалаушы» тақырыбында эссе жазыңдар.

Екінші тарау

КӨНЕ ТҮРКІ ДӘУІРІ МӘДЕНИЕТІНІҢ ТАРИХЫ (VI–IX ғасырлар)

Бұл тарауда біз көне түркі дәуірінің материалдық және рухани мәдениетін оқимыз. VI–IX ғасырларда түркілер рухани және материалдық дамуда үлкен жетістіктерге жетті. Түркілердің руналық жазуы пайда болды. Темірді өнеркәсіптік негізде өндіру қолға алынды, қалалар салынды. Тәңіршілдік, будда, манихей, христиан, ислам діндері таралды.

Түркілердің ортағасырлық мәдениеті көшпелілер мен отырықшыларды біріктіріп, біртұтас түркі мәдениетін қалыптастырды.

§7.

VI–IX ҒАСЫРЛАРДАҒЫ ТҮРКІЛЕРДІҢ ШАРУАШЫЛЫҒЫ

Тақырыпты оқу барысында:

- көне түркі дәуірі материалдық мәдениетінің негізгі белгілері мен ерекшеліктерін;
- көшпелілердің әскери өнеріндегі жетістіктерін;
- түркілердің саяси және экономикалық өмірінің дамуындағы металл өндірудің рөлін;
- VI–IX ғасырлардағы түркілердің шаруашылық тұрмысының ерекшеліктерін, күнделікті өміріндегі аң аулаудың маңызын анықтай аласыңдар;
- ескерткіштердің жаңа түрлері, олардың қашан пайда болып, неліктен жойылғаны туралы білетін боласыңдар.

Металл өндіру. Түркілер әлемдік тарих сахнасына металл өндіру арқылы шықты. Түркілер металды кеңінен қолданысқа енгізді және сол арқылы өздерінің экономикалық қуатын арттырды.

Археологтар Алтайдан V–IX ғасырларда балқытылған металл қалдықтарын тапты. Түркілер өндірген темір жоғары сапалы, төзімді әрі мықты болған.

Түркі кезеңінің қорымдарынан металдан жасалған заттар табылды. Олар көлемі мен түрі жағынан біркелкілігімен ерекше көзге түседі. Мұның өзі түркілерде жоғары дамыған қолөнер өндірісінің болғанын дәлелдейді.



Түркі жауынгерлерінің қару-жарақтары мен сауыт-саймандары

Түркілердегі металл өндіру ісі туралы алғаш рет қандай оқиғаға байланысты білдік?

Металл өндіру түркілердің қуатты атты әскер жасақтауына мүмкіндік берді. Қорғануға арналған сауыт ұзын етектегі жеңсіз шекпен түрінде болды. Шекпенге шетіндегі тесіктері арқылы тікбұрышты жалпақ темір қалақшалар бекітілді. Жауынгер мінген атта металл сауытпен көмкерілді. Бұл олардың әскери жеңістеріне үлкен ықпал етті.

Түркілер үшін металл өндіру:

- жақсы қаруланған әскер құруға;
- қолөнер мен сауданы дамытуға ықпал етті.

Түркілердегі металл өндіру мен әскери істің дамуы арасындағы байланысты көрсетіңдер.

Малшаруашылығы. Түркілердің негізгі кәсібі көшпелі және жартылай көшпелі малшаруашылығы болды. Бұл шаруашылық оларды азық-түлік өнімдері, киім-кешек және баспанамен қамтамасыз етті.

Көшпелілер негізінен қой мен жылқы, түйе өсірді. Ірі қара малшаруашылығында маңызды орын алған жоқ. Мал отбасының жекеменшігі саналды. Ал жайылым көшпелі қоғамның тең құқықты барлық мүшелеріне тиесілі болды. Түркі деректерінің бірінде: «Тұрақты мекені жоқ, бірақ әрқайсысының (яғни әр рудың) өзіне тиесілі жері бар» деп айтылған.

Табиғатпен тығыз байланысты көшпелілер үшін киіз үй тасымалдауға жеңіл, ең қолайлы баспана еді.

Түркілерде мал және жайылым кімге тиесілі болды?

900 адамға дейін сыйған қағанның киіз үйі Византия императорының елшісі Менандрды қатты таңғалдырған. Ол алтын тақты және «жібек жамылғылы» киіз үй туралы жазады. Қағанның алтын тағы мен алтын тауыс (павлин) қонақтаған киіз үйді суреттейді. Бұл сән-салтанат бізге жеткен жоқ. Ағаш пен тері шіріп кетті, алтын мен күміс қайта құйылды. Алайда құнды жазба деректер ғасырлар бойы түркілердің бай және қайталанбас мәдениеті болғандығы туралы құнды мәліметтер қалдырды.

Аңшылық. Малшаруашылығынан кейін аңшылық маңызды рөл атқарды. Қаумалап аң аулау арнайы дағдыны талап етті. Мұның өзі әскери ұрыстарға дайындық іспетті еді. Орта-ғасырлық авторлар ұлан-ғайыр даладағы түрлі аңдар жайлы, көшпелілердің оларды аулағанын айтады.

Түркілердің негізгі кәсібі көшпелі малшаруашылығы болу себебін түсіндіріңдер.

Аңшылар аңға атпен шығатын. Сондай-ақ қыран құс, тазымен аң аулау әдістері қолданылды. Қыран құстардан: бүркіт, қаршыға, сұңқар, лашын мен ителгі т.б. пайдаланылды. Бұл құстар еуропалық елшілерді иесінің қолына қайта келіп қонуымен таңғалдырды. Алайда түркілерде аңшылық малшаруашылығына қосалқы сипатта ғана еді.

Аң аулаудың түркілер өміріндегі рөлі:

- азық пен терісі үшін аулау;
- әскери жаттығу (із кесу, барлау, қаумалау).

Бірлесіп аң аулау көшпелі қоғамдағы ауылдар мен рулар арасындағы байланысты нығайтты.

Егіншілік. Қазақстанның оңтүстігі мен Жетісу ежелден отырықшы-егіншілік мәдениеті дамыған өңір еді. Шү және Талас алқабында, Алатау аңғарында тұрғындар егіншілікпен айналысты. Мұнда егіншіліктің суармалы түрі дамыды. Каналдар мен арықтардан басқа суқоймалары салынды. Көне арықтар Іле өзенінің төменгі ағысында сақталды. Сонымен бірге өзен суын көтеруге арналған бөгет орындарының қалдықтары табылды.



Түрік балбалы



Түркілердің қамалы

Тары мен бидай егілді, жүзім, бау-бақша өсіру дамыды. Шу алқабында болған Қытай елшісі өз жазбаларында: «Қалаларда халықтың бір бөлігі жер өңдейді, ал екіншісі саудамен айналысады» деп атап өткен. Қарлұқ тайпаларын сипаттаған әл-Идриси: «Көшпелі адамдар... Алайда олар жер өңдейді», – деп жазды.

Талас пен Шу өңіріне соғдылардың қоныс аударуы және түркі тілдес бірқатар көшпелілердің отырықшылыққа көшуі егіншіліктің дамуын жеделдетті.

Тақырыптың мазмұны бойынша Қазақстанда егіншіліктің қандай түрлері болғандығын анықтаңдар.

Қолөнердің дамуы. Қазақстанның ерте ортағасырлық қалаларындағы қолөнердің дамуы археологиялық қазбалар арқылы белгілі. Олар: қыштан, металдан, сүйек пен тастан жасалған бұйымдар.

VI–IX ғасырларда түркілер керуен жолдары бойындағы құдықтарға күмбез түрінде «сардоба» салды. Түркілер адам бейнеленген балбал тастар орнатқан. Мүсіндер үшін 3 метр шамасындағы тастар таңдалып алынып, оларға бедер-бейне салынды. «Балбалдар» негізінен ер адамды бейнеледі, ара-тұра әйел бейнелері де кездеседі.

Балбалдарды орнату себебін түсіндіріңдер.

Мүсіндер қабірлерге және ғибадат өткізілетін жерге тұрғызылды. Қабірге тас мүсін орнатудың түркілік ғұрпы марқұмның еш уақытта ұмытылмайтынын дәлелдейді. Түркілер аруақтарға өздерінің қорғаушылары ретінде сенді.

Ислам дінінің таралуына байланысты адамды бейнелеу дәстүрі жойылды. Ислам біршама кейінірек енген өңірлерде, Дешті Қыпшақта XII–XIII ғасырларға дейін балбалдар орнатылып келді.

Исламның таралуына байланысты тас мүсіндердің жоғалуына себебін түсіндіріңдер.



Сұрақтар мен тапсырмалар

1. Түркілердің шаруашылығы туралы айтыңдар.
2. Өздеріңді бір сөтке аңды қаумалап аулауға қатысушы деп есептеңдер. Осы оқиғаны сипаттаңдар.



1. Ашық тест тапсырмалары

- 1.1. Металл өндіру түркілердің _____ әскер жасақтауына мүмкіндік берді.
- 1.2. Түркілерде отбасының жекеменшігі _____ болды.
- 1.3. Ежелден отырықшы-егіншілік мәдениет Қазақстанның _____ мен _____ дамыды.
- 1.4. Адамды бейнелеу дәстүрі _____ дінінің таралуына байланысты жойылады.



2. Жабық тест тапсырмалары

- 2.1. Түркілерді әлемдік тарих сахнасына шығарған сала
 - А) сауда
 - Ә) малшаруашылығы
 - Б) егіншілік
 - В) металл өндіру
 - Г) балық аулау
- 2.2. Талас және Шу алқаптарында егіншіліктің дамуын жеделдетуге себеп болғандар
 - А) монғолдар
 - Ә) соғдылар
 - Б) ғұндар
 - В) қыпшақтар
 - Г) сарматтар
- 2.3. Дешті Қыпшақ аумағына балбалдар орнатылған мерзім
 - А) IX–X ғасырлар
 - Ә) XII–XIII ғасырлар
 - Б) X–XI ғасырлар
 - В) VIII–IX ғасырлар
 - Г) VII–VIII ғасырлар



§8.

ҚАЛА МӘДЕНИЕТІНІҢ ҚАЛЫПТАСУЫ
(VI–IX ғасырлар)**Тақырыпты оқу барысында:**

- қалалардың қалыптасу барысын анықтайсыңдар;
- *цитадель, шахристан, рабад* ұғымдарымен танысасыңдар;
- Қазақстанның оңтүстігі мен Жетісудағы қалалардың пайда болу себебі мен олардың даму барысын білесіңдер;
- сауда түрлерін, олардың ерекшеліктері мен маңызын сипаттай аласыңдар.

Қала мәдениеті. Түркілер табиғат жағдайлары көшпелі өмірге қолайлы жайылымдық жерлерден басқа аумақтарда да қала және ауыл тұрғындары ретінде өмір сүрді.

Ерте орта ғасырларда қала мәдениеті Оңтүстік Қазақстан мен Жетісу аймақтарында дамыды. Оңтүстік Қазақстанда ортағасырлық қала

Оңтүстік Қазақстан қалаларының қалыптасу ерекшеліктерін айтыңдар.

мәдениеті ежелгі қаңлылар дәстүрінде қалыптасты. Осы аумақта қала мәдениетін өркендетуде соғдылар маңызды рөл атқарды. VI–IX ғасырларда Оңтүстік Қазақстанда түркі-соғдылық аталған мәдени кешен пайда болды.

Қалалардың негізгі халқын түркілер құрады. Бұған қалалардың түркілік атаулары дәлел бола алады. Ең ірі Тараз «өйгілі түркі қаласы» ретінде атап көрсетілді.

Жетісуда қалалар жергілікті негізде ірге көтерді. Олардың тұрғындары отырықшылыққа көшкен түркі тайпалары болды.

Қалалардың қалыптасуы бірнеше кезеңнен өтті. Қыстаулар мен көктемгі жайылымдарда халықтың бір бөлігі қалдырылды. Олар мұнда дәнді дақылдар өсірді, осы жерлерге қолөнершілер қоныстана бастады, көпестер тоқтады. Олар негізінен мал айдайтын жолдың бойына шоғырланды.

Жетісу мен Оңтүстік Қазақстан қалаларының ұқсастықтары мен айырмашылықтарын айтып беріңдер.

Билеушілердің ордалары тіршілік көзіне қолайлы жерлерде – өзен алқаптары мен сауда жолдарында орналасты. Кейін олар да әкімшілік билік, қолөнер мен сауда орталығына, қалаларға айналды.

Түрік қағандары қала салуға мүдделі болды. Себебі қала малшылар мен диқандар арасындағы айырбас жасаудың орталығы еді. Қала қоғамның ішкі байланысы мен тұтастығын сақтайтын маңызды орын саналды.

Қалалардың пайда болу себептерін анықтаңдар. Қағанаттардың билеушілері неліктен қала салуға мүдделі болды?

Ортағасырлық қала үш бөліктен тұрды: цитадель, шахристан және рабад. Қаланың орталық бөлігі цитадель – ішкі бекіністе қала билеушісінің ордасы орналасты. Цитадельде қуатты қорғаныс жүйесі, салтанатты дәліздер, сақтау қоймалары болды. Цитадельдің сыртын шахристан қоршап тұрды. Мұнда қала ақсүйектері қоныстанды. Шахристанмен іргелес рабад (қолөнер-сауда орны) орналасты. Онда қаланың негізгі халқы өмір сүрді. Мұнда шеберханалар мен мекенжайлар салынды. Рабад та қорғанмен қоршалды.

VI–IX ғасырларда қала мәдениетін дамытуда Ұлы Жібек жолы және халықаралық керуен саудасы маңызды рөл атқарды. Қарқынды сауда Іле, Шу және Талас өзендерінің алқаптарында ондаған қалалар мен бекіністі қалашықтардың пайда болуына әсер етті.

Қаланың құрылу себебін түсіндіріңдер.

VI–VIII ғасырларда Шу алқабында ірі қалалар мен көптеген шағын қоныстар болды. «Хұдуд әл-алам» деректерінде қарлұқтар елінде 25 қала мен қоныс болғандығы айтылады. Олардың көпшілігі Ұлы Жібек жолы бойында орналасты.

Қалалар туралы деректер руна жазуларында сақталған. Мәселен, көне түркі руна ескерткіштерінде «балық» – қала, «барқ» – ғимарат деген түркілік атаулар келтірілген.



Ежелгі Отырар қаласының жұрты

Ортағасырлық Қазақстан қалаларының бірнеше ерекшеліктерін атап өтейік. *Біріншіден*, Қазақстан қалалары көшпелілер өлемімен тығыз байланыста болып, солардың ықпалымен дамыды. *Екіншіден*, қала халқының бір бөлігі жартылай отырықшы малшаруашылығымен айналысып, жаз мезгілін жайлауда өткізді. *Үшіншіден*, қалалар *алғашында* өкімшілік-сауда орталықтары ретінде пайда болды.

Сәулет өнерінің ескерткіштері. Көне түркілер, түргеш, қарлұқтар заманындағы қала мен далада сәулет ескерткіштері бой көтерді. Қолданбалы және бейнелеу, мүсін өнері дамыды. Кедер мен Жамукет сарайлары (VII–IX ғасырлар) осының айқын мысалы болып табылады.

Сарайлар мен ғибадатханаларды безендіруге сырлы сурет, өрнекті сылақ, оймыш ағаш тақтайшалар кеңінен қолданылды. Қабырғаларды әрлендіруге өсімдік және *зооморфты* (хайуанат пішінді) *өрнектер* пайдаланылды.

Қандай ескерткіштер сәулет өнерінің дамығандығына дәлел бола алады?

Суяб пен Науакенттегі қазба жұмыстары кезінде будда храмдарының орындары табылды. Ғибадатханалардың қабырғалары сырлы суреттермен безендірілген. Қабырға қуыстары мен көтеріңкі сәкі үстінен будда мүсіндері табылған. Жамбыл облысында қарлұқ дәуірі сәулет өнерінің ескерткіші – *Ақыртас* ғимараты орналасқан.

Оңтүстік Қазақстан облысының Қаратау баурайында VI–VIII ғасырларда ортағасырлық Баладж қаласы болған. Ортағасырлық Баба-Ата жұртының орнынан археологтар VI–VIII ғасырларға жататын құрылыс тапты.

Сауданың дамуы. Ерте орта ғасырлар кезеңінде сауда айырбас және ақша түрінде де жасалды. Көшпелілермен арадағы айырбас саудасы осы




Ақыртас

кезеңнің үлкен қалалары Испиджаб, Отырар, Таразда өткізілген жәрмеңкелерде іске асырылды. Шаруашылық өнімдерімен айырбас көшпелі және отырықшы әлемнің байланысын одан әрі нығайтты. Ақша айырбасының болғандығына Отырар, Суяб, Тараз қалаларында жасалған теңгелердің табылуы дәлел бола алады.

Суябта Түргеш қағандарының теңгелері шығарылды. Суяб әкімшілік орталығы ғана емес, бүкіл Шу алқабының ірі сауда қаласы болды. Бұл қала туралы дереккөздерде «онда түрлі елдердің саудагерлері аралас тұрғаны, ал қала тұрғындарының жартысын көпестер құрағаны» айтылады. Суяб теңгесі сапасының жоғарылығы соншалықты, бұл ақша X ғасырдың соңына дейін айналымда болды.

Тараз бұл кезеңде маңызды сауда орталығына айналды. Ол тарихи деректерде «көпестер қаласы» ретінде аталды. VII ғасырдың соңы – VIII ғасырдың басындағы Орталық Азия, Қытай, Византия билеушілерінің теңгелері осы кезеңде халықаралық сауданың кең дамығанын айқындайды.

Орта ғасырлар кезеңінде Қазақстан аумағындағы сауда үш бағытта қалыптасты: 1) елдер арасындағы сауда, оның ішінде керуен саудасы; 2) қалалар мен егіншілік аймағы арасындағы сауда (астық, көгөніс және басқа азық-түлік түрлерін маңызды қолөнер бұйымдарына айырбас жүргізілді); 3) қалалар мен көшпелі дала арасындағы сауда. Мұнда қолөнер мен егіншілік өнімі малға (бөйге аттарынан бастап сойыс малына дейін) және малшаруашылығы өнімдеріне айырбасталды.



Испиджаб қаласы орнынан табылған мыс теңгелер (қалпына келтірілген)

Сауда түрлері мен олардың маңызына сипаттама беріңдер.



Оқиға куәгерлері мен тарихшылардың деректері

630 жылы Жетісу өңірінде болған будда монағы осы аймақтың қалалары туралы алғаш рет сипаттап жазды. Ол: «Мөлдір теңізден (Ыстықкөл) солтүстік-батысқа қарай 500 ли жүргеннен кейін Суяб өзені бойындағы қалаға келдік. Бұл қаланың ауқымы 6–7 ли. Онда түрлі елдердің саудагерлері аралас тұрады. Суябтың тура батысында бірнеше ондаған жеке қалалар орналасқан. Олардың әрқайсысының өз ақсақалы бар. Олар бір-біріне тәуелді болмағанымен, бәрі де қағанға бағынады».

Будда монағы Суяб қаласы туралы қандай деректер қалдырды?



Сұрақтар мен тапсырмалар

1. Ортағасырлық қала қандай бөліктерден тұрды?
2. VI–IX ғасырлардағы Қазақстан аумағындағы ішкі және халықаралық сауданың даму ерекшеліктері неден байқалды?



1. Ашық тест тапсырмалары

- 1.1. Ортағасырлық қаладағы қала билеушісінің ордасы орналасқан орталық бөлік _____ деп аталды.
- 1.2. Ортағасырлық қала ақсүйектері қоныстанған аудан _____ деп аталды.
- 1.3. Ортағасырлық қаланың негізгі халқы орналасқан қолөнер-сауда бөлігі _____ деп аталды.
- 1.4. VI–IX ғасырларда Қазақстан қалалары мен қала мәдениетін дамытуда _____ жолы маңызды рөл атқарды.



2. Жабық тест тапсырмалары

- 2.1. Оңтүстік Қазақстанда қала мәдениетін қалыптастыруға үлес қосқан ежелгі тайпа
 - А) оғыз
 - Ә) қаңлы
 - Б) найман
 - В) қимақ
 - Г) монғол
- 2.2. Оңтүстік Қазақстан аумағындағы қала мәдениетін өркендетуде маңызды рөл атқарды ...
 - А) салжұқтар
 - Ә) арабтар
 - Б) соғдылар
 - В) монғолдар
 - Г) хорезмдіктер
- 2.3. Жергілікті негізде қалыптасқан ортағасырлық қала мәдениетінің аймағы
 - А) Жайық бойы
 - Ә) Оңтүстік Қазақстан
 - Б) Жетісу
 - В) Батыс Қазақстан
 - Г) Мауараннахр
- 2.4. Әкімшілік орталық қана емес, ірі сауда орны болған Суяб қаласы орналасқан алқап
 - А) Іле алқабы
 - Ә) Талас алқабы
 - Б) Шу алқабы
 - В) Ертіс алқабы
 - Г) Сырдария алқабы



§9. КӨНЕ ТҮРКІ ДӘУІРІНДЕГІ ЖАЗУ

Тақырыпты оқу барысында:

- рухани мәдениет деген не және оның материалдық мәдениеттен айырмашылығымен;
- түркілерде жазудың пайда болуы, руна жазуының өзіндік ерекшеліктерімен;
- руна, ескерткіш-құлпытас, ксилография ұғымдарымен;
- түркі билеушілері үшін жазудың маңызымен танысасыңдар;
- көне түркі жазуының ерекшелігін түсінесіңдер.

Руна жазуы. Қазіргі қазақтардың арғы ата-бабалары пайдаланған жазудың ежелгі үлгілері *Орхон-Енисей* немесе *көне түркі руна жазуы* деп аталады.

VI–VII ғасырларда Орталық Азияның, Төменгі Еділ бойының, Солтүстік Кавказдың түркі тілдес тайпалары өз жазуын пайдаланды.

Жазудың қажеттілігі өкімшілік және дипломатиялық істер барысында пайда болды. Мұнда діни сарындар да айтарлықтай рөл атқарды.

Түрік елшілеріне сенімхаттар берілді. Мәселен, 568 жылы Византия императорының сарайына келген түрік елшісі Маниах қағанның жолдау хатын алып келген. Көне түркі жазуын Бұғыты ескерткішінен байқай аламыз.

582 жылы алғашқы түркі қағандарының ерлік істері жазылған құлпытас орнатылды. Бұғыты аталған осы құлпытастан бастап көне түркі жазба деректері басталады.

Көне түркі руналық әліпбиі бірінші мыңжылдықтың ортасында пайда болды. Алғашқылардың бірі болып көне түркі жазуын еуропалық ғалымдар XVIII ғасырда зерттей бастады. Алайда олар бұл жазудың қандай тіл тобына жа-

Орхон-Енисей	Дыбыс-талуы	Орхон-Енисей	Дыбыс-талуы
𐰇 𐰆 𐰅	аэ (ө)	𐰇 𐰆 𐰅 𐰄 𐰃	м м'
𐰇 𐰆 𐰅	ы і (е)	𐰇 𐰆 𐰅	н
𐰇 𐰆	о у	𐰇 𐰆 𐰅 𐰄 𐰃 𐰂 𐰁	н'
𐰇 𐰆 𐰅	ө ү	𐰇 𐰆 𐰅 𐰄 𐰃 𐰂 𐰁	н (на)
𐰇 𐰆 𐰅	б	𐰇 𐰆 𐰅 𐰄 𐰃 𐰂 𐰁	к к'
𐰇 𐰆 𐰅 𐰄 𐰃 𐰂 𐰁	б'	𐰇 𐰆 𐰅 𐰄 𐰃 𐰂 𐰁	п п'
𐰇 𐰆 𐰅 𐰄 𐰃 𐰂 𐰁	г	𐰇 𐰆 𐰅 𐰄 𐰃 𐰂 𐰁	р
𐰇 𐰆 𐰅 𐰄 𐰃 𐰂 𐰁	г'	𐰇 𐰆 𐰅 𐰄 𐰃 𐰂 𐰁	р'
𐰇 𐰆 𐰅 𐰄 𐰃 𐰂 𐰁	д	𐰇 𐰆 𐰅 𐰄 𐰃 𐰂 𐰁	с с'
𐰇 𐰆 𐰅 𐰄 𐰃 𐰂 𐰁	д'	𐰇 𐰆 𐰅 𐰄 𐰃 𐰂 𐰁	с'
𐰇 𐰆 𐰅 𐰄 𐰃 𐰂 𐰁	з з'	𐰇 𐰆 𐰅 𐰄 𐰃 𐰂 𐰁	т
𐰇 𐰆 𐰅 𐰄 𐰃 𐰂 𐰁	я	𐰇 𐰆 𐰅 𐰄 𐰃 𐰂 𐰁	т'
𐰇 𐰆 𐰅 𐰄 𐰃 𐰂 𐰁	я'	𐰇 𐰆 𐰅 𐰄 𐰃 𐰂 𐰁	ч ч'
𐰇 𐰆 𐰅 𐰄 𐰃 𐰂 𐰁	к	𐰇 𐰆 𐰅 𐰄 𐰃 𐰂 𐰁	ш
𐰇 𐰆 𐰅 𐰄 𐰃 𐰂 𐰁	к' 𐰇 𐰆 𐰅 𐰄 𐰃 𐰂 𐰁	𐰇 𐰆 𐰅 𐰄 𐰃 𐰂 𐰁	ш'
𐰇 𐰆 𐰅 𐰄 𐰃 𐰂 𐰁	к' 𐰇 𐰆 𐰅 𐰄 𐰃 𐰂 𐰁	𐰇 𐰆 𐰅 𐰄 𐰃 𐰂 𐰁	м
𐰇 𐰆 𐰅 𐰄 𐰃 𐰂 𐰁	к' 𐰇 𐰆 𐰅 𐰄 𐰃 𐰂 𐰁	𐰇 𐰆 𐰅 𐰄 𐰃 𐰂 𐰁	лт, л' т'
𐰇 𐰆 𐰅 𐰄 𐰃 𐰂 𐰁	к' 𐰇 𐰆 𐰅 𐰄 𐰃 𐰂 𐰁	𐰇 𐰆 𐰅 𐰄 𐰃 𐰂 𐰁	нт, н' т'
𐰇 𐰆 𐰅 𐰄 𐰃 𐰂 𐰁	к' 𐰇 𐰆 𐰅 𐰄 𐰃 𐰂 𐰁	𐰇 𐰆 𐰅 𐰄 𐰃 𐰂 𐰁	нч, н' ч'
𐰇 𐰆 𐰅 𐰄 𐰃 𐰂 𐰁	л	𐰇 𐰆 𐰅 𐰄 𐰃 𐰂 𐰁	рт
𐰇 𐰆 𐰅 𐰄 𐰃 𐰂 𐰁	л'	𐰇 𐰆 𐰅 𐰄 𐰃 𐰂 𐰁	

Көне түркі әліпбиі

Түркі жазба ескерткіштерінің пайда болу мерзімі қай кезеңге жатады?
Түркі жазуы туралы қандай деректер кездеседі?



Көне түркі тас жазулары



Тас жазуды қашау барысы

татынын анықтай алмады. Құпия жазуды руна ретінде қабылдап, қателік жіберді. Себебі олар герман және скандинавиялық руна жазуына өте ұқсас еді (*руна* сөзін *гуна* – «құпия» деген гот сөзімен байланыстырады). Кейін анықталғандай, руна жазуы көне түркілерде ерте заманнан болған және ол Түрік қағанатының барлық өңірінде кең тараған.

Түркілердің руна жазуының құпиясы қай ғасырдан ашыла бастады?

1893 жылы дат ғалымы **В. Томсен** алғашқы «Төңір» сөзінің құпиясын ашты. Оның «Кілтті ашылған орхон жазулары» атты кітабында көне түркі жазуларының толық әліпбиі ғана емес, аудармасы да жарияланды. Түркі жазуы құпиясының ашылуы Орталық Азияда сонау орта ғасырлар басында өркениет болғандығын көрсетті. Томсен ашқан жаңалыққа дейін түркілердің жазуы болмаған деген пікір қалыптасқан еді.

Түркі жазуын ашып, зерттеуді кім бастады?

Енисей алқабынан 150-ден астам руна жазулары табылды. Олардың көп бөлігін ақсүйектерді жерлегенде қойылған құлпытастар құрайды. Құлпытастардың барлығы көне түркі әдеби тілімен жазылған. Көптеген жартас жазулары Алтай, Шығыс Түркістаннан табылды.

Түркі жазуының кең таралу себебі неде? (Карта бойынша түркілер қоныстанған аймаққа талдау жасаңдар).

Руна жазуымен түркі мәтіндері құлпытастарда, теңгелер мен қола айналарда, қыш, тері, алтын және күміс ыдыстарда, қағазда жазылды. Табылған материалдар руна жазуының көне түркі қоғамында кеңінен тарағанын дәлелдейді.

Мыңдаған көне түркі қолжазбалары мен үзінділері Ресей Ғылым академиясында, Германияда сақталған. Швеция, Финляндия және Лондон, Париж, Пекин қалаларында да көне түркі жазуының үлгілері кездеседі.



Көне түркі тас жазуының үзіндісі

Жазба ескерткіштер. Түркі ақсүйектері жерленген қорғандарға құлпытастар ғасырлар бойы қойылды. Мұнда қайтыс болған көсемдердің ерлік істері, тарихи оқиғалар жазылған. Құлпытас жазуларында түркі халқының өмірлік құндылықтары мен адамгершілік мұраттары бейнеленген.

Орхон және Енисей өзендері алқаптарындағы ескерткіштер түркі руна жазуының ғажайып үлгісі саналады. Ескерткіштер осы өңірден табылғандықтан «*Орхон-Енисей жазуы*» деп аталды. Олардың ішінде Білге қаған мен оның інісі, қолбасшы Күлтегіннің және қаған кеңесшісі *Тоныкөктің* құлпытастары тарихи құнды жәдігерлер саналады.

Құлпытастарда түркі халқының неден сақтанып, нені ұстанатыны қашалып жазылған. Бұрынғы және қазіргі ұрпақты мақтау мен кінәлау, тыңдаушысына ылғи да үндеу тастап отыруы бұл мәтіндерді әсерлі етеді. Қағанын «мәңгі тасқа сызып жазған», «жыры мен сөзінің» авторы Йоллығ-тегін еді. Йоллығ-тегін – түркі тілдес әдебиеттер тарихында өз атымен аталған алғашқы автор.

Түркілерде жазу қандай рөл атқарды?

Барлық жазулар түркі қоғамының бүкіл жұртшылығына арналған үндеулерден тұрады. Үндеу авторлары халықты қаған маңына бірігіп, топтасуға шақырады.

РУНА ЖАЗУЫ					
герм.	түрік.	герм.	түрік.	герм.	түрік.
𐰃	𐰄	𐰅	𐰆	𐰇	𐰈
𐰉	𐰊	𐰋	𐰌	𐰍	𐰎
𐰏	𐰐	𐰑	𐰒	𐰓	𐰔
𐰕	𐰖	𐰗	𐰘	𐰙	𐰚
𐰛	𐰜	𐰝	𐰞	𐰟	𐰠
𐰡	𐰢	𐰣	𐰤	𐰥	𐰦

Білге қаған мен Күлтегіннің құрметіне арналған жазулар маңызды тарихи құжаттар ғана емес, аса құнды әдеби шығармалар болып табылатынын дәлелдеңдер. Көне түркі жазуларында қандай идеялар қамтылған, оның маңызы неде?

Түркі және герман руналарының ұқсастықтары жайлы не ойлайсыңдар?

Біз үшін жазулар тарихи оқиғаларды баяндауымен құнды. Бұл түркілерде сөз өнерінің маңызы зор болғанын көрсетеді.

Білге қаған мен Күлтегін құрметіне арналған жазулар шешендік өнер мен саяси прозаның тамаша үлгілері саналады.

Көптеген көркем бейнелер, қанатты сөздер, айшықты теңеулер қазіргі қазақ тілінде де кездеседі. Бұл жазулар қағанаттың тарихын зерттеуде аса құнды дереккөздер саналады. Ағашқа *оймыш* (ксилография) әдісімен басып жазу да түркілердің жетістігі болып табылады.

Ксилографияның шығу тегі мөрден басталады. Түркі тілінде бұл әдіс алғаш рет VII ғасырдың бас кезінде қолданылған.

Ғалым С.Е. Малов өзінің «Көне түркі жазуының ескерткіштері» атты еңбегінде: «Шығыс Түркістанда қағаз өндіру, Қытайдағыдай сол кезеңде басталған» деп атап өтеді.

Түркілерде ксилографияның таралу себептері:
– түркілер қоғамындағы сауаттылыққа мұқтаждық;
– бағынышты халықтар арасында түркі мәдениетінің таралуы (одан әрі өз пікірлеріңді жалғастырыңдар).

Рунатанудың (рунология) ғылым ретіндегі екі ғасырлық тарихында еуропалық руна ескерткіштерінің бірде-бірі әлі күнге дейін оқылған жоқ. Ал сол кезеңдегі көне түркі мәтіндері қазіргі қолданыстағы сөздей жақсы оқылады.



Сұрақтар мен тапсырмалар

1. Көне түркі жазуымен жазылған қандай құнды тарихи жәдігерлерді білесіңдер?
2. Түркі жазуы неліктен кең таралды?



1. Ашық тест тапсырмалары

- 1.1. Алғашқылардың бірі болып көне түркі жазуын _____ ғалымдар аша бастады.
- 1.2. Түркі руна жазуының ең ірі үлгісі болып табылатын ескерткіштер _____ және _____ өзендері алқаптарында шоғырланды.
- 1.3. Түркі тілінде ксилография әдісі _____ ғасырдың бас кезінде қолданылды.



2. Жабық тест тапсырмалары

- 2.1. Византия императорына түрік қағанының жолдау хатын алып келген елші
 - А) В. Томсен
 - Ә) Маниах

- Б) Күлтегін
 В) Білге
 Г) С. Малов
- 2.2. Алғашқы түркі қағандарының ерлік істері жазылып, 582 жылы орнатылған құлпытас
- А) Қашғар
 Ә) Бұғыты
 Б) Қарғалы
 В) Сақ
 Г) Ұйғыр
- 2.3. Рунамен жазылған құлпытастар орнатылды
- А) Білге қаған мен Күлтегінге
 Ә) Мұқан мен Сұлыққа
 Б) Үшлік пен Сақалға
 В) Қасым мен Жәнібекке
 Г) Бумын мен Иштемиге

§10.

КӨНЕ ТҮРКІЛЕРДІҢ ДІНИ НАНЫМ-СЕНІМДЕРІ

Тақырыпты оқу барысында:

- көне түркілердің дүниетанымдық ерекшеліктерін, негізгі діни наным-сенімдерін;
- түркі мемлекеттері аумағындағы діндер әралуандылығының себептерін;
- *конфессиялар, тәңіршілдік, манихейлік, зороастризм* ұғымдарын білетін боласыңдар.

Діндердің әралуандылығының себептері. Түркілер тауармен бірге діни наным-сенімдерді әкелген керуен жолдарымен тығыз байланыста болды.

Түркі дәуірінде Орталық Азия аумағында әлемдік діндер қатар өмір сүріп, бір-біріне ықпал етті. Бұл аталған аймақтың өзіндік мәдени орталыққа айналуына мүмкіндік жасады.

VI–IX ғасырларда құрылған барлық түркі мемлекеттері түрлі діндерді таратудың кеңістігіне айналды. Оған мыналар кәуе бола алады: 1) жазба ескерткіштер мен құжаттар (түркі, грек, соғды т.б.); 2) діни белгілері бар материалдық мәдениет заттары (құлпытастар, теңгелер, қыш бұйымдар); 3) сәулет өнерінің ғимараттары (ғибадатханалар, қорымдар); 4) діни мазмұндағы фольклорлық материалдар.

Қазақстан аумағында діндердің таралуына дәлел бола алатын деректерге талдау жасаңдар.

Конфессия – діни сенім. Қазақ халқында тәңіршілдіктің сақталып қалған қандай дәстүрлерін білесіңдер?

Тәңіршілдік. Түркі дәуірін зерттеушілер түркілердің жаңа дінді қабылдай отырып, дәстүрлі наным-сенімінің көп бөлігін сақтағанын атап өтеді. Түркілердің наным-сенімі тәңіршілдік болатын. Ежелгі түркілерде *Тәңір* мәңгілік құдірет

иесі, бүкіл жаратылыстың бастауы саналған. Дін тарихын зерттеуші француз ғалымы Жан Поль Рудың пікірінше, көне түркілердің арғы ата-бабалары Көк тәңіріне табынған. Қытай тарихшылары Тәңірге табынудың пайда болуын б.з.б. III ғасырға жатқызады.

Түркілердің түсінігі бойынша әлемді жаратқан және барлық дүниенің тағдырына иелік ететін Көк тәңірі. Көк тәңірінің елі, қағаны мен жері киелі деп танылды. Қағандар Көк тәңірінің еркімен билік құрады деп есептелінді. Түркі қағандары Көк тәңірінен елінің амандығын, халқына қамқоршы болуын сұраған.

Түркілерде Тәңірмен бірге отбасы және балалардың қамқоршысы *Ұмай ана* саналды. Тәңірі және Жер-Сумен бірге түркілер сиынатын құдайларының қатарына Ұмай ана да енді. Бұл Тоныкөк құрметіне қойылған ескерткіштен анық байқалады. Онда сәтті жорықтардың бірін сипаттаған кезде: «Көк тәңірі, Ұмай Ана, қасиетті Жер-Су, міне, осылар бізге жеңіс сыйлады!» – деп жазылған.

Тәңіршілдікте ата-баба рухына (аруаққа) табынуға зор мән берілді. Қазақтарда аруаққа табыну әлі күнге дейін маңызын сақтап келеді. Оның терең философиялық және рухани-адамгершілік мәні бар. Осы ғұрып арқылы жас ұрпақ ата-бабаны құрмет тұту, өз халқының тарихын сыйлай білуге тәрбиеленеді.



Қорқыт ата

Қорқыт ата түркілерде халықты Тәңірмен жалғастырушы болып есептелді. Түркілер Қорқыт атаның ауруды емдеп, бақытсыздықтан сақтайтынына, балаларды түрлі сырқаттардан қорғайтынына сенді. Қорқыт атаның айтуынша, адам үшін ең жағымсыз қасиет – адамгершіліктің жоғалуы.

Неміс ғалымы Г. Дерфердің пікірінше, тәңіршілдік – адамзаттың бір Құдайға табынушылық діндерінің бірі. Тәңіршілдік басқа әлемдік діндерге әсерін тигізіп, оларды жетілдірді. Қыпшақ тайпалары Тәңірге табыну дәстүрін ұзақ уақыт сақтап келді.

Буддизм. Соғдылар Орталық Азияның біраз елдерінде будда ілімін таратты. VII–VIII ғасырдың басында Жетісу мен Орталық Азияға Будда ілімінің тарағаны жөнінде осы өңірден табылған қолжазбалар куә бола алады. Будда мәтіндерінде жергілікті түркі дүниетанымының әсері байқалады.

Манихейлік және зороастризм. Түркілер арасында манихейлік дін де тарады. Бұл діннің негізі III ғасырдың соңында ежелгі Иран жерінде қаланды. Манихейлік дін бейнелеу өнері мен музыканы дамытуда үлкен рөл атқарды.

Ортағасырлық Қазақстан қалаларының тұрғындары арасында отқа табынушы зороастризм дінінің өкілдері де кездесті. Зороастризм діні б.з.б. VII–VI ғасырларда ежелгі Иран аумағында пайда болды. Ескерткіштері Сырдария қалалары мен Жетісу өңірінен табылды.

Христиан діні. V ғасырдың ортасында христиан шіркеуінен несториан ілімі жеке бөлінді. Бұл бағыт патриарх Несторийдің есімімен аталды.

Түркі дәуірі кезінде Қазақстанда неліктен көп конфессия таралды?

Несториандықтар шіркеудің байлығы мен діни ғұрыптарды мойындамады. Византиядан қуылғаннан кейін несториандықтар Арабия, Сирия және Иранда орнығып, өз ықпалын жүргізді. Осы жерден несториан ілімін бүкіл Орталық Азияға тарату жүзеге асырылды.

VI–VIII ғасырларда түркілерде әртүрлі діни наным-сенім болғандығын дәлелдейтін ескерткіштер тізімін жасаңдар.

Түркілер қоғамындағы дінге еріктілік, діндердің қандай да бір бәсекелестігіне жол берілмеді. Будда, манихей, несториан діндері түркі ортасына енгенімен, бұл діндердің ешқайсысы түркі мәдениетінде жетекші рөл атқармады және төңіршілдікті ығыстыра алған жоқ.



Қорқыт ата кесенесі.
И.А. Кастанье нұсқасы

Діндердің бір-бірінен ерекшелігі неде?



Қызылорда облысы
Қармақшы ауданындағы
Қорқыт ата кешені

Өткен тақырыптар негізінде Қазақстан аумағында діндердің таралуына әсер еткен жағдайларды анықтаңдар:

- Қазақстанның түрлі аймақтар және өркениеттермен байланысы;
- Ұлы Жібек жолы;
- түркілердің діни төзімділігі.



1. Ашық тест тапсырмалары

- 1.1. Көне түркілерде шамамен б.з.б. III ғасырдан бастап _____ табыну болды.
- 1.2. Тәңіршілдікте _____ рухына табынуға мән берілді.
- 1.3. Түркілер ауруды емдеп, балаларды түрлі сырқаттардан қорғайды деп _____ сенді.
- 1.4. Орталық Азияның біраз елдерінде будда ілімін негізгі таратушылар _____ болды.
- 1.5. Бейнелеу өнері мен музыканы дамытуға _____ дін ғұрыптарында үлкен мән берілді.



2. Жабық тест тапсырмалары

- 2.1. Түркілерде сақталып қалған дәстүрлі діни наным-сенім
 - А) ислам
 - Ә) будда
 - Б) тәңіршілдік
 - В) манихейлік
 - Г) христиандық
- 2.2. Түркілерде отбасы және балалардың қамқоршысы болып саналатын құдай
 - А) Ұмай ана
 - Ә) Манихей
 - Б) Заратуштра
 - В) Мария қыз
 - Г) Афродита
- 2.3. Жетісу мен Орталық Азияда будда ілімі тараған мерзім
 - А) XII–XIII ғасырлар
 - Ә) X–XI ғасырлар
 - Б) IX–X ғасырлар
 - В) XI–XII ғасырлар
 - Г) VII–VIII ғасырлар

Екінші тарау бойынша

ҚАЙТАЛАУ-ЖИНАҚТАУ САБАҒЫ



Сұрақтар мен тапсырмалар

1. Әлемдік өркениеттегі ортағасырлық түркі мәдениетінің ерекшеліктері мен маңызын түсіндіріңдер. VI–IX ғасырлардағы қағанаттардың дала мен қаланың, көшпелілер мен егіншілердің өзара ықпалдасуындағы рөлін анықтаңдар.

2. Көшпелі шаруашылықты сәтті жүргізу үшін: а) ерекше табиғи және ауа райы жағдайлары; ә) отырықшы-егіншілік аудандармен тұрақты шаруашылық байланыстар; б) ұйымдасқан қауіпсіз жер аумағы болу қажет екенін дәлелдеңдер.
3. Металл өндірісінің дамуы түркілердің әскери жетістіктерінің бірі болғандығын түсіндіріңдер.
4. Көне түркі қару-жарағын сипаттаңдар. Еуропалық рыцарь қару-жарағымен салыстырыңдар (олардың пайда болу уақыты, артықшылығы мен кемшілігі, ұрыстағы ұтымдылығы).
5. Орта ғасырларда қалалар мен отырықшылық аймақ және көшпелі дала арасында үш бағыт түйісті. Осы бағыттарды сипаттаңдар.
6. Неліктен қыпшақ тайпалары төңірге табыну дәстүрін ұзақ уақыт сақтап келді?
7. Түркі кезеңінде Орталық Азия аумағында әлемдік діндер қатар өмір сүріп, бір-біріне ықпал етті. Тақырып мазмұны бойынша себебін түсіндіріңдер.
8. Түркілердің үй шаруашылығы мен тұрмысын қалай елестетесіңдер? Көшпеліліктің отырықшы тұрмыстан ерекшелігі неде?
9. Көне түркі дәуірі адамдарына діни төзімділік не берді?

Кестені толтырыңдар.

Діндер	Пайда болған уақыты	Басты қағидалары	Қайда және қандай тайпалар арасында таралды?

Ойын.

Өзге дінді таратушы немесе дана ойшыл ретінде өздерің «өкілі» болып табылатын қандай да бір діннің дұрыстығы туралы тыңдаушыларды сендіруге тырысыңдар.

Төмендегі тақырыптардың біріне эссе немесе реферат дайындаңдар.

1. Руна – көне түркі жазуы және оны зерттеушілер.
2. Тәңіршілдік – түркілердің ежелгі діні, оның қазақтарға ықпалы.

Сәйкестігін келтіріңдер.

Ұғымдар	Мағыналар
А) рабад Ә) балбал Б) цитадель В) шахристан Г) сардоба	1. Жерлеу орнында қойылатын тас мүсін 2. Қала ақсүйектері қоныстанған бөлік 3. Ортағасырлық қалалардағы қолөнер-сауда мекені 4. Қаланың билеушілер тұратын бөлігі 5. Құдық үстіне салынған күмбез ғимарат

Үшінші тарау

X ҒАСЫРДЫҢ ОРТАСЫ – XIII ҒАСЫРДЫҢ БАСЫНДАҒЫ ҚАЗАҚСТАН

§11.

ҚАРАХАН МЕМЛЕКЕТІ (942–1212 жылдар)

Тақырыпты оқу барысында:

- Қарахан мемлекетінің құрылу тарихын білесіңдер;
- Исламды мемлекеттік дін ретінде қабылдау себебін, діннің қоғамдық өмірге ықпалын анықтайсыңдар;
- *иқта*, *иқтадар*, *вақф*, *мүлік* ұғымдарымен, жер иелену ерекшеліктерімен танысасыңдар.

Қарахан мемлекетінің құрылуы мен жер аумағы. Қарахан мемлекеті жайлы деректер араб және парсы авторларының еңбектерінде көптеп кездеседі. Онда қарлұқтар арасынан түркі тайпаларына билік еткен «қағандардың қағаны» шыққанын айтады.

Қарахан әулетінің шығу тегі Қашғарияда өмір сүрген қарлұқтармен байланысты. 940 жылы Қашғарияның қарлұқ тайпалары Баласағұнды басып алып, Сатұқ Боғра хан басқарған жаңа әулеттің негізін қалады. Осылайша, ғылымда Қарахан мемлекеті аталған жаңа Түркі империясы құрылды. Болжам бойынша Қарахан әулеті атауы осы билеуші ұрпақтың арғы атасы Қараханнан шыққан.


999 жылы қарахандықтар Орталық Азиядағы Самани мемлекетін талқандады. Өз билігін Өмударияға дейін жүргізді. Бұл өзен Қарахан мемлекеті мен Газнауилер арасындағы шегара болды.

X ғасырдың соңына қарай қағанаттың жер аумағы қалыптасты. Қарахан мемлекеті мен Қыпшақ хандығы арасындағы солтүстік шегара Балқаш және Алакөл көлдерінің бойымен өтті. Қарахандықтар иеліктері батысында Мауараннахрды (Өмудария мен Сырдария аралығы), Жетісу жерін және шығысында Қашғарды қамтыды.

Саяси-әлеуметтік құрылымы. Қарахан мемлекетіндегі билік екі тайпалық топ – *жігіл* және *яғма* ақсүйектері арасында бөлінді. Елді шығыс және батыс бөліктерге бөлінген өз қағандары басқарды. Шығыс бөлігінің қағаны жоғары билеуші саналды. Оның ордасы Баласағұн

№3 КАРТА

**IX ҒАСЫР – XIII ҒАСЫРДЫҢ
БАСЫНДАҒЫ ТҮРКІ
МЕМЛЕКЕТТЕРІ**



қаласында орналасты. Батыстағы кіші қағанның ордасы Бұхарада, кейін Самарқанда болды. Осылайша, Қарахан мемлекетінде биліктің қосарлы немесе *тең құқықты қосарлы жүйесі* қалыптасты.

Қарахан мемлекетінде жер иеленудің иқталық жүйесі орнықты. Қағандар өз маңайындағыларға қызметтері үшін жер үлестерін бөліп берді. Олар аймақ немесе қала тұрғындарынан салық алу құқығына ие болды. Мұндай жер үлестері *иқта*, ал иқтаны ұстаушылар *иқтадар* деп аталды.

Қарахандықтарда иқтадан басқа мынадай жер иелену түрлері болды: дінбасыларының меншігі – *вақф* (уақып), жекеменшік – *мүлік*, яғни мемлекеттік салық түріндегі жерлер.

Иқта және иқталық жүйе неліктен феодалдық қатынастардың дамуына ықпал етті?

Иқта және иқталық жүйе феодалдық қатынастардың дамуына ықпал етті. Иқталық жүйе жаңа ақсүйек қауымын қалыптастырды. Олар байып алып, қағандарға бағынбады. Кейбір жеке жер иелері өз теңгесін шығарып, көрші елдермен дипломатиялық қатынас жүргізді. Мұның бәрі келіспеушілікке, өзара қырқысқа алып келді.

XI ғасырдың 30-жылдарының соңында мемлекет екіге бөлінді: Мауараннахрдағы батыс бөлігі және құрамына Жетісу мен Қашғар енген шығыс бөлігі. Екі қағанаттың арасындағы шегара Сырдария өзені бойымен өтті.

Исламның қабылдануы. Исламды қабылдау қарахандықтар дәуіріндегі ірі оқиға болды. Шығыстанушы В.В. Бартольд: «X ғасырдағы араб географтары түркілерді исламға мүлдем жат халық ретінде сипаттайды», – деп жазды. Алайда X ғасырда түбегейлі өзгерістер болды.

Исламның таралуы Қарахан қағаны Сатұқ Боғра хан есімімен байланыстырылады. Ол түркілердің исламға өтуіне дейін-ақ жаңа дінді қабылдаған болатын. Оның ұлы – тақ мұрагері Мұса **960 жылы** исламды мемлекеттік дін деп жариялады.

Қарахандық түркілерді ислам дініне енгізу біртіндеп жүзеге асырылды.

Мұса қағанның исламды мемлекеттік дін деп жариялауына себеп болған жағдайлар:

- Ислам дінінің көмегімен өз билігін нығайтуға ұмтылыс;
- Мұсылман елдерімен байланыстарды кеңейту;
- Мұсылмандар қоныстанған аумақтарды қосып алу.

Қарахан мемлекетінің құлауы. Қарахандықтардың екі бөлігі арасындағы өзара қырқыстар мен орталық биліктің әлсіреуін көшпелі қарақытай (қидан) тайпалары пайдаланды.

XII ғасырдың бас кезінен бастап Жетісу үнемі қидандардың шапқыншылығына ұшырай бастады. Жетісудың негізгі аумағындағы саяси билік қарақытайлар қолына өтіп, олар қарахандық билеушілерді өздеріне тәуелді етті. Алайда қарақытайлар тек салық алумен ғана шектелді. Олар өз бодандарының мемлекеттік құрылымына, дініне, мәдениетіне тиіспей, мұрагерлік қаған билігін де сақтады. Соған қарамастан қарақытай үстемдігі қарахандардың саяси құлдырауының бастамасы болды.

1210 жылы наймандармен күресте Шығыс Қарахан әулеті талқандалды. 1212 жылы Самарқанда Хорезм шахы Мұхаммед Батыс Қарахан әулетінің соңғы өкілін тағынан тайдырды. Бір кездегі аса қуатты Қарахан мемлекетінің тарихы осылайша аяқталды.

Қарахандық кезең мына тұрғыда сипатталады:

- түркі тайпаларының экономикалық және мәдени өмірінде оңды өзгерістер орнықты;
- көшпелі түркілердің отырықшылануы белсенді түрде жүргізілді;
- қалалар мен қала мәдениеті дамыды;
- иқталық жүйе қалыптасты;
- ислам мемлекеттік дін болып жарияланды;
- араб жазуы қабылданып, біртіндеп көне түркі жазуын ығыстырып шығарды;
- қарахан дәуірінде тілі мен мәдениеті ортақ этностардың қалыптасу үрдісі жүрді.



Қарахан мемлекеті кезіндегі түркі киімі

Жаңа дін мемлекет өміріне қалай әсер етті?

Қарахан мемлекеті дамуының өзіндік ерекшеліктерін анықтаңдар. Мемлекеттің құлау себептерін түсіндіріңдер.



Сұрақтар мен тапсырмалар

1. Ортағасырлық Еуропа және Қарахан мемлекеттерінің саяси құрылымын салыстырыңдар.
2. Қарахандықтардың исламды мемлекеттік дін ретінде қабылдау себебін түсіндіріңдер.



1. Ашық тест тапсырмалары

- 1.1. Деректер бойынша Қарахан әулетінің шығу тегі _____ байланысты.

- 1.2. 999 жылы қарахандықтар _____ мемлекетін талқандады.
- 1.3. Қарахан мемлекеті мен Қыпшақ хандығы арасындағы солтүстік шеғара _____ және _____ көлдерінің бойымен өтті.
- 1.4. 940 жылы Қашғариядағы қарлұқ тайпалары _____ қаласын басып алды.
- 1.5. Иқта және иқталық жүйе _____ қатынастардың дамуына ықпал етті.



2. Жабық тест тапсырмалары

- 2.1. XI ғасырдың 30-жылдарының соңындағы Қарахан мемлекеті екі бөлігінің арасындағы шеғаралық өзен
 - А) Іле
 - Ә) Өмудария
 - Б) Ертіс
 - В) Сырдария
 - Г) Шу
- 2.2. Қарахандықтардың өзара қырқыстарын пайдаланған көшпелі тайпалар
 - А) керейіттер
 - Ә) қарақытайлар (қидан)
 - Б) наймандар
 - В) қыпшақтар
 - Г) қарлұқтар
- 2.3. Қарахан мемлекетінде ислам діні мемлекеттік дін ретінде жарияланған жыл
 - А) 751 жыл
 - Ә) 1007 жыл
 - Б) 950 жыл
 - В) 860 жыл
 - Г) 960 жыл
- 2.4. Қазақстан аумағындағы Қарахан мемлекеті кезеңіндегі басты оқиғалар
 - 1) көшпелі түркілердің отырықшылануы белсенді түрде жүргізілді
 - 2) ислам мемлекеттік дін деп жарияланды
 - 3) соғды жазуы қабылданды
 - 4) иқталық жүйе қалыптасты
 - 5) будда мемлекеттік дін деп жарияланды
 - 6) христиан діні енгізілді
 - 7) көшпелілердің отырықшылануы тоқтады
 - 8) араб әліпбиі енгізілді

§12.

ҚАРАҚЫТАЙ МЕМЛЕКЕТІ (1128–1212 жылдар)

Тақырыпты оқу барысында:

- Қарақытай мемлекетінің басқару ерекшелігін;
- мемлекеттің құлау себебін білесіңдер;
- қидан, гурхан жаңа ұғымдарымен танысасыңдар.

Мемлекеттің құрылуы. IX ғасырда Ұйғыр қағанаты құлағаннан кейін Орталық Азияның шығыс бөлігіндегі билікті қидандар басып алды. Олар жайлы жазба деректерде Қытайдан солтүстікке қарай өмір сүрген монғол тілдес тайпалар ретінде атап өтіледі.



Қарақытай жауынгері

1125 жылы Қытайдың біріккен күштері мен оның одақтастары Қидан мемлекетін талқандады. Қидандардың бір бөлігі жаулап алушыларға бағынды, ал қалған бөлігі Елюй Дашидың басшылығымен батысқа жылжып, Жетісудың солтүстік-шығысына енді. Осында қидандар жергілікті түркі халқымен араласып, қарақытайлар деген атпен белгілі болды.

Бастапқы кезеңде Жетісуға қоныстанған қидандар жергілікті билеушілерге бағынатындықтарын білдірді. 1128 жылы Баласағұн билеушісі қидандарды бағынбаған тайпаларға қарсы шығуға одақтас ретінде шақырды. Олар одақтас болудың орнына өздері Баласағұн қаласын басып алды. Сол жылы қидандар Жетісуда *Қарақытай* деген атпен, ордасы Ғұзорда болған өз мемлекетінің негізін қалады. Мемлекеттің негізін қалаушы Елюй Даши 1141 жылы біріккен салжұқ-қарахан әскерін талқандады. Қарақытайлар Бұхараны және бүкіл орталық Мауараннахрды басып алды. Хорезмшахтар мемлекетінің билеушісі жеңіліске ұшырап, қарақытайларға жыл сайын алым-салық төлеуге мәжбүр болды.

Жетісу, Мауараннахр және Шығыс Түркістан Қарақытай мемлекетінің құрамына енді. Алайда қарақытайлық *гурхан* қарахандықтар әулетін жойған жоқ. Өзінің вассалдары (бодан) етіп, алым-салық алумен шектелді. Қарақытайлар қарахандықтардың басқару жүйесіне өзгеріс енгізбеді және өлке экономикасына, қоғамдық өмірі мен мәдениетіне ықпал еткен жоқ.

Қарақытай мемлекетін құруға әкелген тарихи оқиғаларды түсіндіріңдер. XII ғасырдағы қарақытайлардың басқыншылығын атаңдар.


Мемлекеттік құрылымы. Қидандар билеушісі *гурхан* лауазымын иеленді. Бұл «хандардың ханы» мағынасын білдірді. Бас ордасы Баласағұнға жақын жерде, Шу өзенінің бойында орналасты. Гурхан қатаң салық енгізді. Өз маңайындағыларға енші жер бермеді себебі өзара қырқыстан және олардың күшейіп кетуінен қауіптенді. Қарақытайлар әске-

рінде тәртіп күшейтілді.

Гурханның өкілетті басқарушылары өздерінің бағыныштыларына бақылау жасап қана қоймай, салық жинаумен де айналысты. Өр отбасынан бір *динардан* салық алды.

55-беттегі картадан қарақытайлар мекендеген аумақты көрсетіңдер. Қарақытай мемлекеті құрылымының ерекшеліктерін айтыңдар.

Мемлекеттің негізін салушы Елюй Даши 1143 жылы қайтыс болып, билік оның жесірінің қолына өтті. Қарақытайларда билікке мұрагерлік ету құқығына ерлер ғана емес, билеуші рудың әйелдері де ие болды. Қарақытай тарихында Елюй Дашидің қызы да билікке ие болғандығы белгілі.



Гурхан билігінің нығаюына қандай шаралар ықпал етті?

Мемлекеттің құлауы. XII ғасырдың ортасынан бастап қарақытайлар өздерінің салық саясатын өзгертіп, ашық тонауға көшті. Қарақытайлар исламға түсіністікпен қарады, алайда XII ғасыр соңында мұсылмандарды қудалау басталды. Жетісуда қарақытайларға қарсы мұсылман қозғалысы күшейе түсті.

Бейбіт тұрғындарды тонаушылық, шапқыншылық және мұсылмандарды ығыстыру қарақытайлардың Жетісудағы билігінің одан өрі әлсіреуіне әкелді. Қарақытайлар Хорезмшахтар мемлекетінің билеушісі Мұхаммедпен соғысты бастап, жеңіліске ұшырады.

1208 жылы Монғолиядан Шыңғысхан ығыстырған Күшлік басқарған наймандар Жетісуға келеді. Олардың келуімен Жетісудағы жағдай күрт өзгерді. Қарақытайлар Жетісудағы саяси ықпалынан айырылды.

Күшлік хан және оның одақтастары қарақытай билеушісін тұтқындады. **1212 жылы** Қарақытай мемлекеті өмір сүруін тоқтатты. Жетісудағы билік найман билеушісі Күшлік ханға өтті.

Қарақытай мемлекетінің құлау себептерін түсіндіріңдер.

Жетісу жері қырғын соғыстар, бүліктер мен мұсылмандар көтерілістерінің ошағына айналды. Осы жағдай 1218 жылға дейін, яғни Шыңғысхан Жетісуға келгенге дейін жалғасты.



Оқиға куәгерлері мен тарихшылардың деректері

Орталық Азиядағы тайпалардың көші-қоны туралы XII ғасыр басындағы араб авторы әл-Марвази былай деп жазды: «...Құндар (қидандар) Қытай жерінен келді. Олар несториан христиандары болатын, өздерінің тұрған жерінен көшпелілердің қысымымен кетті. Сонда құндар сарылардың (қыпшақтардың бір бөлігі) жеріне жылжыды, ал сарылар түрікмендер жеріне кетті. Түрікмендер ғұздардың (оғыздардың) жеріне ойысты. Ғұздар Армян теңізі (Қара теңіз) жағалауына жақын бажноктар (печенегтер) жеріне қоныс аударды».

Тайпалардың батысқа қарай жылжуын айтып беріңдер. XII ғасырда қандай оқиға кезекті қоныс аударуға себеп болды? Автор қидандардың діни нанымдары туралы не айтады?

Ортағасырлық автордың бұл хабарында «халықтардың қоныс аударуының» бүкіл бір дәуірі, VIII–XI ғасырларда Еуразияны шарпыған ұлан-ғайыр көші-қон тарихы орын алған. Бұл көші-қонда қидандар батысқа қарай жылжыды.



1. Ашық тест тапсырмалары

- 1.1. IX ғасырда Ұйғыр қағанаты құлағаннан кейін Орталық Азияның шығыс бөлігіндегі билікті _____ тайпалары басып алды.
- 1.2. Жазба деректерінде қидандар _____ тілдес тайпалар ретінде айтылады.
- 1.3. X ғасырда қидандар мемлекеті құрылып, тарихқа _____ империясы деген атпен енді.
- 1.4. Гурхан қарахандықтар өулетін өзінің _____ болуға көндірді.
- 1.5. XIII ғасырдың басында қарақытайлар Жетісудағы саяси ықпалын шығыстан қоныс аударған _____ берді.



2. Жабық тест тапсырмалары

- 2.1. Қытайдың біріккен күштері мен оның одақтастарының қидандарды талқандаған жылы
 - А) 1219 жыл
 - Ә) 1141 жыл
 - Б) 940 жыл



- В) 1125 жыл
Г) 960 жыл
- 2.2. Қидандардың Жетісуға орнығып, жергілікті түркі тілдес тайпалармен араласқаннан кейінгі атауы
- А) саманилер
Ә) түргештер
Б) қарлұқтар
В) қарақытайлар
Г) салжұқтар
- 2.3. Монғолиядан Шыңғысхан ығыстырған наймандардың Күшліктің басқаруымен Жетісуға келген жылы
- А) 960 жыл
Ә) 1141 жыл
Б) 1125 жыл
В) 1219 жыл
Г) 1208 жыл
- 2.4. Шыңғысханның шапқыншылығы қарсаңындағы Жетісу аумағындағы оқиғалар
- 1) исламның кеңінен дамуы
 - 2) христиан көтерілістері
 - 3) өзара соғыстар
 - 4) мұсылман көтерілістері
 - 5) иқталық жүйенің қалыптасуы
 - 6) сауданың қарқынды дамуы
 - 7) бүліктердің кең таралуы
 - 8) төңірішілдіктің таралуы

§13.

НАЙМАНДАР, КЕРЕЙІТТЕР, ЖАЛАЙЫРЛАР (XII–XIII ғасырдың басы)

Тақырыпты оқу барысында:

- наймандар мен керейіттер мемлекеттерінің пайда болуын және даму үрдісін білесіңдер;
- наймандар мен керейіттерде мемлекеттердің құрылуына қандай жағдайлар әсер еткенін түсінесіңдер.

Наймандар мен керейіттердің ерте тарихы. Монғол кезеңіне дейін Батыс Монғолияда наймандар мен керейіттердің ірі тайпалары қоныстанды.

Наймандар VIII ғасырдың ортасында Ертіс пен Орхон өзендері аралығында қалыптасқан.

840 жылы Ұйғыр қағанаты құлағаннан кейін Орталық Азия көшпелі тайпалық одақтарының, соның ішінде керейіттер мен наймандардың қалыптасу үрдісі басталады.

Наймандар мен керейіттердің билеушілері XI ғасырдың басында орталық билікті нығайту мақсатында христианның несториандық тармағын қабылдайды.

Наймандар мен керейіттер қидандар құрған Ляо мемлекетінің күшті қарсыласына айналды. Олардың арасындағы билік үшін күрес бірде жеңіспен, бірде жеңіліспен өтті. Алайда XI ғасыр соңында керейіттер мен наймандар Ляо империясының құрамына енді. 1125 жылы Ляо империясы құлағаннан кейін наймандар мен керейіттер тәуелсіздігін алды.

840 жылы Ұйғыр қағанатының құлауы және 1125 жылы Қидан мемлекетінің күйреуі наймандар мен керейіттер тарихына қалай әсер еткендігін түсіндіріңдер.

Найман мемлекеті. Найман мемлекеті Батыс Монғолия мен Шығыс Қазақстан жерін иеленіп, XII ғасырдың екінші жартысында өзінің гүлденген кезеңіне жетті. Наймандарда қала мәдениеті, егіншілік дамып, көрші мемлекеттермен сауда қатынастары кеңейді. Дәл осы кезеңде барлық сегіз тайпа біртұтас мемлекетке бірікті. Мемлекеттің ордасы Орхон өзені жағасындағы Балықты қаласы болды.

Наймандардың батыстағы көршісі Ертістің бас жағын мекендеген қыпшақтар, солтүстікте Енисей қырғыздары, шығыста керейіттер еді.

Керейіттермен бейбіт қатынастар жаугершілік кезеңдермен алмасты. Наймандар Орталық Азиядағы көшпелілерге билік жүргізу үшін керейіттермен бақталас болды. Наймандар Керейіт мемлекетінің тағына өзінің адамдарын бірнеше рет отырғыза алды. Алайда XII ғасырдың соңы – XIII ғасырдың басында Найман хандығының өзі екі бөлікке ыдырап кетті.

Осы кезеңде монғол көсемі Темучин (Шыңғысхан) нығая бастады. 1201 жылы наймандар монғолдардың күшеюін тоқтату мақсатында түркі тілдес тайпа өкілдері қатысқан құрылтай ұйымдастырды. Алайда сол жылы наймандар мен олардың одақтастары монғолдардан жеңіліске ұшырады. 1204 жылы монғолдар наймандарды толықтай жеңді. Найманның соңғы билеушісінің ұлы Күшлік қалған әскерді жинап, Жетісуға қоныстанды.

Керейіт мемлекеті. XII ғасырда керейіттер солтүстігінде Орхон өзенінен, оңтүстігінде Хуанхэ өзеніне дейінгі жерді иеленді. Бас ордасы Битөбе деген жерде орналасты.

Наймандар мен керейіттер мемлекеттік бірлестіктерінің құрылу себебін түсіндіріңдер.



Найман жауынгері



Керейіт жауынгері



Жалайыр жауынгері

XII ғасырдың екінші жартысында Керейіт мемлекетін *Тоғрұл хан* басқарған кезде мемлекеттің аумағы өсіп, нығайды. 80-жылдардың басында Тоғрұл монғолдардың жас қолбасшысы Темучинге қолдау көрсетті. Осы әрекеті арқылы өзінің монғолдар арасындағы ықпалын нығайтуға тырысты. Біраз уақыт Тоғрұл хан керейіт-найман одағының жетекшісі болды.

Картадан наймандар мен керейіттердің қоныстану аумағын көрсетіңдер.

XII ғасырдың соңы – XIII ғасырдың басында Керейіт мемлекеті әлсіреп, монғолдар күшейді. 1203 жылы бұрынғы одақтастар арасында соғыс болып, керейіттердің жеңілуімен аяқталды.

Мемлекеттік құрылымы. Керейіт пен Найман мемлекеттері саяси құрылымы жағынан бір деңгейде және ұқсас болды. Мемлекетті мұрагерлік жолмен хан басқарды.

Елде тәртіп күшейтілді, ісқағаздары жүргізілді. Ресми құжаттар хан жарлығының шынайылығын растайтын мөрмен бекітілді. Ақсүйектердің қызметі әдеттегідей мұрагерлік жолмен берілді. Мемлекеттің бүкіл халқы әскери-әкімшілік жүйе бойынша мыңдық, жүздік, ондықтарға бөлінді. Қоғамда туыс тайпалардың бірігу үрдісі жүрді.

XIII ғасыр басында монғолдардың қысымымен найман мен керейіттер Шығыс Қазақстан, Жетісу аумағына қоныс аударды. Олар бұл өңірлерде

жергілікті халықтың мәдени және этникалық дамуына айтарлықтай ықпал етті.

Жалайырлар. Жалайырлар туралы мәлімет монғол жылнамаларында ғана атап өтіледі. Олардың этникалық құрамы біркелкі болған жоқ. VI–VII ғасырларда жалайырлар Түрік қағанатының құрамына енді.

Наймандар мен керейіттердің қоғамдық құрылымына сипаттама беріңдер.

Монғол деректерінде өзін гурхан жариялап, қысқа мерзімге жалайырлар мемлекетін құрған Жамұқа туралы айтылады. Алайда Шыңғысхан жалайырларды талқандап, өзіне бағындырды. XIII–XIV ғасырларда жалайырлар Қазақстан аумағына қоныстанып, қазақ халқының құрамына енген. Жылнамаларда жалайыр тайпасының өкілі, Шыңғысхан әскері қолбасшыларының бірі Мұқылай есімі атап өтіледі. Жалайырлар Орталық Азияның кейінгі тарихында да елеулі рөл атқарды. Тарихшы Қадырғали Жалаири жалайыр тайпасынан шыққан.



1. Ашық тест тапсырмалары

- 1.1. Наймандардың батыстағы көршісі қыпшақтар, солтүстікте _____ қырғыздары, шығыста _____ болды.
- 1.2. XII ғасырдың екінші жартысында _____ хан басқарған кезде Керейіт мемлекетінің жер аумағы өсіп нығаяды.
- 1.3. 1204 жылы монғолдар _____ бағындырды.
- 1.4. XIII ғасырдың басында _____ қысымымен наймандар мен керейіттер қоныс аударды.



2. Жабық тест тапсырмалары

2.1. Керейіт мемлекетінің билеушісі

- А) гурхан
- Ә) хан
- Б) қаған
- В) гуньмо
- Г) шаньюй

2.2. Темучиннің беделін әлсірету мақсатында ұйымдастырылған құрылтайдың өткен жылы

- А) 1150 жыл
- Ә) 1201 жыл
- Б) 1217 жыл
- В) 1258 жыл
- Г) 1317 жыл

2.3. XI ғасырдың соңында құрамына керейіт пен наймандар енген мемлекет

- А) Ляо империясы
- Ә) Қарахандықтар мемлекеті



- Б) Хазар мемлекеті
- В) Моғолстан
- Г) Түрік қағанаты

- 2.4. Қидан мемлекеті құлағаннан кейін Найман мен Керейіт мемлекеттері құрылған жыл
- А) 1219 жыл
 - Ә) 1141 жыл
 - Б) 1208 жыл
 - В) 1125 жыл
 - Г) 1204 жыл

§14. ҚЫПШАҚ ХАНДЫҒЫ (XI–XIII ғасырдың басы)

Тақырыпты оқығаннан кейін:

- Қыпшақ хандығының құрылуын, қыпшақтардың Еуразия тарихындағы орнын;
- қыпшақтардың өзге мемлекеттермен өзара қарым-қатынасын;
- Алтайдан Еділге дейінгі жерлердің неліктен Дешті Қыпшақ аталғанын білетін боласыздар.



Қыпшақтар.
М.В. Гореликтің
жаңғыртпасы

Деректер. VIII–IX ғасырлардағы авторлардың еңбектерінде Шығыста *қыпшақтар*, Русьте *половецтер*, ал Еуропада *командар* аталған тайпа атауы айтылған. Шығыс тарихшылары мен орыс жылнамашылары қыпшақ-половецтердің саны көп, күшті тайпа екендігін және бүкіл Ұлы Даланың солардың атымен аталғанын жазады. «Қыпшақ» этнонимі алғаш рет VIII ғасырдағы көне түркі руна ескерткішінде кездеседі.

Қыпшақ мемлекетінің құрылуы. VIII ғасырдан XI ғасырдың басына дейінгі қыпшақтар қимақтар тарихымен тығыз байланысты болды. Қыпшақтар Қимақ мемлекетінің батыс қанатын құраған.

XI ғасырдың басында Қимақ қағанаты құлағаннан кейін олардың жері қыпшақ хандарының қолына өтті.

XI ғасырдың ортасында қыпшақтар оғыздарды Сырдария аймағынан және Каспий даласынан ығыстырды. Осы кезде қыпшақтар Еділден өтті,

бірқатар тайпаларды бағындырып, Дунайға дейін жетті. Батысқа жылжуы барысында олар Шығыс Еуропа, атап айтқанда, Русь, Византия, Венгрия халықтарымен байланыс орнатты.

Қыпшақтар құрамына еңбеген тайпалар неліктен XI–XIII ғасырларда өздерін «қыпшақ» деп атады?

XI ғасырда қыпшақтар Жетісумен қатар бүкіл Қазақстан жеріне үстемдік етті. Еуразияның Алтайдан Дунайға дейінгі аумағындағы үлкен тайпалық одақ саналды. Дәл осы кезден бастап жоғарыда аталған аралықтағы барлық түркі тайпалары «қыпшақ» атала бастады.

XI ғасырдағы Оғыз мемлекетімен соғыстар; салжұқ, Хорезм шахымен және Қарахан әулетімен күрес; сыртқы қауіпсіздікті қамтамасыз ету – Қыпшақ мемлекеті құрылуының басты себептері болып табылады.

XII ғасырдың басында қыпшақтар Алтайдан Дунайға дейінгі бүкіл «Ұлы Далада» үстемдік етті. Бұл аумақ Дешті Қыпшақ, яғни қыпшақтың даласы деп аталды. Дешті Қыпшақ даласы екі ірі бірлестікке бөлінді.

XI ғасырда қыпшақтар мемлекетінің құрылуына қандай жағдайлар әсер етті?

Тоқсаба әулеттік руы басқарған *Батыс қыпшақ* бірлестігі Дунайдан Еділге дейінгі аумақты иеленді. Еділден Алтайға дейінгі аумақты қоныстанған қыпшақтар *Шығыс қыпшақ* бірлестігін құрды. Оны *Елбөрілі* руынан шыққан хандар басқарды.

Қоғамдық құрылымы. Көне түркі дәстүрін ұстанған Қыпшақ хандығы екі қанатқа бөлінді: *оң қанатының* (батыс) ордасы Жайық өзені бойындағы *Сарайшық* қаласы, сол қанатының орталығы *Сығанақ* қаласында орналасты. Сол (шығыс) қанаты ең қуаттысы еді.

Қыпшақ этносы мен мемлекеттілігінің қалыптасу кезеңі:

1. VII–VIII ғасырлар – Батыс Түрік қағанаты құрамындағы кезең.
2. VIII–XI ғасырлар – Қимақ қағанаты құрамындағы кезең.
3. XI–XIII ғасырлар – дербес Қыпшақ хандығы.

Қыпшақ этносының қалыптасуы. Қыпшақтар этнос ретінде Орталық және Шығыс Қазақстан аумағында VIII ғасырда қалыптасты. Қыпшақтардың саяси беделінің артуына орай басқа тайпалар мен этникалық топтар «қыпшақ» этнонимін қабылдады. XI–XIII ғасырларда Еуразияның бүкіл далалық аймағы «Дешті Қыпшақ» аталды.

Қазақстан аумағында қыпшақ тайпасының қалыптасуына ықпал еткен жағдайлар: 1) шаруашылық өмірдің біркелкі түрі; 2) қоғамдық қа-



тынастар мен мемлекеттік құрылымның ортақ жүйесі; 3) тіл ортақтығы; 4) тарихи қалыптасқан ортақ мәдениет.

Қыпшақ ұлысының пайда болуы: а) Орталық Азия мен Оңтүстік-Шығыс Еуропа тұрғындарының түркіленгендігін; ә) біртұтас жалпы-түркілік мәдениеттің қалыптасқандығын білдірді.

Алайда қыпшақ халқы қалыптасуының қорытынды кезеңін монғол шапқыншылығы үзді. Қыпшақтар қазіргі түркі тілдес халықтар – қазақ, башқұрт, татар және басқалардың ұлт ретінде қалыптасу негізін қалады.

Қыпшақ хандарының билігі мұрагерлікпен әкеден балаға беріліп отырды. Жекелеген қыпшақ руларының жоғары ханнан басқа өз билеушілері болды.

Қыпшақ ұлысы қалыптасуының себебін атаңдар.

Малға жекеменшік мүлік теңсіздігінің негізін қалады. Байлық жылқы санымен өлшенді. Плато

Карпини: «Олар (қыпшақтар) түйе, ірі қара, қой мен ешкі, жылқыға өте бай. Оларда жүк таситын мал орасан көп, біздің ойымызша бүкіл әлемде мұндай байлық ешкімде жоқ», – деп жазады.

Жайылымдарға билік ету мен көші-қонды реттеу құқығы қыпшақ хандары мен тайпа ақсүйектеріне берілді. Орасан көп малы бар тайпа ақсүйектері жайылымдардың нағыз иелері еді.

Қыпшақ хандығының ерте феодалдық мемлекет екендігін дәлелдендер.

Қыпшақ қоғамында құқығы жоқ топты құлдар құрады. Олардың саны әскери тұтқындар есебінен толықтырылып отырды. Құлдар шаруашылықта жалшылар есебінде пайдаланылды.

Қыпшақ хандығы көне түркі мемлекеттерінің дәстүрін жалғастырып, одан әрі жетілдірген ерте феодалдық мемлекет болды.


Қыпшақтардың көршілермен саяси қарым-қатынасы. XI–XII ғасырларда төменгі Сырдария бойындағы қалалар (Жент, Янгикент және

Қыпшақтардың Оғыз мемлекеті, Хорезмшахтары мемлекеті, орыс князьдықтарымен қарым-қатынастарына сипаттама беріңдер. Бұл байланыс қыпшақ хандығының нығаюына немесе әлсіреуіне қалай әсер еткенін түсіндіріңдер.

басқалары) мен Маңғыстау қыпшақ көсемдерінің қолында болды. Осы аумақ қыпшақ хандары мен Орталық Азия билеушілері арасындағы кескілескен ұрыс алаңына айналды.

Махмұд Қашғари деректері бойынша, қыпшақ ақсүйектері Қарахан билеушілерімен өзара күрделі қарым-қатынаста

болды. Исламды тарату мақсатында Хорезмшахтары мемлекетінің билеушісі қыпшақтарға қарсы жорыққа шықты. Алайда XII ғасырдың екінші жартысынан бастап хорезмдіктер қыпшақ ақсүйектерімен жақындасу саясатын жүргізе бастады.



Хорезмшахтары мемлекетінің билеушісі бұл саясатта мына мақсатты көздеді:

- қыпшақтардың бүкіл ақсүйек қауымын ислам дініне енгізу;
- мемлекеттің қуаттылығын әлсірету;
- қыпшақ әскерін өз мүддесіне пайдалану.

Түркі тайпаларының славяндармен тығыз қарым-қатынасын дәлелдейтін деректерді атаңдар.

Қыпшақ хандары Хорезмге қарсы күресті жалғастыра берді. Қыпшақтар мен хорезмдіктердің күресін монғолдардың жаулап алушылық жорықтары тоқтатты.

Қыпшақтардың славян тайпаларымен қатынастарын ғалым В.А. Пархоменко «Жылнамалардағы қыпшақ эпосының іздері» еңбегінде: «Біздің жылнамалар XII ғасырда Русьтің ақсүйек тобы мен қыпшақтар арасында тығыз байланыстар болғандығына ешқандай күдік тудырмайды. Русьтің Даламен үнемі дерлік жаугершілікте болғандығы ойдан шығарылған жалған тұжырым» деп сипаттады.

Көне славян әскери лексикасының қайнар көздері славян-түрік бірлігі дәуіріне жатады. Орыс тіліндегі әскери іске байланысты «колчан», «булат», «караул», «есаул», «атаман», «богатырь» және т.б. бірқатар ұғымдар көне түркі тілдерінен алынған. О. Сүлейменов «Аз и Я» кітабында «бейбітшілік пен достық кезінде ғана славян тіліне түркі сөздері ене алды» деп атап өтеді. Бұл деректер монғол дәуіріне дейін түркілер славяндармен тығыз қарым-қатынаста болғандығын айғақтайды.

Қыпшақтар XI–XIII ғасырларда Дунайдан Алтайға дейінгі кең-байтақ аумақты қоныстанып, әлемдік өркениеттің дамуына орасан зор үлес қосты.

«Жолдар мен аймақтар» кітабы түркі халықтары туралы қандай деректер келтіреді? Ибн Батута деректерінде Дешті Қыпшақ туралы не айтылған?



Оқиға куәгерлері мен тарихшылардың деректері

Ибн Хордадбек IX ғасыр ортасында «Жолдар мен аймақтар» кітабын жазды. Бұл кітапта ол Өмудария өзенінің арғы және бергі бетін мекендеген қыпшақ тайпалары мен оның 16 қаласы жайлы мәліметтер келтірген.

Ибн Батута: «Дешт ... түркі тілінде дала мағынасын білдіреді. Дала бұл жасыл, гүлденген аймақ, онда ағаш та, тау да, төбе де, белес те жоқ... Бұл далада арбамен ғана жүреді, ал ол алты айлық жолға созылады...» деген дерек келтіреді.



Сұрақтар мен тапсырмалар

1. Қыпшақтардың басқа халықтарға қалай әсер еткендігін анықтаңдар.
2. Қыпшақтардың қазақ тарихындағы орны туралы айтыңдар.



1. Ашық тест тапсырмалары

- 1.1. Орта ғасыр авторларының еңбектерінде «Шығыста – қыпшақтар, Русьте _____, ал Еуропада _____» деп аталған тайпалар одағы туралы айтылады.
- 1.2. XI ғасырдың ортасында қыпшақтар Еділден өтіп, _____ дейін жетеді.
- 1.3. Қыпшақтардың хорезмдіктермен өзара күресін _____ жаулап алушылық жорықтары тоқтатты.



2. Жабық тест тапсырмалары

2.1. Шығыс Еуропада қыпшақтармен байланыс орнатқан мемлекеттер

- | | |
|-------------|--------------|
| 1) Византия | 5) Хорватия |
| 2) Венгрия | 6) Польша |
| 3) Румыния | 7) Грекия |
| 4) Русь | 8) Македония |

2.2. XI ғасырдың бірінші жартысынан XIII ғасырдың басына дейін Еуразияның бүкіл далалық аймағында билікке ие болған тайпалар одағы

- | | |
|---------------|--------------|
| А) түргештер | В) қарлұқтар |
| Ә) қыпшақтар | Г) наймандар |
| Б) керейіттер | |

2.3. Шығыс Қыпшақ бірлестігінің ордасы

- | | |
|--------------|-----------|
| А) Янгикент | В) Отырар |
| Ә) Баласағұн | Г) Тараз |
| Б) Сығанақ | |

Үшінші тарау бойынша

ҚАЙТАЛАУ-ЖИНАҚТАУ САБАҒЫ



Сұрақтар мен тапсырмалар

1. X–XIII ғасырдың басындағы мемлекеттердің даму ерекшеліктері мен ұқсастықтары және айырмашылықтарын анықтаңдар.
2. Қарахан мемлекеті тұсында иқталық жүйе қалыптасты. Иқтаның батысеуропалық феодалдық иелікке ұқсас екендігін дәлелдеңдер.



3. Қосарлы екі тәуелсіз билік жүйесінің: Батыс Қарахан және Шығыс Қарахан иеліктерінің қалыптасу себебін түсіндіріңдер.
4. Қарахандықтар исламды неге мемлекеттік дін ретінде қабылдады?
5. Гурхандар билігінің әйелдер қолына өту себебі неде деп ойлайсыңдар?
6. Қыпшақ этносы мен қыпшақ мемлекеттілігінің қалыптасу кезеңдеріне сипаттама беріңдер.
7. Ортағасырлық мемлекеттердің ыдырауының негізгі және жанама себептерін анықтаңдар.

Сәйкестікке арналған тест тапсырмалары

1.

Саясат	Билеушілер
А) Қарахан мемлекетінің негізін қалады	1. Күшлік
Ә) Исламды қарахандықтардың мемлекеттік діні етіп жариялады	2. Елюй Даши
Б) Наймандар билеушісі Шыңғысханнан жеңіліс тапты	3. Мұса қаған
В) Жетісуда Қарақытайлар мемлекетін құрды	4. Сатұқ Боғра хан

2.

Тарихи оқиғалар	Мерзімдер
А) Оғыз билеушісі хазарларға қарсы Киев князымен әскери одақ құрды	1. 1208 ж.
Ә) Хорезмшахтары мемлекетінің билеушілері мен наймандардың соққысынан Қарахан мемлекеті құлады	2. 1212 ж.
Б) Монғолдарға қарсы түркі тілдес тайпалар өткізген құрылтай	3. 1201 ж.
В) Наймандар Жетісуда қарақытайларды жеңіліске ұшыратты	4. 965 ж.

Оқиғалардың жүйелілігін анықтауға арналған тест

1. Мұса қаған исламды қарахандықтардың мемлекеттік діні етіп жариялады.
2. Қарахандықтар Қарақытай гурханының боданына айналды.
3. Қарақытай тайпалары Жетісуға қоныстанып, өз мемлекетін құрды.
4. Күшлік бастаған наймандар Жетісуға қоныс аударды.
5. Хорезмшахтары мемлекетінің билеушілері мен наймандардың соққысынан Қарақытай мемлекеті құлады.
6. Батыс Түрік қағанатының құрамынан қимақтар бөлініп шықты.

Пысықтау тапсырмасы

Көне славян тіліне енген түркі атаулары жайлы өз ойларыңды айтыңдар.

Төртінші тарау

ҚАЗАҚСТАН АУМАҒЫНДАҒЫ ҰЛЫ ЖІБЕК ЖОЛЫ

§15.

ҰЛЫ ЖІБЕК ЖОЛЫНЫҢ ҚАЛЫПТАСУЫ

Төртінші тарауды оқу барысында:

- Ұлы Жібек жолының пайда болу тарихымен танысасыңдар;
- Негізгі бағыттары мен тармақтарын, Ұлы Жібек жолының қала мәдениетінің дамуына әсерін анықтайсыңдар;
- Жібек жолымен қандай тауарлар тасымалданғанын білетін боласыңдар;
- Ұлы Жібек жолының халықаралық қатынастардың дамуындағы орнына, тарихи маңызына баға бересіңдер.

Ұлы Жібек жолының ашылуы. Халықаралық сауда жолының тарихы б.з.б. 3–2 мыңжылдықтардан, Шығыс Түркістаннан Иран, Мысыр, Қытай мен Сирияға лазурит пен нефрит тасудан басталады.

Ұлы Жібек жолы қалай пайда болды және оған кімдер мүдделі еді?

Б.з.б. 138 жылы Қытайдан император У-дидің Батыстың беймәлім елдеріне (күн қайда батса, сол жаққа) жіберген елшілік керуені жолға шығады. Ол алғаш рет Қытайдан Орталық Азияға тіке жол тартты. Сапар барысында сауда үшін қолайлы жолдар анықталды. Бұл жолдар Ұлы Жібек жолының негізін қалады.

Тарих ғылымында б.з.б. II ғасырды Ұлы Жібек жолының тұрақты жұмыс істеуінің басталуы деп есептеу қабылданған. Қытай елшісінен кейін іле-шала бұл жолмен Батысқа жібек керуендері жүрді. Рим мен Византия, Үндістан, Иран, Араб халифатынан осы елдерде өндірілетін тауарлар тасылды. Ұлы Жібек жолының маңызы – халықтар мен мәдениеттерді жақындастырып, өзара байытуында болды.

Ұлы Жібек жолы өзінің атауын XIX ғасырда ғана алды. Оны неміс ғалымы, Азияның физикалық географиясы туралы еңбектердің авторы фон Рихтгофен ұсынды.

Тауарлар. Жібек матасы сауданың басты түрі болды. Жібек алтынмен бірге халықаралық валюта міндетін атқарды. Оны патшалар мен елшілерге тарту етті, жалдамалы әскерге жалақы және мемлекеттік қарыздардың өтеуі ретінде төледі.

Тарих ғылымында б.з.б. II ғасыр неліктен Ұлы Жібек жолының басталуы деп есептелген?



Оттырар аймағындағы қазба жұмыстары кезінде табылған мыс теңгелер



Сауран қаласы орнына қазба жұмыстары жүргізілген кезде табылған мыс теңгелер

Жібек өзінің әсемдігімен алыс жерлерге тасымалданатын негізгі тауар саналды. Сонымен қатар иісу, төтті тағамдар, женьшень мен маталар, бояу, бағалы тастар, аң терісі, алтын, күміс құймалары сияқты бұйымдар да тасылды. Жібек жолымен араб арғымақтары, қаршыға, тотықұстар мен түйеқұстар т.б. сатуға әкелінді.

Жібек жолымен ежелгі мәдениет пен өнер туындылары таратылды. Орталық Азия, Түркістаннан келген музыкант, биші, акробаттар Қытай императоры мен Византия сарайларында өз өнерлерін көрсетті.

Жібек жолымен қытайлықтар өз елінде жоғары бағаланатын асыл тұқымды жылқы мен түйелерді Орталық Азиядан алдырды. Қытайлықтар керуен саудасы арқылы әкелінген ауылшаруашылығы дақылдарын – бұршақ, пияз, қияр, сәбіз, анар, грек жаңғағы т.б. өз елдерінде өсіруді үйренді.

Орталық Азиядан Қытайға жүннен тоқылған әртүрлі бұйымдар – кілем, жапқыш, төсеніштер әкелінді. Жүн өңдеу мен кілем тоқу әдісімен таныс емес қытайлықтарға бұл бұйымдар ерекше әсер етті.

Ұлы Жібек жолы қандай өркениет орталықтарын байланыстырды және қандай тауарлар тасымалданды?

Ұлы Жібек жолындағы сауда. Жібек жолы бағытымен өткен керуен саудасы пайда әкелумен қатар, үлкен қауіп-қатерге де толы еді. Сол себепті көпестер жолға жалғыз емес, қарулы адамдардан тұратын ірі керуендермен шықты.

Керуендер жүк артылған бірнеше жүздеген малдан құралды. Олармен бірге саудагерлер, аудармашылар, нөкерлерін ерткен елшілер, дін таратушылар да сапар шекті.

Керуен саудасы арқылы жол бойында тұрақты түрде қызмет көрсететін орындар ашылды. Сол себепті Ұлы Жібек жолы бойында керуен сарайлар (жолаушылар тоқтап, демалатын жайлар) салынды. Оларда көпестер мен керуенге қызмет

Ұлы Жібек жолы бойындағы сауданың қалай жүргізілгенін айтып беріңдер.

көрсететін арнайы адамдар, демалыс бөлмелері, тауар сақтауға, жүк артылған малға арналған қора-жайлар, қажетті жемшөп, азық-түлік пен қоймалар болды. Керуен сарайлар көпес үшін

қажетті тауарды сатып алатын, сататын орынға айналды. Айырбас сауда да дамыды.

Жер иелері кедендік баж салықтарынан пайда тапты. Бұл артықшылықты жоғалтып алмау үшін Орталық Азия елдерінің билеушілері көпестерді қорғайтын заңдар қабылдады.

Сауданы дамытуда көшпелі малшылар маңызды рөл атқарды. Олар керуендерге жол көрсетіп, азық және көлік малымен қамтамасыз етті.

Жібек жолындағы қалалар. Ортағасырлық авторлардың деректері мен археологиялық қазба жұмыстары Жібек жолы бойындағы халықаралық сауданың IX ғасыр мен XIII ғасырдың басында ерекше дамығандығын айғақтайды. Испиджаб, Кедер, Отырар, Тараз, Науакент, Баласағұн қалалары ірі сауда орталықтары саналды.

Осы кезеңде Шу, Талас және Сырдария алқаптарында қала орталықтары қалыптасты. Бұл қала орындары Арал бойындағы құрғақ, шөлейт аймақтарда жақсы сақталған.

Оңтүстік Қазақстан мен Жетісу қалаларының тұрғындары үшін сауда айырбасының маңызын түсіндіріңдер.

Ұлтаралық және дінаралық сыйластық, өзге халықтың салт-дәстүріне құрметпен қарау Ұлы Жібек жолы бойындағы қалалардың басты ерекшелігі болды.



Сұрақтар мен тапсырмалар

1. Ұлы Жібек жолы қалай пайда болды және оған кімдер мүдделі еді?
2. Археологиялық қазбалар Ұлы Жібек жолы бойымен өртүрлі тауарлардың тасымалданғанын дәлелдейді. Осыған мысал келтіріңдер.



1. Ашық тест тапсырмалары

- 1.1. Патшалар мен елшілерге сыйлық, жалдамалы әскерге жалақы мен мемлекеттік қарыздардың өтеуі _____ төленді.
- 1.2. Ұлы Жібек жолы өзінің атауын _____ ғасырда ғана алды.



2. Жабық тест тапсырмалары

- 2.1. Ұлы Жібек жолы бойымен халықаралық сауданың жоғары деңгейде дамыған кезеңі
 - А) IX–XIII ғасыр басы
 - Ә) IV–VI ғасырлар
 - Б) XII–XIV ғасырлар
 - В) XIV–XV ғасырлар
 - Г) XIII–XIV ғасырлар

2.2. «Лазурит жолы» немесе «нефрит жолы» қолданылған кезең

- А) б.з.б. 3–2 мыңжылдық
- Ә) IV–VI ғасырлар
- Б) XII–XIV ғасырлар
- В) XIV–XV ғасырлар
- Г) XIII–XIV ғасырлар

2.3. Ұлы Жібек жолының тұрақты дипломатиялық және сауда желісі ретінде жұмыс істей бастаған мерзімі

- А) IV ғасыр
- Ә) III ғасыр
- Б) б.з.б. II ғасыр
- В) V ғасыр
- Г) б.з.б. VI ғасыр

§16.

ҰЛЫ ЖІБЕК ЖОЛЫНЫҢ ТҮРКІ БӨЛІГІ

II–V ғасырларда Жібек жолы шығыста Хуанхэден басталып, Қашғария мен Ферғанаға, одан әрі Самарқан, Бұхара арқылы Сирияға өтті.

VI–XIII ғасырларда Қытайдан Жетісу мен Оңтүстік Қазақстан арқылы Батысқа өткен жол қызу тіршілікке толы болды. Жолдың мұндай сипаты бірнеше себептермен түсіндіріледі. *Біріншіден*, Жетісуда түркі қағандарының ордалары орналасты. Олар сауда жолдарының қауіпсіздігін қамтамасыз етті. *Екіншіден*, VII ғасырда Ферғана арқылы өтетін жол өзара қақтығыстар салдарынан қауіпті еді. *Үшіншіден*, бай түркі ақсүйек қауымы теңіздің ар жағынан келген тауарларды көтерме бағамен сатып алып отырды.

Жібек жолы жүзжылдықтар бойы өзгерістерге ұшырады. Жолдың бір бөлігінің маңызы ерекше артса, кейбірі, керісінше, жойылып кетті, ал енді бірі құлдырады. Мәселен, VI–VIII ғасырларда негізгі жол Иранды айналып өтті. Бұл Батыс Түрік қағанаты мен Византияның осы елге қарсы жасалған әскери-сауда одағына байланысты болатын. Құрлықтағы саяси жағдай елшілер мен көпестердің және басқа сапарға шыққан адамдардың жол бағыттарын таңдауынан айқындалды.

VI ғасырдың екінші жартысында түркілер Ұлы Жібек жолының біраз бөлігіне иелік етті. Нақты осы түркі кезеңінде Қытайдан Жетісу арқылы батысқа және Қазақстанның оңтүстігіне өткен Ұлы Жібек жолы бойында жандану байқалды. Бұл жолдың негізгі бөлігі еді және керуен саудасы мен елшілік сапарлары VI–XIII ғасыр басында осы жермен өтті.

Бұл жағдай Жетісу мен Қазақстанның оңтүстігінде ежелгі қалалардың тез өсуіне ықпал етті.

Ортағасырлық Сырдария қалаларына қазба жұмыстарын жүргізген кезде табылған заттар халықаралық сауданы зерттеуде маңызды дереккөздер болып табылады. Осындай жәдігерлердің қатарына Отырардан табылған күміс көмбе жатады. Күміс теңгелер Түркістан қалалары мен Кіші Азия, Еуропа және Еділ бойы қалаларының ақша сарайларында жасалды.

Ұлы Жібек жолы бойында сауданың нақ түркі кезеңінде жандану себебін түсіндіріңдер.

Қазбалар барысында тұрмыстық және зергерлік бұйымдар табылды. Оны Ұлы Жібек жолындағы қалалардың өзіндік «сыр сандығы» деуге болады.

Ұлы Жібек жолының бағыттары. Ұлы Жібек жолы жүйесіне керуен жолдарының бірнеше тармақтары енді. Бұл тармақтар тау жоталарындағы түрлі асулар арқылы шөлді айналып, ілгерілей түсті.

Жібек жолы Арал теңізі жанынан өтті. Сырдария жағалауымен, одан Шудан Жетісу арқылы Жоңғар қақпасына жетті. Осы аймақ Үндістанның түрлі дәмдеуіштер өндірілетін өлкесі мен тұт ағашы өсетін Сары өзеннің (Қытай) жағалауларына апаратын ең ыңғайлы жол болып есептелінді.

Талас алқабындағы Тараз қаласы түргеш, қарлұқ, кейін қарахандықтардың экономикалық және мәдени орталығы болды. Сауда жолы Тараздан солтүстік бағытта – Ертіске, одан әрі Енисейдегі қырғыздарға өтті.



Сауда керуені

VII ғасырдағы Қытай жол көрсеткіш кітапшасында «Ақ өзендегі қала» – Испиджаб көрсетілген. Оны кейін «Сайрам» деп атаған. Испиджаб ірі негізгі сауда орталығы болды. Осы жерден жол одан әрі Сырдария арқылы өрлеп, Арал бойына жетті. Сырдария жағалауымен өткен керуен жолында ірі қалалар Отырар (Фараб) мен Шауғар орналасты. Бұл қалалардан оғыздар орталығы Янгикент қаласына қарай жол өтті. X–XII ғасырларда Ұлы Жібек жолының бұл тармағында Сауран, Жент, Ашнас сияқты қалалар бой көтерді.

Жетісудың Науакент қаласынан шыққан жол Суябқа жетті. Бүгінде жартылай қираған сарайлар, мешіттер мен мұнаралар, сондай-ақ құлыптас орнатылған ауқымды қорымдар сол кездегі қайнаған өмірді еске түсіреді.

Жібек жолы Алмалы арқылы өтіп, Талхиз қаласына жетті. Жол Талхизда тармақталды. Оңтүстік тармақ Есік, Түрген арқылы Іле өзені өткеліне бағыт алды. Солтүстік тармақ Талхизден Талғар өзені бойымен Қапшағай шатқалына дейін жетті. Одан әрі жол Қоялыққа (қарлұқ билеушісі ордаларының бірі) бағытталды. Бұл қаланың даңқы базарларымен әйгілі еді. Қоялықтан Жібек жолы Алакөлді айналып, Жоңғар қақпасы арқылы ішкі Қытайға жол тартты.

VI–VIII ғасырларда Ұлы Жібек жолы түркі бөлігінің негізгі жол саналуын, елшілік және сауда керуендерінің осы жерден өту себебін түсіндіріңдер.

Ұлы Жібек жолының Оңтүстік Қазақстан мен Жетісу арқылы өтетін негізгі бағытынан басқа тармақтары да болды. Бұл жолдар Орталық және Шығыс Қазақстан өңірлеріне дейін жетті. Мал мен жүн, тері-терсек, металға бай бұл аудандар Жібек жолы жүйесіне енді.

Картадан Қазақстан аумағы арқылы өткен жол бөлігін көрсетіңдер.



1. Ашық тест тапсырмалары

- 1.1. VI ғасырдың екінші жартысында _____ Ұлы Жібек жолының біраз бөлігіне иелік етті.
- 1.2. Қытай жол көрсеткіш кітапшасында «Ақ өзендегі қала» _____ көрсетілген, кейіннен ол қала « _____ » деп аталған.



2. Жабық тест тапсырмасы

- 2.1. X–XII ғасырларда Ұлы Жібек жолы бойында пайда болған жаңа қалалар

- | | |
|-----------|--------------|
| 1) Сауран | 5) Күнгіт |
| 2) Ашнас | 6) Сығанақ |
| 3) Жент | 7) Сарайшық |
| 4) Тараз | 8) Қарақорым |



§17.

ҰЛЫ ЖІБЕК ЖОЛЫНЫҢ ТАРИХИ МАҢЫЗЫ

Ұлы Жібек жолының тарихында оны түркі мемлекеттері толықтай дерлік бақылауда ұстаған *үш кезең* болды: VI–XIII ғасырдың басындағы түркі қағанаттарының; XIII ғасырдың екінші ширегі мен XIV ғасырдағы Монғол империясының; XIV ғасырдың үшінші ширегі мен XV ғасырдың басындағы Әмір Темір мемлекетінің бақылауындағы кезеңдер.

Ұлы Жібек жолы мындаған шақырым қашықтықты қамтыды. Саудагерлердің көпшілігі жолдың ұзақтығынан тауарларын жарты жолда ауыстырып алуға тырысты.

Жібек жолы түркі бөлігінің халықаралық саудада маңызы зор еді. Ұлы Жібек жолы сауданың дамуына, көптеген қалалардың пайда болуына, өркендеуіне жол ашты. Бұл жол мемлекеттердің қалыптасуында, әлемдік өркениеттің дамуында үлкен рөл атқарды. Шығыс пен Батыс мәдениеті арасындағы байланыстырушы көпір саналды.

Ұлы Жібек жолын түркі мемлекеттерінің бақылауға алған кезеңін анықтаңдар.

Жол бағыттарында қалалар мен тұрақтар, сауда орталықтары ғана емес, ғылым мен мәдениет ошақтары да орналасты. Мәселен, Отырар – ұлы ғұлама әл-Фарабидің отаны.

Жібек жолы бойымен діни наным-сенімдер, тауарлар және олардың өндірілуі туралы ақпарат, атап айтқанда, жібек, түрлі түсті шыны, қағаз, оқ-дөрі т.б. дайындау тәсілдері таралды.

Жібек жолымен қытайлықтар бүкіл әлемге өздерінің ойлап тапқан жаңалығы – қағазды таратты. Қағаз өндірісі Қытайдан Орталық Азияға келді. Ол жерден қағаз Батысқа тарап, бұрынғы жазу материалы пергамент пен папирусты ығыстырып шығарды.

Адамдар мен идеялардың еркін қозғалыста болуы аса көрнекті энциклопедияшы ғалымдар, ақындар мен философтар және олардың мектептерінің пайда болуына ықпал етті. Әбу Райхан әл-Бируни мен Ибн Синаның (Авиценна) еңбектері бүкіл Шығыс әлемі және Батыс Еуропа медицинасына зор әсер етті.

Қытай мен Үндістанға теңіз жолы ашылмас бұрын Ұлы Жібек жолы Орталық Азия, Оңтүстік Қазақстан және Жетісу арқылы бүкіл Еуропаға өтіп, XV ғасырға дейін жұмыс істеді.

«Жібек жолы» бағдарламасы. Ұлы Жібек жолына тармақтары өткен Қытай Халық Республикасы, Қазақстан, Қырғызстан, Өзбекстан Республикалары ұсынысымен Ұлы Жібек жолы 2014 жылы ЮНЕСКО-ның әлемдік мұра тізіміне енгізілді. Ұлы Жібек жолының өркениет



Жолдағы сауда керуені

тарихындағы орасан зор рөлін ескере келіп, ЮНЕСКО халықаралық ұйымы «Жібек жолы» бағдарламасын қабылдады.

Бағдарламаның негізгі мақсаты – Ұлы Жібек жолы бағыттарымен жүз жылдықтар бойы елдер мен халықтар арасында байланыстың, сауда қатынастары мен өзара мәдени ықпалдастықтың болғанын ашып көрсету. Бағдарламаның іске асырылуын түрлі мамандардан құралған халықаралық ұйымдар қадағалап отырады.

Ұлы Жібек жолының маңызды бөліктерінде бірқатар ғылыми семинарлар өткізілді. Бағдарламаның «Ұлы Жібек жолы» атты қорытынды конференциясы Парижде ұйымдастырылды. Онда үлкен көрме ашылды. Көрмеде Орталық Азия халықтарының бірегей мәдени жетістіктері көрсетілді.

ЮНЕСКО көне мәдени құнды мұраларды зерттеумен қатар, сақтауға да ерекше көңіл бөледі. Қазақстан ЮНЕСКО-ның Әлемдік мұра тізіміне «Ұлы Жібек жолының» 30-дан астам тарихи және археологиялық ескерткіштерін енгізді.

Қазақстан Президенті Н.Ә. Назарбаевтың бас-тамасымен жүзеге асқан Батыс Еуропа – Батыс Қытай жолының Қазақстан жері арқылы өтетін бөлігі мыңдаған шақырымды құрайды. Ұлы Жібек жолы ХХІ ғасырда да бүкіл адамзат назарын өзіне аударуда.

Қазақстан аумағы Батыс пен Шығыс мәдениетін біріктіріп, Еуразия құрлығын байланыстыратын көпір болды. Әлемдік қауымдастық осы көне жолдың қажеттілігін қайта сезінуде.

«Жібек жолы» бағдарламасының мақсаты неде?

ЮНЕСКО халықаралық ұйымы неліктен «Жібек жолы» бағдарламасын қабылдады?

**Оқиға куәгерлері мен тарихшылардың деректері**

Қаған мен оның қоршаған ортасын сипаттай отырып, Сюань-Цзян нені көрсеткісі келді? Сюань-Цзян бірнеше рет жібек туралы айтады, неліктен?

629 жылы будда монахы Сюань-Цзян мен оның серіктері Жібек жолымен сапарға шығып, «Мөлдір Көк көлді» (Ыстықкөл) айналып өтіп Суяб қаласына келеді. Олар онда түркі қағанымен кездескен. Қаған мен оның маңайындағыларды Сюань-Цзян былайша сипаттап жазады: «Бұл жатжерліктердің жылқылары әдемі. Қаған жасыл жібек шапан киген, басы ашық, жібек мата

ғана ораған. Оған сәнді шапан киген, шаштарын бұрым етіп өрген екі жүзден астам тархандар еріп жүрді. Түйелер мен жылқыларға мінгендердің санында есеп жоқ, көзбен шолу мүмкін емес».

Қағанның құрмет көрсеткен қабылдауын сипаттай отырып, Сюань-Цзян түркі ақсүйектері жібек киімдерінің сән-салтанатын әлденеше рет атап өтеді. Сонымен бірге өзіне «таңқурай түсті сәтеннен тігілген киім мен жібектің елу орамы» сыйға берілгендігі туралы хабарлайды.

**Ашық тест тапсырмасы**

Түркі мемлекеттерінің Ұлы Жібек жолын толықтай дерлік бақылауда ұстаған _____ кезең болды.

Төртінші тарау бойынша**ҚАЙТАЛАУ-ЖИНАҚТАУ САБАҒЫ**

Төмендегі тақырыптардың біріне эссе немесе реферат дайындаңдар:

1. ЮНЕСКО-ның «Ұлы Жібек жолы» бағдарламасы.
2. Ұлы Жібек жолының тарихи маңызы.

«Жібек жолындағы керуен сарай» рөлдік ойыны.

Оқулық деректерімен қатар, қосымша материалдарды да пайдаланыңдар.

Оқушылар керуен сарайда, мысалы, Отырарда кездесетін түрлі елдерден келген көпестер мен діндарлар рөлдерінде ойнайды. Жергілікті тұрғындармен өз елдері, сауда, тауарлар туралы және т.б. әңгімелер өткізеді.

Ойын барысында: керуен саудасының, соның ішінде түркі бөлігінің маңызды болу себебі, сауда мен ақшаның рөлі, басқа халықтардың мәдениеті туралы қызықты да құнды деректер анықталады.

Бесінші тарау

X–XIII ҒАСЫР БАСЫНДАҒЫ ҚАЗАҚСТАН МӘДЕНИЕТИ

§18–19.

ҚАЛАЛАРДЫҢ ДАМУЫ. СӘУЛЕТ ӨНЕРІ
(X–XIII ғасырдың басы)**Тақырыпты оқу барысында:**

- X ғасыр мен XIII ғасыр басындағы қала құрылысының, ортағасырлық сәулет өнері ескерткіштерінің ерекшеліктерін;
- қала мен көшпелі даланың өзара қарым-қатынасын;
- сол кезеңдегі сәулет өнерінің дамуы мен қалаларды көркейтуге ықпал еткен жағдайды анықтайсыңдар;
- *терракота*, *кесене*, *кәріз* ұғымдарымен танысасыңдар;
- ортағасырлық Қазақстан қалаларын Еуропа қалаларымен салыстырып, ортақ белгілері мен ерекшеліктерін және көшпелілердің қолданбалы өнердегі жетістіктерін білетін боласыңдар.

Қала салу ерекшеліктері. X ғасыр мен XIII ғасырдың басы – экономика мен мәдениеттің өркендеу кезеңі. Осы кезде Жетісу, Ертіс бойы мен Орталық Қазақстан аймақтарында қала мәдениетінің жаңа аудандары пайда болды. Тұтастай алғанда, бұл көшпелі және қалалық өркениеттердің өзара тығыз байланыстарының кезеңі болып табылады.

Қалалардың қалай және неліктен пайда болғандығын еске түсіріңдер.

X–XIII ғасырдың басында қала мәдениетінің дамуында өзгерістер байқалды. Бұл ретте жаңа дін – ислам маңызды рөл атқарды. Ислам мәдениеті бірінші кезекте қала тұрғындары арасына тарады.

Оңтүстік Қазақстан мен Жетісудағы қалалар Азияның басқа аймақтарымен салыстырғанда көшпелілердің отырықшылануы есебінен анағұрлым тез өсті. Мұны араб және парсы деректері дәлелдейді. Осы кезеңдегі отырықшылыққа, қала өміріне бейімделу жайлы Жүсіп Баласағұнның «Құтты білік» шығармасында баяндалған.

X–XII ғасырларда неліктен Қазақстан аумағында қалалардың жылдам өскенін түсіндіріңдер.

X–XII ғасырларда қала халқы VIII–IX ғасырлармен салыстырғанда 20–30 есеге өсті. Ірі қалаларды мыңдаған халық мекен етті. Осы кезеңде қала тұрғындарының саны өсіп қана қоймай, олардың аумағы да кеңейді. Бұл шаруашылық пен феодалдық қатынастардың дамуымен түсіндіріледі.



Ортағасырлық қала

Қалалар мен елді мекендердің өсуі. X–XIII ғасыр басында Кедер, Ясы, Жент, Баршыкент және басқа қалалар пайда болды. Олардың біразы бұрын да кішігірім тұрақтар еді, ал X–XIII ғасырдың басында олар ірі қала орталықтарына айналды.

Қала тұрғындарының өсуіне ықпал еткен себептерді атаңдар. Көшпелілердің отырықшылану үрдісі қала мәдениетіне қалай әсер етті?

Картадан X ғасыр мен XIII ғасыр басындағы ірі қалаларды атап көрсетіңдер.

Іле алқабында ғана X–XII ғасырларда бірнеше жаңа қалалар орнықты. Шу, Талас, Сырдария алқаптарында қала тұрақтары салынды. Қалалардың аумағы рабаттардың есебінен кеңейді. Рабаттардың ұлғаюы қамал салуды қажет етті.

Испиджаб пен Отырар Қазақстанның оңтүстігіндегі ірі қалалар болып саналды. «Испиджаб – үлкен қаланың атауы... Ол ең құнарлы,

ағашқа, суға және тамаша бақтарға бай», – деп ортағасырлық авторлардың бірі жазып қалдырған.

X–XII ғасырларда Отырардың аумағы өсіп, ірі қалаға айналды. X ғасырда Отырар қаласы орналасқан Фараб аймағы бай өңірлер қатарына қосылды. Отырар қаласы жан-жақтан көпестер бас қосатын жерге айналды. Сонымен қатар қаланың мешіт-медреселері мен моншалары, кітапханасы бар мәдениет пен ғылым орталығы ретінде даңқы шықты.

VII–IX ғасырлармен салыстырғанда Отырар аумағы бірнеше есе ұлғайды. Қамалдар орталық бөлікті ғана емес, рабатты да қоршап тұрды.

Қалада суқұбыры жұмыс істеді, рабат аумағында қоғамдық моншалар салынды.

Қалалардағы жер жекеменшікке беріліп, пайда түсіретін сауда орындарын, керуен сарайлар мен моншалар салу үшін пайдаланылды. Бұл үлкен табыс әкелді. Сол себепті феодалдар, оның ішінде көшпелі ақсүйек қауымы қалаларда жер телімдерін иеленді.

X–XIII ғасырдың басында Жетісудың солтүстік-шығысында қала мәдениетінің жаңа шоғыры қалыптасты. Отырықшылық және қала өмірі Орталық Қазақстанға, Ертіс алқабына да тарайды.

XI–XII ғасырлардағы қала махалласының қалдықтары табылған. Махалланың әрқайсысында онға дейін үй болған. Қала тұрғындары туыстық қарым-қатынас негізінде ортақ кәсіп пен және ұстанған діндеріне байланысты топтасты.

XI–XII ғасырлардағы Жетісудың Талхиз қаласына жүргізілген қазба жұмыстары қаланың көптеген махаллалардан тұрғандығын дәлелдеді. Аулалар тұтас қабырғалармен қоршалған. Оларда мал қоралары орналас-ты. Кейбір үйлердің аулаларынан киіз үй белгілері табылған. Жетісу қалалықтарының тұрмысында өтпелі кезеңге тән шаруашылық дәстүрі сақталды.

Қалалар мен қала мәдениетінің дамуын монғол шапқыншылығы бұзды. Еуропадан Азияға теңіз жолының ашылуына байланысты Ұлы

Еуропадан Азияға теңіз жолының ашылуына байланысты Қазақстан аумағындағы қалалар неліктен құлдырауға ұшырайды?



Ежелгі Түркістан





Ортағасырлық суқұбырының қалдықтары

Жібек жолы құлдырады. Жібек жолының қажеттіліктерімен өмір сүріп, керуен саудасына ғана тәуелді болған қалалар күйзеліске ұшырады.

X–XIII ғасырлардағы Қазақстан қалалары сол кездегі абаттандырудың жоғары деңгейімен ерекшеленді. Үйлерде құбыр және жылыту жүйелері болды. Ірі қалаларда суқұбырлары салынды. Ол үшін жер астымен өтетін күмбез тәрізді үңгір жолдар қазылып, қыш құбырлар төселді. Мұндай жолдардың қалдықтары Отырардан, ал Тараздан X–XIII ғасырлардағы суқұбыры табылды. Мұнда қыш құбырлар тастан және ағаштан жасалған арнайы қондырғыға орналастырылып, үсті тас тақталармен жабылған. Суқұбыры жүйесі қала орталығына биіктен бірте-бірте еңкіш тартылып, үйлерге судың өз ағынымен берілуін қамтамасыз етті.

Ибн Синаның айтуынша, монша қандай болуы тиіс?

Қаратаудың солтүстік беткейлеріндегі Баба-Ата қазбалары қала тұрғындарының суқұбырын пайдаланғандығын көрсетеді. Таспен қоршалған құдықта жиналған бұлақ суын суқұбыры арқылы рабад аумағына жеткізген. Үйлерде әдетте қарапайым көріз қондырғылар орнатылған. X–XIII ғасырдың басында моншалар салынды.

Археологтар қалалықтардың монша салудағы жоғары мәдениетін атап өтеді. Мәселен, Тараздағы моншаның өрнекті өшекейлермен көмкерілген бөлмелері болды.

Ибн Сина моншада «бірқалыпты температура, самаладай жарық, шешініп, киінуге арналған кең бөлме, қабырғаларында көркем салынған суреттер болуы тиіс» екендігін жазған.

Археологтар Тараз, Отырар, Баласағұн қалаларынан моншалар тапты. Моншалар еден астына орнатылған жылу құбырлары жүйесімен жылытылды. Су құдықтан алынды немесе суқұбырымен әкелінді.

X–XIII ғасырдың басындағы қала мәдениетіне сипаттама беріңдер. Ортағасырлық сәулетшілер қандай құрылыс материалдарын пайдаланды?

Сәулет өнері. Кесенелер. X–XIII ғасырларда күйдірілген кірпіш, ағаш, гипс, алебастр құрылыс материалы ретінде қолданысқа кеңінен енді. Қабырғаларды әрлеуде *терракота* (күйдірілген балшықтан жасалған тақтайшалар) мен бедерлі кірпіштер қолданылды. Қазбаларға қарағанда өңделген кірпіштің 30-ға жуық түрі болған.



Айша бибі кесенесі




Бабажа хатун кесенесі

Жаңа ошақ түрлері – домалақ және тікбұрышты мұржасыз темір пештер пайда болды. Бұл пештер өсімдік және геометриялық өрнектермен безендірілді.

Мешіттер мен медреселер X–XIII ғасыр басындағы қала құрылысында жаңа үлгіге айналды. Ең көне мешіттерді Археологтар Кедер



Алаша хан кесенесі



Қарахан кесенесі



және Күлтөбе қалаларынан тапты. Көне мешіттер қарапайымдылығымен сипатталады. Оларды әшекейлеу ісінде күйдірілген кірпішті бедерлеп қалау қолданылған.

X–XIII ғасырлар ескерткіштерін өзіндік ерекшеліктеріне қарай солтүстік түркістандық сәулет өнері дәстүріне жатқызуға болады. Бұл дәстүрге қазақ жеріндегі далалық өнермен тығыз байланыс тән.

Орта ғасырдағы қазақ жеріндегі белгілі ескерткіштердің бірі – *Жошы хан кесенесі*. Бұл ескерткіш Жезқазған қаласынан 40 шақырымдай жерде Кеңгір өзенінің жағасында орналасқан. XIII ғасырда салынған кесене күйдірілген кірпіштен қаланған.

Көшпелілердің теңдесі жоқ сәулет өнерінің туындысы *Алаша хан кесенесі*. Ұлы Дала сәулет өнерінің үлгісінде тұрғызылған кесене

X–XIII ғасырдың басындағы сәулет ескерткіштеріне тән белгілерді анықтаңдар.

Қарағанды облысының Қаракеңгір өзені бойында орналасқан. Кесененің сырты қазақтың десте оюына толы, ішінде жоғарыға көтерілетін саты бар. Алаша хан күмбезі қазақ халқының

ынтымағы мен бірлігін, мемлекеттілігі мен тарихын әлемге әйгілейтін ескерткіш.

Сәулет өнерінің дамығандығына Тараз маңындағы ескерткіштер дәлел бола алады. Ол ескерткіштердің ішіндегі ең ежелгісі X–XI ғасырларда салынған Бабажа хатун кесенесі. Кесене күйдірілген кірпіштен салынған. Ғимарат жинақылығы және беріктігімен ерекшеленеді.

XI–XII ғасырларға жататын Айша бибі кесенесі де сәулет өнерінің көрнекті ескерткіші. Кесене күмбезбен жабылған төртбұрышты құрылыс. Бағаналар мен қабырғаларының сырты геометриялық және өсімдік өрнекті терракота қалақшалармен қапталған.

Тараз қаласында орналасқан Қарахан күмбезді кесенесі қарахандық сәулет өнерінің ескерткіші болып табылады.

Сырдария бойындағы Сырлытам кесенесі VII–VIII ғасырларда салынған. Кесене терракота қалақшалармен әсем безендірілген күмбезді ғимарат.



1. Ашық тест тапсырмалары

- 1.1. X–XIII ғасырдың басында қала мәдениетінің дамуында жаңа дін _____ маңызды рөл атқара бастады.
- 1.2. Жетісудың қала тұрмысында _____ кезеңге тән шаруашылық дәстүрі сақталған.
- 1.3. X–XIII ғасырлардағы Қазақстан қалалары жоғары деңгейде _____.
- 1.4. Сырдария бойындағы Сырлытам кесенесі ____–____ ғасырларда салынған.



2. Жабық тест тапсырмалары

2.1. Оңтүстік Қазақстан мен Жетісудағы қалалардың тез қарқынмен өсу себебі

- А) көшпелілердің отырықшылануы
- Ә) табиғи өсім
- Б) басқа мемлекеттерден келіп қоныстанушылық
- В) араб басқыншылығы
- Г) монғол басқыншылығы

2.2. Жетісудың солтүстік-шығысында қала мәдениетінің жаңа шоғыры қалыптасқан мерзім

- А) XIV–XVI ғасырдың басы
- Ә) X–XIII ғасырдың басы
- Б) XII–XIV ғасырдың басы
- В) XIV–XV ғасырдың басы
- Г) XIII–XIV ғасырдың басы

2.3. Археологтардың ең көне мешіттерді тапқан қалалары

- А) Кедер және Күлтөбе
- Ә) Испиджаб және Янгикент
- Б) Сайрам және Түркістан
- В) Суяб және Тараз
- Г) Фараб және Алмалық

2.4. Бабажа хатун кесенесі салынған қала маңы

- А) Сайрам
- Ә) Испиджаб
- Б) Тараз
- В) Суяб
- Г) Түркістан

2.5. Сәулет өнерінің ескерткіші Айша бибі кесенесі салынған мерзім

- А) VIII–IX ғасырлар
- Ә) XI–XII ғасырлар
- Б) IX–X ғасырлар
- В) VII–VIII ғасырлар
- Г) VI–VII ғасырлар

2.6. Қарахан күмбезді кесенесі орналасқан қала

- А) Суяб
- Ә) Испиджаб
- Б) Сайрам
- В) Тараз
- Г) Түркістан



Тақырыпты оқу барысында:

- сауданың дамуымен;
- егіншілер мен көшпелі дала арасындағы қарым-қатынас мәселелерімен;
- X–XIII ғасырлардағы көшпелілердің өмір салты және шаруашылық түрлерімен;
- *құймалы жылтыр бояулы ыдыс, зооморфты өрнек ұғымдарымен танысыңдар.*

Сауда. X–XIII ғасыр басында халықаралық саудадан басқа қала мен көшпелі тайпа, ауылдар арасындағы сауда кеңінен өріс алды. Мұны қазба жұмыстарының нәтижесінде табылған теңгелер айғақтайды. Теңге халықаралық және ішкі саудада пайдаланылған.

X–XIII ғасырдың басында Жібек жолы бойындағы халықаралық сауда жоғары деңгейге жетті. Испиджаб, Кедер, Отырар, Тараз, Науакент, Баласағұн ірі сауда орталықтары саналды.

Тараз қаласы керуен саудасының маңызды орталығына айналды. Деректерде бұл қала туралы «мұсылмандардың түркілермен сауда жасау орны» деп жазылған. Тараз арқылы Талас өзенінің жоғары ағысында өндірілген күміс тасымалданды. Қазба жұмыстары кезінде көптеген теңгелердің табылуы қалада ақша сарайының болғандығын көрсетеді.

Испиджабта Ұлы Даланың барлық өңіріне апаратын сауда жолдары мен әскери бағыттар түйісті. Қалада мата сататын арнайы орындары бар үлкен керуен сарай болды.

X–XIII ғасырларда Испиджаб пен Тараз халықаралық сауда жолындағы қолайлы жағдайымен, сондай-ақ ішкі саудадағы басымдығымен де ерекшеленді.

Қазақстан аумағында егіншілер мен көшпелілердің өзара қарым-қатынасы барысында аймақтың экономикалық бірлігі қалыптасқандығын дәлелдеңдер.

Сырдарияның төменгі ағысындағы оғыздар орталығы – Янгикент X ғасырда ірі сауда орталығына айналды.

Сауда көшпелілермен шегаралас қалаларда анағұрлым қарқынды жүрді. Қала тұрғындары көшпелілерден жылқы, мал, жүн, тері, киіз, аң терісін алды. Ал дала тұрғындары мал өнімдерін өздеріне қажетті мата, нан, ыдыс-аяқ т.б. заттарға айырбастады. Сауда екі жаққа да тиімді еді. Бұл кезеңде қала мен оның төңірегіндегі егіншілер арасында да сауда кеңінен өріс алды. Қалаға егіншілер ауылшаруашылығы өнімдерін негізінен



Ортағасырлық Испиджаб қаласы

астық, жеміс әкелді. Қала қолөнершілерінің қыштан жасаған заттарын, шыныаяқ, зергерлік бұйымдар мен әшекейлерін сатып алды. Жәрмеңке саудасы көшпелілермен шегаралас қалаларда анағұрлым қарқынды жүрді.

Тауарлы-ақша қатынастарының өсуі. X–XIII ғасырдың басында айырбасты тауарлы-ақша қатынастары ығыстырды. Қазақстанның ірі Испиджаб, Отырар т.б. қалаларында *теңге сарайлары* жұмыс істеді. Айналымға жоғары сапалы күміс *дирхемдер* енгізілді. Күміс дирхемдер шығару XI ғасырдың соңына дейін жалғасты. XI–XII ғасырдың соңынан бастап дирхемдердің сыртын күміспен жалатып, мыстан соға бастады. Бұған «күміс дағдарысы» деп аталатын күміс қорының азаюы себеп болды.

Қазақстан тұрғындарында, сондай-ақ халықаралық сауда құралы және табыс көзі ретінде алтын *динарлар* қолданылды. Алтын динарлар теңге сарайларында шығарылды, олардың сапасы мен салмағы бір-бірінен ерекшеленді. Теңге сарайларында *мыс фельстер* соғылды. Мыс фельстер – айналым мен төлемнің жаппай қолданыстағы құралы, ішкі нарықта ұсақ бөлшек сауда саласында пайдаланылды.

Теңгелердің металдардан соғылу себебін, XI ғасырдың соңындағы «күміс дағдарысының» салдарын түсіндіріңдер. Қандай теңгелер халықаралық сауда мен табыс құралы саналды?



Теңгелер





Қыш ыдыстар (Тараз)



Суретті қыш ыдыс
(Талғар)



Құймалы жылтыр
бояулы ыдыс (Отырар)

Егіншілік. Көшпелілердің отырықшылануы қала өмірінің өркендеуіне ғана емес, егіншіліктің дамуына да әсер етті.

Қала тұрғындары санының өсуі ауылшаруашылығы өнімдерін сатуға шығаруды ұлғайтуды талап етті.

Суармалы егіс жүйесі жетілдірілді. X–XII ғасырларда қалалар төңірегін сумен қамтамасыз еткен арықтар қазылды. Күрделі суландыру жүйесі Отырар аймағынан кездеседі. Бұл өңірден магистральды каналдар, субөлгіштер, суқоймалары, қыш суқұбырлары, суды көтеруге арналған қондырғылар табылған.

Қалалықтардың тұрмысында бақша, жүзім өсіру, егіншілік, жекеменшікте мал ұстау маңызды рөл атқарды.

Егіншілік қандай аймақтарда дамыды?

X–XIII ғасырдың басы – Орталық Қазақстанда да егіншілік мәдениетінің өркендеу кезеңі болды. Бұл аймақтың өзен аңғарларындағы көгалды алқаптардан суару жүйелері табылды.

Осы кезеңде қолөнер, сауда және ауылшаруашылығы орталығы ретіндегі қаланың рөлі артты.

X–XIII ғасырлардағы қолөнердің даму ерекшеліктері. Қалалар мен оның тұрғындары санының өсуі қолөнер түрлерінің дамуына игі ықпал етті. X–XII ғасырларда қолөнер шеберханаларының саны артты. Мұның өзі айырбас пен сауданың ұлғаюына әкелді.

X ғасырға қарай Қазақстан аумағында мұсылмандық бейнелеу өнері қалыптасты. Бұл өнерекке негізделген жазу мәнерін орнықтырды. Мұндай үлгі исламды қабылдаған түркі сәулет өнерінің өркендеген кезеңінде пайда болды.

Орта ғасырларда зергерлік өнер ерекше дамыды. Зергерлер полихромдық үлгі дәстүрін

жалғастырды. Далада үлкен сұранысқа ие айылбас, үзеңгі мен кісе белдік қаптырмалары, сырға және басқа да әшекейлер полихромдық үлгіде жасалды. Жетісу әсіресе күміс бұйымдар өндірумен әйгілі болды.

Алтын кен орындары ханның жекеменшігі деп есептелді. Олар жат елдіктерден қорғалды. Бұл жерлерден тіпті керуендердің өтуіне де тыйым салынды.

Орта ғасырларда көркем қолөнер өркендеді. Жылтыр бояулы құймалы қыш пайда болды. Өрнек салынған әшекейлі сырлы ыдыстар кең таралды. Құмыра жасайтын шеберлер ыдыстарға түрлі геометриялық, зооморфтық (хайуанаттар бейнелі) және әріптік өрнектер салды.

Қазақстан аумағында шыны бұйымдарды өңдеу IX ғасырға, ал олардың жаппай таралуы X–XII ғасырларға жатады. Бұйымдардың ең кең тараған түрлері көзе, құмыра, тостаған, шамдар болды. Терезе әйнектері де жасалды.

Металл өндіру мен ұсталық кәсіп ежелден Қазақстан тұрғындары қолөнер өндірісінің маңызды саласын құрады. Ұсталық ісі өрістеді. Ұсталар әдетте жеке махаллаларға қоныстанды.

Полихромдық үлгі, әшекейлеу, оймыштау, құймалы қыш ыдыс ұғымдарын еске түсіріңдер.

Зергерлік өнердің дамуын, өзіне тән белгілерін анықтаңдар.



Қолөнершілер. Суретші Б. Ақанаев

Қалалар санының өсуі, ислам діні мен араб жазуының таралуы, сауданың одан әрі жетілуі, халық санының артуы қолөнер мен материалдық мәдениеттің дамуына ықпал еткендігін дәлелдендер.

Мыстан жасалған бұйымдар өндіру әсіресе қалаларда кеңінен таралды. Қолөнершілер мыстан ыдыс-аяқ, әшекейлер, қоладан ғажайып шырағандар жасады.

Көшпелілердің материалдық мәдениеті. Көшпелілер арасындағы қолөнердің тері мен жүн өңдеу, металл балқыту, ағаш пен сүйек өңдеу, зергерлік кәсіп түрлері кеңінен дамыды.

Қолөнер өндірісінің ең ежелгі салаларының бірі – *тері* мен *жүн* өңдеу еді. Әдетте әр көшпелі қажетті заттарды өздері дайындай алды. Далалықтар киізден үйге қажетті жабдықтардан бастап киімге дейін өздері жасады. Рубруктың деректері бойынша, «қыпшақтар

Көшпелілердің ағаш, тері, жүн өңдеу және басқа қолөнер түрлеріне сипаттама беріңдер.

үйді ақ киізбен жапты, киізге жарқырап тұруы үшін жиі-жиі әктас, ақ топырақ және сүйек ұнтағын септі, олар кейде қара киізді де пайдаланды. Ою-өрнектер мен аң-құстың бейнесін салып, түсті киіз басты».

Киіз үй мен арба жасайтын қолөнершілердің ерекше тобы болды. Олар өз кәсібіне қажетті ағаш өсетін жерлерде тұрды. Қолөнершілер

Көшпелі ортада қолөнердің қандай салалары дамыды?

түрлі еңбек құралдарын пайдаланды. Арбалар мен киіз үйдің ағаш құрылымын жасап сатты немесе азық-түлік пен малға айырбастады. Олар көбінесе тапсырыспен жұмыс істеді. Көшпелі қауымдағы қолөнершілер құралсайманын алып, ауылмен бірге көшіп жүрді. Металл балқытушылар мен ұсталар шағын тұрақтарда отырықшы өмір кешті.

Көшпелілердің материалдық мәдениетінің ерекшелігін айтыңдар.

Археологиялық зерттеу жұмыстарының нәтижесінде табылған бұйымдар мен жазба деректер көшпелілердің күнделікті өмірі, шаруашылығы, діни наным-сенімдері, қолөнері туралы жан-жақты білуге мүмкіндік береді.



1. Ашық тест тапсырмалары

- 1.1. Тараз арқылы _____ тасымалданды.
- 1.2. Испиджабта мата сату үшін арнайы орындары бар _____ сарай болды.
- 1.3. X–XII ғасырларда қолөнер _____ саны артты.
- 1.4. Қазақстан аумағында мұсылмандық бейнелеу өнері _____ ғасырға қарай қалыптасты.
- 1.5. Орта ғасырлар зергерлік өнердің ерекше дамыған кезеңі болды. Қазақстандық зергерлер _____ үлгіні жалғастырды.

§22.

РУХАНИ МӘДЕНИЕТ. ИСЛАМНЫҢ ТАРАЛУЫ

Тақырыпты оқу барысында:

- түркілердің рухани мәдениетін дамытудағы исламның рөлі мен маңызын, Қ.А. Ясауи еңбектерінің тарихи құндылығын түсінесіңдер;
- X–XII ғасырлар неліктен түркі мәдениетінің «алтын ғасыры» аталғанын білесіңдер.

Қазақстан аумағындағы ислам тарихы. Ислам – ең ірі әлемдік діндердің бірі. VIII ғасырдың басында арабтар Оңтүстік Қазақстан мен Жетісу аумағына жорықтар жасады. Арабтар Мауараннахр қалаларын басып алды. Кейінірек осы жерден мұсылман мәдениеті белсенді түрде тарала бастады. Түркілер мен арабтардың 751 жылы Атлаш шайқасында Қытай әскерін жеңуі түркілер арасында ислам мәдениетінің таралуына ықпал етті.

Исламдандыру үрдісі баяу жүрді және оның өзіндік ерекшеліктері бар еді. Исламды біртіндеп әскери іс-әрекетпен емес, бейбіт жолмен тарату саясаты енгізілді. Бұл жаңа дінді қабылдау үрдісін жеңілдетті.

Түргештердің арабтармен күресін, 960 жылы Мұсаның исламды қарахандықтардың мемлекеттік діні етіп жариялағанын еске түсіріңдер.

751 жылғы Атлаш шайқасы исламның таралуына қалай ықпал еткені жайлы айтыңдар.

Қарахандық билеуші Мұса 960 жылы исламды мемлекеттік дін деп жариялады. Қарахандықтардың саяси және әскери жетістіктері исламның Орталық Азияда таралуына ықпал етті.

X–XII ғасырларда ортағасырлық қалаларда мешіттер мен медреселер салу ісі белсенді жүргізілді. Бұл кезеңде исламның кең таралғандығын археологиялық қазбалардан табылған тұрмыстық заттар да дәлелдейді. Мәселен, ескі қола айнада «кімде-кім Аллаға сенсе, оған қауіп жоқ» деген араб сөзі жазылған.

Түркілердің ежелгі діни сенімдері төңіршілдік еді. Түркі исламы төңіршілдік пен исламның жиынтығы болып табылады.

Түркілер исламды қабылдады, бірақ олардың діни нанымдары Ш. Уәлиханов жазғандай, қосарлы сипатта болды. Түркі халқы жаңа дін исламға төңіршілдік белгілерін бейімдей алды. Қыпшақтар қоныстанған солтүстік аймақтарға ислам кейінірек енді.

Арабтар түркілер ара-сында исламды таратуда неліктен «қаруды насихат-таудан бас тартып, сендіру арқылы табысқа жетті»?

Исламның ықпалы. X–XII ғасырлар түркі мәдениетінің «алтын ғасыры» деп аталады. Ислам мәдениеті, өнері, сәулет өнері, әдебиеті өсіресе X ғасырдың ортасынан бастап жедел дами бастады. Түркі билеушілері білімділігімен ерекшеленді, рухани жасампаздыққа көп көңіл бөлді. Олар та-

лантты шығармашылық тұлғаларға қамқорлық етті. Өздері де парсы, араб және ана тілдерінде өлеңдер жазды.

X–XII ғасырларда ортағасырлық мұсылман әлеміне кеңінен та-нымал ғұламалар шықты. Олар мұсылман мәдениетінің ғана емес, бүкіл әлем өркениетінің дамуына зор үлес қосты. Мұсылман мәдениетінің әсері елеулі еді, бірақ соған қарамастан түркілер өз тілі мен дүниетанымын сақтап қалды.



Қожа Ахмет Ясауи

Әбу Насыр әл-Фараби, әл-Бируни еңбектерін араб тілінде жазды. Ал Жүсіп Баласағұни, Махмұд Қашғари, Ахмет Йүгнеки, Қожа Ахмет Ясауи, Сүлеймен Бақырғани өз шығармаларын түркі тілінде жазды. Түркі мемлекеттерінде араб тілі ғылым тілі ретінде қолданылды.

Қожа Ахмет Ясауи (XII ғасыр). Ясауи – исламдағы түркі танымының негізін қалаушы, «Диуани Хикмет» («Даналық кітабы») еңбегінің авторы.

Ясауи ислам идеологиясын түркілер дүниетанымымен байланыстырды, сол арқылы ислам өркениетінде түркі арнасын айқындады. Ясауи исламдағы «түркі» танымы жолының негізін қалады.

Ясауи шығармасы барлық түркі халықтарының ортақ рухани байлығы. Бұл қыпшақ диалектісінде жазылғанына қарамастан барлық түркілер әлі күнге дейін «Хикметті» аудармасыз оқи алады.

Ясауи түркі халықтары алдында иманды және жетілген адам үлгісі ретінде көрінеді. Ол өз шәкірттеріне үндеу тастай отырып, «сауаты жоқты Құдай қаламайды» деген уағыз айтады.

Арыстан баб Ахмет Ясауидің алғашқы ұстазы болған. «Арыстан бабтың сөздері қасиетті – оны тыңдаңдар, бұл сөздерде екіжүзділік, өтірік, пайдакүнемдік сыналады және онда адамгершілік тұрғыда жетілуге шақыру бар» деп ой түйеді Қожа Ахмет Ясауи.



Қожа Ахмет Ясауи «Даналық кітабының» («Диуани Хикмет») мұқабасы

Орталық Азия мен Қазақстанның мұсылман қауымы Арыстан бабты пір тұтқан. Соған сәйкес әуелі Арыстан баб, кейін Қожа Ахмет кесенесіне зиярат ету дәстүрге айналған. Халық арасында: «Арыстан бабқа түне, Қожа Ахметтен тіле» деп берер айтылмаса керек.

Ясауи ілімінің негізгі идеялары неде? Қазақстанда оны неліктен құрмет тұтады?

Орталық Азия мен Қазақстанның мұсылмандары арасында Арыстан баб неліктен жоғары бағаланады?

Сүлеймен Бақырғанды неліктен құрмет тұтамыз?

Ахмет Ясауидің шәкірті Сүлеймен Бақырғани болды. Ол Хакім ата ретінде де белгілі. Оның шығармалары бірнеше ғасыр бойы Орталық Азия мен Қазақстанның барлық медреселерінде дін ілімі жөніндегі оқулықтар ретінде қолданылады. Ақын адамдарды ізгілікке, адалдыққа шақырды.



Сұрақтар мен тапсырмалар

1. Араб халифатының үстемдігінің орнауына байланысты өмірдің барлық салаларына ислам ықпалы неден байқалады?
2. X–XII ғасырлар неліктен ислам дінін қабылдаған халықтар үшін рухани дамуындағы маңызды кезең саналады?



1. Ашық тест тапсырмалары

- 1.1. Атлах шайқасынан кейін түркілер арасында _____ мәдениеті тарала бастады.
- 1.2. Түркі исламы _____ пен _____ жиынтығы болып табылады.
- 1.3. Ясауидің «Хикметтері» _____ диалектісінде жазылған.
- 1.4. Қожа Ахметтің ұстазы _____, оның шәкірті ақын _____ болды.



2. Жабық тест тапсырмалары

- 2.1. Араб әскерінің Оңтүстік Қазақстан мен Жетісу аумағына жорықтар жасаған мерзімі

- | | |
|----------------------|-----------------------|
| А) XI ғасырдың басы | В) VII ғасырдың басы |
| Ә) XII ғасырдың басы | Г) VIII ғасырдың басы |
| Б) X ғасырдың басы | |

- 2.2. Әбу Насыр әл-Фараби мен әл-Бируни өз еңбектерін жазған тіл

- | | |
|----------------|---------------|
| А) соғды тілі | В) парсы тілі |
| Ә) қышшақ тілі | Г) қазақ тілі |
| Б) араб тілі | |

- 2.3. «Диуани Хикмет» еңбегінің авторы

- | | |
|---------------------------|----------------------|
| А) Мұхаммед Хайдар Дулати | В) Ахмет Ясауи |
| Ә) Жүсіп Баласағұни | Г) Қадырғали Жалаири |
| Б) Махмұд Қашғари | |

Тақырыпты оқу барысында:

- IX–XIII ғасыр басындағы түркі әлемі мәдениетінің өрлеуіне әсер еткен жағдайларды білесіңдер;
- Әл-Фараби және басқа ғалымдардың ортағасырлық ғылымның дамуына қосқан үлесін анықтайсыңдар;
- Түркі кезеңіндегі қоғамды бейнелеуде М. Қашғари, Ж. Баласағұни еңбектері тарихи құндылығының бүгінде де өзекті екендігіне көз жеткізесіңдер.

IX–XIII ғасыр басында Отырар, Испиджаб, Тараз, Бұхара, Самарқан және басқа қалалар ғылым мен мәдениеттің орталықтарына айналады. Мұнда ұлы ғұламалар әл-Фараби, Әбу Райхан Бируни, Махмұд Қашғари, Жүсіп Баласағұни, Ахмет Йүгнеки, Қожа Ахмет Ясауи өмір сүрді. Олардың барлығы түркілік ортадан шықты.

Ғылым мен әдебиеттегі жетістіктердің барлығы қазіргі түркі халықтарының ортақ игілігі болып табылады.

Түркілер рухани мәдениеттің ерекшелігін сақтап қалды. Жүсіп Баласағұни мен Әлішер Науаи шығармалары мен ғылыми еңбектерінде өздерін тек түркі ретінде танытты. Сол кездегі басқа да көрнекті ғұламалар өздерін *түркі*, ал тілін *түркі тілі* деп мақтаныш сезіммен айтты.

Әл-Фараби. Шығыс ғалымдары арасында әл-Фараби ерекше орын алады. Оның еңбектері ортағасырлық ғылымның негізін қалады. Әл-Фарабидің ықпалымен Ибн Сина, Омар Хайям т.б. көптеген ойшылдардың көзқарастары қалыптасты.



Әл-Фараби

Әбу Насыр әл-Фараби 870 жылы Фараб (Отырар) қаласында аса көрнекті ғалымдардың, ақындар мен ойшылдардың тұтас бір шоғырының отанында өмірге келді.

Астрономия, логика, музыка теориясы, математика, әлеуметтану, этика, медицина, психология, философия және құқық – мұның бәрі әл-Фараби айналысқан ғылым салаларының толық тізімі емес. Ол Аристотельдің «Органон» ілімінің бүкіл кешенін жинап, ретке келтірді.

Оның барлық кітаптары бойынша түсініктемелер жазды. Сіңірген еңбегінің ауқымдылығы соншалық, оған «Екінші ұстаз» атағы берілді.

Фараби әлемдік деңгейдегі ғалым болды, араб, парсы, грек, үнді және түркі ғылымы мен мәдениетінің жетістіктерін жақындастырып біріктірді. Ол өз кезінің барлық білімін жүйелеп берді. Мұның бәрі оның «Ғылымдардың жіктемесі туралы сөз» трактатында көрініс тапты. Әл-Фараби ғылымдарды теориялық (логика, математика) және практикалық (этика, саясат) деп бөлді.

IX–XIII ғасырлардағы рухани құндылықтардың барлығы нәліктен түркі халықтарының ортақ игілігі болып табылатынын түсіндіріңдер.

Әл-Фарабидің қазақ халқының ұлттық сана-сезіміне ықпалын ашып көрсетіңдер.

Әл-Фараби бақытты болу жолдарын ойластыра келе бақытты танудың мүмкіндігі туралы тұжырым айтты. Оның адамның табиғаты, интеллектуалдық және этикалық жетілу, билеушінің мұраты туралы ой-тұжырымдары «Азаматтық саясат», «Бақытқа жету туралы» еңбектерінде айтылған.

Әбу Райхан Бируни. Орта ғасырлар энциклопедияшысы Әбу Райхан Бируни 27 жасында «Өткен буындардың ескерткіштері» атты тамаша еңбегін жазып шықты.

«Масғуд кестелері» кітабында жыл санау жүйесі туралы айтылады. Онда алғаш рет тригонометрияның негіздері, астрономия мәселелері қарастырылған.

Бируни Коперник пен Галилейге дейін Жер Күнді айналатындығы туралы айтты.

Бируни аса көрнекті тарихшы болды. Ол өзінің көптеген шығармаларында Орталық Азия халықтарының тарихынан ерекше қызықты деректер келтіреді.



Әбу Райхан Бируни

Әлем ғалымдары XI ғасырды «Әбу Райхан Бируни ғасыры» деп атады.

Жүсіп Баласағұни. Жүсіп XI ғасырдың бірінші ширегінде Қарахан мемлекетінің орталығы Баласағұнда дүниеге келді. Араб, парсы тілдерін жетік білді. «Құтты білік» атты поэмасын жазды. Поэма нақыл сөздер, диалог пен уағыздар түрінде жазылған. Поэманың негізгі идеялық



Жүсіп Баласағұни

«Құтты білік»
кітабының мұқабасы

Махмұд Қашғари

мазмұны ізгіліктің қайнар көзі білім екендігін түсіндіруге арналған. Жүсіп мемлекетті жұртшылыққа ізгілік әкелетін білімді де мәдениетті билеуші басқаруы тиіс деп тұжырымдайды. Әркім өз парызын өтегенде ғана қоғам өркендейді деп ой түйеді. Ол қағаннан бастап қарапайым қолөнершіге дейін әр әлеуметтік топтың міндеттерін жан-жақты сипаттап жазады.

«Құтты білік» түркі тілінде жазылған алғашқы энциклопедиялық еңбек болып табылады.

Жүсіп Баласағұни өз шығармасын қарахандықтар билеушісіне арнады, осы еңбегі үшін ақынға «бас уәзір» атағы берілді. Баласағұни еңбегі орта ғасырлар кезеңіндегі түркі халықтарының рухани өмірі мен дәстүрлері туралы дереккөзі болып табылады.

Махмұд Қашғари. Қашғари ХІ ғасырдың екінші ширегінде қарахандық ақсүйектер отбасында дүниеге келген. Ол ортағасырлық ғылымның барлық салаларынан білім алды.

Махмұд Қашғари бірнеше жыл бойы түркі тайпалары мен халықтары арасында болып, саяхат жасаған. Ғалым олардың тұрмысы туралы көптеген деректер жинады, тілдерін, салт-дәстүрлерін зерттеп, «Диуан лұғат ат-түрк» – «Түрік тілінің сөздігі» еңбегін жазды.

М. Қашғаридің «Диуан лұғат ат-түрк» кітабы түркі мәдениетінің бірегей ескерткіші болып табылады. Мұнда тіл білімі бойынша ғана емес, түркі халықтарының тарихы мен географиясы, этнографиясы мен экономикасы, мәдени және саяси өмірі жөнінде құнды деректер кездеседі.

Қашғари түркология ғылымының негізін қалады. Қазіргі лингвистер атап өткендей Қашғари алғаш рет қолданған тіл білімі әдістері өз уақытынан көп ілгері тұрды. Оның әдістері бүгінгі күнге дейін қолданылып келеді. Кітапта халықтардың қай тілдерде сөйлегендігі ғана емес, олардың арасындағы өзара тарихи – мәдени байланыстар туралы да айтылады.

Қашғари еңбегі арқылы түркі дәуірінің ұмыт болған салт-дәстүрлері, кейбір әдеби ескерткіштері бізге дейін жетті.

«Диуан лұғат ат-түрк» еңбегіне автордың өзінен асып ешкім жақсы сипаттама бере алмайды. «Мен бұл кітапты, – деп жазады Қашғари, – хикмет сөздер, мақал-мәтелдер, өлең-жырлар секілді әдеби сөздермен безендіріп шықтым. Үйренушілер мен қызығушылар керекті сөздерді тез, оңай табуы үшін көп жылдар еңбек етіп, сөздерді орын-орындарына қойдым... Бұл жазған еңбегім қолдануға қолайлы болсын деген ниетпен бірқатар қағидаларды түзіп, өлшем үлгілерін жасадым».

Ахмет Иүгнеки. Қарахандықтар дәуірінің ақыны түркі тілінде жазды. Бізге дейін оның «Ақиқат сыйы» дастаны жетті. Біз бұл шығармадан білімді меңгеруге шақырған ізгі ниетті, адамгершілік пен иманды ойларды көреміз. Ол болашақ ұрпақты адал өмір сүруге, парасатты болуға үндейді.

Ортағасырлық түркі әлемі әлемдік өркениетке, жалпыадамзаттық мәдениетке өлшеусіз үлес қосқан ұлы ғалымдар мен ойшылдарды берді.

«Құтты білік» поэмасынан ғылым мен білімнің пайдасы, түркі тіліне деген мақтаныш сезімі туралы үзінді оқыңдар.

«Диуан лұғат ат-түрк» еңбегіне білімнің қандай салалары енді? Қашғари өз еңбегін қалай сипаттайды?

Ахмет Иүгнекидің болашақ ұрпаққа үндеуінің өзектілігін дәлелдеңдер.



Оқиға куәгерлері мен тарихшылардың деректері

Жүсіп Баласағұни алғашқылардың бірі болып туған тілінің туын жоғары көтеріп, өзінің «Құтты білік» дастанында былай деп мақтаныш сезіммен айтады:

Және ат беріп, қосқан сөздің шырайын,
Ізгі құлын жарылқасын Құдайым!
Ай, кітапты қабыл алып қарарсың,
Түрік тілі ғажабына қанарсың.

Жүсіп Баласағұни білім мен ақылдың пайдасы туралы былай деп жазады:

Тілегім сөз еді білгір, ей, бегім,
Ақыл, білім жайлы келді сөйлегім.
Ақыл – шырақ, қара түнді ашатын,
Білім – жарық, нұрын саған шашатын.
Ақыл қолдап, біліммен ер жетілер,
Екеуімен қадірі артып, бекінер.



Дана айтыпты: «Күнөһар да тамұқта,
 Білімімен құтылар деп тамұқтан!»...
 ... Пайдасы көп, аз ақылды аз деме,
 Қадірі көп, аз білімді аз деме!..
 ... Білім – байлық, азаймас һәм жоғалмас,
 Ұры-қары қол жеткізіп ала алмас!..
 ... Ақыл – сенің анттасқан нақ жолдасың,
 Білім – сенген мейірімді қандасың.
 Біліктіге білім – күллі тон, асы,
 Білімсіздің қылығы – сұм жолдасы!»
 Ай, ақылды ер! Бойыңды ашу алмасын,
 Ай, білікті ер! Атың дауда қалмасын!
 Өкпе, ашумен ешқашан іс етпегін –
 Егер, олай қылсаң, жапа шеккенің!..
 ... Ерге керек төзімділік, күш-қайрат,
 Тұру керек Күн мен Айдай нұр жайнап.
 Жомарттық һәм салмақтылық қажетті,
 Білімділік, ақылдылық қажетті.
 Ақыл керек білім таңдап аларға,
 Білім керек іске жақсы қарарға...



Сұрақтар мен тапсырмалар

1. Қандай қалалар IX–XIII ғасыр басында ғылым мен мәдениет орталықтары саналды?
2. Түркі ойшылдары Жүсіп Баласағұни, Махмұд Қашғаридің қазақ халқының ұлттық сана-сезімін дамытудағы рөлі мен маңызын ашып көрсетіңдер.



1. Ашық тест тапсырмалары

- 1.1. Әл-Фараби бақытты болу жолдарын ойластыра келе _____ мүмкіндігі туралы тұжырым айтты.
- 1.2. Жер Күнді айналатындығы туралы идеяны _____ ұсынды.
- 1.3. Әл-Фараби өз кезінің барлық білімін «_____» трактатында жүйелеп берді.
- 1.4. Әлем ғалымдары XI ғасыр _____ ғасыры деп атады.
- 1.5. «Құтты білік» еңбегі үшін ақынға «_____» атағы берілді.



2. Жабық тест тапсырмалары

- 2.1. Араб, парсы, грек, үнді және түркі ғылымының жетістіктерін біріктірген әлемдік деңгейдегі ғалым
 - А) Мұхаммед Хайдар
 - Ә) Қадырғали Жалаири

- Б) Махмұд Қашғари
- В) Әл-Фараби
- Г) Жүсіп Баласағұни

2.2. Алғаш рет жыл санау жүйесі туралы деректер, тригонометрия негіздері, астрономия мәселелері туралы айтылған Өбу Райхан Бируни еңбегі

- А) «Құтты білік»
- Ә) «Азаматтық саясат»
- Б) «Бақытқа жету туралы»
- В) «Масғұд кестелері»
- Г) «Диуани Хикмет»

2.3. Түркі тіліндегі алғашқы энциклопедиялық еңбек

- А) Жүсіп Баласағұни «Құтты білік»
- Ә) Ахмет Ясауи «Диуани Хикмет»
- Б) Махмұд Қашғари «Диуан лұғат ат-түрк»
- В) Мұхаммед Хайдар «Тарих-и-Рашиди»
- Г) Қадырғали Жалаири «Жәмиғ-ат-тауарих»

2.4. Түркі тілінде жазылған «Ақиқат сыйы» атты дастанның авторы

- А) Ахмет Иүгнеки
- Ә) Қадырғали Жалаири
- Б) Махмұд Қашғари
- В) Мұхаммед Хайдар
- Г) Жүсіп Баласағұни

§25.

МӘДЕНИ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСТЫҢ ДАМУЫ

Тақырыпты оқу барысында:

- түркілердің Еуразия халықтарының мәдениетіне тигізген әсерін анықтайсыңдар;
- Орталық Азиядағы түркі кезеңі мәдениеттерінің өзара ықпалдасуын және оның тарихи маңызын білетін боласыңдар;
- тіл мен жазу мәдениетінің тарихи рөліне баға бересіңдер.

Ұлтаралық қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыру «Мәңгілік Ел» ұлттық идеясының мақсаты болып табылады. Қазақ халқының ұлтаралық, дінаралық төзімділігінің түп-тамыры түркі кезеңінен бастау алады.

Түркі мәдениетінің Еуропа және Азия халықтарының мәдениетіне ықпал етуі. Түркілер әлемдік өркениетке өз үлесін қосты. Түркілер сол кез үшін жоғары экономикалық, саяси және мәдени дамуға жетті. Алтайдың

шикізат байлығы тау-кен ісінің, металл өндірісі мен қолөнердің жетілуіне біршама ықпал етті. Олар барлық отырықшы өркениеттер үшін қол жетпейтін қатынастар жүйесін жасады. Орта ғасырлар дәуірінде Еуразия кеңістігіне мәдени жетістіктердің тез таралуына арғы түркілер (ғұндар) мен түркі-монғол тайпаларының қоныс аударуы әсерін тигізді.

Егіншілерге ішкі этникалық қатынастың тереңдей түсуі, ал көшпелі түркі тайпалары үшін сыртқы этносаралық дамудың басымдығы тән болды.

Еуразияның әр бөлігінде жергілікті және сырттан келген халықтың араласуы белсенді жүрді. Түрлі халықтардың өзара ықпал етуі барысында жаңа этнос пайда болды.

Түркілердің әлемдік өркениетке қандай үлес қосқанын түсіндіріңдер.

Бұлғар халқы осылай қалыптасты: оңтүстік славяндар мен фракиялықтар Дунайдың төменгі сағаларында өмір сүрді, кейін мұнда түркі-бұлғарлар келіп, түркі хандарының билігін орнатты. Бүкіл тұрғындар «болгар» (бұлғар) атауын алды, бірақ соған қарамастан этноста славяндық негіз сақталды. Қазіргі венгрлер және басқа шығысеуропалық этностар шамамен осылай қалыптасты.

Барлық этностар өзара араласады. Бұл үрдістер **орта ғасырларда** белсенді түрде жүрді. Бұл ретте орта ғасырлардағы түркі тайпалары жергілікті тұрғындармен қосылып, жаңа халықтардың пайда болуына ықпал етті.

«Түркі» ықпалының біріктіруші сипаты барысында жаңа этнос пайда болды» деген қағиданы түсіндіріңдер.

Түркілердің көптеген жетістіктері: ат әбзелдерінің барлық түрлері, атап айтқанда, темір үзеңгілер, ер-тоқымдар және басқа да көптеген заттар Еуразияның барлық халықтарының игілігіне айналады.

Тіл мен жазу. Ежелгі түркі жазуы мен тілінің батысқа таралуы түркілердің аумақтық жылжуымен бір мезгілде жүрді.

Жергілікті тұрғындар Алтайдан Шығыс Еуропаға монғолдар келгенге дейін және Алтын Орда кезінде қыпшақ тілінде сөйледі, бұл тіл бөріне ортақ болды. Мысалы, қаржы жүйесіне «теңге», «алтын»; байланыс пен поштаны ұйымдастыруда «жәмшік» сөздері қосылды.

Теңгелердің атаулары, оларды дайындау тәсілі мен ақша жүйесінің өзі де түркілерден келді. «Қазына» да түркі сөзі болды. Ол құндылық, мемлекетке тиесілі мүлік мағынасын береді.

Орыс сенімхаттарында түркінің «алтын», «пятиалтыни» сөздері жиі кездеседі. Орыс тарихшысы Н.М. Карамзин былай деп жазды: «Бұхара мен Қыпшақ елінде өздерінің күміс және мыс теңгесі болды. Алғашқысы «танга», екіншісі «пула» деп аталды. Осыған орай ресейліктер өздерінің күміс ақшаларын «танга», ал мыс ақшаны «пула» деп атады». Түркі теңгелерін айналымға кіргізген Русь олардың атаулары мен белгілерін де қабылдады.

Орта ғасырлар дәуірі – мәдениеттердің өзара ықпалдасуы мен араласуы кезеңі болғандығын дәлелдендер.

Бір мәдениеттің басқа мәдениетке ықпалы – адамзат тарихындағы тұрақты үрдіс.

Орта ғасырларда әлемнің төрт патшалығы тұжырымдамасы қалыптасты. Оған дүниенің төрт бұрышында орналасқан төрт әлемдік монархия негіз болды. Олар – оңтүстіктегі (Үндістан) пілдер патшасының империясы, батыстағы (Византия) асыл заттар патшалығы, солтүстіктегі (Түрік қағанаттары) жылқылар патшасы, шығыстағы (Қытай) адам патшасы. Жібек жолы бүкіл осы төрт патшалықты өзара байланыстырды.

Сауда жолы бойымен діни наным-сенімдер де тарады, ал миссионерлер өз дінін теңіздің ар жағындағы елдерге таратты. Үндістаннан Орталық Азияға будда; Батыс және Шығыс елдерінен христиан, кейін ислам діндері келді.

Сириялық бай-көпестер мен қолөнершілердің Жерорта теңізі жағалауларынан Қытайға дейінгі аралықта өз сауда-саттық орындары болды. Бұл жолдың бүкіл өн бойында сириялықтар дін мен жазуды таратты. Ежелгі сауда жолында түрлі мәдениеттердің араласуына қолайлы негіз жасалды.

Көне қорымдар мәдениеттердің өзара ықпалдасуын зерттеуде негізгі тарихи деректердің бірі болып табылады. Мәселен, Черниговтағы X ғасырға жататын қорғандардың бірінен тұрмыс заттары мен ыдыс-аяқтар табылған. Барлық заттарда түркі аңыздарының мифологиялық көріністері бейнеленген. Бұл қорған Чернигов воеводасына (әскербасына) тиесілі болған.

Ежелгі жерлеу дәстүрінде мәдениеттердің өзара әсері болғандығын неден көруге болады?

Екі халықтың өзара қарым-қатынасында бір-бірінен тұрмыс заттары мен олардың атауларын үйренулеріне болады, алайда жерлеу ғұрпын алу мүлде мүмкін емес.

Материалдық және рухани мәдениеттердің өзара ықпалдастығы мен бір-бірін байытуы Еуразия құрлығының бүкіл дерлік халықтарының VI–XIII ғасырлардағы мәдениет ескерткіштерінен көрініс тапты.

Түркі мәдениеті таралу себептері:

- түркілердің рухани мәдениеті сапалық жоғары деңгейімен ерекшеленді;
- бұл мәдениеттен өзге халықтар өздеріне жақын құндылықтар тапты;
- түркі билеушілері жаулап алған жерлердің мәдениетін жоймады.



1. Ашық тест тапсырмалары

- 1.1. Барлық этностардың өзара араласуы _____ белсенді жүрді.
- 1.2. Орта ғасырларда жаңа этностар өмірге келді, бұл үрдісте _____ тайпалары үлкен рөл атқарды.
- 1.3. Жерорта теңізі жағалауларынан Қытайға дейінгі аралықта _____ көпестердің сауда-саттық орындары болды.
- 1.4. Үндістаннан Орталық Азияға _____ діні келді.



2. Жабық тест тапсырмалары

- 2.1. Түркілерге тау-кен ісінің, металл өндірісі мен қолөнердің дамуына ықпал еткен шикізатқа бай аймақ
 - А) Жетісу
 - Ә) Алтай
 - Б) Маңғыстау
 - В) Мауараннахр
 - Г) Қашғария
- 2.2. Орта ғасырларда әлемнің төрт патшалығы туралы тұжырымдама қалыптасты, осыған байланысты Түркі қағанаттары патшалығының атауы
 - А) солтүстіктегі жылқылар патшасы
 - Ә) оңтүстіктегі пілдер патшасы
 - Б) батыстағы асыл заттар патшалығы
 - В) шығыстағы адамдар патшасы
 - Г) патшалардың патшасы
- 2.3. Жібек жолы бойында жазу мен дінді таратқандар
 - А) сириялықтар
 - Ә) арабтар
 - Б) византиялықтар
 - В) түргештер
 - Г) қарлұқтар

Бірінші бөлім бойынша

ҚАЙТАЛАУ-ЖИНАҚТАУ САБАҒЫ

Сабақ барысында:

- түркі кезеңінің Қазақстанның одан арғы тарихы мен бүкіл Еуразия үшін маңызын талқылайсыңдар;
- Қазақстан аумағындағы мемлекеттердің түркі кезеңіндегі әлеуметтік-экономикалық және мәдени дамуының өзіндік ерекшеліктерін анықтайсыңдар;
- VI–XIII ғасырдың басындағы материалдық және рухани мәдениеттің дамуына баға бересіңдер.

Еуразия тарихында б.з.-дың I–XIII ғасырлар аралығында үш рет «Халықтардың ұлы қоныс аудару» кезеңі өтті. Үш жағдайдың әрқайсысында арғы түркілер (ғұндар), түркі және түркі-монғол тайпалары халықтардың қоныс аударып, жылжуына негіз болды. Түркі тайпаларының көші-қоны б.з.-дың бірінші мыңжылдығында Еуразия құрлығы этникалық карта-сының біртіндеп өзгеруіне әкелді.

Картадан түркі мемлекеттерін хронологиялық және аумақтық ретімен көрсетіңдер.

VI–XIII ғасырдың басында түркі тайпалары жүйелі түрде бірнеше ірі мемлекеттік құрылымдарды: Түрік қағанатын, Шығыс Түрік қағанатын, Батыс Түрік қағанатын, сондай-ақ Түргеш, Қарлұқ, Қарахан, Қарақытай, Оғыз, Қимақ, Қыпшақ мемлекеттерін құрды. Бұл кезеңді **түркі дәуірі** деп атайды.

Осы кезеңде қазіргі түркі халықтарының арғы ата-бабалары саналатын этносаяси бірлестіктер қалыптасты. Сонымен, біз Қазақстанның ұланғайыр аумағындағы тарихи үрдістің дамуына көз жеткіздік. Қимақ, Оғыз және Қыпшақ мемлекеттері қауырт дамығанын білдік. Алайда Қазақстан тарихында Қыпшақ мемлекеті ерекше орын алады. Қыпшақтар шегаралас елдердің (Византия, Хорезм, Русь) ғана емес, ұзақ уақыт түркі әулеттері билеген алыс елдердің (Мысыр, Үндістан) саяси өміріне белсенді түрде ықпал етті.

Түркі мемлекеттері арасындағы өзара байланысты көрсетіңдер, осы мемлекеттерге тән ортақ белгілерді анықтаңдар.

VI–XIII ғасырлар кезеңінің қазақ халқының тарихында зор маңызы бар. Түркі тайпалары тарих сахнасына шықты, қазіргі тілдер мен этностардың құрылу үрдісі жүрді. Алғаш рет түркі тілі араб жазуына ауыстырылып, түркі тілінде ірі әдеби шығармалар жазылды.


Осы кезеңде біздің еліміздің болашақ тарихын айқындаған негіз қаланды. Түрік қағанаты біртұтас кеңістікте дала мен қаланы, көшпелілер мен егіншілерді біріктіріп, ортақ түркі мәдениетін жасады. Қорыта айтқанда, VI–XIII ғасыр басында Қазақстанды мекендеген халықтар мәдениеті сақ-ғұн кезеңінің жалғасы ретінде қазақ халқы мәдениетінің дамуына негіз қалады.


Жетісу мен Қазақстанның оңтүстігі, Солтүстік-шығыс, Батыс, Орталық Қазақстан аумағында түркі мемлекеттері құрылуының хронологиялық жүйелілігін көрсетіңдер.

АБ Тәжірибелік тапсырмалар:

1. Бірінші бөлімді қайталаңдар. Мемлекеттерді құрудың реттілігін, олардың сабақтастығын, Қазақстан аумағында мемлекеттердің бірінен соң бірі өмір сүргендігін білулерің керек.
2. VI–XIII ғасыр басындағы материалдық және рухани мәдениет қалай дамыды?
3. Қазақстан мен бүкіл Еуразия тарихында түркі кезеңінің саяси және мәдени маңызы қандай болды?

ҚАЗАҚСТАН ТАРИХЫНЫҢ ТҮРКІ КЕЗЕҢІ (VI–XIII ғасырдың басы)





Кестемен танысындар. Осы мемлекеттер тарихын білгеннен кейін олардың сабақтастығы мен өзара байланысын түсіне аласындар.

Алтыншы тарау

XIII–XV ҒАСЫРДЫҢ БІРІНШІ ЖАРТЫСЫНДАҒЫ
ҚАЗАҚСТАННЫҢ САЯСИ ТАРИХЫ

§26–27.

ҚАЗАҚСТАН АУМАҒЫН МОНҒОЛДАРДЫҢ
ЖАУЛАП АЛУЫ

Тақырыпты оқу барысында:

- Монғол мемлекетінің құрылуы барысын, XIII–XV ғасырлардағы саяси үрдістерді ұғынасыңдар;
- Монғол шапқыншылығының сипатын анықтайсыңдар;
- *яса, ұлыс* ұғымдарымен танысасыңдар;
- Отырарды қорғаудағы қала халқының ерлігін білесіңдер.

Монғол мемлекетінің құрылуы. XII ғасырдың соңы – XIII ғасырдың басында Монғолия аумағында Темучиннің билігіндегі ірі көшпелі мемлекет құрылды. Темучин (Шыңғысхан) шамамен 1155 жылы өмірге келді. Ол ерте жетім қалып, жас кезінде көптеген қиыншылықты бастан кешірді. XII ғасырдың соңына қарай монғол даласының билеушісіне айналды.

1203–1204 жылдары керейіттерді, наймандар мен меркіттерді талқандап, Темучин Монғолияның негізгі тайпаларын біріктіруді аяқтады.

1206 жылы көктемде монғол ақсүйектерінің *құрылтайында* барлық монғолдардың әміршісі болып жарияланды. Шыңғысхан (қаған аталды), кейін бұл оның есіміне айналып кетті. Монғол мемлекеті осылай құрылды. Бұл мемлекет бытыраңқы тайпаларды біртұтас халыққа біріктіріп, өзара қырқыс соғыстарды тоқтатты. Шыңғысхан өз халқына былай деп мәлімдеді: «Мен өз бетінше жүрген ұсақ билеушілерді, мұқтаждықта және езгіде жүрген адамдарды бағындырдым, мен оларды жинап біртұтас еттім».



Шыңғысхан

Осы құрылтайда «Яса» («Жасақ») жария етілді. Ол Шыңғысханның нақыл сөздерінен, әскери және

азаматтық заңдардан тұрды. Бұл заңның монғолдарға және қол астындағы халықтарға ықпалы зор болды. Оны Шыңғысхан берік ұстады өрі «өзі шығарған заңдарға бағынудың» үлгісі болды.

Қоғамдық құрылымы. Мемлекет пен тұрғын халық үш әскери әкімшілік аймаққа: оң қанат, сол қанат және орталық болып бөлінді. Әр аймақ бір-неше түменнен тұрды. *Түмен* 10 мың жауынгерден, әр мыңдық 10 жүздіктен, жүздік 10 ондықтан тұрды. Әскер темірдей тәртіппен және жоғары әскери қабілеттілігімен ерекшеленді. Сол кезге сай әскери техникасы: қабырға бұзатын және от лақтырғыш қарулары бар еді. Бұл қарулар монғолдарда Солтүстік Қытайды бағындырғаннан кейін пайда болды. Мемлекеттің орталығы Қарақорым Монғолияда орналасты.

Деректер Шыңғысханның жорықтарға мұқият дайындалғанын дәлелдейді. Қарсы жақтың ішкі жағдайы мен әскери күштерін әбден білгеннен кейін ғана Шыңғысхан іс-әрекет жоспарын құрды.

Монғол империясы тарихында Шыңғысханның «Жасақ» заңдар жинағы қандай рөл атқарды?

Шыңғысхан құрған мемлекет қандай қағидаларға негізделді?



Жорық кезіндегі әскер



Шыңғысхан жеңістеріне ықпал еткен жайттарды атап көрсетіңдер. Монғол әскерінің ерекшеліктерін анықтаңдар.

Әскери бағыт-бағдарды өзгерте білу, барлауды ұйымдастыру, шыққан тегіне қарамастан істі білетін, батыл адамдарды қолбасшылық қызметтерге тағайындау – осының барлығы Шыңғысханның жеңіске жетуіне ықпал етті.

Халыққа бұйрықтарын жеткізу үшін арнайы жасақ ұйымдастырды. Бүкіл монғол империясында бекеттер жүйесі енгізілді, бұл бекеттерде хабар жеткізушілер аттарын жылдам ауыстыра алды. Шыңғысханға дейін еш жерде жылдам хабар жеткізушілердің мұндай түрі болмаған.

Шыңғысханның және оның мұрагерлерінің замандастары ордадағы адамдардың арасында буддистер, шамандар, христиандар мен мұсылмандар бар деп жазады. Дінге қысымшылық жасамау монғолдардың басып алған жерлерде ұзақ уақыт жүргізген саясатының басым бағыты болды.

Шыңғысхан ғалымдарды бағалады. Өзінің және ақсүйектер балаларының білім алуларына, үлкен табыстарға жетулеріне жағдай жасады.

Зерттеушілердің айтуынша: «Шыңғысханның ұрпақтары білім жағынан өз ғасырынан жоғары болды». Сендер осы пікірмен келісесіңдер ме? Неліктен?

Шапқыншылық қарсаңындағы Қазақстан аумағы. XIII ғасырдың басында Ертістен Дунайға дейінгі дала кеңістігінде қыпшақтардың жайылымдары орналасты. Монғолдар тарапынан талқандалған наймандар Күшлік ханға ілесіп, Жетісу жеріне келді.

XIII ғасырдың басында Хорезм қуатты мемлекет еді. Ол тек Хорезмнің, Мауараннахрдың, Иранның жерлерін ғана емес, Оңтүстік Қазақстанды да біріктірді.

Шыңғысханның Қытайдағы жеңістері туралы хабар Хорезмшахтар мемлекетінің билеушісі Мұхаммедті қобалжытты. Шыңғысхан жайлы нақты деректерді алғысы келген ол Монғолияға елшілік аттандырды. Елшілермен алмасқаннан кейін Шыңғысхан 1218 жылы алтын, күміс, жібек, бағалы тері және басқа заттар тиеген 500 түйеден тұратын 450 адамы бар сауда керуенін жіберді.

Отырар билеушісі Қайырхан көпестерді тыңшылар деп айыптап, оларды өлтіруге бұйрық береді. Бұл қырғын туралы хабар Шыңғысханға жетеді. Қатты ашуланған Шыңғысхан Қайырханды беруін талап етті, бірақ Хорезмшахтар мемлекетінің билеушісі бұл талаптан бас тартты.

Отырар қаласында монғолдардың керуенін жою тарихқа «Отырар опаты» ретінде еніп, Шыңғысханның соғыс жариялауына сылтау болды. Оған Хорезмшахтар мемлекетінің билеушісі немесе Қайырханның іс-әрекеті се-

беп болған жоқ. Шыңғысханның жоспары бүкіл Азия мен Шығыс Еуропаны жаулап алу еді. Соғыс жаңа жайылымдар алу, байлыққа ие болу, сонымен бірге монғол қоғамын біріктіру мақсатында жүргізілді.

Монғолдардың Қазақстан аумағын жаулап алуының басталуы. 1218 жылы дінаралық қарсылықты пайдаланған монғолдар Жетісуға енді. Тұрғындарды өз жағына тарту үшін әскерге өлкеде зорлық-зомбылық пен тонауға тыйым салатын бұйрық берді. Монғолдар мен Шыңғысханның өзі дінге қысымшылық жасамады, мұсылмандарға ғибадат жасауға еркіндік берді. Бұл тұрғындардың монғолдар жағына шығуына ықпал етті. Баласағұн тұрғындары монғолдарға қақпасын ашты. Осы үшін де қала «Қайырымды қала» атағын алды.


Шыңғысханның жаулап алушылық соғыстарының себептерін түсіндіріңдер.

Жетісу тұрғындарының монғолдар жағына шығуына қандай себептер ықпал етті?

Шыңғысхан Қазақстан аумағына жорығын шамамен 150 мың адамнан тұратын әскермен бастады. Отырарға жақындаған кезде монғолдар басшысы өз күштерін бөлді: ұлдары **Шағатай** мен **Үгедей** бастаған әскерді Отырарды қоршап, шабуылдауға қалдырды. **Жошы** бастаған басқа бөлікті Сырдария бойымен төмен қарай жіберді. Өзі негізгі күштермен Бұхараға аттанды.



Отырар қорғанысы




Отырарды қоршау алты айға созылды. Билеуші Қайырханның басқаруындағы қала асқан ерлікпен қорғанды. Тек әскербасылардың бірінің сатқындығы ғана Отырардың құлауын тездетті. Монғолдар қалаға басып кірді. Әскер мен тұрғындардың бір бөлігі қамалға бекініп алып, қорғанысты жалғастыра берді. Шағатай мен Үгедей әскері Отырарды қиратып, тұтқынға түскен Қайырханды Шыңғысханға жеткізді. Ол ержүрек билеушіні жазалауға бұйрық берді.

Сырдарияның төменгі ағысы бойындағы қалаларды бағындыруға жіберілген Шыңғысханның үлкен ұлы Жошы 1220 жылы Сығанаққа жақын келді. Оны қоршау жеті күн мен түнге жалғасты, монғолдар қаланы шабуылмен алды. Қала талқандалды.

Ашнас қаласы қиян-кескі қарсылық көрсетті, бірақ тең емес шайқаста құлады. Одан кейін монғолдар Жентке жақын келді. Жошы келісім жасау үшін қалаға елші жіберді. Монғолдар қаланы қантөгіссіз алды. Оңтүстік Қазақстанның

Суреттегі көріністер мен тақырып мазмұнын пайдалана отырып, Отырардың ерлікпен қорғалғаны туралы айтып беріңдер.



Монғолдардың қаланы қоршауға алуы



үш қаласы – Отырар, Сығанақ, Ашнас қиян-кескі қарсылығы үшін толық жойылды.

Хорезмшахтар мемлекетінің билеушісі Иранға қарай қашты, монғолдар Мұхаммедтің соңынан қуу кезінде Кавказ арқылы Батыс Дешті Қыпшақтан бір-ақ шықты. Мұнда олар қыпшақ тайпаларының қарсылығына тап болды. Қыпшақтар мен орыстардың біріккен әскерлері монғолдармен Калка өзенінде кездесті. Ис-қимылдардағы бірауыздылықтың жоқтығынан олар жеңіліске ұшырады. Алайда монғолдар Руське енбеді. Солтүстік-батыстан қазіргі Қазақстан даласына кіріп, шығыс қыпшақ тайпаларын бағындырды. Одан кейін негізгі күштермен қосылу үшін ары қарай жылжыды. Сөйтіп, монғолдар Қазақстан аумағын 1219–1224 жылдары толықтай басып алды.

1224 жылы Шыңғысхан шығыста Амурдан, батыста Өмударияға дейінгі аумаққа өз билігін орнатты. 1227 жылы қайтыс болды. Алайда монғол жаулап алушылығы мұнымен аяқталған жоқ. Шыңғысхан ұрпақтары оны одан әрі жалғастырды.

Ұлыстардың құрылуы. Шыңғысхан тірі кезінде-ақ, ұлдарының әрқайсысына жер үлесін бөліп берді. Үлестірілген жерлер *ұлыстар* деп аталды. Кіші ұлы Төле әкесінің жері – Монғолияға иелік етті.

Қазақстан аумағы үш үлкен ұлының ұлыстары құрамына енді. Шыңғысханның үлкен ұлы Жошының үлесі Ертістен батыста Еділге дейінгі, Өмудария мен Сырдарияның төменгі ағыстарындағы жерді алып жатты. Шағатай иеліктері Оңтүстік пен Оңтүстік-шығыс Қазақстанды, бүкіл Орталық Азияны қамтыды. Үгедей ұлысына Қазақстан аумағынан Жетісудың солтүстік-шығыс бөлігі өтті. Жетісуда үш монғол ұлысының шекаралары түйісті.

Шыңғысхан өз мемлекетін неліктен ұлыстарға бөлді? Қазақстан аумағында қандай ұлыстар құрылды?

Шыңғысхан енгізген басқару жүйесінің Қазақстан үшін қандай маңызы болды?

Үш ханзада да әкесінің өкілі ретінде өз үлестеріндегі жерлерде билік жүргізді. Осы өлкелерде көпірлер тұрғызып, қалаларды қалпына келтірді. Бұл ұлыстар империя басшысына бағынды.

Жошы қайтыс болғаннан кейін, Бату әкесінің мұрагері деп танылды. Хан немересі Батуға: «Әкеңнің билігін қабылдап ал, ол барғысы келген жерлерге аттан», – деді. Шыңғысхан өзінің барлық немерелері ішінде Батуды Жошының мұрагері ретінде таныды.



Оқиға куәгерлері мен тарихшылардың деректері

Марко Поло Шыңғысхан туралы былай деп жазады: «Ол қандай да бір аймақты жаулап алған кезде тұрғындарды ренжітпеді, олардың меншікке құқығын бұзбады, олардың арасына өз адамдарын қойды. Бағынған елдің адамдарын қорғады. Ешқандай да зиян шекпейтіндігіне көзі жеткен тұрғындар оған жан-тәнімен берілді. Бұрынғы дұшпаннан енді адал қызметшілеріне айналды».

Монғол империясының тарихы былайша қалыптасты: Шыңғысханның тек төрт ұлы ғана монғол ұлыстарының билеушілері болды.

«Шыңғысханның бұл төрт ұлы ақылды, батыл да ержүрек, әкесі мен бүкіл әскер және халық бағалаған адамдар болды. Олар Шыңғысхан мемлекетіне төрт дінгек ретінде қызмет етті. Әкесі олардың әрқайсысына мемлекет дайындап берді де, оларды төрт «жүйрік» деп атады, ал «жүйріктер» деп басқалардан ерекшеленген, асып түскен және алдыңғы қатарда тұрған кісілерді, тұлпарларды және басқаларды атайды».

Батуға жоғары билікті беру туралы толық әңгіме XVI ғасырда Өтеміс қажы жазған «Шыңғыснама» еңбегінде келтіріледі. «Жошы өлген кезде, – деп жазады ол, – оның үлкен ұлдары арасында олардың ішінде қайсысы ұлыс басшысы болатындығы туралы дау туды. Билік туралы дауды шешу үшін Шыңғысханға аттанды. Ханзадаларды қабылдаған ұлы аталары үш киіз үй: алтын босағалы Ақ Орданы – Батуға; күміс босағалы Көк Орданы – Орда Еженге; болат босағалы Боз Орданы – Шайбанға тігуге бұйрық берді».

Марко Поло Шыңғысханды қалай сипаттайды?



1. Ашық тест тапсырмалары

- 1.1. Монғол ақсүйектерінің құрылтайы _____ жылы көктемде болып, онда Темучинді барлық монғолдардың әміршісі етіп жариялады.
- 1.2. Шыңғысханның нақыл сөздерінен, әскери және азаматтық заңдардан «_____» құралды.
- 1.3. Монғолдар басып алған жерлерде ұзақ уақыт үстемдік ету себептерінің бірі _____ қысымшылық жасамады.
- 1.4. Қазақстан аумағы _____ үлкен ұлдарының ұлыстары құрамына енді. Ертістен батыста _____ дейінгі жер _____ ұлысы үлесіне енді.
- 1.5. Оңтүстік пен Оңтүстік-шығыс Қазақстан және бүкіл Орталық Азия _____ ұлысына, Жетісудың солтүстік-шығыс бөлігі _____ ұлысына өтті.



2. Жабық тест тапсырмалары

- 2.1. Әскери іс-қимылдар нәтижесінде Темучин керейіттерді, наймандар мен меркіттерді талқандаған мерзім
 - А) 1218–1223 жылдар
 - Ә) 1203–1204 жылдар
 - Б) 1220–1225 жылдар



В) 1221–1226 жылдар

Г) 1222–1225 жылдар

2.2. Шыңғысханның Қазақстан мен Орталық Азияға жорыққа шығуына сылтау болған оқиға

А) «Отырар опаты»

Ә) Хорезмшахтар мемлекетінің билеушісі Мұхаммед билігінің әлсіреуі

Б) Монғолиядағы жүт

В) Жошы ханның өлімі

Г) «Суяб опаты»

2.3. Монғолдарда қабырға бұзатын тас және от лақтырғыш қарулардың пайда болуына себеп болған және бағынған ел

А) Қытай

Б) Үндістан

С) Мауараннахр

Д) Қарахан мемлекеті

Е) Иран

§28–29.

МОНҒОЛ ИМПЕРИЯСЫ ҚҰРАМЫНДАҒЫ ҚАЗАҚСТАН

Тақырыпты оқу барысында:

- Алтын Орданың қалыптасуы мен даму ерекшеліктерін, Қазақстанның және Еуразияның тарихындағы маңызын анықтайсыңдар;
- *басқақ, сұлтан, беклербек, диуан, уәзір* ұғымдарымен танысасыңдар.

Бату (Батый) ханның Батыс жорықтары. Алтын Орданың құрылуы. Бүкіл монғол құрылтайында Бату ханның басшылығымен Батыс елдеріне жорық жасау туралы шешім қабылданды. Бату әскерінің үлкен бөлігі қыпшақтардан жасақталды, монғолдар бүкіл әскердің үштен бір бөлігін құрады.

Монғол қолы 1236 жылы шабуылға шықты. 1241 жылы көктемде Бату жасақтары Еуропа әскерлерін талқандап, Адрия (Адрият) теңізіне шықты. Алайда ұлы хан Үгедейдің өлімі туралы хабарды естігеннен кейін монғолдар кері қайтты. Бату Еділдің төменгі ағысына қайтып оралып, Алтын Орда атымен белгілі болған өзіне тиесілі аймақты қалпына келтірумен айналысты. Ол Еділдегі әдемі қала Сарайды салды. Бұл қала Алтын Орданың орталығына айналды.

Бату ханның **1236–1242 жылдардағы** жаугершілік соғыстары Еуразияның саяси картасын өзгертті. Тарихта алғаш рет Ертістен Дунайға

дейінгі Ұлы Даланың бүкіл кеңістігі бір ғана Жошы әулеті иеліктерінің құрамына енді. Монғол империясының төрттен бір бөлігін Жошы ұлысы құрады. Оңтүстігіндегі шегарасы Сырдарияның орта ағысы мен Әмударияны қамтыды. Бату әскерлері талқандаған орыс князьдықтары Алтын Ордаға тәуелді болды. Орыс князьдары хандардың қолынан князь етіп тағайындау туралы жарлықтар алып, салық төледі. Алтын Орда жер көлемінің кеңдігі жағынан орта ғасырдағы ірі мемлекеттік құрылым болды.

Монғолдар Адрия теңізіне барғаннан кейін неліктен кері қайтты? Мұны деректер қалай түсіндіреді?

Орыс князьдықтарының Алтын Ордаға тәуелділігі неден көрінді?

Алтын Орданың басты бөлігін түркі тайпалары, негізінен, қыпшақтар құрады. Алтын Ордада монғолдардың өзі өте аз болды. Қазақстан аумағында қалған монғолдар XIV ғасырға қарай толықтай түркіленді.

Алтын Орданың негізін қалаушы Бату хан барлық ханзадалардың үлкені ретінде саналып, жоғары беделге ие болды. Ол Алтын Ордада 1227–1255 жылдары билік етті. Қыпшақтар Батуды Сайынхан (ақылды хан) деп атады.

Батудан кейін оның інісі Берке хан (1257–1266 жылдар) билікке келді. Ол хандардың ішінде бірінші болып ислам дінін қабылдап, монғол орталығына тәуелсіз саясат жүргізе бастады. Оның тұсында қала құрылысы қарқынды жүргізілді, жаңа орда – Сарай Берке қаласы салынды. Хан Парсы елі мен Мысырдан ғалымдарды, дін иелерін, ақындарды, Хорезмнен – қолөнершілер мен көпестерді шақыртты. Шығыс елдерімен сауда және дипломатиялық байланыстар біршама жанданды. Берке хан билік еткен кезде Алтын Орда мен Мысыр ресми түрде елшілік алмасты.

Бату барлық жаулап алған жерлерін империя құрамына қоспай, Ертістен Дунайға дейінгі Дешті Қыпшақ аумағымен шектеу себебі неде? Өз ойларыңды айтыңдар.

Мысырда қыпшақ даласынан шыққан Бейбарыс сұлтан билік жүргізді. Асқан қабілетінің арқасында Бейбарыс құлдан мемлекет басшысына дейін көтеріліп, қолбасшы және қайраткер ретінде тарихқа енді.

Берке ислам дінін неліктен күштеп енгізбеді?

Алтын Орда саяси дербестікті Бату ханның немересі Мөңке Темір (1266–1280 жылдар) билік еткен тұста алды. Ол Жошы ұлысын билеушілердің ішінен бірінші болып, өз атынан теңге соқтырып, жарлықтар шығарды.

Сонымен, XIII ғасырдың 60-жылдарынан бастап Жошы ұлысы жалпы империялық орталықтан бөлініп, әлемдегі ең ірі, бай, дербес мемлекетке айналды.

Мемлекеттік құрылымы. Шыңғысханның «алтын ұрпағы» кез келген өкілінің Ордадағы хандыққа құқығы бар еді. Ол лайықты деп танылып, сұлтандар құрылтайында бекітілген жағдайда хан бола алды. Шыңғыс ұрпағына жатпайтын кез келген адамның хан болуға құқығы болмады.

Мемлекетте ханнан кейінгі келесі үлкен тұлға *беклербек* еді. Ол әскерлердің бас қолбасшысы және сыртқы саясат басшысы болды. Маңызды мемлекеттік істерді шешу үшін құрылтай шақырылды.

Атқарушы биліктің органы болған *диуан* қаржы саласын, салық жинауды, ішкі саясатты басқарды. Диуан басында *уәзір* тұрды.

Алтын Орданың мемлекеттік құрылымын сипаттап, ерекшеліктерін атаңдар.

Мемлекеттің екі бөлікке – оң және сол қанатқа бөлінуі Бату хан билеген кезде де жалғасты. Оң қанат Еділ бойынан Дунайға дейінгі аумақты қамтыды. Оның орталығы Еділдің төменгі ағысында орналасты да, оны Бату ұрпағынан шыққандар басқарды.

Сол қанат Шығыс Дешті Қыпшақ пен Сырдария алқабының жерлерін алып жатты. Мұнда Жошының үлкен ұлы Орда Ежен мен оның ұрпақтары билік етті. Сол қанаттың орталығы – Сығанақ қаласы болды. Ұлыстар өз кезегінде жекеленген иеліктерге бөлінді. Оларға Жошының басқа ұлдары билік жүргізді. Мәселен, Жошының ұлы Шайбан Қазақстанның солтүстік-батыс жерлерін иеленді.

Барлық аумақта ортақ құқықтық ережелер – Шыңғысханның «Жасағы» басшылыққа алынды. Ислам ықпалының күшеюіне байланысты мұсылман құқығы – *шариғат* біртіндеп ене бастады.

Алтын Ордада салық жинау жүйесі құрылды. Халық әскерді, жаушыларды керек-жарақпен қамтамасыз етуге, пошта бекеттерін ұстауға да міндеттенді. Салық жинауды *басқақтар* іске асырды.

Монғолдар басып алған жерлердегі басқақтардың қызметін түсіндіріңдер.

Олар ханның жаулап алған елдердегі өкілдері еді. Басқақтың жанында қарулы жасақ болды, ол үнемі қала сыртында орналасты. Олар орыс князьдықтарында «татар слободасы» деген атпен белгілі болды. Егер қандай да бір князь ханның

жарлығын орындамаса немесе салықты төлемесе, онда басқақ өз қарулы жасағымен жазалауға шықты.

XIII ғасырдың соңынан бастап, алым-салық жинау жергілікті ақсүйек қауымы арқылы жүзеге асырыла бастады. Мәселен, орыс жерінде князьдардың біріне ғана жарлық берілді, ал қалғандары оған бағынуға мәжбүр болды. Хан солар арқылы өзінің бұйрықтарын орындатты.

Алтын Орданың өркендеуі. XIV ғасырдың бірінші жартысында Өзбек хан (1312–1342 жылдар) мен оның ұлы Жәнібек (1342–1357 жылдар) билеген тұста Алтын Орда өзінің ең жоғары өркендеу деңгейіне жетті. Өзбек хан Батудың ұрпағы болатын. Замандастары оны «кісілігі мол, даңқты да ержүрек» адам ретінде сипаттайды. Ол бірнеше тілді білді.

Түрлі халықтардан біріктірілген Бату мен оның ұрпақтары иелігінде неліктен мықты мемлекет құрылды?

Өзбек хан 1312 жылы исламды Алтын Орда мемлекетінің ресми діні етіп біржолата бекітті, орталық билікті күшейтіп, құрылтай шақыруды тоқтатты. Нақ осы Өзбек хан билік еткен жылдары деректерде алғаш рет *өзбектер мемлекеті* деген сөз тіркесі пайда болды. Алтын Орда билеушісі Өзбек ханның есімі біртіндеп, Жошы ұлысы халқының атауына айналды.

Өзбек хан керуен саудасының дамуына көп көңіл бөлді. Орда Батыс Еуропа, Кіші Азия, Мысыр, Үндістан, Қытай елдерімен қызу сауда жүргізді. Сауда жолдары тек қауіпсіз ғана емес, қолайлы болды, Генуя мен Венецияның сауда өкілдіктері ашылды.

Мемлекет қала құрылысының өркендеуіне ықпалын тигізді. Сығанақ және Отырар қалалары қайтадан ірі қолөнер және сауда орталықтарына айналды. Отырарда XIII ғасырдың 30-жылдарының өзінде ақша сарайы жұмыс істеді. Бұл сарай үш түрлі теңге (алтын динарлар, күміс дирхемдер, мыс фельстер) шығарды. Бұдан басқа XIII–XIV ғасырлар кезеңінде көптеген жаңа қалалар пайда болды. Кейбір қалалар халқының саны жағынан әлемдегі ірі қалалар қатарына қосылды.

Өзбек хан мен оның ұлы Жәнібек билеген тұста ең қуатты мемлекетке айналуының себебін түсіндіріңдер.

Алтын Орда қалалары қамал-қорғандарының болмауымен ерекшеленді. Марко Полоның (XIII ғасыр) айтуынша, қалаларға «өскердің





Монғолдардың қамалдарды қоршауға алған кезде тас, ыстық қарамай толы бөшкелерді лақтыратын құрылғыларды қолдану сәті


кіруіне кедергі жасамау үшін қамал-қабырғалар мен қақпалар болуына» рұқсат етілмеді.

Алтын Орданың құлауы. Жәнібектен кейін таққа оның ұлы Бердібек (1357–1359 жылдар) отырды. Билік-құмар және өте қатал болған ол тақ үшін таласта бәсекелестерін жойып жіберді. Соның нәтижесінде Батудың тікелей ұрпақтарынан ешкім қалмады. Алтын Ордада нәубет кезең мен сарай төңкерістері басталды. **1359–1379 жылдар** аралығында билікте жиырмадан астам хан ауысты.

Осы саяси кикілжің барысында Жошы ұлысы аумағында бірқатар тәуелсіз иеліктер құрыла бастады. XIV ғасырдың екінші жартысында Алтын Ордадан Орда Еженнің ұрпақтары да бөлініп, Ақ Орда ұлысын құрды.



Монғолдардың кресшілермен шайқасы



1380 жылы Алтын Орда билеушісі Мамайды Куликов шайқасында Мәскеу князы Дмитрий Донский әскері талқандады. Шыңғысхан ұрпағы Тоқтамыс хан Мамайдың жеңілісін пайдаланып, Әмір Темірдің қолдауымен Алтын Ордадағы билікті тартып алды. Әскери жеңістермен өз билігін нығайтуға ұмтылған ол **1382 жылы** Мәскеуді өртеп, орыс князьдарының салық төлеуін қалпына келтірді.

Тоқтамыс пен Әмір Темір қақтығыстарының себептері мен нәтижелерін көрсетіңдер.

Көп уақыт өтпей Тоқтамыс Жошы ұрпақтарының барлық иеліктерін біріктіріп, елде мықты билік орнатты. Алайда Әмір Темір Тоқтамыс билігіндегі Алтын Орда мен Ақ Орданың бірігуін өз мемлекетіне төнген қауіп ретінде қарастырды.

1389, 1391 және 1395 жылдардағы үш жорық нәтижесінде Әмір Темір Алтын Орданы талқандады. Алтын Орданың барлық қалалары қиратылды, сауда мен қолөнер құлдырады. Өрт құшағында өте құнды және сирек кездесетін қолжазбалар жанып кетті. Әмір Темірдің осы тонаушылық жорықтарынан кейін Алтын Орда құлдырау кезеңін бастан кешірді.

Тоқтамыс неліктен Алтын Орданың тұтастығын қалпына келтіре алмады?

1395 жылы тақтан түскен Алтын Орда ханы Тоқтамыс **1404 жылы** Түмен қаласы маңында қаза тапты.

XV ғасырдың **50–70-жылдары** Алтын Орда мемлекеті толықтай құлады да, оның иеліктері орнында бірнеше жаңа түркі мемлекеттері: Ноғай Ордасы, Қырым, Қазан, Астрахан, Сібір хандықтары құрылды. Олар кейін Орыс мемлекетінің құрамына енді.

Алтын Орданың құлау себептерін атап көрсетіңдер.

Монғол шапқыншылығының салдары. Тұтастай алғанда кез келген соғыс сияқты монғол шапқыншылығы да басып алынған елдердің материалдық және рухани мәдениетіне орасан зор апат әкелді.

Қалалар және ауылдармен бірге мәдениет ошақтары, кітапханалар жойылды. Араб тарихшысы Ибн әл-Асир монғол шапқыншылығына былай деп баға береді: «Бұл күн мен түн жаратылғаннан бастап, адамзат білмеген қасірет болды. Жылнамаларда осыған дейін мұндай апат сипатталмаған».

Монғол басқыншылығы кезінде Оңтүстік Қазақстанның егіншілік және қала мәдениетіне орасан зор зиян келтірілді. Мал табындары

егістіктер мен бау-бақшаларды таптады, бұл Жетісу қалаларының экономикалық әлеуетіне нұқсан келтірді.

Басқыншылықтың басқа да салдары болды. Монғол шапқыншылығы түрлі тайпалардың одан әрі араласуына ықпал етіп, Еуразия тұрғындарының антропологиялық келбетіне өзгеріс енгізді. Монғол империясы бұрын бытыраңқы болған тайпаларды біріктіруде жағымды рөл де атқарды. Монғолдар өздерінің орталықтандырылған билігі арқасында империяда ұсақ бөліктердің пайда болуына жол бермеді.

Монғол билік орындары халықаралық қатынастардың дамуын ынталандырды. Бірыңғай жәмшік қызметін енгізді, пошта бекеттерін салып, ауқымды кеңістікте хабар-ошар тарату жағдайын жақсартты. Салық жинау үшін тұрғындардың жалпы санағын жүргізді, ортақ ақша бірлігін енгізді. Бұған дейін шалғай жатқан халықтар арасында сауда және мәдени байланыстар өрістеді.

В. Бартольд, Л. Гумилев және басқа белгілі тарихшылар Монғол империясы құрылуының маңызды рөл атқарғандығы туралы қорытындыға келді.

«Монғол басқыншылығының жағымды және жағымсыз жақтары» атты кесте құрастырыңдар.



1. Ашық тест тапсырмалары

- 1.1. Бату хан әскерінің үлкен бөлігін _____, ал бүкіл әскердің үштен бір бөлігін _____ құрады.
- 1.2. 1241 жылы Бату жасақтары Еуропа әскерлерін талқандап, _____ теңізіне шықты.
- 1.3. Бату хан әскерлері талқандаған _____ князьдықтары Алтын Ордаға тәуелділікке түсті.
- 1.4. Қаржы саласын, салық жинауды, ішкі саясатты _____ басқарды.
- 1.5. Алтын Ордада __-__ жылдар аралығында сарай төңкерістері болып, тақта _____ астам хан ауысты.



2. Жабық тест тапсырмалары

- 2.1. Бату жорығының барысында Ертістен Дунайға дейінгі кеңістікке билік еткен өулет ұрпақтары
 - А) Шағатай
 - Ә) Үгедей
 - Б) Төле
 - В) Кебек
 - Г) Жошы



- 2.2. Алтын Орда хандарының ішінде бірінші болып исламды ресми дін етіп бекітіп, орталыққа тәуелсіз саясат жүргізе бастаған билеуші
- А) Өзбек
 - Ә) Жошы
 - Б) Берке
 - В) Тоқтамыс
 - Г) Бату
- 2.3. Алтын Ордадағы ханнан кейінгі тұлға
- А) беклербек
 - Ә) жабғу
 - Б) бек
 - В) ноян
 - Г) басқақ
- 2.4. Атқарушы билік органы – диуан басшысының лауазымы
- А) жабғу
 - Ә) үзір
 - Б) бек
 - В) ноян
 - Г) басқақ
- 2.5. Батудың билік еткен кезеңі:
- А) 1230–1240 жылдар
 - Ә) 1238–1250 жылдар
 - Б) 1240–1262 жылдар
 - В) 1227–1255 жылдар
 - Г) 1232–1262 жылдар

§30.

**ШЫҒЫС ДЕШТІ ҚЫПШАҚТЫҢ САЯСИ
БӨЛЕКТЕНУІ. АҚ ОРДА**

Тақырыпты оқу барысында:

- Ақ Орданың бөлектенуі мен оның Қазақстан тарихы үшін маңызын анықтай аласыңдар;
- Ақ Орданың саяси тарихы кезеңдерімен танысасыңдар;
- Ақ Орданың біртұтас қазақ халқын қалыптастырудағы рөлін білетін боласыңдар.

Алтын Орданың құлау себептерін еске түсіріңдер.

Монғол шапқыншылығынан кейінгі кезең (XIV–XV ғасырлар). Үлкен монғол ұлыстары феодалдық иеліктерге бөлшектеніп кетті. Шаруашылығы бірдей, этникалық негіздері ортақ мемлекеттер құрылды.

Қазақстан аумағында Алтын Орда құлағаннан кейін бірнеше мемлекеттер – Ақ Орда, Моғолстан, Әбілқайыр хандығы, Ноғай Ордасы құрылды. Бұл мемлекеттерде түркі халықтары: қазақтар, өзбектер, қырғыздар, татарлар, ноғайлар және басқалар қалыптасты. Дербес қазақ халқы мен оның мемлекеті – Қазақ хандығы құрылуының тарихи алғышарты жасалды.

Ақ Орданың пайда болуы. XIII ғасырдың ортасы – XV ғасырдың басында Шығыс Дешті Қыпшақ аумағында Ақ Орда мемлекеті өмір сүрді.

Қазақстан аумағындағы монғол шапқыншылығынан кейінгі кезеңге сипаттама беріңдер.

Рашид-ад-диннің (XIV ғасыр) айтуынша, Жошы ұлысының шығыс бөлігіне Орда Ежен иелік етті. Осы жерді Орда Еженнің Бату ханнан алғандығын Әбілғазы да (XVII ғасыр) растайды. Шығыс Дешті Қыпшақ Орда Еженнің және оның мұрагерлерінің билігінде болғандығы анық.

Ақ Орда аумағы біртіндеп қалыптасып, Алтын Орданың әлсіреуіне байланысты кеңейді. Ақ Орда XIV ғасырдың екінші жартысында өзінің шарықтау кезеңіне жетті. XIV ғасырда Орда Ежен ұрпақтарының билігі Жетісудан басқа қазіргі Қазақстанның барлық аумағына тарады.


Ақ Орданың орталығы – Сығанақ қаласы болды. Мемлекетте түркі тілдес тайпалар және жорық барысында келген монғолдар да болды. Монғол тайпалары XIV ғасырға қарай толықтай түркіленді.

Ақ Орда мемлекетінің құрылу ерекшеліктерін анықтаңдар. Картадан мемлекет аумағын көрсетіңдер.

Ақ Орда саяси және экономикалық жағынан дербес мемлекет болды. Ақ Орда XIV–XV ғасырлар аралығындағы Шығыс Дешті Қыпшақ аумағындағы тайпалар мен халықтарды біріктіруде маңызды рөл атқарды.

Саяси тарихы. Ақ Орданың саяси тарихын үш кезеңге бөлуге болады. *Бірінші кезең* Шығыс Дешті Қыпшақтың аумағын Алтын Орда билігінен босату жолындағы ұзаққа созылған күреспен сипатталады. XIV ғасырдың ортасында Ерзен мен Мүбәрак қожа хандар Алтын Ордаға тәуелділікті түпкілікті түрде жойды.

Тақырыптың мазмұнына сүйене отырып, Ақ Орданың саяси және экономикалық жағынан дербес мемлекет болғанын дәлелдеңдер.



Екінші кезең – бұл Ақ Орданың күшейген кезеңі. XIV ғасырдың 60–70-жылдары билік құрған Ұрұс хан тұсында Ақ Орда айтарлықтай нығайып, бүкіл Алтын Орданы біріктіруші ұлыс ретінде көрінді.

Мемлекет тарихының *үшінші – соңғы кезеңі* Мауараннахрдың билеушісі Әмір Темір басқыншылығына қарсы күрес кезеңі. Осы күрестегі барша ауыртпалық Ақ Орда билеушісі Ұрұс ханға түсті.

XIV ғасырдың соңы – XV ғасырдың басында Ақ Орда Әмір Темір әскерінің бірнеше жойқын шапқыншылығына ұшырады.

Мемлекеттің құлауы. XIV ғасырдың 70–80-жылдары Әмір Темірдің Ақ Орда мен Моғолстан аумағына жасаған ондаған жорықтары нәтижесінде мемлекет әлсіреді. Тұрғындар аяусыз қырылды немесе тұтқынға түсті. Көшпелілер үшін маңызы зор Оңтүстік Қазақстан аумағы, оның қалалары: Сығанақ, Отырар, Сауран, Ясы, Сайрам күйреді.

Ақ Орда тарихының кезеңдеріне сипаттама беріңдер.

Басқыншыларға қарсы күрес барысында Ақ Орда мен Моғолстан күштері бірікті. Бірлескен күрестің тарихи маңызы зор болды. Себебі бұл Шығыс Дешті Қыпшақ пен Жетісу тұрғындарының топтасуына әсер етті.

XIV ғасырдың соңы – XV ғасырдың басында Әмір Темірдің басқыншылық соғыстары мен ішкі қырқыстар нәтижесінде Ақ Орда айтарлықтай әлсіреді. **1423–1428 жылдары** Ұрұс ханның немересі Барақ Ақ Ордадағы билікті біраз уақыт нығайтты. 1425 жылы Барақ Әмір Темірдің немересі Ұлықбекке қарсы жорыққа шығып, Сығанақ қаласымен бірге Сырдарияның орта ағысы бөлігін қайтарып алды. Бірақ 1428 жылы Барақ қайтыс болып, Ақ Орда аумағындағы билік Шайбани ұрпағы Әбілқайырдың қолына өтті. Ұрұс хан мен Барақтың ұрпақтары өз биліктерін өздері мұрагерлік еткен жерлерде ғана – Қазақстанның оңтүстік аймақтарында сақтап қалды. Әмір Темірдің Ақ Орда мен Моғолстанға басқыншылық саясаты қазақ тайпаларының бірігуі мен мемлекеттік дамуын тежеді.

Ақ Орданың Қазақстан тарихындағы рөлі:
– бүкіл Дешті Қыпшақты біртұтас мемлекетке біріктіру;
– экономиканы қайта қалпына келтіру;
– саяси сана-сезімнің өсуіне жағдай жасау.



1. Ашық тест сұрақтары

- 1.1. Ақ Орда _____ ғасырдың екінші жартысында ең биік шарықтау кезеңіне жетті.
- 1.2. Ақ Орданың орталығы _____ қаласы болды.

- 1.3. Үрүс хан мен Барақ ұрпақтары Қазақстанның _____ аймақтарында ғана өз биліктерін сақтап қалды.



2. Жабық тест тапсырмалары

- 2.1. Қазақстан аумағында монғол шапқыншылығынан кейінгі кезеңде құрылған мемлекеттер
- 1) Қыпшақ хандығы
 - 2) Әбілқайыр хандығы
 - 3) Ноғай Ордасы
 - 4) Ақ Орда
 - 5) Түргеш қағанаты
 - 6) Қарахан мемлекеті
 - 7) Қимақ қағанаты
 - 8) Моғолстан
- 2.2. Орда Ежен және оның мұрагерлерінің жерлері
- А) Шығыс Дешті Қыпшақ
 - Ә) Батыс Дешті Қыпшақ
 - Б) Жайықтан Кавказға дейін
 - В) Еділден Дунай сағаларына дейін
- 2.3. XIV ғасырдың соңы – XV ғасырдың басында Ақ Ордаға бірнеше рет басакөктеп енген билеуші
- А) Меңгу хан
 - Ә) Әмір Поладшы
 - Б) Өзбек хан
 - В) Әмір Темір
 - Г) Мөңке хан

§ 31.

МОҒОЛСТАН

(XIV ғасырдың ортасы – XVI ғасырдың басы)

Тақырыпты оқу барысында:

- Моғолстанның бөлектенуінің алғышарттары, оның Қазақстан тарихындағы маңызын анықтай аласыңдар;
- Шағатай ұлысының неліктен шығыс және батыс бөліктерге ыдырап, түрлі даму жолдарын таңдағанын білетін боласыңдар.

Шағатай ұлысындағы саяси жағдай. Шыңғысханның екінші ұлы Шағатайдың иеліктеріне Шығыс Түркістан, Жетісудың үлкен бөлігі мен Мауараннахр енді. Оның басты қаласы Іле алқабындағы Алмалық болды.

Барлық ортағасырлық деректерде Шағатай қатал адам ретінде сипатталады. Шағатай өз ұлысын көркейтумен белсенді түрде айналыс-



ты. Мәселен, оның бұйрығы бойынша, Үрімші арқылы Шығыс Түркістанға жол және Іле алқабында тау асуы салынды. Ол үшін күз-жартастар тесіліп, ағаштан бірнеше көпір салынған. Көпірлердің кең болғандығы соншалық, олармен екі арба қатарласып жүре алған.

Шағатай ұрпағы Кебек хан (1307–1326 жылдар) билік еткен тұста хан есімі жазылған күміс теңге айналымға енгізілді. Бұл теңге *кебек* деп аталды. Кебек хан қалаларды қалпына келтіріп, иеліктерді біріктірді. Оның тұсында мұсылман мәдениетінің дәстүрлері орныға бастады. Кебек көшпеліліктен қол үзіп, Мауараннахрға қоныс аударды. Жетісу мемлекет орталығынан шет аймаққа айналды.

Кебек хан елдің басқару жүйесін қайта құрды. Бұл жүйе бойынша мемлекет Шыңғысхан ұрпақтары басқарған әкімшілік билік түмендерге бөлінді. Оларды түркі-монғол ақсүйектері басқарды.

XIV ғасырдың ортасында Шағатай хандығы екі жеке мемлекетке бөлінеді. Шағатай ұлысының батыс иелігі – Мауараннахрда Шағатай ұрпақтары өз үстемдігін жоғалтып, билік түркі-монғол ақсүйек қауымына (өмірлерге) өтеді. Шағатай хандығының шығыс аймақтарында жағдай басқаша дамыды.

Кебек хан реформасының қандай маңызы болды?

Моғолстанның құрылуы. Мемлекеттің шығыс бөлігінің әмірлері жоғары билікті бірден басып алмай, хан тағына Шыңғысхан ұрпағын отырғызды. Бұл туралы Мұхаммед Хайдар Дулати анағұрлым толық деректер келтіреді. Монғол мемлекеттеріндегі дәстүр бойынша тек Шыңғысхан ұрпағы ғана хан тағына отыра алатын. Сол себепті дулат тайпасының басшысы, аса қуатты әмір **Поладшы**, шығыс аймақтардың ең беделді әмірі ретінде өзін хан деп атауға батылы жетпей, таққа Шағатай ұрпағы **Тоғылық Темірді** (1348–1362/63 жылдар) отырғызды. Тоғылық Темір Моғолстан билеушілері әулетінің негізін қалады. Дулат әмірлері елдегі негізгі саяси күш ретінде өз билігін нығайта түсті.

Әмір Поладшының өзін хан деп атауға батылы жетпей, таққа Тоғылық Темірді отырғызу себебі неде?

Шағатай ұлысының шығыс жарты бөлігінде ортағасырлық деректерде *Моғолстан* немесе *Моғолдар ұлысы* деп аталған мемлекет пайда болды. Әмір Поладшы тарихқа осы мемлекеттің негізін қалаушы ретінде енді.

Моғолстан «Моғолдар елі» дегенді білдіреді.

Халқы және жер аумағы. Моғолстан халқының құрамында көптеген түркі және түркіленген монғол тайпалары болды.

Моғолстан мемлекетінің құрылу себептерін атаңдар.

Моғолстан шегарасы саяси жағдайға байланысты өзгеріп, «7–8 айлық жолға» дейін ұзарды. «Тарих-и-Рашиди» деректері бойынша, XIV–XVI ғасырдың басында бұл Шыңжаң өлкесі, Жетісу мен қазіргі Қырғызстан аумақтарын қамтыды.

Тоғылық Темірдің ордасы Алмалықта орналасты. Тоғылық Темір ханның билігі «бүкіл Моғолстанға» тарағандығы туралы Дулати еңбегінде айтылады. Ол өз билігін нығайту үшін исламды мемлекеттік дін ретінде жариялайды.

Қоғамдық құрылымы. Моғолстанда мемлекеттің басшысы және билік иесі хан болды. Ханға мемлекетті басқаруда *дулат* тайпасының әмірлері әулетінен шыққан *ұлсбек* көмектесті, бұл қызмет мұрагерлік жолмен берілді.

Моғолстанға Қазақстанның қазіргі қай бөлігі енді?



Моғол жауынгері

Моғол аңыздарына сөйкес, Тоғылық Темір хан Алмалық қаласына жақын Іле алқабында жерленді. Хан қабірінің үстіне тамаша кесене салынды.

Тоғылық Темірдің мұрагері Ілияс Қожа аз уақыт билік етті. Ілияс Қожаның 1365 жылы «Батпақ шайқасы» кезінде моғол әскерін басқарып, Әмір Темір жетекшілік еткен Мауараннахр әмірлерінің біріккен күштерін талқандағаны белгілі.

Моғолстанның саяси тарихы. XIV ғасырдың 70–80-жылдары Моғолстан билеушілеріне Әмір Темір басқыншылығына қарсы ұзақ та қиянкескі күрес жүргізулеріне тура келді. Ауыр күрес нәтижесінде моғол ханы Қызыр Қожа өзін Әмір Темірдің боданы деп тануға мәжбүр болды.

Қызыр Қожаның ұлы Мұхаммед хан билігі кезінде XV ғасырдың басында жағдай біршама жақсарды. Оның заманында Моғолстан Әмір Темір ұрпақтарынан тәуелсіз болды. Алайда Моғолстанның шығыс аймақтарына ойраттар жиі-жиі шабуыл жасай бастады.

XV ғасырдың 30-жылдарының ортасында билік Есенбұғаның қолына өтті. Есенбұға хандық құрған 50-жылдардың соңында Керей мен Жәнібек сұлтандар басқарған қазақтардың бір бөлігі Жетісуға көшті.

XVI ғасырдың басында моғол билеушілері Оңтүстік-шығыс Қазақстандағы өз иеліктерінен

Моғолстанның сыртқы саясатының негізгі бағыттарын атаңдар.

айырылды. Шайбани ұрпақтары және қазақтардың қысымымен моғолдар Шығыс Түркістанға қоныс аударды. Моғолстанның соңғы хандарының бірі Қашғарияға басып кіріп, жаңа мемлекеттің негізін қалады. Тарихта ол мемлекет Қашғария деп аталды.

Моғолстан билеушілері, олардың ішкі, сыртқы саясаты туралы айтыңдар.

XVI ғасырдың 20-жылдары қазақтар моғолдарды Жетісудан толықтай ығыстырды. Жетісу жерінде қалған моғол тайпалары бірте-бірте қазақтармен араласып кетті. Моғолстан өмір сүруін тоқтатты.

Моғолстан құлауының көптеген себептері болды. Олар – Шағатай әулетіндегі өзара тартыс, Өмір Темірмен соғыс және ойрат шапқыншылықтары, тұрақсыздық пен ауыр салықтарға халық наразылығы және осыған байланысты жаппай қоныс аудару түріндегі қарсылық.

Моғолстанның құлау себептерін түсіндіріңдер. Қазақстан тарихындағы Моғолстанның маңызын ашып көрсетіңдер.

Орталық Азия тарихында Моғолстан маңызды рөл атқарды. Қазақтың Ұлы жүзін құраған Жетісу тайпаларының бірігу үдерісі аяқталды. Моғолстан этникалық жағынан біртекті мемлекеттер – Қазақстан мен Қырғызстанның қалыптасуына жағдай жасады.



1. Ашық тест тапсырмалары

- 1.1. Шағатай ұлысының Іле алқабындағы басты қаласы _____ болды.
- 1.2. Шағатай әулетінің жалпы мемлекеттік алғашқы теңгесі _____.
- 1.3. Кебек хан көшпеліліктен қол үзіп, _____ қоныс аударды.
- 1.4. «Тарих-и-Рашиди» деректері бойынша, XIV–XVI ғасырдың басында Моғолстанға _____ және қазіргі _____ аумақтары енді.



2. Жабық тест тапсырмалары

- 2.1. XIV ғасырдың ортасында Шағатай ұлысының шығысында қалыптасқан мемлекет
 - А) Өмір Темір мемлекеті
 - Ә) Ақ Орда
 - Б) Көшпелі өзбектер мемлекеті
 - В) Ноғай Ордасы
 - Г) Моғолстан
- 2.2. Шағатай хандығы екі жеке мемлекетке бөлінген мерзім
 - А) XIV ғасырдың ортасы
 - Ә) XVII ғасырдың соңы
 - Б) XV ғасырдың соңы



В) XVI ғасырдың ортасы

Г) XVI ғасырдың басы

2.3. Моғолстан билеушілері өулетінің негізін қалаушы

А) Өзбек хан

Ә) Жошы хан

Б) Тоғылық Темір

В) Меңгу хан

Г) Тоқтамыс хан

§32.

ӘМІР ТЕМІР ЖӘНЕ ҰРПАҚТАРЫНЫҢ МЕМЛЕКЕТІ

Тақырыпты оқу барысында:

- Мауараннахрда билік басына Әмір Темірдің келу себебін анықтайсыңдар;
- Әмір Темірдің басқыншылық жорықтарын білесіңдер.



Әмір Темір

Мемлекеттің құрылуы. XIV ғасырдың 40-жылдарының ортасында Шағатай ұлысы екі мемлекетке: Батыс және Шығыс болып бөлінді. Батыс бөлігінде, яғни Мауараннахрда билік әмірлер қолында болды. 1370 жылы Мауараннахр әмірлерінің өзара қырқысы Әмір Темірдің жеңісімен аяқталды.

Замандастарының айтуы бойынша басылық қабілет Әмір Темір бойынан ерте байқалған. Ол өжет те батыл болып өсті. Әмір Темір өзінің саяси өсу жолын XIV ғасырдың 60-жылдарының басында барлас тайпасына билігін орнатудан бастады. Жарақат алу нәтижесінде оның оң аяғы сол аяғынан қысқа болып, Ақсақ Темір атанды. Оны еуропалықтар Темірлан деп атаған.

Мемлекет билеушісіне айналған Темір әмір атағын қабылдады. Алғашында ол хан тағына Шыңғысхан ұрпақтарын отырғызып, «өзін тақ иесінің өкілімін» деп атады. Дәстүр бойынша мемлекет билеушісіне көрсетілетін құрметтерді Әмір Темір үнемі өзі қабылдады. Әскер байқауын да Әмір Темір өзі жүргізді.

Әмір Темірдің ұраны «өділдік және күш» деп айтылды. Ұран мөрге және Әмір Темірдің сақинасына бедерленді. Шағатай ұлысының ба-

тыс бeлiгi – Мауараннахрда XVI ғасырдың басына дейiн Әмiр Темiр ұрпақтарының әулетi билiк құрды.

Мемлекеттiң саяси жүйесi. Әмiр Темiр бұрынғы саяси жүйенi өзгерттi. Билiк басындағыларды Әмiр Темiрдiң жақын серiктерi мен оның отбасы мүшелерi құрады. Ол рулық-тайпалық ақсүйек қауымын билiктен ығыстырды. Әмiр Темiр арнайы мақсаттағы тұрақты әскер жасақтады.

Әмiр Темiр әулеттiк, дiни, әскери ұстанымдарға сүйендi. Әулеттiк ұстанымның ерекшелiгi сонда, Әмiр Темiрдiң ұрпақтары мен жақын туыстарының әмiрiне ешкiм қол сұға алмады.

Дiни сенiмi жағынан Әмiр Темiр ислам дiнi мен оның өкiлдерiне құрметпен қарады.

Әскери ұстанымы бойынша оның әскерiнде монғол тәртiбi үстемдiк еттi. Әмiр Темiр өзiн Шыңғысхан империясының дәстүрiн қалпына келтiрушi ретiнде есептеп, соның нәтижесiнде жеңiске жеткенiн мойындады.

Әмiр Темiрдiң жорықтары. XIV ғасырдың 70-жылдары ол әскери ұрыс қимылдарын бастады.

Әмiр Темiр жорықтарының ауқымы Ертістен Делиге дейiнгi, Рязань жерлерiнен Жерорта теңiзiне дейiнгi көптеген елдердi қамтыды. Бiрақ Әмiр Темiр өз мемлекетiне Каспий бойы аймағын, Иран мен Ауғанстанды ғана қосып алды. Оның Моғолстан, Ақ Орда, Алтын Орда, Сирия, Үндiстанға және басқа аумақтарға жорықтары шапқыншылық сипатында өттi.

Әмiр Темiр Алтын Ордаға үш рет жойқын жорық жасады. 1395 жылғы соңғы жорығы нәтижесiнде Алтын Орда күйредi. Осы жорықтар кезiнде Әмiр Темiр Алтын Орданың барлық қалаларын қиратты, Қазақстан, Кавказ және Оңтүстiк орыс жерлерiн тонады. Алтын Орда қайта қалпына келе алмай оның құлдырауы басталды. Алтын Орданың құлауы орыс жерлерiнiң монғолдар билiгiнен азат етiлуiне ықпал еттi. Оның тонаушылық жорықтары Моғолстан мен Ақ Орданың құлауына әкелдi. Әмiр Темiр Осман империясына да соққы бердi. Еуропаға қауiп төндiрiп, осыған дейiн жеңiлмейтiндей көрiнген Баязит сұлтанды талқандады.

Әмiр Темiр 1405 жылы Қытайға жорыққа жиналған сәтте қаза тапты. Оның соңында алып импе-

Әмiр Темiр өз мемлекетiне қандай саяси жүйе енгiздi?

Әмiр Темiр жорықтарының бағыттары: солтүстiк-батыста – Дештi Қыпшақ, шығыста – Моғолстан, оңтүстiк-шығыста – Үндiстан, оңтүстiк-батыста – Иран мен Түркия.



Әмір Темірдің жеңіс салтанаты. Суретші А. Ахмедияров

Әмір Темірдің жорықтары Еуразия тарихына қалай ықпал етті?

Әмір Темірдің шапқыншылығы барлық көрші елдердің экономикасын талқандағанын, транзиттік сауда негізін үзгенін дәлелдеп беріңдер.

рия қалды, ұлдары мен немерелерінің өзара билікке таласқан қырқысы басталды. Әмір Темір басып алған елдер мен аймақтардың үлкен бөлігі оның ұрпақтары билігінен ажырады.

XV ғасырдың соңында Әмір Темір ұрпақтары басқарған мемлекеттердің ішкі жағдайы тіпті шиеленісті. Мауараннахрдың ірі қалаларында өзара жауласқан дербес билеу-

шілер пайда болды. Әмір Темір ұрпақтары мемлекеттерінің бытыраңқылығы XVI ғасырдың басында өулеттің құлауына әкелді. Мауараннахрдағы билік Шайбани ұрпақтары басқарған Дешті Қыпшақтағы көшпелі өзбектер қолына өтеді.



Оқиға куәгерлері мен тарихшылардың деректері

Әмір Темір Ибн Арабшахты 12 жасында Дамаскіде тұтқынға алып, Самарқанға әкеткен. Кейін Ибн Арабшах отанына қайта оралып, Әмір Темір туралы кітап жазған. Автор Әмір Темірдің құдай берген мемлекет басшысы болғанын, абыройлы, төкаппар, ғылымды құрметтеген т.б. ерекше қасиеттер иесі болғандығын айтады. Ол аңға шығу мен шахмат ойнауды ұнатқан, тіпті бұл жағынан қабілеті жоғары болды. Ұйымдастырушылық талантымен көзге түсіп, жалғандыққа шыдамаған, қандай ащы болса да шындықты мойындаған. Сәтсіздіктер кезінде рухын жоғалтпай, жетістіктер кезінде қуанбаған. Әмір Темір батыл да ержүрек жауынгерлерді жақсы көрген, солардың арқасында «тау қопарған» және кереметтей жолы болған, – деп жазады.

Ибн Арабшах жазған Әмір Темірдің қандай жеке қасиеттері оның мемлекетті басқаруына көмектескен?



1. Ашық тест тапсырмалары

- 1.1. Шағатай ұлысы құлағаннан кейін оның батыс бөлігінде _____ мемлекеті құрылады.
- 1.2. Әмір Темір Орталық Азияда ____ – ____ жылдары билік етті.
- 1.3. Әмір Темір әскерлерінің үш рет жасаған жорығының нәтижесінде _____ талқандалды.
- 1.4. 1370 жылы Мауараннахрдағы әмірлердің өзара қырқысы _____ жеңісімен аяқталды.



2. Жабық тест тапсырмалары

2.1. Әмір Темірдің жорықтары салдарынан құлаған мемлекеттер:

- А) Ноғай Ордасы
- Ә) Алтын Орда
- Б) Әбілқайыр хандығы
- В) Моғолстан
- Г) Ақ Орда

2.2. XVI ғасырдың басында Мауараннахрдағы билікке ие болған әулет

- А) Жошы әулеті
- Ә) Шағатай ұрпағы
- Б) Шайбани әулеті
- В) Тоқтамыс әулеті
- Г) Әмір Поладшы



§33.

ӘБІЛҚАЙЫР ХАНДЫҒЫ (1428–1468 жылдар)

Тақырыпты оқу барысында:

- Әбілқайыр хандығының құрылу тарихын;
- хандықтың қазақ тарихындағы маңызын;
- Көшпелі өзбектер мемлекетінің құлау себептері мен салдарын білетін боласыңдар.

Жошы ұрпақтары арасындағы билік үшін күрес мемлекеттің құрылуында қандай рөл атқарды? Әбілқайыр хан қай әулеттің өкілі еді?

Әбілқайыр хандығының құрылуы. XV ғасырдың 20-жылдары Шығыс Дешті Қыпшақ аумағында Әбілқайыр хандығы құрылды. Жаңа хандықтың қалыптасуы Ақ Орданың күйреуі нәтижесінде жүзеге асты. Көшпелі тайпалар мен рулардың ірі өкілдері қолдауымен 1428 жылы **Әбілқайыр** хан болып жарияланды.

Тарихи әдебиетте бұл мемлекеттің басқа атауы да бар. Ол *Көшпелі өзбектер мемлекеті* деп те аталады. Әбілқайыр хандығының аумағы батысында Жайықтан, шығысында Балқашқа дейінгі, оңтүстігінде Сырдарияның төменгі ағысынан, солтүстігінде Ертіске дейінгі жерлерді алып жатты.

Мемлекетті қыпшақ, қарлұқ және түркіленген монғол тайпалары құрады. XIV ғасырдың соңы – XV ғасырдың бірінші жартысында бұл тайпалар ортақ «өзбектер» атауымен белгілі болды.

Саяси тарихы. Әбілқайыр дербес хандық құрып, қырық жыл бойы билікті ұстай алды. Ол басқарған кезең қақтығыстар мен соғыстарға толы болды.

Әбілқайыр хан ұлыс билеушілерінің артықшылығын шектеу саясатын жүргізді. Замандастары жазғандай, «мемлекетті басқару бұрынғы дәстүрге сәйкес келмеді». Мұның бәрі Әбілқайыр мемлекетін аласапыран мен шиеленістерге алып келді. Бұл жағдай



Шайқас.
XV ғасыр миниатюрасы

Шыңғысхан ұрпақтары, оның ішінде Керей мен Жәнібек басқарған қарсы топтың пайда болуына әкелді.

Әбілқайыр хан Орталық Азия мен Қазақстанның оңтүстігінде басқыншылық соғыстар жүргізді. Хорезмді, Сырдариядағы бірнеше қаланы басып алды. Сығанақ мемлекет орталығына айналды.

Ол өзін қолдаған тайпалардың көсемдеріне қалаларды үлестер (сойырғал) түрінде таратты. XV ғасырдың 50-жылдары Әбілқайыр хан Әмір Темір ұрпақтарының ішкі алауыздықтарына араласа отырып, Мауараннахрға шапқыншылықтарын жалғастырды. Бұл Әбілқайырдың соңғы жеңістері болатын. Бұдан кейін тұтастай ішкі және сыртқы саяси жеңілістер бірінен соң бірі жалғаса түсті.

Жағдай ойраттардың шапқыншылығымен шиеленісіп кетті. Әбілқайыр әскерлері мен ойраттар арасындағы шайқас **1457 жылы** Сығанаққа жақын жерде өтті. Әбілқайыр қатты жеңіліске ұшырады. Қарсылыққа кездеспеген ойраттар Сырдарияның бүкіл алқабын тонады. Түркістан, Ташкент, Отырар қалалары басып алынды. Әбілқайыр мұндай қорлыққа көне отырып, жауымен келісім жасауға мәжбүр болды. Осыдан кейін оның беделі мүлдем түсті, мемлекеті құлдырады.

Әбілқайыр билігінің әлсіреуін пайдаланған Шыңғысхан ұрпақтары оған бағынудан бас тартты. XV ғасырдың 50-жылдарының соңында Керей мен Жәнібек сұлтандар бастаған тайпалардың бір бөлігі Әбілқайыр хандығынан Моғолстанға көшіп кетті. Хан оларды жазалауға тырысып, Жетісуға жорық та ұйымдастырды. 1468 жылы Әбілқайыр хан жолда қаза тауып, оның әскері кері қайтты.

Әбілқайыр хандығының құлауы. Әбілқайырдан кейін хандық күйреді. Шайбани ұрпақтары Шығыс Дешті Қыпшақтағы биліктен айырылды, бірақ саяси күрестен бас тартпады. Шайбани ұрпақтарын Әбілқайырдың жас, қажырлы да батыл немересі **Мұхаммед Шайбани** басқарды. Жас сұлтан өз жасағын құрып, Шайбани ұрпақтарының билігін қалпына келтіру үшін күресті бастады. Алайда Мұхаммед Шайбани ата-сының орнын баса алмады, оны қолдағандар тым аз еді.

Мұхаммед Шайбани өзін жақтаушылармен бірге Әмір Темір ұрпақтарына қарсы шықты. Бұл кезде Әмір Темір ұрпақтарының мемлекеті

«Көшпелі өзбектер мемлекеті» – 1428–1468 жылдары өмір сүрген Әбілқайыр хандығы. Әбілқайыр басқарған Шығыс Дешті Қыпшақтың халқы Алтын Орданың белгілі мемлекет басшысы **Өзбек** ханның есімімен өзбектер деп аталды.

143-беттегі картадан Әбілқайыр хандығының аумағын анықтаңдар.

Әбілқайырдың әскери жорықтары мен ішкі саясатының мәнін сипаттаңдар.

құлдырай бастаған еді. Мұхаммед Шайбани Самарқанды, Бұхараны және бірнеше қаланы басып алып, Самарқанды өз ордасы етіп жариялады. Мауараннахр XVI ғасырдың соңына дейін Әбілқайыр ұрпақтарының билігінде болып келді.

Көшпелі өзбектер мемлекетінің құлау себептері: 1) мемлекет билігінің әлсіздігі; 2) өзара қырқыстар; 3) көшпелілердің Әбілқайыр саясатына наразылығы.

Тақырыптың мазмұнына сүйене отырып, Көшпелі өзбектер мемлекеті құлауының себептерін ашып көрсетіңдер. Әбілқайыр хан мемлекетіндегі өзара қырқыстардың себебі неде еді?

Қазақ хандығының құрылуына байланысты шайбанилықтардың Шығыс Дешті Қыпшақ аумағындағы билігі жойылды.

Әбілқайырдың хандық етуінің тарихи маңызы оның тұсында Шығыс Дешті Қыпшақ көшпелі өзбектерінің қуаты күшейгендігімен айқындалады. Өзбек ұлысынан

бөлінген халықтың басында Қазақ хандығының негізін салушылар, Орда Еженнің ұрпақтары Керей мен Жәнібек сұлтандар тұрды.



1. Ашық тест тапсырмалары

- 1.1. Әбілқайыр әскерлері мен ойраттар арасындағы шайқас _____ қаласына жақын жерде _____ жылы өтті.
- 1.2. Әбілқайырдың басқыншылық соғыстарынан кейін мемлекеттің орталығы _____ қаласы болды.
- 1.3. XV ғасырдың 50-жылдарының соңында _____ пен _____ сұлтандар басқарған тайпалардың бір бөлігі Әбілқайыр хандығынан _____ көшіп кетті.



2. Жабық тест тапсырмалары

- 2.1. XV ғасырдың 20-жылдары Ақ Орданың құлауы нәтижесінде құрылған мемлекет
 - А) Әбілқайыр хандығы
 - Ә) Көк Орда
 - Б) Өмір Темір мемлекеті
 - В) Моғолстан
 - Г) Астрахан хандығы
- 2.2. Әбілқайыр хандығының тарихи әдебиеттегі атауы
 - А) Көшпелі өзбектер мемлекеті
 - Ә) Көк Орда
 - Б) Ноғай Ордасы
 - В) Моғолстан
 - Г) Астрахан хандығы

Тақырыпты оқу барысында:

- Ноғай Ордасы мен Сібір хандығының Қазақстан тарихы үшін маңызын;
- Ноғай Ордасының бөлшектенуіне ықпал еткен жағдайларды;
- Сібір хандығының ыдырау себептерін білетін боласыңдар.

Ноғай Ордасының құрылуы. Алтын Орданың құлауы мен Ақ Орданың өлсіреуі барысында пайда болған мемлекеттің бірі Ноғай Ордасы еді. Ноғай Ордасының жер аумағы Еділ мен Жайық аралығында болды. Орталығы Жайықтың төменгі ағысы бойындағы қазіргі Атырау жанындағы Сарайшық қаласында орналасты. Қаланың негізін XIII ғасырдың екінші жартысында Жошы ұрпақтары қалады. Ноғай Ордасының орталығына айналған Сарайшық әкімшілік пен сауда орталығы ретінде өзінің гүлдену деңгейіне жетті. XVI ғасырдың соңында Дон және Еділ казактары қаланы басып алып, тонауға ұшыратты.



Көне Сарайшықтың орны

Жаңа мемлекеттің атауы Алтын Орданың әскербасы Ноғай есімімен байланысты. **Ноғай** үлкен ұлысты басқарды, мемлекеттегі маңыздылығы жағынан екінші орындағы *беклербек* лауазымын иеленді.

Жайық пен Еділ аралығындағы тайпалар бірлестігі Ноғай ұлысына енген маңғыт тайпасының атымен *Маңғыт жұрты* деп аталды. XV ғасырдың бірінші жартысында маңғыт жұртының (Ноғай Ордасының) қалыптасуы аяқталды. Ноғай Ордасының этникалық құрамы Ақ Орда мен Әбілқайыр хандығындағы сияқты түркі және түркіленген монғол тайпаларынан тұрды. Ноғай Ордасының негізгі тұрғындары маңғыттар тайпасы еді.

Ноғай Ордасының тәуелсіз мемлекет ретінде қалыптасуы **Едіге** тұсында басталды. Едіге Алтын Ордада бірнеше жыл бойы *би*, яғни мемлекет басшысы болды. Едіге билік еткен тұста Ноғай Ордасы Алтын Ордадан бөліне бастады.



Ноғай Ордасының саяси тарихы. Ноғай Ордасы XV ғасырдың ортасына қарай Едігенің ұлы Нұраддиннің тұсында түпкілікті түрде оқшауланды.

Ноғай Ордасының шегаралары сыртқы саяси жағдайға байланысты өзгеріп отырды. XV ғасырдың екінші жартысына қарай ноғайлар «өзбектер» жеріне жылжыды. Сырдария қалалары үшін күрес жүргізіп жатқан Әбілқайыр ноғайларға қарсылық көрсетпеді. Ноғайлар оның бодандары санын толтырады деп үміттенді.

143-беттегі картадан Ноғай Ордасының аумағын көрсетіңдер. Мемлекеттің этникалық құрамы және «ноғай» атауының шығуы туралы айтып беріңдер.

Өзбектердің жерін иелене бастаған ноғайларға Әбілқайыр неліктен қарсылық көрсетпеді?

Ноғай Ордасының мемлекеттік құрылымын сипаттаңдар.

Ноғай Ордасы бірнеше ұлыстан құралды. Ұлыстар басында мырзалар (түркі тайпаларының басшылары) тұрды. Мырзалар өз иеліктерінде шексіз билікке ие болды. Қатардағы көшпелілер – малшылар өздерінің мырзаларына салық төлеуге, әскери жорық кезінде өз қаруымен келуге міндетті еді.


Үлкен кеңес жоғарғы билік болып табылды, оған ақсүйектер мен Едіге ұрпақтары енді. Кеңес соғыс пен бейбітшілік мәселелерін шешті. Едіге ұрпақтарынан мемлекет басшысы *биді* сайлады. Би бүкіл атқарушы және сот билігіне ие болды. Бұдан басқа ісқағазын жүргізіп, тұрғындардан салық жинауды реттейтін арнайы басқару жүйесі жұмыс істеді.

Ноғай ақсүйек қауымының малы қисапсыз көп еді. Олар жайылымдар мен аң аулау аймақтарын өз ықпалында ұстады. Мұның бәрі рулық қауымның меншігі саналатын.

XVI ғасырдың басында Ноғай Ордасында құлдырау кезеңі басталды. XVI ғасырдың 50-жылдары (Қазан және Астрахан хандықтары Ресейге қосылғаннан кейін) Ноғай Ордасы бірнеше дербес иеліктерге бөлінді. Маңғыттардың билігінде тек Жайық бойы аймақтары ғана қалды. Ноғай Ордасындағы көшпелі рулардың бір бөлігі Кіші жүз құрамына енді. Енді бір бөлігі ноғай халқының негізін қалады.

Орданы мекендеген тайпалар қазақ халқының этникалық қалыптасуында маңызды рөл атқарды. Шоқан Уәлиханов ноғайлар мен қазақтарды «екі туысқан Орда» деп атады.

Едіге, Қамбар батыр, Ер Тарғын және басқа батырларға арналған көптеген эпостар Ноғай Ордасы өркендеу дәуірінің белгісі болып табылады.



**МОНҒОЛ ШАПҚЫНШЫЛЫҒЫНАН
КЕЙІНГІ ҚАЛЫПТАСҚАН МЕМЛЕКЕТТЕР**

№9 ҚАРТА



Ноғай Ордасы ыдырағаннан кейін оның құрамындағы тайпалар қандай бірлестіктерге енді? Ноғай Ордасында билердің рөлі қандай еді?

Сібір хандығы. Батыс Сібір мен Солтүстік Қазақстан жерлері Жошы ұлысының құрамына еніп, Шайбани әулетіне тиесілі болды.

Сібір хандығының халқын түркі тілдес тайпалар құрады. Орталығы Чимги-Тура (қазіргі Түмен қаласы), XV ғасырдың соңында Іскер қаласы саналды.

Әбілқайыр хандығы құлағаннан кейін дербес Сібір хандығы орнықты. Бұл хандық Қазақстанның солтүстік-шығыс бөлігін де қамтыды.

Хандықтың негізін Шайбани ұрпағы Ибақ хан қалады. Оның тұсында Сібір хандығы қазақ хандары Керей, Жәнібекпен және орыс патшасымен достық, одақтастық туралы келісім жасап, сауда қатынастарын орнатты. Алайда Ибақ хан өлгеннен кейін мемлекетте жергілікті ақсүйектер қауымы – түркілік тайбұға әулеті (негізін салушы – Тайбұға) басымдыққа ие болды. Тайбұға әулетінен жоғары билікті иеленген Сібір мырзалары шықты.

1563 жылы хандықтағы билік Шайбани ұрпағы Көшімге көшті. Алайда ол сыртқы саясатты өзгертіп, ноғайлар мен қазақ жерлеріне басқыншылық шабуылдар жасады, Орыс мемлекетімен қарым-қатынасты үзді.

143-беттегі картадан Сібір хандығының аумағын көрсетіңдер. Мемлекеттің этникалық құрамының ерекшеліктерін анықтаңдар.

1581–1583 жылдары атаман Ермак бастаған орыс казактары Іскер қаласы мен Көшімнің иеліктерін басып алды. XVI ғасырдың соңында орыс әскерлері Сібірдің соңғы ханы Көшімді жеңіліске ұшыратты. Ресей өзіне Батыс Сібір жерін қосып алды. Бұрынғы Сібір хандығының дала тайпалары Қазақ хандығының құрамына енді.



1. Ашық тест тапсырмалары

- 1.1. Ноғай Ордасының негізгі жер аумағы _____ мен _____ аралығы, орталығы _____ қаласы болды.
- 1.2. Сарайшық қаласының негізін _____ ғасырдың екінші жартысында Жошы ұрпақтары қалады.
- 1.3. Ноғай Ордасындағы биліктің жоғарғы органы _____ кеңес болды.
- 1.4. Батыс Сібір мен Солтүстік Қазақстан жерлері _____ ұлысының құрамына енді.



2. Жабық тест тапсырмалары

- 2.1. Алтын Орда құлап, Ақ Орданың әлсіреуі барысында құрылған мемлекет

- А) Ақ Орда
 - Ә) Ноғай Ордасы
 - Б) Көшпелі өзбектер мемлекеті
 - В) Моғолстан
 - Г) Өмір Темір мемлекеті
- 2.2. Ноғай Ордасы Алтын Ордадан бөліне бастаған кезде ел басқарған билеуші
- А) Поладшы
 - Ә) Өмір Темір
 - Б) Ноғай
 - В) Едіге
 - Г) Бату
- 2.3. Сібір хандығының XV ғасырдың соңындағы орталығы
- А) Баласағұн
 - Ә) Чимги-Тура
 - Б) Отырар
 - В) Іскер
 - Г) Суяб

Алтыншы тарау бойынша

ҚАЙТАЛАУ-ЖИНАҚТАУ САБАҒЫ

1. Оқулық материалдарын негізге ала отырып, Шыңғысхан басқыншылықтарының саяси және экономикалық себептерін анықтаңдар.
2. Шыңғысханның жеңістері мен монғолдардың жаулап алған жерлерде ұзақ уақыт үстемдік етуіне ықпал еткен себептерді анықтаңдар.
3. Сендердің пікірлеріңше, Шыңғысхан біртұтас биліктің жақтасы бола отырып, неліктен өз мемлекетін ұлыстарға бөлді? Қай жерде қандай ұлыстар құрылды?
4. Өмір Темір өз иелігінің шаруашылығын дамытумен бірге барлық көрші елдердің экономикасын күйзелтті, түркі әлемін, оның ішінде Осман империясын күйретті» деген пікірге көзқарасыңды білдір.
5. Өмір Поладшы Тоғылық Темірдің Шыңғысхан ұрпағы ретінде жоғары билік құқығына, яғни оның маңына жекелеген тайпаларды ғана емес, бүкіл аймақты біріктіре алуға болатындығына сенді. Өмір Поладшының хан тағына Шыңғысхан ұрпағын отырғызғанын дұрыс деп ойлайсыңдар ма?
6. Моғолстанның негізгі билеушілерін атаңдар, олардың сыртқы саясатының бағыттарын сипаттаңдар.
7. Ноғай Ордасының бөлектенуіне ықпал еткен және кедергі жасаған жайттарды атаңдар.
8. Алтын Орданың мемлекеттік құрылымына сипаттама беріңдер. Түрік қағанатынан ерекшеліктері мен өзгешеліктерін түсіндіріңдер.



Сәйкестікке арналған тест тапсырмалары

1.	Тарихи оқиғалар	Жылдары
	А) Монғол мемлекетінің құрылуы Ә) Монғолдардың бүкіл Қазақстан аумағын жаулап алуы Б) Бату ханның Еуропаға жорығы В) Алтын Орданың құрылуы	1. 1219–1224 жылдар 2. 1206 жыл 3. 1243 жыл 4. 1236–1242 жылдар
2.	Саяси іс-әрекеттер	Билеушілер
	А) Әмір Темір бодандығын қабылдаған моғол ханы Ә) Моғолстан билеушілері әулетінің негізін қалады Б) Ноғай Ордасын қалыптастырды В) Ақ Орданы күшейтіп, біршама нығайтты	1. Тоғылық Темір 2. Қызыр Қожа 3. Едіге 4. Ұрұс хан

Оқиғалардың ретін анықтауға арналған тест тапсырмалары

I. Оқиғаларды ретімен орналастырыңдар:

- 1) Монғол әскерінің Қытай жеріне басып кіруі
- 2) Шыңғысханның наймандарды талқандауы
- 3) монғолдардың Оңтүстік Қазақстан жеріне басып кіруі
- 4) монғолдардың Жетісуға басып кіруі

II. Оқиғаларды ретімен орналастырыңдар:

- 1) Ислам Алтын Орданың мемлекеттік діні болып жарияланды
- 2) монғол сауда керуенінің Отырарда тоналуы
- 3) Батудың Еуропаға жорығы
- 4) Монғолдардың Сырдария бойы қалаларын жаулап алуы

III. Хандардың билік етуі ретін анықтаңдар:

- 1) Өзбек
- 2) Тоқтамыс
- 3) Бату
- 4) Берке

Шығармашылық тапсырма

Монғол шапқыншылығының салдары жайлы өз пікірлеріңді білдіріңдер.

Жетінші тарау

ХІІІ–ХV ҒАСЫРДЫҢ БІРІНШІ ЖАРТЫСЫНДАҒЫ МЕМЛЕКЕТТЕРДІҢ САЯСИ ҚҰРЫЛЫМЫ, ЭКОНОМИКАСЫ ЖӘНЕ МӘДЕНИЕТІ

§35.

ХІІІ–ХV ҒАСЫРДЫҢ БІРІНШІ ЖАРТЫСЫНДАҒЫ МЕМЛЕКЕТТЕРДІҢ ҚОҒАМДЫҚ ЖӘНЕ САЯСИ ҚҰРЫЛЫМЫ

Тақырыпты оқығаннан кейін:

- Алтын Орда, Ақ Орда, Моғолстан, Әбілқайыр хандығы, Ноғай Ордасы қоғамдық және саяси құрылымының ерекшеліктерін;
- Монғол кезеңінен кейінгі мемлекеттердің саяси құрылымындағы ортақ белгілерді анықтай аласыңдар.

Әлеуметтік-саяси жағдай. Монғолдар бағындырған елдерде тек Шыңғысхан ұрпақтары ғана хан бола алды.

Шыңғысхан ұрпақтарының билік ету құқығы дәстүрге енді. Шыңғысхан ұрпақтары өз алдына оқшауланған жоғары билік әулетін құрды. Хан болу құқығы тек Шыңғысхан ұрпақтарында сақталды. Тек солар ханды сайлап, одан ант қабылдады. Хан әулетінің мүшесін сотқа ханның өзі ғана тарта алды.

Хан мемлекетті басқарды. Ол өзінің қол астындағылар мен әскеріне балаларындай қамқорлық жасауға міндетті болды. Ал олар мемлекет басшысын «өз әкесі» деп есептеуге тиіс еді. Хан билігі белгілі құқықтарды және бірқатар міндеттерді атқарумен айқындалды. Ханның мынадай бес құқығы мен міндеті болды:

Шыңғысханның шығу тегіне Орталық Азия мен Қазақстанда қандай мән берілді?

1. Ханның барлық жерге, елдің бүкіл аумағына билік ету құқығы; басты міндеті – елді сыртқы жаулардан қорғау.
2. Ханға соғыс жариялау және бітім жасау құқығы берілді, ол – әскердің жоғары қолбасшысы.
3. Ханға шет мемлекеттермен келісім жасау және мемлекеттің сыртқы саяси бағытын анықтау құқығы берілді.



Құрылтай. Қ. Әжібекұлы

4. Ханға өз қол астындағы адамды өлім жазасына кесу немесе тірі қалдыру құқығы берілді, ол жоғары сот міндетін де атқарды.

5. Ханға қоғамның барлық мүшелеріне міндетті заңдар, бұйрықтар шығару құқығы беріліп, ол қоғамдық құрылым мен тәртіпті сақтады.

Ханның кеңесшілері *уәзірлер*, билік органы *құрылтай* болды.

Ақ Ордадағы, Әбілқайыр хандығы мен Моғолстандағы түркі тайпаларының басшыларын *әмірлер*, ал Ноғай Ордасындағыларды *билер* деп атады. Мемлекет тағының мұрагерін тәрбиелеуші *атабекке* үлкен мән берілді.

Хан билігін қандай құқықтар мен міндеттер айқындады?

Жерді пайдалану және салықтар. Ұлыстық жүйе көшпелілерге жайылымдар мен суат көздері бар жер аумағының болуына мүмкіндік берді. Бұл ұлыстық бірлестіктердің өзара қақтығыстарын болдырмады.

Билеуші әулеттің барлық мүшелерінде ұлыс аумақтарын иелену құқығы болды. Рулық-тайпалық топтарды басқарған ақсүйектер жеріне ешкім қол сұқпайтын ерекше құқық беретін *тархан* лауазымын алды.

Деректерде жер иелену мен жер меншігінің басқа түрлері де атап көрсетілген. Шыңғысхан ұрпақтарының тұрғындарымен бірге алған жерлері *інжу*, дін қызметшілері мен мұсылман діни мекемелерінің жері *вақф* деп аталды.

Иқта және *сойырғал* сияқты басқа да жер иеліктерінің түрлері болды. Мұндай жерлер мұрагерлікке берілмеді. Мәселен, сойырғал көшпелі

ақсүйек қауымының отырықшы-егінші тұрғындарға үстемдігін бекітті. Бұл жерлер ханға адал қызмет еткен әскерилер мен көсемдерге берілді, сатқындық жасаған жағдайда қайтарып алынды.

Көшпелі аймақтарда малға жекеменшік орнады, ал жайылымдарды қауым болып пайдаланды.

Қатардағы көшпелілер мен жер иеленушілер *хан* мен ақсүйек қауымына салық төледі. Отырықшы егіншілікпен айналысатындар және қала тұрғындары – *құшыр, хараж, баж* салықтарын төлеуге міндетті болды. Көшпелі малшыларға салық *зекет* пен *соғым* түрінде салынды.

Тұрғындар салықтардан басқа әскери, көлік, пошта және т.б. міндет-ерліктерді атқарған.



Оқиға куәгерлері мен тарихшылардың деректері

«Ханның шешімі мен жарлығын өзгерту дәстүрде болған жоқ, – деп жазады Рашид-ад-дин, – мұндай әрекет жасаған адам қылмыскер болып табылды...»

Монғол ханының билігіне Плато Карпини былай сипаттама береді: «Бұл татар императорының барлығының үстінен қарайтын ғажайып билігі бар. Егер де император рұқсат бермесе, ешкім қандай да бір елде тұра алмайды. Оның өзі көсемдердің қайда болу керектігін көрсетеді, көсемдер болса мыңдықтарға, мыңдықтар – жүздіктерге, жүздіктер – ондықтарға әмір етеді. Бұдан басқа әміршінің соғысқа немесе бейбіт өмірге қатысты бұйрықтарының барлығына олар еш қарсылықсыз бағынады...»

Рашид-ад-дин мен Плато Карпини деректерінен хан билігі туралы қандай мәліметтер алдыңдар?



1. Ашық тест тапсырмалары

- 1.1. Монғолдар бағындырған елдерде тек _____ ұрпағы ғана хан бола алды.
- 1.2. Ханның кеңесшілері _____, билік органы _____ болды.
- 1.3. Шыңғысхан ұрпақтарының тұрғындарымен бірге алған жерлері _____ деп аталды.
- 1.4. Ақ Орда, Өбілқайыр хандығы және Моғолстандағы түркі тайпаларының басшыларын _____ деп атады.
- 1.5. Жер иеленушілерден алынған салық _____.
- 1.6. Көшпелі малшылардан алынған салықтар _____ және _____.
- 1.7. Ханға адал қызмет еткен әскерилер мен көсемдерге берілген жерлер _____ және _____ деп аталды. Бұл жерлер мұрагерлікке берілмеді.



2. Жабық тест тапсырмалары

- 2.1. Рулық-тайпалық топтарды басқарған ақсүйек қауымының алған жеріне берілген ерекше құқығы



- А) сойырғал
 Ә) тархандық
 Б) вақф
 В) мильж
 Г) харадж
- 2.2. Дін қызметшілері мен мұсылман діни мекемелерінің қарамағындағы жер атауы
 А) иқта
 Ә) тархандық
 Б) сойырғал
 В) вақф
 Г) харадж
- 2.3. Жер иелену түрі – сойырғалдың ерекшеліктері
 1) ханға адал қызмет еткен адамдарға берілді
 2) мұрагерлік жолмен берілді
 3) Шыңғыс ұрпақтарына тиесілі болды
 4) хан өулетінің мүшелеріне тарту етілді
 5) мұрагерлік жолмен берілмеді
 6) хан пайдасына салық жинады
 7) өз пайдасына салық жинады
 8) дін иелеріне тиесілі болды

§36.

ХІІІ–ХV ҒАСЫРДЫҢ БІРІНШІ ЖАРТЫСЫНДАҒЫ МЕМЛЕКЕТТЕРДІҢ ЭКОНОМИКАСЫ

Тақырыпты оқу барысында:

- монғол және монғол кезеңінен кейінгі мемлекеттер экономикалық дамуының ортақ белгілері мен шаруашылық өмірінің ерекшеліктерін және олардың Қазақстан тарихы үшін маңызын анықтайсыңдар;
- осының алдындағы дәуірлерден ХІV–ХV ғасырлардағы материалдық мәдениетте не сақталғанын білесіңдер және біздің кезең үшін бұл мәдениеттің құндылығын қарастырасыңдар.

Экономиканың дамуы. Монғол шапқыншылығынан кейін шаруашылық қайта жанданды. ХІІІ ғасырдың соңында көптеген қалалар мен егіншілік кәсібі қайта қалпына келе бастады.

1269 жылы Талас жағасында Шағатай ұрпақтары мемлекетіндегі көшпелі ақсүйек қауымының құрылтайы өтті. Онда отырықшы халықтың өміріне араласпауға, белгіленген салықпен қанағаттануға шешім қабылданды. Осының нәтижесінде Мауараннахрдағы және Жетісудың оңтүстік-батысындағы қала өмірі жанданды.

Әсіресе шаруашылықты жүргізуде ұлы хан Мөңке саясатының игі ықпалы болды. Мөңке хан бұрыннан келе жатқан қалыпты емес алым-салық түрлерін алып тастап, ортақ *жан басы* салығын енгізді. Оның жүргізген ақша реформасының да ерекше маңызы болды. Барлық ірі қалаларда алтын динарлар, күміс дирхемдер және мыс фельстер шығарылды.

Келесі реформаны Кебек хан жүргізді. Жаңа күміс теңге – «кебек» ішкі және сыртқы сауданың жандануына ықпал етті.

Жаңа қала орталықтарының пайда болуы Қазақстан аумағы арқылы Азиядан Еуропаға баратын керуен жолдарының дамуына әкелді. Керуен жолдары абаттандырыла бастады. Алтын Орда хандарының бұйрықтары бойынша керуен жолдары күзетілді, құдықтар қазылды, керуен сарайлар салынды. Орталықтандырылған мемлекетте сауда қауіпсіз және пайдалы болды.

XIV–XV ғасырларда қала және егіншілік кәсібі дамыған өңір негізінен Оңтүстік Қазақстан болды. Монғолдар тыйым салған қамал қабырғалар мен бекіністер қайта қалпына келтірілді. Қалаларда қолөнер өндірісі дамыды.

Алтын Ордадағы қала өмірі XIV ғасырдың басында одан әрі өркендей түсті. Исламды мемлекеттік дін ретінде қабылдағаннан кейін қалаларда мешіттер, медреселер, сарайлар салына бастады. Діни ғимараттар мен кесенелер салу ісі кеңінен тарады.

Қожа Ахмет Ясауи жерленген жерге тұрғызылған кесене – сәулет кешені XIV–XV ғасырлардағы ең маңызды ғимарат болды. Ол Әмір Темірдің бұйрығымен Ясы (Түркістан) қаласында салынды. Кесене экономиканың дамығандығының және қала өмірі көркеюінің айқын көрінісі саналады.


Монғол билеушілері өздеріне бағынған жерлерде сауда мен экономиканы дамыту үшін қандай шешімдер қабылдады? Қандай реформалар ішкі және сыртқы сауданы жандандыруға ықпал етті?

Отырардағы Арыстан баб кесенесі (XIV ғасыр) орта ғасырлардағы белгілі сәулет ескерткіштерінің бірі болып табылады.

Қалаларда қолөнер, зергерлік, шыны жасау, тері өңдеу т.б. кәсіптер мен сауда ісінің дамуы экономиканың өркендей бастағанын көрсетті.

Дәстүрлі шаруашылық. Көшпелі шаруашылық XIII–XV ғасырларда айтарлықтай өзгерістерге ұшыраған жоқ. Осы кезеңде ауа райы өзгерістеріне байланысты дәстүрлі көші-қон бағыттарының ауысуы бас-






Қожа Ахмет Ясауи кесенесі

Монғол шапқыншылығынан кейін шаруашылықтың қалпына келе бастағандығын қандай деректер айқындайды?

талды. Көшпелілер малға қолайлы қыстау іздеп, Еділдің шығысынан Жетісуға қарай жылжыды.

Жетісудағы көшпелі малшаруашылығы жергілікті тұрғындардың басты кәсібіне айналды. Егіншілік Шу және Талас өзендерінің алқаптарында сақталып қалды.

Малшылардың егінші тұрғындармен өзара сауда айырбасы оңтүстікте қалалардың өсуіне, далалы өңірлерде малшаруашылығының дамуына игі әсер етті.



Арба үстіндегі үйлер

Көшпелі халықтың киімі мен баспанасында ерекше өзгерістер болған жоқ. Дәстүрлі киіз үйлер мен арба үстіндегі үйлер тұрмыста пайдаланыла берді. Алтын Орданың отырықшы аудандарында шикі кірпіштен салынған тұрғын үйлер көптеп бой көтерді.



1. Ашық тест тапсырмалары

- 1.1. Қалалар мен егіншілік өңірлер _____ ғасырдың соңынан бастап қалпына келтіріле бастады.
- 1.2. Ауа райының өзгеруіне байланысты көшпелілер қолайлы қыстаулар іздеп, _____ шығысынан _____ қарай жылжыды.



2. Жабық тест тапсырмалары

- 2.1. XIV–XV ғасырларда қала өмірі және егіншілік дамыған өңір
 - А) Оңтүстік Қазақстан
 - Ә) Жетісу
 - Б) Мауараннахр
 - В) Шығыс Қазақстан
 - Г) Батыс Қазақстан
- 2.2. Қожа Ахмет Ясауи кесенесі орналасқан қала
 - А) Баласағұн
 - Ә) Мерке
 - Б) Түркістан
 - В) Суяб
 - Г) Сауран

§37.

XIII–XV ҒАСЫРДЫҢ БІРІНШІ ЖАРТЫСЫНДА РУХАНИ МӘДЕНИЕТТІҢ ДАМУЫ

Тақырыпты оқу барысында:

- XIII–XV ғасырлардағы Қазақстанның рухани мәдениетінің дамуымен танысасыңдар;
- тәңіршілдіктің белгілері неліктен сақталғандығын білесіңдер;
- «Кодекс куманикус» сөздігінің халықаралық байланыстардағы рөлін;
- Дешті Қыпшақта ауыз әдебиетінің үлкен маңызға ие болғандығының себебін анықтайсыңдар.

Дін. XIII–XV ғасырдың басындағы діни түсініктер әралуандығымен ерекшеленді. Көшпелілер арасында тәңіршілдік сақталды. Сонымен бірге ислам анағұрлым кең таралды.

Көшпелілер исламды қабылдағанымен, Тәңірге табынушылықтың бірқатар әдет-ғұрыптарын сақтап қалды. Көшпелілерде ата-баба рухына



сиыну да сақталды. Алайда ислам Оңтүстік Қазақстанның отырықшы бөлігінде үстем дінге айнала бастады.

Тіл мен жазу. XIII–XIV ғасырларда түркі тілі одан әрі дами түсті.

Бату хан тұсында-ақ барлық мемлекеттік құжаттар қыпшақ тілінде жүргізілді. XIII–XIV ғасырларда осы тілде көптеген әдеби ескерткіштер жазылды, халық ауыз әдебиеті дамыды.

Қыпшақ тілін үйрену қажеттілігіне байланысты көптеген еңбектер жарық көрді.

«Кодекс куманикус» («Құмандар кітабы», яғни қыпшақтар кітабы) XIV ғасырдың басындағы бірегей қыпшақ тілі ескерткіші болып табылады. Қолжазба Петрарка кітапханасынан табылған, қазір Венецияда сақтаулы. Кітап еуропалықтардың қыпшақ тілін үйренуіне арналды. Сонымен бірге «Кодекс» қазіргі қазақ мақал-мәтелдеріне және жұмбақтарына ұқсас қыпшақ мақал-мәтелдері мен жұмбақтарын бізге жеткізуімен де құнды.

Бұдан басқа да қыпшақ тілін үйренуге арналған көптеген еңбектер белгілі. Мәселен, XIV–XV ғасырларда «Түркі тілі туралы түсіндірме кітап», «Түркі тілін үйренушілер үшін толық жинақ» т.б. жазылды.

Ғылым мен әдебиеттің дамуы. XIII–XV ғасырдың басында Қазақстан аумағында ғылым дамыды. Жамал Қаршидың араб тілінде жазылған та-

рихи трактаттары белгілі. Оның еңбектерінде өз заманындағы көптеген қалалар, жергілікті әулеттер, билеушілер, белгілі ғалымдар туралы құнды деректер бар.

XIII–XV ғасырларда қыпшақтар мен олардың тіліне арналған еңбектердің пайда болу себебін анықтаңдар. «Кодекс куманикус» кітабы біз үшін несімен құнды? Ол қандай мақсатта жазылған?

Алтын Орда мемлекетінің дамуы XIII–XIV ғасырларда қыпшақ тіліндегі жазба әдебиетінің өркендеуіне ықпал етті. Олардың арасында діни еңбектер, парсы және араб тілдерінен аудармалар, сондай-ақ кеңінен тараған шығыс аңыздары басым болды.

Біздің заманымызға қыпшақ тілінде жазылған және қазақтар арасында кеңінен таралған «Қисса сул-әнбия» шығармасы жетті. Мұнда пайғамбарлар туралы аңыздар мен әңгімелер, мифтер, өлең-жырлар жинақталған.

«XIII–XV ғасырлардағы ғылым мен әдебиеттің дамуы» тақырыбы бойынша әңгіме жоспарын құрыңдар.

Өзірбайжан ақыны Низамидің «Хұсрау мен Шырын» поэмасы шығыста кеңінен танымал болды. Оны Құтыб атты ақын қыпшақ тіліне аударды.

Алтын Орда дәуірінің әдебиетінде Хорезмидің «Мұхаббатнама» поэмасы маңызды орын алады.

Поэмада әділеттілік, адамгершілік туралы баяндалады.

Ауыз әдебиеті. Дешті Қыпшақта жыраулар шығармашылығы дамыды. Халық бірлігі идеясын, Отанға деген сүйіспеншілікті жырлаған Сыпыра жырау, Қодан тайшы және Асанқайғы есімдері кеңінен белгілі.

Жырау, күйші, аңыз кейіпкері Кетбұғаның шығармалары халық арасында кең тарады. Ол сөз өнерінің дамуына ерекше ықпал етті. Халық аңыздары Жошы өлімі туралы жырды Кетбұға шығармашылығына жатқызады.

XIV ғасырдағы Сыпыра жырау ел бірлігін көздеді. Жырау халықты бірлікке шақырып, жаулаушы жақтарды бітістіріп отырды. Сыпыра жырау шығармашылығы өзінен кейінгі замандардағы басқа қазақ ақындарына үлгі-өнеге болды.

Қодан Тайшы мен Асанқайғы XV ғасырда өмір сүрді. Қодан Тайшы – дала жұртына белгілі жырау, ақын. Ол Әбілқайыр ханнан бөлініп, дербес ел болуды ойлаған. Ұрұс ханның ұрпақтары Керей мен Жәнібек сұлтандарды белсенді түрде қолдады.

Сол замандағы белгілі қазақ жырауы Асанқайғы тарихи оқиғаларға баға беріп, болашақты болжай білді. Қазақ хандығының тұңғыш жырауы атанған Асанқайғы өз жырларында халықты бірлікке, бабалар өсиетіне адалдыққа шақырды. Асанқайғының жырлары мен ол туралы аңыздар қазақ халқының арасында әлі күнге дейін айтылып келеді.

XIII–XIV ғасырлардағы эпостарда Алтын Ордада өткен оқиғалар көрініс тапты. Мәселен, «Қобыланды батыр» жырында елді басқыншылардан қорғау, ер-азаматтардың батырлық істері баяндалады. Атақты батыр, ел билеуші Едігенің ерлік істері «Едіге батыр» эпосына негіз болды. «Ер Сайын» эпосында Ноғайлы дәуіріндегі батырлар жорықтары айтылады.



«Кодекс куманикус» кітабының мұқабасы

Асанқайғы, Сыпыра жырау және Қодан тайшы шығармашылығының қазақ халқының рухани мәдениетін дамытудағы маңызын көрсетіңдер. «Әдебиет» пәнінен қандай батырлар жырын оқығандарыңды еске түсіріңдер.

Сонымен, біз XIII–XV ғасыр басы Қазақстан тұрғындарының материалдық, рухани мәдениетінің өркендеу кезеңі болғанын көреміз. Бұл кезеңнің мемлекеттері әдебиет пен ғылымның дамуына қолайлы жағдайлар жасады.



1. Ашық тест тапсырмалары

- 1.1. XIII–XV ғасыр басында көшпелілер арасында _____ діні сақталды.
- 1.2. Көшпелілерде _____ рухына сиыну да сақталды.
- 1.3. Бату хан тұсында барлық мемлекеттік құжаттар _____ тілінде жүргізілді.
- 1.4. XIII–XV ғасырдың басында Қазақстан аумағында _____ әдебиеті дамыды.
- 1.5. Қодан жырау _____ мен _____ сұлтандарды белсенді түрде қолдады.



2. Жабық тест тапсырмалары

- 2.1. XIII–XIV ғасырлардағы әдеби ескерткіштер мен халық ауыз әдебиетінің тілі

А) өзбек тілі	В) қыпшақ тілі
Ә) ұйғыр тілі	Г) қазақ тілі
Б) ноғай тілі	
- 2.2. Қыпшақ тіліндегі жазба әдебиетінің өркендеген кезеңі

А) XV–XVI ғасырлар	В) XVI–XVII ғасырлар
Ә) XIV–XV ғасырлар	Г) XVII–XVIII ғасырлар
Б) XIII–XIV ғасырлар	
- 2.3. Өзінбайжан ақыны Низамидің шығыста кең тараған поэмасы

А) «Қыз Жібек»	В) «Хұсрау мен Шырын»
Ә) «Мұхаббатнама»	Г) «Айман–Шолпан»
Б) «Едіге батыр»	

ҚАЙТАЛАУ-ЖИНАҚТАУ САБАҒЫ

Екінші бөлімге қорытынды

Қайталау-жинақтау сабағы барысында:

- XIII–XV ғасырлардағы саяси үдерістерге, Монғол империясының Қазақстан тарихындағы рөліне баға бересіңдер;
- XIII–XV ғасырлардағы Қазақстан аумағындағы мемлекеттердің әлеуметтік-экономикалық және мәдени дамуы мен сыртқы саясатының өзіне тән белгілерін анықтайсыңдар;
- мемлекеттердің этноәлеуметтік құрылымы мен басқару жүйесінің ерекшеліктерімен танысасыңдар;
- ортағасырлық мемлекеттер ыдырауының негізгі және жанама себептерін, тарихи ұғымдар мен даталарды еске түсіресіңдер;
- күй, аңыз, шежіре, эпостық жырлардың тарихи дереккөз ретіндегі маңызын атап көрсетіп, көшпелілердің қолданбалы өнер жетістіктерін сипаттайсыңдар.

Монғол шапқыншылығының орасан зор көлемде әскери-саяси және рухани күйзеліс әкелуімен бірге кейбір жағымды жақтары да болды.

Тарихта алғаш рет бір әулеттің қол астына Еуразияның түрлі тайпалары мен халықтары, елдері мен мемлекеттері біріктірілді.

Монғол билік орындары халықаралық байланыстар мен сауданың дамуына ықпал етті, барлық жерде жаппай пошта қызметінің

жүйесін енгізді. Бұрын шалғай орналасқан халықтар арасында сауда және мәдени байланыстар орнатылды. Ұлыстар аумағы бойынша сауда керуендері, елшілік өкілдіктер еш кедергісіз өтті, саяхатшылар алыс өлкелерге аттанды.

Монғолдар дала өлкесіне орталықтандырылған билік идеясын енгізді, бұрынғы бытыраңқы тайпаларды біріктірді. Мемлекеттілікті ұйымдастыру түрлері монғол дәуірінен кейін құрылған елдерде пайдаланылды.

Шыңғысханның «Жасақ» әдет-құқығы қазақтың «Жеті жарғы» заңдар жинағын дайындау кезінде қолданылды. Монғол басқыншылығы Қазақстан аумағындағы этникалық үдерістердің дамуына ықпал етті.

Алып Монғол империясы ұзақ өмір сүре алмай, XIII ғасырдың екінші жартысында бірқатар ұлыс-мемлекеттерге ыдырады. Алтын Орда (Жошы ұлысы) мен Шағатай ұлысының құлауы барысында бірнеше жаңа түркі мемлекеттері дүниеге келді. Ақ Орда, Әбілқайыр хандығы, Моғолстан, Ноғай Ордасы, Сібір хандығының пайда болуы Қазақ хандығының құрылуы мен қалыптасуында маңызды кезең болды.

Шыңғысханмен бірге келген монғол тайпалары уақыт өте келе өздері бағындырған халықтардың тілі мен дінін қабылдады. Қытай аумағындағы монғолдар қытайланды. Шығыс Еуропа аумағындағылар шығыс славяндармен араласып кетті. XIV ғасырға қарай қыпшақ даласында монғолдар толықтай түркіленді.

XIV–XV ғасырларда түркі тілдес тайпалардан құралған қазақ халқының қалыптасу үдерісі аяқталды. Монғол шапқыншылығының ауыр экономикалық салдары біртіндеп жойылды: егіншілік, қала өмірі, қолөнер қайта өркендеді, сауда байланыстары қалпына келтірілді.

Біз XIII–XV ғасырлар күйзелістер кезеңі ғана емес, материалдық және рухани мәдениеттің одан әрі өркендеген кезеңі де болғанын көреміз. Қазақ халқы рухани мәдениетінің дамуына үлкен үлес қосқан көптеген әдеби шығармалар дүниеге келді.


«XIII–XV ғасырлардың бірінші жартысындағы Қазақстан» кестесімен жұмыс.



Тәжірибелік тапсырмалар:

1. Монғол шапқыншылығынан кейінгі Қазақстан аумағында құрылған мемлекеттердің реті мен сабақтастығы және олардың Қазақстан тарихында алатын орнын анықтаңдар.
2. XIII–XV ғасырдың бірінші жартысындағы мемлекеттердің саяси құрылымы, шаруашылығы мен мәдениетіне талдау жасаңдар.

XIII–XV ҒАСЫРДЫҢ БІРІНШІ ЖАРТЫСЫНДАҒЫ ҚАЗАҚСТАН



XV–XVII ҒАСЫРЛАРДАҒЫ ҚАЗАҚ
ХАНДЫҒЫ

Сегізінші тарау

БІРТҰТАС ҚАЗАҚ МЕМЛЕКЕТІНІҢ ҚҰРЫЛУЫ

§38–39.

ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ ЭТНОГЕНЕЗИ

Тақырыпты оқу барысында:

- қазақ халқының құрылуына ықпал еткен жағдайларды анықтайсыңдар;
- Қазақстан аумағындағы этникалық үрдістерге сипаттама бересіңдер;
- қазақ халқы қалыптасуының негізгі кезеңдерін, «қазақ» этнонимінің мағынасын білетін боласыңдар.

Этнос пен этногенез. «Этнос» гректің «ethnos» – «халық» сөзінен шыққан. «*Этногенез*» ұғымы халықтың құрылу үдерісін білдіреді. Қазақ халқы шығу тегінің тарихы (этногенезі) өте күрделі.

Кез келген этностың қалыптасуында қоныстанған аумақтың тұтастығы маңызды рөл атқарады. Адамдардың ортақ белгілері, тілі мен мәдениеті болу үшін олар бір-бірімен үздіксіз және ұзақ қарым-қатынас жасауы тиіс. Ал бұл біртұтас аумақтағы тайпалардың бірігуі жағдайында ғана жүзеге асады.

Этнос, антропология, этникалық сана-сезім, этноним ұғымдарын еске түсіріңдер.

Этносты қалыптастыруға қажетті жағдайларды атаңдар.

Қазақстан аумағында ғасырлар бойы көптеген тайпалар мен халықтардың тағдыры тоғысты. XV–XVI ғасырларда қазақ халқының және оның этникалық аумағының қалыптасу үдерісі негізінен аяқталды.

Қазақ халқының қалыптасу кезеңдері. Қазақстан аумағындағы халықтың құрылу үрдісін **үндіеуропалық** және **түркілік** кезеңдерге бөлуге болады.

Бірінші кезең қола және ерте темір дәуірлерін қамтиды. Бұл кезеңде Қазақстанның ғана емес, Еуразияның біраз бөлігінің тұрғындары үндіеуропалық тіл тобына кірді. Тайпалардың сыртқы келбетінен еуропалық белгілер айқын білінді.

Қазақ халқының этникалық негізін анықтаңдар.

Қазақстан жерінде қола дәуірінде өмір сүрген андрон тайпалары – қазақтардың ертедегі ата-бабалары. Олар қазақ халқы қалыптасуының негізін қалады.

Қазақстан аумағындағы ерте темір дәуірін зерттеу нәтижесі бұл кезеңде бүкіл аймақ тұрғындары бұрынғыша еуропа өңдес болғандығын көрсетті.

Алайда ерте темір дәуірі кезеңінде Қазақстанның ежелгі тайпаларының келбетіне монғол өңдес белгілер ене бастады. Бұл Қазақстан аумағына ғұндардың қоныс аударуымен байланысты еді.

Қазақстандағы этникалық үдерістердің **екінші кезеңі** түркілердің б.з.-дың бірінші мыңжылдығы ортасынан бастап жаппай қоныстануымен байланысты.

Қазақстан аумағында бірнеше түркі мемлекеттерінің құрылуы тұрғындардың келбетінде монғол тектес белгілердің көбеюіне және түркі тілінің таралуына ықпал етті.

Ортағасырлық мемлекеттерде халықтардың шоғырлануы күшейді.

Мәселен, Қарахан мемлекеті аумағында Жетісу, Оңтүстік Қазақстан мен Орталық Азияның бірқатар тұрғындары бірікті.

XIII ғасырдың басындағы тұрғындардың бірігуіне ықпал еткен себептерді анықтаңдар.

XIII ғасырдың басына қарай тұрғындардың бірігу үдерісіне, біріншіден, ерте феодалдық мемлекеттердің құрылуы; екіншіден, шаруашылық пен мәдениеттің ортақтығы; үшіншіден, түркі тілінің басымдық етуі;

төртіншіден, көшпелі малшаруашылығының, отырықшы-егіншілік пен қала мәдениетінің дамуы ықпал етті.

Қазақстан аумағында түрлі кезеңде өмір сүрген андрондықтар, сақ, үйсін, қаңлы, ғұн, түркі тайпалары (түргеш, қарлұқ, оғыз, қимақ, қыпшақ, найман, арғындар т.б.) қазақ ұлысының этникалық негізін құрады.

Этностың қалыптасу үдерісі монғол шапқыншылығына байланысты тежелді. Тұрғындардың біраз бөлігі жойылды немесе Қазақстан аумағынан тыс жерлерге ығыстырылды. Түркі тайпаларының қалған бөлігі Жошы, Шағатай, Үгедей ұлыстары сияқты жаңа мемлекеттік құрылымдар аумағында бір-бірінен ажырап қалды.

Қазақ халқының қалыптасуына қандай тайпалар негіз болды?

Қазақ халқы қалыптасуының аяқталуы. Қазақстан аумағындағы тайпалар мен халықтардың одан әрі

бірігу үдерісі монғол кезеңінен кейінгі Ақ Орда, Әбілқайыр хандығы, Ноғай Ордасы және Моғолстан мемлекеттерінің тарихымен байланысты. Олар этникалық жағынан жақын тайпалардың аумақтарын біріктіріп, барлық өмір саласында өзара ықпалдасу үрдісін жүргізді. Бұл мемлекеттер тайпалардың ортақ экономикасы мен мәдениетінің дамуын қамтамасыз етті.

Көшпелі малшаруашылығы мен егінші және қала мәдениеті арасында өзара тиімді қарым-қатынас орнады. Соның нәтижесінде шаруашылықтың түрлі салаларынан тұратын ортақ экономикалық аймақ құрылды. Тұрғындардың тұрақты шаруашылық, мәдени, саяси байланыстары нығайып, ортақ этникалық белгілері орныға бастады.

Монғол шапқыншылығының қазақ халқының қалыптасуына тигізген әсерін анықтаңдар.

XIV–XV ғасырларда *қазақ тілі* қалыптасты. Тұрғындар бірыңғай антропологиялық түрге ие болды.

XV ғасырдың екінші жартысы – XVI ғасырда негізгі түркі тайпаларының біртұтас Қазақ хандығына бірігуімен қазақ халқының қалыптасуы аяқталады. Монғол шапқыншылығынан кейін Шығыс Дешті Қыпшақ, Жетісу мен Оңтүстік Қазақстанның барлық дерлік түркі тайпалары алғаш рет ортақ мемлекетке бірікті.

«Қазақ» термині. Халық өзінің қазіргі атын неліктен осылай атаған? Орысты – орыс, украинды – украин, қазақты – қазақ деп атауда қандай сыр бар? «Қазақ» этнонимін анықтау зерттеушілер арасында көп тартысқа әкелді. Халық атауының шығуы туралы көптеген аңыздар бар.

Қазақ хандығы тарихын зерттеушілердің пікірінше, қазақ – түркі сөзі. Бастапқыда ол *ерікті*, *еркін* деген мағынада қолданылды. «Қазақ» сөзі өз ортасынан немесе мемлекетінен бөлектеніп, тәуелсіз өмір сүрген еркін адамдарды білдірген.

XV ғасырдың ортасында, 1459–1460 жылдары Жәнібек пен Керей сұлтандар бастаған тайпалар Өзбек ұлысынан Жетісуға көшті. Бұл оқиға қазақ халқының қалыптасу үдерісінде ерекше маңызды рөл атқарды.

Жәнібек пен Керей хандығының нығаюымен, оларға бағынышты тұрғындардың барлығы **қазақтар** деп атала бастады. «Қазақ» термині біртіндеп Шығыс Дешті Қыпшақ, Жетісу мен Оңтүстік Қазақстанның халқын атау үшін қолданылды.



«Қазақ» атауының шығу тарихын айтыңдар.

XVI ғасыр басында шайбанилықтар Әмір Темір ұрпақтары мемлекетін жаулап алғаннан кейін «өзбек» этнонимі Шығыс Дешті Қыпшақ аумағында ғана емес, Орталық Азия жерінде де қолданысқа енді. «Қазақ» атауын біртіндеп Қазақстан аумағында тұрған барлық түркі тілдес тайпалар қабылдады.

Сонымен, VI ғасырдың ортасынан басталған Орталық Азия кеңістігіндегі түркілердің қатысуымен өткен этникалық үдерістер мың жылға жуық жалғасты. Соның нәтижесінде қазақ этносы қалыптасып, **Ұлы Дала тұрғындары** қазақ атала бастады.



1. Ашық тест тапсырмалары

- 1.1. *Этногенез* ұғымы _____ құрылу үдерісін білдіреді.
- 1.2. Қазақстан аумағындағы этникалық үдерістер _____ және _____ кезеңдерге бөлінеді.
- 1.3. Қола және темір дәуірлерінде Қазақстан мен Еуразияның біраз бөлігінің тұрғындары _____ тіл тобына енді.



2. Жабық тест тапсырмалары

- 2.1. Қазақ халқы мен оның этникалық аумағының қалыптасу үдерісі аяқталған мерзім
 - А) XIII–XIV ғасырлар
 - Ә) XVI–XVII ғасырлар
 - Б) XV–XVI ғасырлар
 - В) XII–XIII ғасырлар
 - Г) XIV–XV ғасырлар
- 2.2. Қазақстандағы этникалық үдерістердің екінші кезеңіне әсер еткен тайпа
 - А) ғұндар
 - Ә) түркілер
 - Б) монғолдар
 - В) арабтар
 - Г) қыпшақтар
- 2.3. Этностың қалыптасу үдерісін тежеген жағдай
 - А) монғол шапқыншылығы
 - Ә) араб басқыншылығы
 - Б) түрік басқыншылығы
 - В) ғұндардың қоныс аударуы
 - Г) жоңғар шапқыншылығы
- 2.4. Қазақстан аумағындағы тайпалардың бірігу үдерісіне әсер еткен, монғол кезеңінен кейін құрылған мемлекеттер

1) Әбілқайыр хандығы	5) Батыс Түрік қағанаты
2) Ноғай Ордасы	6) Қарлұқ қағанаты
3) Ақ Орда	7) Қарахан мемлекеті
4) Түргеш қағанаты	8) Моғолстан

Тақырыпты оқу барысында:

- Ұлы Даладағы Қазақ хандығы құрылуының алғышарттары мен барысын, тарихи маңызын білесіңдер;
- Қазақ хандары саясатының негізгі бағыттарын анықтайсыңдар;
- Қазақ хандығының құрылуы туралы М.Х. Дулатидің «Тарих-и-Рашиди» еңбегімен танысасыңдар.

Қазақ хандығы құрылуының алғышарттары.

Қазақ мемлекеті шығу тегі, өмір сүру салты және мәдениеті жағынан ұқсас түркі тілдес тайпалардың бірігуі нәтижесінде құрылды.

Қазақ халқы мемлекеттілігінің дамуында Ақ Орда, Моғолстан, Әбілқайыр хандығы, Ноғай Ордасының құрылуы маңызды кезең болды. Бұл мемлекеттерде ұлыстық жүйе, хандық билік, қарулы күштерді құру мен салық жүйесі ортақ еді.

Қазақ хандығының құрылуы XV ғасырдың екінші жартысында құлдырауды бастан кешірген екі мемлекет – Әбілқайыр хандығы (Көшпелі өзбектер мемлекеті) мен Моғолстанның ішкі саяси жағдайымен байланысты болды.

Қазақ хандығының қалыптасуы Шығыс Дешті Қыпшақ, Жетісу мен Оңтүстік Қазақстан аумағындағы экономикалық және саяси үдерістердің заңды нәтижесі болып табылды.

Қазақ мемлекетінің құрылуы Керей мен Жәнібек сұлтандардың есімдерімен байланысты. Олардың жаңа хандықтың іргесін бекіту жолындағы күресі рулық ақсүйек қауымының да, қатардағы көшпелілер мен егіншілердің де мүдделеріне сәйкес келді. Олар халықтың дербес мемлекет құруға ұмтылысын білдірді. Бұл жағдай дербес қазақ мемлекеттілігін қалыптастырудың нақты себебі болып табылды.

Мемлекет дегеніміз не? Қазақстан аумағында қандай мемлекеттер өмір сүргенін еске түсіріңдер.

Әбілқайыр хандығы мен Моғолстанның құлау себебін еске түсіріңдер.



Керей хан.
Суретші Н. Қарымсақов

Қазақ хандығы құрылуының экономикалық, саяси, этникалық және мәдени алғышарттарын айтыңдар.



Жәнібек хан.
Суретші Ә. Бұхарбаев

Қазақ мемлекетінің құрылу үдерісі. Керей мен Жәнібек Әбілқайыр хандығы әлсіреген кезде Көшпелі өзбектер мемлекетінен көшіп кетті. Бұл сұлтандар қарсылығының бір түрі еді. Хандық билік дала ақсүйек қауымының мүдделеріне қарсы келіп немесе оның құқықтарын шектеген кезде бағыныштылар билеушісін тастап кетеді. Өз мемлекетінен кетуге түрлі себептер: өзара қырқыстар, басшының жағымсыз қасиеттері, билеушінің кек алуынан қауіп және т.б. әсер етеді.

Әбілқайыр хан билігінің құлдырауына және Керей мен Жәнібектің көшіп кетуіне не себеп болды? **1457 жылы** Сығанақ маңында Әбілқайыр ойраттардан жеңілді. Осыдан кейін оның беделі мүлдем түсті. Хан ойраттардың баса-көктеп кіруінен зардап шеккен иеліктерін ретке келтіру үшін алым-салықты өсірді. Бұл қол астындағылардың қарсылығын тудырып, мемлекеттің құлауына әкелді.

Хан саясатына қарсы ру-тайпалардың басында Керей мен Жәнібек тұрды. Халықтың басым бөлігі Керей, Жәнібекпен бірге Батыс Жетісуға көшіп кетті.

Моғолстан ханы Есенбұғаның сұлтандарға достық көзқарасының себептері: *біріншіден*, Есенбұғаның сол кезде солтүстік көршілерінің жылжуына қарсы тұрарлықтай мүмкіндігі болмады. *Екіншіден*, Есенбұға өзінің иеліктерін қазақ сұлтандарының Әбілқайыр ханнан және ойраттардан қорғай алатынына сенді. *Үшіншіден*, Есенбұға өз билігін нығайту мақсатында «Керей мен Жәнібектің келуін жақсылыққа жорыды». Есенбұға «мәртебелі ханзадаларды игі ниетпен және құрметпен қарсы алып, оларға Моғолстанның батыс бөлігін», Шу мен Талас өзендері алқаптарын берді.

Моғолстан ханы Есенбұға неліктен Керей мен Жәнібекті қабылдап, оларға жер берді?

Үрүс ханның ұрпақтары Моғолстанға көшіп кетті, кейін Әбілқайыр хандығынан келушілер саны 200 мың адамға жетті. Керей мен Жәнібектің жаңа келгендер есебінен күшеюі, Моғолстанның әлсіреуі, XV ғасырдың ортасында ойраттардың тегеурінін тежеу қажеттілігі қазақ сұлтандарына өз мемлекетін құру міндетін қойды.

Шу мен Талас алқаптарында **1465 жылы** Қазақ хандығы жарияланды, оның алғашқы ханы **Керей**, ордасы Қозыбасы болды. 2015 жылы Ұлы Далада құрылған Қазақ хандығының 550 жылдығы атап өтіліп, оны бабалар рухының қайта түлеп, жаңғыруы деп қабылдадық. Қазақ хандығының 550 жылдық мерекесі – мемлекетіміздің ерекше қуаты мен еркіндігінің, абырой-беделінің, азат рухының нышаны болып табылады.

Өз алдына дербес хандық құрған **Керей мен Жәнібектің күшеюі** Әбілқайырды қауіптендірді. Сол себепті көшпелі өзбектер басшысы Моғолстанға жорыққа шығуға дайындалды. Бұл туралы Махмұд ибн Уәлидің шығармасында айтылған. «Көп әскер жиналғаны соншалық, бүкіл дала салт аттылардың мұндай санына таршылық еткендей болды. Әскер Жетіқұдық мекеніне келіп тоқтаған кезде нөсер жауын құйып, қалың қар түсті, оның соңы қатты аязға ұласып, Әбілқайыр әскерінің іс-қимылын тежеді. 1468 жылы Әбілқайыр ауырып, қайтыс болды».

Қазақ хандығы қашан құрылды? Аумағын көрсетіңдер. Керей мен Жәнібек ханның соңынан ерген халық санының көбею себептерін түсіндіріңдер.

Әбілқайыр өлімінен кейін Көшпелі өзбектер мемлекетіндегі саяси дағдарыс ерекше шиеленісті. «Өзбек хандарының иеліктерінде берекесіздік пайда болды», – деп жазады Ибн Рузбихан. 1469–1470 жылдары Керей мен Жәнібек өздерінің қазақтарымен бірге Моғолстаннан Дешті Қыпшаққа оралып, Ұлы Даладағы саяси билік үшін күресті бастады. Әбілқайыр хан мұрагерлері бұл соғыста толық жеңілді.


Қазақ хандығы дербес мемлекет ретінде саяси сахнаға шықты.

Шығыс Дешті Қыпшақтағы билік Үрүс хан ұрпақтарының қолына өтті. Осы уақыттан бастап «қазақ» сөзі толықтай қазіргі қазақ халқының атауына айналды.

Керей мен Жәнібек негізін қалаған Қазақ хандығы осылай құрылды. Керей хан мен Жәнібек ханның жерленген жерлері белгісіз. Бірақ олар халық есінде мәңгі сақталып қалды.

Сырдария қалалары үшін күрес. XV ғасырдың соңғы ширегінде Керей мен Жәнібек Қазақ хандығын басқыншылардан қорғауға мәжбүр болды, көрші ойрат тайпаларының шапқыншылықтарына тойтарыс берді, Сырдария бойындағы қалалар үшін Мұхаммед

Алғашқы қазақ хандарының саяси міндеттерін анықтаңдар.



Шайбанимен, маңғыт әмірлері және ортаазиялық билеушілермен кескілескен күрес жүргізді.

Керей мен Жәнібектің жүргізген белсенді саясаты нәтижесінде Қазақ хандығының жер аумағы біршама кеңейді. Өзінің құрамына Орталық Қазақстан аймақтарын, Батыс Жетісу аумағын, Сырдарияның төменгі ағысын қосып алды. Алайда мықты мемлекет құру үшін Сырдария бойындағы жерлер қажет еді. Бұл аумақтың экономикалық және стратегиялық маңызы зор болатын.

Далалық және отырықшы аймақ тұрғындары үшін Сырдария бойындағы қалалар сауда-экономикалық және саяси-әкімшілік орталық саналды. Сырдария аймағы көшпелі тайпаларға қысқы жайылым ретінде де қажет болды.

Қазақ хандары ел тәуелсіздігін сақтап қалу үшін кімдермен соғысты?



Оқиға куәгерлері мен тарихшылардың деректері

Қазақ мемлекетінің құрылуы туралы Мұхаммед Хайдар былай деп жазады: «Ол кезде Дешті Қыпшақта Әбілқайыр хан билік етті. Жәнібек пен Керей одан кетіп, Моғолстанға келді. Есенбұға хан шын көңілмен қарсы алып, оларға Шу мен Қозыбасы аумағын берді. Олар осында болған кезде Өзбек ұлысы Әбілқайыр хан өлгеннен кейін әбігерге түсті. Онда үлкен қырқыстар басталды. Әбілқайыр ханның қол астындағы адамдардың үлкен бөлігі Керей хан мен Жәнібек ханға барып қосылды. Осылайша олардың маңына жиналған адамдар саны екі жүз мыңға жетті. Олар өзбек-қазақтар деп аталды. Қазақ сұлтандарының билігі сегіз жүз жетпісінші жылдан (яғни 1465 жыл) басталады».

«Жәнібек хан мен Керей хан, – деп жазады Махмұд ибн Уәли, – сол аумақта (яғни Моғолстанда) ұзақ тоқтаған кезде Әбілқайыр ханды ұнатпаған адамдардың қай-қайсысы болсын, олардан пана тапты».

Ортағасырлық авторлар Керей мен Жәнібектің Моғолстанға келуін қалай түсіндіреді?



1. Ашық тест тапсырмалары

- 1.1. Қазақ мемлекеттілігінің құрылуы _____ мен _____ есімдерімен байланысты.
- 1.2. Есенбұға Керей мен Жәнібекке _____ мен _____ өзендері алқаптарын берді.



2. Жабық тест тапсырмалары

- 2.1. Ақ Орда, Әбілқайыр хандығы, Моғолстан мен Ноғай Ордасының саяси құрылымындағы ортақ ерекшеліктер



- 1) ұлыстық жүйе
 - 2) тұрақты әскер
 - 3) қарулы күштерді құру жүйесі
 - 4) салық жүйесі
 - 5) қағандық билік
 - 6) хандық билік
 - 7) жүздік жүйе
 - 8) салық жүйесінің болмауы
- 2.2. XV ғасырдың екінші жартысында құлдырауды бастан кешкен екі мемлекет
- 1) Әбілқайыр хандығы
 - 2) Моғолстан
 - 3) Ақ Орда
 - 4) Ноғай Ордасы
 - 5) Әмір Темір мемлекеті
 - 6) Түргеш мемлекеті
 - 7) Шағатай мемлекеті
 - 8) Шайбанилер мемлекеті
- 2.3. Әбілқайыр мемлекетінің құлауына әсер еткен 1457 жылғы жеңілістің себепкері
- A) Ноғай Ордасы
 - Ә) Алтын Орда
 - B) Ақ Орда
 - B) ойраттар
 - Г) Моғолстан

§42.

XV ҒАСЫРДЫҢ СОҢЫ – XVI ҒАСЫРДЫҢ БАСЫНДА ҚАЗАҚ ЖЕРІНІҢ БІРІҚТІРІЛУІ

Тақырыпты оқу барысында:

- XV ғасырдың соңы – XVI ғасырдың басындағы Қазақ хандығының саясатын, қазақ хандарының мемлекетті нығайтудағы рөлін білетін боласыңдар;
- қазақ билеушісі Бұрындық ханның қызметіне баға бересіңдер.

Қазақ хандығы үшін Сырдария бойы аумағының маңызын анықтаңдар.

Сыртқы саяси жағдай. XV ғасырдың соңы – XVI ғасырдың басындағы Қазақ хандығы сыртқы саясатының басты міндеті – Сырдария бойы аумағына өз билігін орнату болды.

XV ғасырдың 80-жылдарынан бастап Сырдария бойындағы қалалар үшін күрес қазақтар мен моғол және шайбанилер арасында жүрді. Күрес ауыспалы жетістіктермен өтті де, XV ғасырдың соңына қарай Сырдария алқабы өзара бөліске түсті.

Шайбанилықтар билікті жоғалтқанымен, саяси күресін тоқтатқан жоқ. Шайбанилықтарды басқаруға Әбілқайырдың немересі Мұхаммед Шайбани келді. Ол Әбілқайыр ұрпақтарының Шығыс Дешті Қыпшақтағы билігін қалпына келтіруге ұмтылды. Алайда Мұхаммед Шайбани өз атасының хандығын қалпына келтіре алмады. Қазақ билеушілері сарбаздарының санымен ғана емес, жергілікті тұрғындардың басым бөлігі қолдағандықтан да қуатты еді.

Мұхаммед Шайбани XV ғасырдың 70-жылдарының басында өз жақтастарын жинап, Сырдарияға жорықты бастады. Бастапқы кезде Мұхаммед Шайбани үшін бәрі сәтті болды, ол Сығанақты басып алды, бірақ оның жетістігі осымен аяқталды. Әскери іс-қимылдардың нәтижесін Керейдің ұлы – Бұрындық сұлтан қолбасшылық еткен әскер шешті. Мұхаммед Шайбани әскері толық талқандалды.

Әбілқайыр хан өулетінің билігін қалпына келтіруден үміті үзілген Мұхаммед Шайбани өз әскерімен оңтүстікке жылжыды. Өмір Темір ұрпақтарының әлсірегендігін пайдаланып, Самарқанды, Бұхараны және бірнеше маңызды қалаларды басып алды.

Өмір Темір ұрпақтарынан билікті тартып алған Мауараннахрдың жаңа иелері Қазақ хандығының күшеюіне жол бермеуге тырысты. XVI ғасырдың бірінші он жылдығы қазақтардың Мұхаммед Шайбаниға қарсы күресімен сипатталады.

1509–1510 жылдары Мұхаммед Шайбани Керей мен Жәнібектің мұрагерлеріне қарсы бірқатар жеңісті жорық жасады. 1510 жылдың басында болған соңғы жорық ол үшін сәтсіз аяқталды. Сығанақ түбінде Қасым сұлтанның әскерінен жеңіліс тапты. Мұхаммед Шайбани бұдан кейін Иран шахы Исмаилмен соғысады. **1510 жылы** Мерв түбіндегі шайқаста Мұхаммед Шайбани әскері жеңіліп, оның өзі өлтіріледі. Шайбанилықтардың иеліктері екі мемлекетке бөлінеді. Аймақтағы осылайша өзгерген жағдай Қазақ хандығының күшейіп, оның билігінің оңтүстікте таралуына қолайлы мүмкіндік туғызды.

XV ғасырдың екінші жартысында Қазақ хандығының нығайып, оның аумағының кеңеюіне ықпал еткен оқиғаларды сипаттаңдар.



XVI ғасырдың басындағы қазақтар. М.В. Гореликтің жаңғыртпасы

XV ғасырдың соңы – XVI ғасырдың басында Орталық Азия мен Қазақстан халықтары өмірінде маңызды оқиғалар орын алды. Осы бетбұрысты кезеңде Қазақ хандығын басқару Бұрындық хан (шамамен 1474–1511 жылдар) мен Қасым ханның (1511–1518 жылдар) үлесіне тиді.

Қазақ хандары мен Мұхаммед Шайбани арасындағы күрес туралы әңгіме дайындаңдар.

Бұрындық хан Керейдің үлкен ұлы болатын. Деректерде XV ғасырдың 70-жылдарының ортасындағы оқиғаларды сипаттаған кезде-ақ ол хан аталады, яғни шамамен 1474 жылдан бастап билік құрған.

Бұрындық хан үздіксіз күреске толы кезеңде ел басқарды. Ол Керей мен Жәнібектің өсиеттеріне адал болды. Олар негізін салған мемлекетті сақтап, нығайтуға тырысты. Әскери жорықтарды өзі бастап, шайқаста бірнеше рет жараланды. Тарихшылар Бұрындық ханды Қазақ хандығы қалыптасу кезеңіндегі ең мықты мемлекет басшысы ретінде сипаттайды. «Кез келген уақытта, – деп жазды Ибн Рузбихан, – Бұрындық хан

Деректерде Бұрындық хан туралы не айтылған?

қазақ ұлысына: «аттарыңа мініңдер, жауға аттанамыз» деп бұйрық берген мезетте жер қайысқан қол жиналған». Бұрындық хан Жетісудың, Орталық Қазақстанның көшпелі тайпаларын біріктіре алды.

Бұрындық 30 жылдан астам уақыт бойы хан болды, бірақ жоғары билікті өмірінің соңына дейін ұстап тұра алмады. Тарихи деректерде оның тағдыры туралы қайғылы әңгіме сақталған. Мұхаммед Хайдардың айтуынша, 1509–1510 жылдарға қарай Бұрындық хан саналса да Жәнібектің ұлы Қасымның ықпалы зор болды, бүкіл билік Қасым сұлтанның қолында еді. Хандықтың ең беделді екі адамы арасындағы бәсекелестік құдіретті де жігерлі сұлтанның жеңісімен аяқталды. «Тарих-и-Рашиди» еңбегінде Бұрындық өзіне жақын топпен бірге Самарқанға кеткендігі айтылады.



1. Ашық тест тапсырмалары

- 1.1. Шайбанилықтарды басқаруға Әбілқайырдың немересі _____ келді.
- 1.2. Шайбанилықтар Мерв түбіндегі шайқаста жеңіліп, _____ бөлінді.



2. Жабық тест тапсырмалары

- 2.1. 1500 жылы Мұхаммед Шайбанидің табысқа жетуінің себебі – оған қарсылас әулеттің әлсіреуі. Бұл әулет

- А) Жошы әулеті
 Ә) аштархандықтар әулеті
 Б) саманилер әулеті
 В) салжұқтар әулеті
 Г) Әмір Темір ұрпақтары әулеті
- 2.2. 1510 жылы Қасым сұлтанның Мұхаммед Шайбани әскерін талқандаған қала маңы
- А) Отырар
 Ә) Ашнас
 Б) Тараз
 В) Бұхара
 Г) Сығанақ

§43.

ҚАСЫМ ХАННЫҢ (1511–1518 жылдар) ІШКІ ЖӘНЕ СЫРТҚЫ САЯСАТЫ

Тақырыпты оқу барысында:

- Қасым хан саясатының негізгі бағыттарын, мемлекетті нығайтудағы рөлін анықтайсыңдар;
- Қасым хан билігі тұсындағы Қазақ хандығының ішкі және сыртқы жағдайына баға бересіңдер.

Қасым – Жәнібек ханның ұлы. XV ғасырдың соңы – XVI ғасырдың басындағы Қазақ хандығы өмірінде Қасымның орны ерекше. Қасым Қазақ мемлекетін нығайту кезеңінде билік етті.

«Даланың нағыз ұлы ретінде үлкенді сыйлау дәстүрін ұстанған Қасым сұлтан бастапқыда Бұрындық ханға барлық жағынан бағынды», – деп жазады Мұхаммед Хайдар. Қасым сұлтан деректерде алғашында Бұрындық ханның «белгілі сұлтаны, атты әскер басшысының бірі» ретінде айтылады.

Бұрындық хандық құрған соңғы жылдары Мұхаммед Хайдардың айтуынша, Қасым өзін Бұрындықтан алысырақ ұстауға тырысты. Себебі «жақын болып тиісті құрмет көрсету дәстүрін сақтамаса, бұл ханға қарсылық білдіргендік еді, ал ол бағынуды қаламады». XVI ғасырдың басына қарай Қасым «әлі хан лауазымын қабылдаған жоқ, бірақ оның билігінің зор болғандығы соншалықты, ешкім Бұрындық ханды есіне алмады».

1511 жылы қартайған Бұрындықты Самарқанға шығарып салғаннан кейін ғана Қасым мемлекетті басқару міндетін және хан лауазымын қолына алады. «Тарих-и-Рашидиде» айтылғандай, «Қасым хан Жошы ханнан кейін ешкім жете

Қасым мен Бұрындық арасында өзара тартыстың болмау себебін қалай түсіндіресіңдер?

алмаған бүкіл Дешті Қыпшақтағы қуатты әміршіге айналып, даңқы мен құдіреті артты».

Сол уақыттан бастап XIX ғасырда хандық билік жойылғанға дейін Қазақ даласындағы билік Жәнібек ұрпақтарының қолында болды.

Тарихи деректер Қасымның қандай жеке қасиеттері туралы айтады?

Сыртқы саясаты. Қасым хан Сырдария бойындағы жерлерге жорық жасады. 1513 жылы қазақ әскерлері Сайрамға келді. Қала билеушісі қаланы ұрыссыз берді. Сәтті соғыс қимылдары мен көрші ел билеушілерінің өзара қырқыстарын тиімді пайдалану нәтижесінде қазақ ханының қол астына Сырдария бойындағы бірқатар қалалар өтті.

Қасым Қазақ хандығының Батыс Жетісу мен Оңтүстік Қазақстандағы ықпалын күшейтті. Ол өзінің сыртқы саясатында Ноғай Ордасына зор мән берді.

Маңғыт жұрты ол кезде ауыр дағдарысты бастан кешті. Мырзалар, рубасылары билік үшін өзара күресті. Қасымның белсенді әрекеттері ноғай мырзаларын Жайықтан ары Еділге қарай алысқа көшіп кетуге мәжбүр етті. Маңғыт жұрты ру-тайпаларының бір бөлігі қазақ хандарының қол астына өтті. Қасым Қазақ хандығының аумағын батысында Жайықтың арғы бетіне дейін жеткізді.

Қасым ханның моғол билеушілерімен қарым-қатынастары сәтті жүрді. Моғолстанның негізгі бөлігі Жетісу Қазақ хандығының құрамына қосылды. Моғол хандары қазақ ханымен одақ құруға ұмтылды.

Қасым хан кең-байтақ дала кеңістігіне өз үстемдігін орнатты. Хандықтың шегаралары Сырдарияның сол жағалауы мен Жетісудың біраз бөлігін қамтыды, солтүстік-шығысында Ертіске дейін жетті.

Қасым ханның қазақ халқын біріктіріп, мемлекетті нығайтуға сіңірген еңбегіне баға беріңдер.

Деректерге сәйкес, Қазақ хандығы аумағын кеңейту мәселесін Қасым хан қарулы күреспен де, саяси жолмен де шешті. Бұған Ресей мұрағаттарынан алынған дипломатиялық құжаттар дәлел бола алады. Қазақ хандығы біртіндеп сол кездегі халықаралық қатынастарға тартылды.

Қасым хан тұсында Қазақ хандығы мен Мәскеу мемлекеті арасында алғашқы байланыстар орнатылды. Осы кезде қазақтар тұңғыш рет Батыс Еуропаға белгілі болды. Қазақтар туралы деректер XVI ғасырдың бірінші жартысындағы неміс дипломаты жазбаларында кездеседі.

Қасымның ішкі саясаты. Қасым хандық билікті нығайтуда, салт-дәстүр мен заңдылықты сақтауда ірі табыстарға жетті. Қасым ханның қол астындағы халық саны Мұхаммед Хайдар деректеріне сөйкес, бір миллион адамнан асты. Ол 300 мың адамға дейін қарулы жауынгер шығара алды.

Мемлекетті нығайту үшін Қасым заң шығарды. Қасым ханның заңдары халық жадында «Қасым ханның қасқа жолы» деген атпен сақталып қалды. Бұл құқық жинағы бес негізгі бөлімнен тұрады:

1. *Мүліктік заң.* Оған жер, мал және мүлік дауларын шешу ережелері енді.

2. *Қылмыстық заң.* Мұнда қылмыстық істің түрлері мен оларға байланысты жазалар қарастырылды.

3. *Әскери заң.* Дала тұрғындарының соғыс кезінде әскер жасақтау жөніндегі міндеткерліктері, әскери міндет, жасақ құру қағидалары, әскери олжаны бөлу тәртібі айтылды.

4. *Елшілік салт ережесі.* Бұл бөлімде халықаралық құқық, елші этикеті қарастырылды.

5. *Жұртшылық заңы.* Бұл бөлім өзара көмекке, сондай-ақ мейрамдарды ұйымдастыру ережелері мен сарай тәртібіне арналды.

Қасым хан – Қазақ мемлекетінің аса көрнекті басшыларының бірі. «Өзінің игі іс-әрекеттерімен, қатаң ерік-жігерімен және саяси көрегендігімен» ол қазақ мемлекетінің абырой-беделінің артуына қол жеткізді. Оның тұсында басқа елдер Қасымға құрметпен қарады.


Мұхаммед Хайдардың деректеріне сөйкес, Қасым хан 1518 жылы Сарайшық қаласында дүниесалып, сонда жерленді.

Қасым ханның мемлекетті нығайту үшін қандай шараларды жүзеге асырғандығы жайлы айтыңдар.



Оқиға куәгерлері мен тарихшылардың деректері

Қасым – бекзат адам. XVI ғасырдың басындағы Орталық Азия тарихшылары жазғандай: «Қазақ билеушілері Сауранды басып алып, Шайбани ханның інісі Махмұт сұлтанды отбасымен бірге қолға түсірді. Бұрындық хан бұрыннан жау болу себепті, оны өлтіруге бұйырды. Бірақ Қасым ол шешіммен келіспеді. Ол тұтқынды өлтіру туралы ниетінен қайтып қана қоймай, тіпті Махмұт сұлтанды босатып жіберді». Қазақ сұлтанының бұл әрекеті Шайбани хан тарихнамашыларын таңғалдырды, олар Қасымның кеңпейілділігін лайықты бағалады.



Қасым туралы Мұхаммед Хайдар және басқа да көптеген замандастары, мәселен, Ибн Рузбихан мен Бабыр жоғары пікір білдірді. Қасым ханға байланысты айтылған мадақтардың бірнеше үлгілерін келтірейік: «қазақтар арасында сол кездегі атақты жеңімпаз», «Қасым – қазақ атаулының көзі мен шырағы», «Қасым – Дешті Қыпшақтың аса көрнекті билеушілерінің бірі және сол кездегі аса құдіретті әмірші», «ол құдіреттілігімен даңқы шығып, барлық Дешті Қыпшақ билеушілері арасында өзінің ержүректілігімен және қол астындағы халқының санының көптігімен беделі артты».

Тарихи деректерде Қасым ханның жеке қасиеттері туралы не айтылған?



1. Ашық тест тапсырмалары

- 1.1. Қасым хан тұсында Қазақ ханының қол астына _____ бойындағы бірқатар қалалар өтті.
- 1.2. Қасым хан тұсында қазақ жерінің аумағы батысында _____ арғы жағына дейін жетті.
- 1.3. Тарихшы Мұхаммед Хайдар Қасым ханның қол астындағы халық саны _____ астам адам және әскері _____ мыңға дейін жауынгер болғандығын жазды.



2. Жабық тест тапсырмалары

- 2.1. XV ғасырдың соңы мен XVI ғасырдың басындағы Қазақ хандығының өйгілі билеушісі
 - А) Қасым хан
 - Ә) Абылай хан
 - Б) Бұрындық хан
 - В) Хақназар хан
 - Г) Есім хан
- 2.2. Қасым ханнан бастап хандық билік жойылғанға дейін Қазақ даласында билік еткен әулет
 - А) Керей әулеті
 - Ә) Жәнібек әулеті
 - Б) Бату әулеті
 - В) Әбілқайыр әулеті
 - Г) Өзбек хан әулеті
- 2.3. Қасым ханның кезінде ру-тайпаларының бір бөлігі Қазақ хандығының қол астына енген ел
 - А) Орыс мемлекеті
 - Ә) Ноғай Ордасы
 - Б) Сібір хандығы
 - В) Астрахан хандығы
 - Г) Қырым хандығы



§44.

ХАҚНАЗАР ХАН (1538–1580 жылдар) ТҮСЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ХАНДЫҒЫ

Тақырыпты оқу барысында:

- 1520–1580 жылдардағы Қазақ хандығының ішкі және сыртқы саяси жағдайын;
- Хақназар саясатының негізгі бағыттарын, мемлекетті нығайтудағы қызметін;
- Қасым хан мен Хақназардың саясатын салыстырып, олардың қызметіндегі ұқсастықтар мен айырмашылықтарды анықтай аласыңдар.

Мұхаммед Хайдар деректеріне сөйкес, 1518 жылы Қасым ханнан кейін таққа оның ұлы Мамаш отырды. Бірақ Мамаш хан 1522 жылғы шайқастардың бірінде қаза тапты.

XVI ғасырдың 20–30-жылдары Жәнібектің ұрпақтары Мамаш хан, Тахир хан, Бұйдаш және басқалары таққа отырды.

Бұл кезең көршілермен арадағы жиі-жиі соғыстармен, мемлекеттің негізгі аумағынан айырылуымен, Қазақ хандығының әлсіреуімен сипатталады. Қазақ билеушілеріне қарсы моғол және өзбек хандарының одағы қалыптасты. Мауараннахр өзбектерімен келісім жасаған моғолдар қазақтарға қарсы соғыс ашты.

Қазақ хандығының билеушілері өзбектерден, моғолдар мен ойраттардан бірнеше рет ірі жеңіліске ұшырады. Мамаш ханның өліміне байланысты үлкен дүрбелең туды, оған хандықтың барлық сұлтан әулеттері тартылды. «Тарих-и-Рашиди» еңбегінде: «Қазақ хандығында Мамаш хан өлгеннен кейін үлкен келіспеушілік басталды, Дешті Қыпшақ сұлтандары бір-бірімен ұзақ соғысты. Ең соңында **Тахир сұлтан** хан болып жарияланды», – деп жазады.

Тахир ақсүйектер қауымы және өз халқымен ортақ тіл табыса алмады. Тахирді жақсы білген Мұхаммед Хайдар: «ол табиғатынан мейірімсіз және қатал, еш пендеге сенбейтін адам болатын. Осыған байланысты сұлтандардың одан көңілдері қалды», – деп жазады. Халқы алдындағы беделінен айырылған Тахир хан шет жерде дүние салды.

Тахир ханға байланысты қандай тарихи қорытынды жасауға болады?

Хақназар хан (1538–1580). Қазақ хандығын қалпына келтіріп, оны нығайтудың жаңа кезеңі билікке Қасым ханның ұлы Хақназар сұлтанның келуімен байланысты болды. Ол Қазақстан тарихына жігерлі, күдіретті

билеуші ретінде енді. Хақназар хан анағұрлым терең ойластырылған саясат жүргізді.

Қасым қайтыс болған жылы жас Хақназар әкесінен хандық лауазымды әлі мұрагерлікке алмаған еді. Алайда біраз уақыт өткеннен кейін Хақназар қазақ тайпалары арасында өз беделі мен ықпалын нығайта білді.

Хақназар ханның сыртқы саясаты. Хақназар ханның бүкіл саяси қызметі қазақ қоғамын біріктіріп, өз елінің қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталды.

Хан тағына отырған Хақназар алғашында Қазақ хандығының Жайық жағасындағы жағдайын нығайтты. Ол жерлерден ноғай мырзаларын Еділдің арғы жағына ығыстырды.

XVI ғасырдың 50-жылдары Ноғай Ордасы бір-қатар маңызды өзгерістерді бастан кешірді. Маңғыт мырзаларының бір бөлігі орыс бодандығын қабылдағысы келсе, енді бір тобы қазақтарға қосылуды қалады. Хақназар XVI ғасырдың 60–70-жылдары Ноғай Ордасына қарсы жорықтар жасады. Ол Аралдың солтүстік бойы мен Жайық жерін қосып алды. Соның нәтижесінде ноғай руларының үлкен тобы Қазақ хандығының құрамына қосылды.

Билік басына Хақназар келген кезеңдегі саяси жағдайды сипаттаңдар.

XVI ғасырдың 60–70-жылдары Хақназар хан билігін башқұрт пен ноғайлардың кейбір руларына жүргізді. Олардан алым-салық жинап, өзін «қазақтар мен ноғайлардың ханы» атады. Оңтүстік көрші – қырғыздармен де осындай қатынас орнатты, тарихшылар оны «қазақ пен қырғыз ханы» деп те атайды.

Хақназар Сібір ханымен де күрес жүргізді. Оның қол астына бұрын Сібір хандығына енген рулардың басым бөлігі қарады.

Қазақ хандығының оңтүстік шегаралары да тынышсыз еді. XVI ғасырдың 70–80-жылдары аралығында Мауараннахрда Бұхара билеушісі шайбанилық Абдаллах басқарған мықты мемлекет құрылды. Хақназар хан онымен «достық және әскери одақ туралы ант беріскен келісім» жасайды. Бұл одақ Ташкенттің билеушісі Баба сұлтанға қарсы бағытталған болатын. Хақназар осы келісімге сәйкес Абдаллахтың Баба сұлтанмен соғысына қатысты.

Хақназар басқарған қазақ жасағы ташкенттік билеушіні Түркістан мен Саураннан ығыстырып, бұл жерлерді Қазақ хандығына



қосып алды. 1579 жылдың соңында Баба сұлтан келісім жүргізу үшін келген Хақназардың екі ұлын өлтіруге бұйрық берді. Ташкент билеушісімен арадағы қиян-кескі күрес барысында Хақназар **1580 жылы қаза тапты.**

Хақназар ханның сыртқы саясаты туралы айтыңдар.

Хақназар ханның қазақ тарихындағы рөлі. Хақназар Қасымнан кейін құлдыраған Қазақ хандығын біріктіріп қана қоймай, оның шегараларын кеңейте алды. Билігінің соңына қарай хандықтың шегаралары батысында Жайық бойымен, солтүстігінде Есіл бойымен, шығысында Балқаштың арғы жағымен өтті. Оңтүстігінде қазақ иеліктері Ташкентке жақындады.

Хақназар хан Мәскеу билеушісі Иван Грозныймен елшілік қарым-қатынас орнатты.

Хақназарды әкесі Қасым ханның саяси бағытын жалғастырушы деп есептеуге бола ма? Өз пікірлеріңді айтыңдар.

Хақназар билігі қазақ, башқұрт және ноғайлардың тарихында елеулі із қалдырды. Оның есімі қазақтарда ғана емес, башқұрттар мен ноғайлардың есінде де сақталған. Хақназардың ұлдары қазақ жерлері үшін ұрыста қазаға ұшырап, билік Жәнібектің басқа ұрпағына өтті. «Оның ұрпағы бұдан былай хандық етпеді», – деп атап өтеді XVII ғасырдың басындағы тарихшы Қадырғали Жалаири. Алайда Хақназар ханның арқасында хандық аумағы қалпына келтіріліп, кеңейтілді, Қа-

Хақназардың жеке тұлғасын сипаттаңдар. Неліктен «оның ұрпағы бұдан былай хандық етпеді»?

зақ мемлекеттілігі нығайды.



1. Ашық тест тапсырмалары

- 1.1. Қазақ хандығы жағдайының нығаюы Қасым ханның ұлы _____ сұлтанмен байланысты болды, ол _____ жылдары хандық құрды.
- 1.2. Хақназар хан Бұхара билеушісімен «достық және әскери одақ туралы ант беріскен келісім» жасайды, бұл одақ _____ билеушісі Баба сұлтанға қарсы бағытталды.



2. Жабық тест тапсырмалары

- 2.1. Тарихшылардың еңбектерінде аталған «қазақтар мен ноғайлардың ханы» және «қазақ пен қырғыз ханы»

- А) Абылай хан
- Ә) Есім хан
- Б) Хақназар хан
- В) Тәуке хан
- Г) Шығай хан

- 2.2. Хақназар билігінің соңына қарай Қазақ хандығының батыстағы шегарасы өткен аймақ
- А) Арал теңізі
 - Ә) Жайық бойы
 - Б) Каспий теңізі
 - В) Еділ өзені
 - Г) Есіл өзені
- 2.3. Хақназар билігінің соңына қарай Қазақ хандығының шығыстағы шегарасы өткен аймақ
- А) Каспий теңізі
 - Ә) Арал теңізі
 - Б) Балқаштың арғы жағы
 - В) Еділ өзені
 - Г) Есіл өзені

§45.

ТӘУЕКЕЛ ХАН (1583–1598 жылдар) БИЛІГІ. XVI ҒАСЫРДЫҢ СОҢЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ХАНДЫҒЫ

Тақырыпты оқу барысында:

- XVI ғасырдың соңындағы қазақ-өзбек қарым-қатынастары туралы білесіңдер;
- Тәуекелдің сыртқы саясатының негізгі бағыттарын анықтайсыңдар.

Шығай. Хақназар мен оның ұлдарының өлімінен кейін ақсүйек қауымының құрылтайында Жәнібектің немересі Шығай сұлтан 1580 жылы хан болып сайланды.

Шығай хан туралы толық деректерді Қадырғали Жалаири келтіреді. Ол Шығай хан мен оның батырлығы туралы аңыз «қазірге дейін халық жадында сақталғандығын» жазады.

Шығай ханның ұрпақтары көп болды. Бұл әулеттің өкілдері қазақ даласында екі ғасырдан астам уақыт бойы билік құрды. Қазақ хандығының жетістіктері мен күшеюі Шығай хан ұрпақтарының есімдерімен байланысты.

Тәуекел хан (1583–1598). XVI ғасырдың 80-жылдарының басында Шығайдың ұлы Тәуекел қазақтардың Ташкент билеушісі Баба сұлтанмен шайқасына қатысты. Қазақ сұлтаны Тәуекелдің батыл әрекеттеріне шайбанилықтар сарайында үлкен құрмет көрсетілді.

Шығай хан туралы деректерде не айтылған?

1582 жылы Тәуекел Баба сұлтанға қарсы шайқаста жеңіске жетті.

1583 жылдың жазында кезекті жорықтан кейін Бұхараға қайтып оралған Тәуекел Абдаллахтың «достық ниетінен» күмәнданып, Қазақ даласына кетеді. Тәуекелдің мұндай қадамға баруының себебі: *біріншіден*, ол Абдаллахтың ықпалында қалса, өз халқының тәуелсіз билеушісі бола алмайтын еді. *Екіншіден*, Баба сұлтанмен соғыстың аяқталуына байланысты бұхарлықтар мен қазақтардың ортақ жауы жойылған еді. *Үшіншіден*, қазақ сұлтандары енді Абдаллахты одақтас емес, Сырдария бойындағы қалаларды иелену жолындағы бәсекелес ретінде көрді. Тәуекел Абдаллахқа қарсы күресу мақсатында қол жинауға Мауараннахрдан кетіп қалады.

Тәуекелдің Мауараннахрдан Қазақ даласына қайтып оралу себептері туралы айтыңдар.

Тәуекел хандықты басқаруға қиын кезеңде келді. Бір жағынан, шайбанилық Абдаллах мықты одақтастың орнына қаһарлы жауға айналды. Екінші жағынан, қазақтардың моғол және ойраттармен қатынастары шиеленісіп кетті.

Сыртқы саясат. Тәуекел ханның XVI ғасыр соңындағы сыртқы саясатының басты бағыттары Сырдария бойы қалалары үшін және Сібір ханы Көшіммен күрес болды.

Тәуекел әскери жорықтары мен оңтайлы дипломатиясының арқасында қазақ жерінің аумағын кеңейтті. Ол ұлдарының бірін қарақалпақ руларының билеушісі, ал інісін қалмақтарды басқарушы етіп қойды. Қазақ ханы Қашғардағы Моғол мемлекетінің ішкі саясатына белсенді түрде араласты.

Тәуекел хан Сырдария бойындағы қалалар үшін Бұхар ханы Абдаллахпен алдағы күрес кезінде Ресей мемлекетінің қолдауын қалады. Осы мақсатпен 1594 жылы Мәскеуге елші жіберді. Елшіліктің мақсаты төмендегідей еді: Оразмұхаммед сұлтанды тұтқыннан босату, Мәскеу мемлекетімен әскери одақ келісімін жасау, орыс патшасынан «от қаруды» (оқ-дәрімен атылатын қару) алу.

Тәуекел ханның XVI ғасырдың соңындағы сыртқы саясатының негізгі бағыттарын анықтаңдар.

Қазақ елшілігі «Бұхар патшасымен ұрыс жүргізу» үшін «от қару» керек екендігін жеткізді. Ресей Бұхар және Сібір хандықтарымен Тәуекелдің өзі ғана соғысуын қалады. Қазақтар Бұхар хандығына қарсы бірлесіп күресу үшін Иран шахымен де әскери одақ құруға тырысты.

Сырдария бойы аймағы үшін күрес. Қазақ хандығы сыртқы саясатының басты бағыты Сырдария бойы қалалары үшін күрес еді.

Тәуекел хан Сырдария бойы қалаларына ие болу үшін күресте ерекше табандылық көрсетті. 1597–1598 жылдары Бұхар ханы мен Тәуекел әскері Ташкент пен Самарқан арасында кездесті. Бұхарлықтар ойсырай жеңілді.

Сыр бойы қалалары үшін күрес неліктен Тәуекел хан саясатының негізгі бағыты болды?

Тәуекел аз уақытта Сайрамды, Ташкентті, Түркістанды, Әндіжанды, Самарқанды басып алды. Алайда қазақтардың екпінді қимылына Бұхара қаласында тойтарыс берілді. Қала қорғаушылары шабуылға төтеп беріп, қазақтарды жеңіліске ұшыратты.

Тәуекел ханның Сыр бойы қалалары үшін күресі қандай нәтижемен аяқталды?

Бұхара түбіндегі шайқастардың бірінде Тәуекел хан ауыр жараланып, 1598 жылы қаза тапты. Біраз уақыт өткен соң оның мұрагері Есім хан Бұхарамен бейбіт келісім жасады. Қазақтар өздеріне Ташкент, Сайрам, Түркістан қалалары мен бірнеше басқа қамалдарды сақтап қалды. Самарқаннан бас тартып, қаланы Бұхар өміріне қайтарып берді.

Тәуекел хан талантты қолбасшы және іскер дипломат ретінде Орталық Азияға кеңінен танылды. Замандастарының айтуынша, ол сонымен бірге батырлығы, талантты қолбасшылығы, өзін-өзі ұстай білу өнегесімен ерекше көзге түсті. Абдаллах ханның сарай тарихшысы Тәуекел туралы: «ержүректігі мен батылдығы және ерлігі жағынан ол Дешті Қыпшақта даңққа бөленді» деп жазды.

Тәуекел хан сыртқы белсенді саясаты арқылы мынадай жетістіктерге қол жеткізді:

1. Сырдарияның орта ағысындағы қалалар қазақтардың қол астына өтті.
2. Орыс үкіметімен байланыстар орнады.
3. Қазақ хандығының ықпалы ноғайлар мен башқұрт елінің шегаралық аймақтарына таралды.
4. Сібір ханы Көшімнің иелігіндегі жерлер Қазақ хандығының құрамына қосылды.

Тәуекел ханның сыртқы саясатының нәтижелері туралы қорытынды жасаңдар.



1. Ашық тест тапсырмалары

- 1.1. XVI ғасырдың соңы мен одан кейінгі кезеңдегі Қазақ хандығының күшеюі _____ хан ұрпақтарының есімдерімен байланысты.
- 1.2. Тәуекел ханның сыртқы саясатының басты бағыты _____ бойы қалалары үшін күрес болды.
- 1.3. Тәуекел _____ түбінде ауыр жараланып, _____ жылы қайтыс болды.

**2. Жабық тест тапсырмалары**

2.1. Тәуекел хан XVI ғасырдың соңында Сырдария бойы қалалары үшін күрес жүргізді

- А) Сібір ханымен
- Ә) Бұхар ханымен
- Б) Хиуа әмірімен
- В) Қоқан ханымен
- Г) Жоңғар қонтайшысымен

2.2. Тәуекелге «от қару» беруге дайын екендігін айтып, бірақ одақтастық өрекеттерге уәде бермеген мемлекет

- А) Қытай
- Ә) Ресей
- Б) Жоңғар
- В) Қоқан
- Г) Хиуа

§46.**XVII ҒАСЫРДЫҢ БАСЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ХАНДЫҒЫ. ЕСІМ ХАН (1598–1628 жылдар)****Тақырыпты оқу барысында:**

- Есім хан саясатының Қазақ хандығын одан әрі дамытудағы, мемлекетті нығайтудағы маңызын білесіңдер;
- Есім хан билігіне баға бересіңдер.

Сыртқы саясат. Шығай ханның ұлы Есім хан халық жадында өзінің белсенді сыртқы саясатымен өшпес із қалдырды.

XVII ғасырдың бірінші ширегінде Сырдария бойы қалалары үшін қазақ-өзбек бәсекелестігі қайта өршіп, шиеленісті. Бұхар ханы бейбітшілік туралы келісімді бұзып, Қазақ хандығына жорыққа шықты. Сырдария аумағы үшін соғыс 20 жылдан астам уақытқа (1603–1624 жылдар) созылды. Бұхар хандығы Ташкент, Сайрам және Әндіжан қалаларын қайтарып алуды, қазақтарды Сырдариядан қуып шығуды мақсат етті.

1621–1624 жылдары Есім ханның басшылығымен бірнеше шайқастар өтіп, нәтижесінде бұхарлықтар толық талқандалды.

Есім хан Сырдария қалалары үшін Орталық Азия билеушілерімен екі жүз жылға созылған күресті жеңіспен аяқтады. Ташкент және Түркістан

қалаларының Қазақ хандығына өтуі де осы күрес нәтижесі болды. Есім ханның ордасы Түркістан қаласында орналасты. Бұдан былай екі ғасырдан астам уақыт бойы Түркістан Қазақ хандығының саяси орталығы рөлін атқарды.

1603–1624 жылдары Сырдария аймағы үшін шайқастың барысын анықтаңдар.

Осы кезеңде қазақтардың қарақалпақтармен қатынастары күрделенді. XVI ғасырдың соңында Тәуекел хан қарақалпақ руларының өтініші бойынша оларға Арал бойынан жер берген еді. Бірақ бірнеше жыл өткеннен кейін қарақалпақтар қазақтарға қарсы көтерілді. Есім хан бүлікті басып тастады. Қарақалпақтар Сырдарияның орта ағысын тастап кетті.

XVII ғасырдың басында ойрат тайпалары Қазақстан аумағына шабуылдар жасай бастады. Алайда бірқатар ірі шайқастарда ойраттар жеңілді.

Хандықтың ішкі саяси жағдайы. Деректер Есім ханның саяси бәсекелестерінің арасында Тұрсын сұлтанды ерекше бөліп көрсетеді. 1613 жылы Ташкент билеушісі Тұрсын Есім ханға қарсы шықты. Қатаған руының билеушілері де Есімге бағынудан бас тартты.

Көп ұзамай Тұрсын сұлтан өзін хан етіп жариялады. Ол оңтүстік аймақтың дербес билеушісі болды. Тұрсынның хан тағына ұмтылып, Есім ханға қарсы шығуы елде орталық биліктің әлсіреуіне әкелді.

1627 жылы Есім хан ойраттарды талқандап, жорықтан қайтып келе жатқанда, Тұрсын оның ордасы Түркістанға шабуыл жасады. Тұрсынның бұл әрекеті қазақ руларының наразылығын туғызды. Есім әскерімен Ташкентке жылжыды. Шайқас Ташкент маңында өтіп, Тұрсын күйрей жеңілді.

Есім хан қатаған тайпасын қатаң жазалады. Әбілғазының айтуынша, қатағандықтар Тұрсын ханның тірегі болған. Есім хан жорықта жүргенде қатағандықтар Түркістан қаласын тонауға белсене қатысып, оның отбасын тұтқынға алды. Қатаған тайпасының жазадан аман қалған бір бөлігі Ауғанстанға кетті, біразы ұйғырлар мен қырғыздар арасында сіңіп кетті. Бұл оқиға тарихқа «Қатаған қырғыны» ретінде енді.

Есім ханның ішкі саясаты. Есімнің ішкі саяси күреске де төтеп беруіне тура келді. Қазақ мемлекетінің саяси жүйесіне түбегейлі өзгерістер енгізілді. Шыңғысхан ұрпақтарының саяси құқықтары шектеліп, тайпалар мен ру көсемдерінің құқықтары кеңейді. Билер ықпалы кейінірек, Тәуке хан кезінде күшейді.

Зандық жағынан бұл өзгерістер қазақтар арасында «Есім ханның ескі жолы» аталған Дала заңдары жинағында бекітілді. Бұл жинақта

Есім ханның қатаған тайпасына байланысты іс-әрекетіне түсініктеме беріңдер.

ханның, билер мен батырлардың өзара міндеттері мен құқықтары айқындалды.

Құрылтай заң шығаратын билік орны болып қалды. Құрылтай жылына бір рет Түркістанда өткізілді. Оның құрамына қазақ руларының беделді өкілдері мен сұлтандар енді. Құрылтай соғыс пен бейбітшілік, жайылымдар мен суаттарды бөлу, хан сайлау мәселелерін шешті.

XVII ғасырдың басында ұлыстық жүйенің орнына жүздік ұйым орнықты. Қазақ жері үш *шаруашылық аумақтық-бірлестік* – *жүздер* арасында бөлінді. Жүздер басында билер, ең қуатты да саны басым тайпа басшылары тұрды. Билер төрелігі олардың тек жеке беделіне байланысты жүзеге асырылды, хан қандай да бір биді ұсынуға ықпал ете алмады.

Мемлекетті басқарудан жартылай шеттетілген сұлтандар өздерінің барлық артықшылықтарын сақтап қалды. Билер оларды соттай алмады және әскерден басқа барлық міндеткерліктен босатты. Сұлтандар XVIII ғасырдың басына қарай әр жүз құрамындағы ықпалды басшыларға айналды. Қазақтың үш жүзінде билердің орнына ел басқаруға Шыңғысхан ұрпақтары келе бастады.

XVII ғасырда Түркістан қаласы Қазақ хандығының тұрақты орда-сына айналды. Есім ханның заңдары елдің тұтастығы мен қорғанысын нығайтуға ықпал етті.

Хандар мен билердің міндеттеріне сипаттама беріңдер.

Тарихшы Махмұд ибн Уәлидің айтуынша, Есім хан 1628 жылы дүниеден өтіп, Түркістан қаласындағы Қожа Ахмет Ясауи кесенесі қасында жерленген.

Есім мен Қасымның заңдарын салыстырыңдар. Олардың сабақтастығы қандай? Деректер Есім хан тұлғасын қалай сипаттайды?

Батыр, ұзын бойлы, қарулы адам болғандықтан, халық оны «Еңсегей бойлы ер Есім» атаған. Деректердің айтуынша, ол «төкаппарлық пен атақ-құмарлықтан азат», ақжарқын, қарапайым адам еді. Тіпті Тұрсынмен күрестің қиын кезеңінде де, тарихшы Әбілғазы жазғандай, «бұрынғыдай қарапайым, қонақжай және кішіпейіл болған».

Есім хан халық жадында үлкен із қалдырды. XIX ғасыр деректері жазғандай, қазақтар Есім ханға «осы күнге дейін ерекше құрмет көрсетеді».



1. Ашық тест тапсырмалары

- 1.1. Сырдария бойы аумағы үшін күрес нәтижесінде Қазақ хандығына _____ және _____ қалалары өтті.
- 1.2. XVII ғасырдың басында Қазақстан аумағына _____ тайпалары шабуыл жасай бастады.

- 1.3. 1613 жылы Ташкент билеушісі _____ Есім ханға қарсы шықты.
 1.4. Сұлтандар _____ ғасырдың басына қарай жүздердің ықпалды басшыларына айналды.



2. Жабық тест тапсырмалары

- 2.1. Сырдария қалалары мен егіншілік аймақтарын иелену жолында күресті жеңіспен аяқтаған хан
- Хақназар
 - Қасым
 - Абылай
 - Төуке
 - Есім
- 2.2. Бұхар ханымен 20 жылдан астам уақытқа созылған соғыс мерзімі
- 1512–1531 жылдар
 - 1603–1624 жылдар
 - 1580–1602 жылдар
 - 1523–1543 жылдар
 - 1460–1480 жылдар
- 2.3. XVII ғасырдағы Қазақ хандығының орталығы
- Тараз
 - Сайрам
 - Фараб
 - Түркістан
 - Баласағұн

§47.

ЖОҢҒАР ШАПҚЫНШЫЛЫҒЫНА ҚАРСЫ КҮРЕС. ЖӘҢГІР ХАН (1629–1652 жылдар)

Тақырыпты оқу барысында:

- Жәңгір ханның ел қорғаудағы ерлік істерімен танысасыңдар;
- жоңғарлардың кімдер екенін білетін боласыңдар;
- Орбұлақ шайқасындағы қазақ жасағының әскери өнердегі шеберлігі мен ерлігін бағалап, шайқастың тарихи маңызын түсінесіңдер.

Жоңғарлар. Қазақ билеушілері алғаш рет қалмақтармен (ойраттар) XVI ғасырдың бірінші жартысында соғысты. Бұл күрес XVIII ғасырдың ортасына дейін жалғасты. Тарихи деректерде жоңғарлар әкелген қайғылы жағдайлар, қазақ билеушілерінің оларға қарсы шайқастары туралы айтылған.

Қазақ мемлекетіне екі ғасыр бойы тыныштық бермеген бұл жау кімдер еді? Қалмақ – батыс монғолдардың түрікше атауы. XIV ғасырдың



басында монғолдардың батыс тайпалары ойрат одағын құрған еді. Ойрат одағы XVII ғасырдың басында құлады. Оның бір бөлігі Солтүстік Қазақстан арқылы төменгі Еділ бойына көшіп кетті, сол жерде Қалмақ хандығының негізін салды. Қалып қойған ойрат тайпалары 1635 жылы Жоңғар хандығын құрды. Ойраттар Қазақ мемлекетіне ғана емес, Қытай мен Ресейдің шегаралық аудандарына да қауіп төндірді.

XVII ғасырдың 30–40-жылдары қазақ-жоңғар қарым-қатынастары неліктен шиеленісті?

Жоңғар хандығы құрылған уақыттан бастап қазақтардың ойраттармен күресі ұзақ мерзімге ұласты. Жоңғарлар Жетісу мен Оңтүстік Қазақстандағы қолөнері дамыған, құнарлы жайылымдары жеткілікті, егіншілік аймақтарды басып алуға ұмтылды.

Жәңгір ханның ойраттармен күресі. Есімнің ұлы Жәңгір ханның билік құрған кезеңі (1629–1652 жылдар) жоңғарларға қарсы күреспен өтті. Жеке ерлігі мен әскери жеңістері үшін қазақтар оны «Салқам Жәңгір» деп атады. Қазақ ханы қалмақтармен күресте Қашғария моғолдарынан қолдау тапты, қырғыздармен одақ құрды.

Жоңғар хандығының құрылуы қазақтарға қандай қауіп төндірді?

Осы кезеңнен мағлұмат беретін деректерде қазақтар мен ойраттар арасында бірнеше ірі шайқастардың болғандығы аталып өтеді. Соның бірі 1643 жылғы шайқас. Сол жылы ерте көктемге қарай жоңғардың қалың қолы Қазақ хандығының аумағына басып кірді. Жылдың осы мезгілін ойраттар кездейсоқ таңдаған жоқ.

Халықтың неліктен Салқам Жәңгір атағанын түсіндіріңдер.

Жоңғарлар көшпелілер ретінде бұл кезеңнің ерекшелігін білді. Көктем шыға төл алу басталады, бие құлындап, қой қоздайды да,

көшпелілердің жас төлмен көшіп-қонуға мүмкіндіктері болмай, қыстау маңында қалады. Ал қыстаулар мал өрісі кең болуы үшін бір-бірінен шалғайда орналасты. Мұндай жағдайда дұшпанға қарсылық көрсету үшін әскерді тез жинау мүмкін емес еді.

1643 жылы Батыр *қонтайшы* Қазақ хандығының жеріне басып кірді. Жау шапқыншылығы туралы хабарды алған Жәңгір оларға қарсы шықты. Жәңгірдің бұл шайқасқа қанша қол жинағаны белгісіз. Жәңгір хан Дала өңірі үшін озық жаңа әскери әдістерді пайдаланып, *Орбұлақ шайқасында* жеңіске жетті. Сол кезеңдегі орыс құжаттары бойынша, Жәңгір өз адамдарының жартысына «от қарумен» тау арасындағы өткелде ор қазып бекінуге бұйырады. Ал өзі үш жүз адаммен тауда жасырынады. Ойраттар шатқалға енген кезде оларды бораған мылтық оғы қарсы алды. Жау дүрлігіп есі шықты, осы сәтте тылдан Жәңгірдің



Жоңғар шапқыншылығы. Суретші Цзяе Бин-Чжень

өзі соққы берді. Қазақ сарбаздарына Самарқан билеушісі Жалаңтөс батыр 20 мың адамымен көмекке келді. Ойраттар талқандалып, он мыңдай адамынан айырылып, кейін шегінеді.

Әскери іс-қимылдар осымен аяқталмай, кең ауқымды соғысқа ұласты. Бұл соғыс ұзаққа созылып, оған екі жақ барлық күшін жұмылдырды. Жәңгір хан 1643–1644 жылдардағы шайқаста шешуші жеңіске жетті.

Ойрат әскерін талқандау қазақ тарихындағы даңқты оқиғаның бірі саналады. Бұл кезеңде қазақ халқы жаппай ерлік көрсетті, олардың арасынан әйгілі батырлар шықты. 1993 жылы тәуелсіз еліміз бабалардың ерлік істерін құрметтеп, Орбұлақ шайқасындағы жеңістің 350 жылдығын кеңінен атап өтті.

Қазақ хандығының Жәңгір билік еткен тұста жоңғарларға күйрете соққы беруі көрші мемлекеттермен қатынаста белсенді саясат жүргізуге ықпал етті.

Жоңғарлар шапқыншылықтарын неліктен ерте көктемде жасағанын түсіндіріңдер.

Жәңгір хан тұсында қазақтардың әскери өнерінде қандай жаңалық болды?

Жәңгір хан тұсында Қазақ хандығының Бұхарамең қатынастары қандай болды?

Жәңгір, Қасым, Хақназар хандардың саясатындағы ұқсастықтар мен айырмашылықтарды анықтаңдар.

Қазақ хандығы мен Бұхар хандығы арасындағы қатынастар Жәңгір тұсында негізінен тыныш өтті. Жәңгір Қашғария хандарымен тату көршілік қатынасты орнатты.

Қазақтардың соққысынан есін жиған Батыр қонтайшы қайтадан Қазақ хандығына жорыққа шықты. Жәңгір хан 1652 жылы шайқастардың бірінде қаза тапты. Бұл шайқаста қазақтар жеңіліп, Алатаудың бөктерін тастап кетуге мәжбүр болды.



1. Ашық тест тапсырмалары

- 1.1. Алғаш рет қазақ билеушілері _____ ғасырдың бірінші жартысында қалмақтармен (ойраттар) соғысты, бұл күрес _____ ғасырдың ортасына дейін жалғасты.
- 1.2. 1635 жылы құрылған _____ хандығы _____ және _____ мемлекеттеріне де қауіп төндірді.
- 1.3. 1643–1644 жылдардағы соғыста _____ хан жеңіске жетті.



2. Жабық тест тапсырмалары

- 2.1. Бүкіл билік құрған кезеңі жоңғар шапқыншылығына қарсы күреспен өткен хан
 - А) Қасым
 - Ә) Жәңгір
 - Б) Шығай
 - В) Хақназар
 - Г) Бұрындық
- 2.2. Жәңгір хан қалмақтармен күресте Қашғария моғолдарынан қолдау тапты, ол сондай-ақ одақ құрды
 - А) орыстармен
 - Ә) қырғыздармен
 - Б) ноғайлармен
 - В) хиуалықтармен
 - Г) башқұрттармен
- 2.3. 1993 жылы Қазақстанда 350 жылдығы аталып өтілген шайқас
 - А) Орбұлақ
 - Ә) Бұланты
 - Б) Аңырақай
 - В) Аягөз
 - Г) Іле

§48–49.

ТӘУКЕ ХАН (1680–1715/18 жылдар) ТҮСЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ХАНДЫҒЫ

Тақырыпты оқу барысында:

- Тәуке хан саясатының негізгі бағыттарын, мемлекетті нығайтудағы рөлін анықтайсыңдар;
- XVII ғасыр соңындағы қазақ-жоңғар қатынастарының барысын білесіңдер.

Тәуке хан – Жәңгір ханның ұлы. Тәуке хан билік еткен уақыттағы оқиғалар шығыс авторларының еңбектерінде, қытай, орыс деректерінде, сондай-ақ халық ауыз әдебиетінде кездеседі. Халық аңыздарында Тәуке хан билік еткен кезең Қазақ мемлекетінің «Алтын ғасыры» аталады.

Хандықтағы тәртіпті Тәуке әскери күш есебінен ғана емес, дипломатиялық және ел басқарудағы шеберлігінің арқасында қамтамасыз етті. Бұл қасиеттер Тәуке ханның беделінің барлық үш жүзде өсуіне ықпал етті. Деректер Тәукенің «дауласқандарды табыстырып, шешендік қабілетімен қарамағында халық санының көбеюіне» қол жеткізгендігін және «күшпен емес, неғұрлым ақылымен, тіл табысуымен билік еткендігін» жазады. Бұл қасиет оған елді біріктіріп, мемлекетті нығайтуға мүмкіндік берді.

Тәуке маңайына ақылгөй дана адамдарды жинады. Үш жүздің ықпалды билері хан жанындағы кеңеске енді. Олар Ұлы жүзде – Төле, Орта жүзде – Қазыбек, Кіші жүзде – Әйтеке билер.

Тәуке хан тұлғасына
баға беріңдер.

Ұлы Дала тұрғындарының Тәуке хан билік еткен жылдарды «қой үстіне бозторғай жұмыртқалаған заман» деп бағалауы кездейсоқ емес. Бұл Дала өңіріндегі тұрақтылық, тыныштық пен халықтың жақсы өмірінің жетістігі ретінде түсіндіріледі.

Тәуке ханның ішкі саясаты. XVII ғасырда Тәуке ханның билігі қазақтың барлық үш жүзіне тарады.

Тәуке хан мемлекеттің ішкі жағдайын нығайтып, күш-қуатын арттыру мақсатымен «Жеті жарғы» заңын жасады.

«Жеті жарғы» заңына XVII ғасырдағы қазақ қоғамының қажеттіліктеріне жауап берген қағидалар енді. Тәуке хан жүздер арасындағы



Төуке хан.
Суретші Н. Қарымсақов

«Жеті жарғы» заңдар жинағының жасалу себептері мен маңызын түсіндіріңдер.

Қазақ хандығының Ресеймен жақындасуына Жоңғариямен ұзақ жылғы күрес ықпал етті. Төуке хан тұсында екі ел өзара елшілік алмасып отырды. Орта және Кіші жүздердің солтүстік өңіріндегі жағдайды реттеу, өзара тұтқындар алмасу, шегаралық сауданы дамыту мен жоңғарларға қарсы бірлесіп күресу мәселелері орыс-қазақ келіссөздерінің негізгі тақырыптары болды.

Төуке Ресеймен қатынастарды дамытуға неліктен мүдделі болды және бұл мақсатта ол қандай әрекеттерге барды?

байланыстарды ретке келтіріп, Қазақ хандығының саяси ыдырауына жол бермеді. Елдің бүкіл күшін сыртқы жаудан қорғауға жұмылдырды.

Төуке ханның сыртқы саясаты. Төуке белсенді сыртқы саясат жүргізді. Ол әкесі Жәңгір хан билік еткен тұста-ақ елшіліктерді басқарған еді.

Төуке билігі кезінде Бұхар мен Қазақ хандықтары арасында үлкен қақтығыстар болған жоқ. Оның есесіне қазақтардың ойраттармен әскери іс-қимылдары «толассыз» соғыс сипатында өтті.

Төуке хан билеген кезеңде (1680–1715/18 жылдар) Қазақ хандығының Ресеймен жақындасуы басталады. Бұған, *біріншіден*, XVII ғасырда Қазақстан мен Ресейдің Алтайдағы шегаралары Жоңғар хандығымен түйісті де, бұл жерде жоңғарлар мен қазақтар және орыстардың мүдделері тоғысты; *екіншіден*, жоңғарлардың қысымы нәтижесінде халықтың солтүстік аймақтарға көшуі басталды. Бұл Ресей бодандығындағы Еділ қалмақтарымен, башқұрттармен, Сібір казактарымен тікелей араласуға әкелді.

XVII–XVIII ғасырлар аралығында жоңғар тағына қонтайшы Цеван Рабтан отырғаннан кейін Жоңғар хандығының сыртқы саясаты бірден белсенді сипат алды. Ол билік еткен жылдары қазақ еліне үлкен қауіп төндірді.

XVIII ғасырдың басында басқыншылардың қалың қолы Орта жүздің солтүстік-шығыс аудандарына баса-көктеп кірді. Төуке хан **1710 жылы** Қарақұмда барлық қазақ жүздерінің өкілдерін жинады. Құрылтайдың негізгі мақсаты – жоңғарларға қарсылықты ұйымдастыру еді. Құрылтайда біріккен әскер құрылып, ол жоңғарларды шығысқа қарай шегіндірді.

Тәуке ханның Қазақстан тарихындағы рөлі. Тәуке хан ойраттармен күрестің қиын жылдарында Қазақ хандығының бірлігін сақтай алды.

Тәуке хан билігі бүкіл мемлекет аумағына жүрді. Ол Қазақ хандығының ыдырауына жол бермеді. Халықты сыртқы жаудан қорғануға жұмылдырды. Қазақ хандығының абыройын асырып, күш-қуатын арттырды.

Тәуке ханның табиғатынан басшылық қабілеті жоғары болды. Ол батылдығымен, даналығымен маңайындағылардан асып түсті, әділдігімен ерекшеленді. Бұл қасиеттері Тәукені ел арасында құрметке бөлеп, даңқын асырды. Дереккөздер Тәуке ханды былай сипаттайды: «Тәуке хан ақылды адам болды және қырғыздар (қазақтар) арасында кереметтей құрметке ие болды». XIX ғасырдағы орыс ғалымы А.И. Левшин Тәуке ханды көне Спартаның ақылгөйі Ликургпен теңеген.

Қасым, Есім және Тәуке хандардың саясатын салыстырып, олардың ұқсастықтары мен айырмашылықтарын анықтаңдар.

Халық Тәуке ханды «әз-Тәуке», ол билік еткен кезеңді «Алтын ғасыр» деп атады. Осының мәнін түсіндіріңдер.

Қазақтың ұлы билері. Төле, Қазыбек, Әйтеке Тәуке ханның «Жеті жарғы» заңдар жинағын жасауға қатысты.

Төле би әйгілі би, шешен, Ұлы жүздің бас биі, билеушісі. Төле би бала кезінен халқының шешендік және ақындық өнерін бойына сіңіріп өсті. Ол халық арасында әділеттілігімен белгілі болды. Төле би Абылайдың билік басына келуіне ықпал етті. Тәукенің де хан сайлануына, Түркістанның Қазақ хандығының орталығы ретінде қалыптасуына қатысты. Ол үш жүздің ынтымағын нығайтуға, біртұтас Қазақ хандығының дамуына, жоңғарларға қарсы әскери одақтың құрылуына ықпал етті.

Қазыбек би Орта жүзден шыққан әйгілі би. Халық арасында Қаздауысты Қазыбек би деген атпен белгілі болған.

Қазыбек би мемлекеттік істерге белсене қатысты, қазақ хандарының ішкі және сыртқы саясатының жүзеге асуына ықпал етті. Жоңғар басқыншылығына қарсы бүкілхалықтық күресті ұйымдастырушылардың



Төле би



Қазыбек би



Äйтеке би

бірі болды. Ресеймен достық қарым-қатынасты орнатуды қолдады.

Äйтеке би 30 жасында Кіші жүздің аға биі атанған. Äйтеке шешендігі, әділдігімен бірге жоңғарлармен ұрыста қол бастаған батыр да болған. Äйтеке би жоңғарларға қарсы шайқастарға қатысты. Қазақ, қарақалпақ пен қырғыздардың жоңғар шапқыншылығына қарсы бірігіп

соғысуына ықпал етті. Төле, Қазыбек билермен бірге «Жеті жарғы» заңдарын жетілдіруге үлес қосты. Тәуке хан саясатына оңды ықпал етіп, бірсыпыра мәселенің бейбіт шешілуіне ұйытқы болды. Біртұтас Қазақ хандығын нығайтуға зор еңбек сіңірді.

XVII–XVIII ғасырлардың үш ұлы биі – Төле, Қазыбек және Äйтеке билердің қазақ халқы бірлігінің, әділдік пен даналықтың, абырой мен ар-намыстың символы ретіндегі қызметіне сипаттама беріңдер.



1. Ашық тест тапсырмалары

- 1.1. XVII–XVIII ғасыр аралығында жоңғар тағына _____ отырғаннан кейін сыртқы саясаты белсенді сипат алды.
- 1.2. Тәуке хан билігі кезінде Қазақ хандығының _____ қарым-қатынасы бас-талды.
- 1.3. Тәуке хан 1710 жылы _____ жоңғарларға қарсы үш жүз өкілдерін жи-нады.



2. Жабық тест тапсырмалары

- 2.1. XVII ғасырдың екінші жартысында орыс-қазақ келіссөздерінің негізгі тақырыптары болған мәселелер
 - 1) өзара тұтқындар алмасу
 - 2) жоңғарларға қарсы бірлескен күрес
 - 3) қамалдар салу
 - 4) солтүстік шегаралардағы жағдайды реттеу
 - 5) бодандықты қабылдау
 - 6) Ресей базарына енуге рұқсат
 - 7) Бұхараға қарсы күрес ашу
 - 8) сауда қатынасын дамыту
- 2.2. Тәуке хан билік еткен кезең
 - А) 1555–1580 жылдар
 - Ә) 1628–1652 жылдар
 - Б) 1680–1715/18 жылдар
 - В) 1568–1598 жылдар
 - Г) 1570–1580 жылдар
- 2.3. 1710 жылы Қарақұмда өткен құрылтайдың негізгі мақсаты
 - А) жоңғарларға қарсылықты ұйымдастыру

- Ә) қытай әскерлеріне тойтарыс беру
 - Б) Хиуаға жорық
 - В) орыстардың жылжуын тоқтату
 - Г) монғол шапқыншылығынан қорғану
- 2.4. Хандықтың бөлшектенуін болдырмай, елді ойраттардан қорғауға жұмылдыра алған хан
- А) Жәңгір
 - Ә) Жәнібек
 - Б) Абылай
 - В) Тәуке
 - Г) Хақназар

Сегізінші тарау бойынша

ҚАЙТАЛАУ-ЖИНАҚТАУ САБАҒЫ



Сұрақтар мен тапсырмалар

1. Қазақ мемлекеті құрылуының саяси, экономикалық және этникалық негізін анықтаңдар. Қазақ хандығы қалыптасуының алғышарттарын түсіндіріңдер.
2. XV ғасырдың соңындағы Керей мен Жәнібек билік еткен кезеңдегі Қазақ хандығы үшін қолайлы сыртқы жағдайлар мен сыртқы қауіптер мәселелерін қарастырыңдар.
3. Бұрындық пен Қасымның сыртқы саясатындағы ұқсастық пен айырмашылықты анықтаңдар.
4. Хақназарды әкесі Қасым ханның саяси бағытын жалғастырушы деп есептеуге бола ма? Өз пікірлеріңді білдіріңдер. XVII ғасырдың басындағы тарихшы Қадырғали Жалаири «оның (Хақназардың) ұрпақтары бұдан былай патшалық етпейді» деп атап өтеді. Неге?
5. Есім хан мен Қасым хан заңдарын салыстырыңдар. Қандай сабақтастықты байқайсыңдар?
6. Салқам Жәңгірді өздеріңе белгілі орыс және еуропалық билеушілердің (Ұлы Карл, Александр Невский, Дмитрий Донской) қайсысымен салыстыруға болады?
7. Тәуке хандық билікті нығайту үшін қандай шараларды жүзеге асырды?

Бірнеше дұрыс жауаптары бар тапсырмалар

1. XVII ғасырдың бірінші жартысындағы Қазақ хандығының жағдайы төмендегі оқиғалармен сипатталды:
 - 1) Жоңғар хандығының құрылуымен шығыстағы жерлерден айырылу қаупі төнді
 - 2) Қытай қауіп төндірді



- 3) Моғолстан Қазақ хандығына қарсы шықты
 - 4) Сырдария аймағы үшін күрес аяқталды
 - 5) 20 жылдық соғыс Бұхар ханының жеңілісімен аяқталды
 - 6) Жоңғария және Қытаймен одақ жасалды
 - 7) Соғыс қазақтардың жеңілісімен аяқталды
 - 8) Қытайға қарсы одақ жасалды
2. Қазақ хандығы тарихындағы Қасым хан кезеңінде болған оқиға
- 1) Шайбанилардан жеңіліс
 - 2) Әбілқайыр хан шапқыншылығы
 - 3) Сырдария бойы қалаларын қосып алу үшін күрес аяқталды
 - 4) 1510 жылы Мұхаммед Шайбани әскері жеңіліске ұшырады
 - 5) Шегаралардың Алтайға дейін ұлғаюы
 - 6) Тұрғындар саны миллионға жетті
 - 7) Қазақ рулары мен тайпаларының басым бөлігі алғаш рет бір мемлекетке бірікті
 - 8) Үндістанмен елшіліктер алмастырылды
3. Тәуке хан билеген жылдары
- 1) «Жеті жарғы» жасалды
 - 2) Рулар арасындағы барлық даулы мәселелер Шыңғысхан ұрпақтары құрылтайында шешілді
 - 3) Қарақұмда үш жүздің құрылтайы өтті
 - 4) «Есім ханның ескі жолы» жасалды
 - 5) Рулар мен тайпалар арасындағы барлық даулы мәселелер бүкіл-халықтық құрылтайда шешілді
 - 6) Рулар мен тайпалар арасындағы барлық даулы мәселелер билер кеңесінде шешілді

Сәйкестікке арналған тест тапсырмалары

1. Қазақ билеушілері	Ішкі және сыртқы саясат
А) Қасым Ә) Хақназар Б) Есім В) Жәңгір Г) Тәуке	1. Бұхар ханымен одақ жасады. 2. Қазақтардың біртұтас этникалық аумағы қалыптасты. 3. Шегараны батысқа қарай кеңейтті, Ноғай Ордасы тайпаларының көпшілігін қосып алды. 4. Мұхаммед Шайбани әскерін Сығанақ түбінде жеңді. 5. Сырдария қалалары үшін ұзаққа созылған күрес аяқталды. 6. Қарақұмда қазақтың үш жүзінің құрылтайы шақырылды. 7. Ташкент Қазақ хандығы құрамына енді. 8. Орбұлақ шайқасында жоңғарларды жеңді. 9. Мемлекетті басқаруда билерге сүйенді. 10. «Жеті жарғыда» құқықтық тәртіп пен мемлекеттік құрылым қағидалары жасалды.

2.

Хандар	Басқарған мерзім
А) Тәуке Ә) Тәуекел Б) Есім В) Жәңгір Г) Бұрындық	1. 1598–1628 жылдар 2. 1582–1598 жылдар 3. 1680–1715/18 жылдар 4. 1629–1652 жылдар 5. 1474–1511 жылдар

3.

Мағыналар	Атауы
А) Жоңғария билеушісінің лауазымы Ә) Халықтың қалыптасу үрдісі Б) Халықтың материалдық және рухани мәдениетін зерттейтін ғылым В) Халықтың, тайпаның атауы, халық аты Г) Қазақ ататегінің жинағы Ғ) Халық (тайпа, ұлыс, ұлт)	1. Шежіре 2. Этногенез 3. Этнография 4. Этноним 5. Қонтайшы 6. Этнос

Реттілікті анықтауға арналған тест тапсырмалары

- I. Хандарды билік еткен мерзімі бойынша ретімен орналастыру
1. Қасым хан
 2. Тәуекел хан
 3. Есім хан
 4. Тәуке хан
 5. Бұрындық хан
 6. Хақназар хан
 7. Керей мен Жәнібек хандар
- II. Оқиғалар реттілігін анықтау
1. Сырдария аймағы үшін күрес аяқталды.
 2. Жоңғар хандығы құрылды.
 3. Қазақ хандығы құрылды.
 4. Керей мен Жәнібек Моғолстанға көшті.

Шығармашылық тапсырма

«Қазақ» терминінің қалыптасуы жайлы шағын әңгіме жазыңдар.



Тоғызыншы тарау

XV–XVII ҒАСЫРЛАРДАҒЫ ҚАЗАҚ ХАНДЫҒЫНЫҢ
ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ДАМУЫ ЖӘНЕ
МӘДЕНИЕТІ

§50.

ҚАЗАҚ ҚОҒАМЫНЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК ҚҰРЫЛЫМЫ

Тақырыпты оқу барысында:

- Қазақ хандығындағы әлеуметтік топтар, қоғамдық-саяси өмірдегі сұлтан, би, батыр, жыраулардың қызметімен танысасындар;
- қазақ қоғамында көтерілістердің болмау себебін түсінесіңдер.

Монғол қоғамында артықшылық жағдайға кімдер ие болды? Еске түсіріңдер.

Дала көшпелілерінің әлеуметтік құрылымы. Дәстүрлі қазақ қоғамы *ақсүйек*, қалған басқа халық *қарасүйек* болып бөлінді.

Ақсүйек қауымын Шыңғысхан ұрпақтары, яғни төрелер құрады. Шыңғысхан ұрпақтары шыққан тегіне қарай сұлтан лауазымын алды.

Хандық таққа қатысты құқық Шыңғысхан ұрпақтарында ғана сақталды. Олардың бұл құқығы өзге мемлекеттерге де жүрді. Шыңғысхан ұрпақтары қазақ ұлыстарында ғана емес, қарақалпақтар мен қырғыздардың билеушісі немесе Хиуа, Бұхара ханы бола алды.

Қазақ ұлыстарын билеген барлық Шыңғысхан ұрпақтарының ортақ таңбасы мен ерекше ұраны болды. Өздерінің құқықтары мен артықшылықтарын XIX ғасырдың ортасына дейін сақтады және ешқандай міндеткерліктер (өскериден басқа) атқарған жоқ. Олар тән жазасынан құтқарылып, билер сотына тартылмады. Қарапайым адамдар олардың есімдерін атамай, «тақсыр» (өмірші, мырза) сөзін қолдануы тиіс болды. Сұлтандар рулар мен тайпалардың ешқайсысына жатпады, жүздер жүйесіне кірмеді, қоғамнан жоғары тұрды. Сұлтандар билеуші әулеттің өкілдері ретінде ерекше топты құрады.

Қожалардың қазақ қоғамындағы рөлі мен орны қандай?

Қожалар Ұлы Далаға ислам дінін таратушылар болды. Шыңғысхан ұрпақтары қожаларды Жошы және Шағатай ұлыстарында, сонау XIV ғасырда-ақ артықшылығы бар топ деп есептеді.

Халықтың барлық қалған бөлігі *қарасүйек* деп аталды. Бұл қазақ қоғамының негізгі және ең көп санды бөлігі саналды. Қарасүйек өкілдерінде жекелеген рулар мен тайпаларға бөліну сақталды.

Қазақ қоғамында кімдер артықшылыққа ие болды?

Еркін адамдардың жекебасы мен құқығын қорғау, ру мүшелерінің ынтымағы арқылы да қамтамасыз етілді. Өз руынан шеттелген адам қорғансыз, заңнан тыс қалды.

Тақырып мәтінін пайдалана отырып, қазақ қоғамындағы билердің орнын анықтаңдар.

Қарасүйек қауымы *билер* мен *батырлардан* тұрды. Билер – рулар мен тайпа басшылары, әкімшілік және сот істерін атқарды. Әдет құқығын жақсы білген, халық арасында беделді адамдар ғана би бола алды. Сол себепті би қызметі мұрагерлік сипат алған жоқ. Билерді қазақтар даналығы, әділдігі және әдет-ғұрыпты жетік білгендігі үшін құрметтеген.

Қарасүйек дегеніміз кімдер?

Шайқастағы жеке ерлігі мен қолбасшылығы үшін жекелеген адамдарға *батыр* атағы берілді. «Батыр» сөзі атақ ретінде қаһарманның есіміне қосып айтылды. Қатардағы жауынгер немесе ақсүйек ханзада болсын, өзінің ерлік істерімен көшпелі қоғамның кез келген мүшесі бұл құрметті атақты ала алды.



Батырлардың ерлігін жыршылар, суырыпсалма *ақындар* мен *жыраулар* жырға қосып, бүкіл елге танытты.



Көшпелілер қоғамында адамдар тұрмыс жағдайына байланысты *бай*, *кедей* деп бөлінді. Дала өңірінде малы көп кез келген адам бай деп есептелді. Асқан байлардың ондаған киіз үйі, жүздеген түйесі, мыңдаған қойы, меншігінде 15 мыңнан 30 мыңға тарта жылқысы болды. Байлар сұлтандар мен қатардағы көшпелілер арасынан да шықты. Байлық ерекше құқық берген жоқ. Қоғамдағы әрбір адамның орны руының атақ деңгейімен айқындалды. Мәселен, қандай да бір сұлтан әлеуметтік жағдайына қарамастан өзіне тиесілі барлық құқықтар мен артықшылықтарды пайдаланды.

Қазақ жауынгерлері

Сонымен, хандық кезеңдегі қазақ қоғамы:

1. Негізгі екі әлеуметтік *ақсүйек* және *қарасүйек* топтарына бөлінді. Бұл бөлініс экономикалық емес, құқықтық белгілермен сипатталды.

2. Рулар мен тайпалар Ұлы жүз, Орта жүз және Кіші жүз деп аталған үш бірлестікке енді. Қарасүйек өкілінің жағдайы, мейлі ол би немесе қатардағы көшпелі болсын, оның руы мен тайпасының атақ-дәрежесі, беделімен анықталды.

3. Қазақ қоғамы негізінен әлеуметтік жағынан біртекті келді (ақсүйектер тұрғындардың шағын бөлігін құрады). Таптық күрес болған жоқ, мұның өзі қазақ қоғамының әлеуметтік тұрақтылығын қамтамасыз етті.



1. Ашық тест тапсырмалары

- 1.1. Шыңғысхан ұрпақтары шыққан тегіне қарай _____ лауазымын алды.
- 1.2. Қазақ қоғамының негізгі және саны жағынан ең көп бөлігі _____ деп аталды.
- 1.3. XIV ғасырда Жошы және Шағатай ұлыстарында _____ артықшылығы бар топ деп есептелді.



2. Жабық тест тапсырмалары

2.1. Қазақтар даналығы, әділдігі, әдет-ғұрыпты білгендігі үшін құрметтеген қарасүйек өкілі

- А) билер
- Ә) батырлар
- Б) қожалар
- В) сейіттер
- Г) кедейлер

2.2. Қазақ даласында ислам дінін таратушылар

- А) батырлар
- Ә) билер
- Б) қожалар
- В) сұлтандар
- Г) төрелер

§51–52.

XVI–XVII ҒАСЫРЛАРДАҒЫ ҚАЗАҚ ХАНДЫҒЫНЫҢ САЯСИ ЖӘНЕ ҚҰҚЫҚТЫҚ ҚҰРЫЛЫМЫ

Тақырыпты оқу барысында:

- Қазақ хандығының әкімшілік құрылымымен;
- «Жеті жарғының» жасалу себептері және оның негізгі қағидаларымен;
- ханның міндеттері, басқару жүйесімен танысасыңдар.

Қазақ қоғамының билік орындары. Жоғары билік хан қолында болды. Ол соғыс жариялап, бітім жасай алды.

Хандықтың бүкіл аумағына өз билігін жүргізді, ұлыстар мен қарамағындағы қалалардың билеушілерін тағайындады. Адамдарды қылмыстары үшін жазалады. Шағымдарды тексеріп, барлығына міндетті жарлықтарды шығарды, сонымен бірге салық жинау тәртібін белгіледі. Алайда хан өзінің барлық іс-әрекетін әдет-ғұрып құқығы негізінде жүргізуі тиіс болды. Ол хандық билікті сұлтандармен және билермен бөлісті.

Ханның жанында кеңес жұмыс істеді. Оған ең ықпалды сұлтандар мен тайпалардың көсемдері, билер енді.

Хан, сұлтандар мен билер халық қамы мен елдің мүддесі үшін жыл сайын құрылтайға жиналды. Оған барлығы қаруларымен келулері тиіс еді. Құрылтайға қарусыз келгеннің дауыс беру құқығы болмады.

Құрылтайда бітім жасау, соғыс жариялау, жайылымдарды қайта бөлу, көші-қон бағыттарын анықтау сияқты маңызды мемлекеттік мәселелер шешілді. Ханды таққа ақ киізге отырғызып көтеру салтымен ұлықтады.

Көшпелі қоғамда хан көңілінен шықпаса, онда халық оның қол астынан көшіп кете алды. Қазақ ханының нақты билігі оның жеке қасиеттеріне байланысты болды. Билеушінің беделі оның халыққа жасаған қамқорлығы, жақсылығымен өлшенді.

Хан әскері хан мен сұлтандардың тұрақты сарбаздарынан және ру жасақтарынан құралды. Бейбіт уақытта хан мен сұлтан жасақтары күзет қызметін атқарды. Олар ішкі тәртіпті сақтап, ханның салық жинау, елшілік жұмыстар жөніндегі т.б. тапсырмаларын орындады.

Құрылтай, сұлтан, би, батыр ұғымдарына талдау жасаңдар.



Қасым ханды ақ киізге отырғызып «Хан көтеру» рәсімі. Суретші Т. Асықов

Билер әскери жорықтар кезінде өз руына немесе тайпа жасақтарына басшылық етті. Би – әскербасы, өкімшілік тұлға, сот сияқты үш міндетті атқарды.

Қазақ хандығы әскерінің қалыптасу ерекшеліктерін анықтаңдар.

Көшпелілер қоғамында *ақсақалдардың* да рөлі зор еді. Көшпелілер өмірінде жауынгерлік ерлік жоғары бағаланды. Шайқастарда басқалардан батырлық, ерлік ісімен ерекше көзге түскен адам үлкен құрметке бөленді. Батырлар ру мен тайпа жасақтарын басқарды.

Өкімшілік құрылым. Қоғамның негізін отбасы құрады. Қан жағынан туыс отбасыларының бөлігінен *ауыл* құралды. Ал жеті атаға дейін туыстық байланыстармен біріккен ауылдардың біраз бөлігі *аталас аймаққа* енді. Аталас аймақтардан *ру* немесе *тайпа* құралды. Рулар мен тайпалардың бірлестігі *ұлыс халқын* құрады.

XV–XVI ғасырларда қазақ мемлекеті бірқатар ірі және ұсақ иеліктерден – *ұлыстардан* тұрды. Әр ұлыстың өз аумағы болды. Сұлтандардың жергілікті рулар мен тайпаларға билігі ұлыстарға біршама дербестік берді.

Адам саны аз ұлыстардың өз бетінше өмір сүруі мүмкін емес еді. Сол себепті ұсақтары ірі ұлыстарға бірікті. Ондай ұлыстардағы жауынгерлердің саны ондаған мыңға жетті.

Барлық қазақ рулары мен тайпалары үш жүзге біріктірілді.

Жүздер. Жүз – бұл қазақ қоғамының тарихи-шаруашылық тұрғыдан қалыптасқан этноаумақтық бірлестігі.

«Жүз» сөзі – *бөлік, жүздік* дегенді білдіреді. «Жүз» және «алаш» атауының шығу тегі жайлы халық арасында көптеген аңыздар бар.

Алаша хан туралы түрлі деректерді Қадырғали Жалаири, Рашид-ад-Дин және Әбілғазының қолжазбаларынан кездестіреміз.

Қазақ жүздерінің құрылу уақыты туралы ортақ пікір жоқ.

Жүздердің қалыптасуы – күрделі, ғалымдар әлі соңына дейін зерттеп болмаған үрдіс. Жетісуды мекендеген тайпалар **Ұлы жүз** атауын алды. **Орта жүз** Орталық, Солтүстік және Шығыс Қазақстан аумағын алып жатты. **Кіші жүз** қазіргі Батыс Қазақстан аумағында қоныстанды. Барлық жүздің шегаралары Сырдария өңірінде түйісті.

«Жеті жарғы». Аңызға сәйкес, Тәуке хан Күлтөбе жайлауында (Сырдария аймағы) әйгілі билермен бірге Қасым мен Есім хандардың тұсындағы ескі әдет-ғұрыптарға жаңа жарғылар енгізеді. Ғылыми әдебиетте «Жеті жарғы» «Тәуке ханның заңы» деп аталады. «Жеті жарғы» XVII ғасырдың соңына қарай жасалды.

«Жеті жарғының» жасалу себептері:

– қазақ қоғамының қажеттіліктеріне байланысты әдет құқығының ескірген қағидаларын жаңа ережелермен толықтыру;

– жоңғар шапқыншылығы мен өзара қырқыстар күшейе түскен кезде бүкіл халықты біріктіру.

«Тәуке ханның заңында» сол кездегі өмір шындығы көрініс тапты.

«Жеті жарғыда» салық ісі заңдастырылды. «Сұлтанлардан басқа кез келген қару алып жүре алатындар хан мен ел билеушілеріне жыл сайын өз мүлкінің бір бөлігін салық ретінде төлеп отыруы тиіс» екендігі айтылған.

Әр рудың өзіндік таңбасы болды. Бұл таңбалар бүкіл мал мен мүлікке, олардың кімге тиесілі екендігін ажырату үшін салынды.

Орта ғасырлар дәуіріндегі басқа құқық ескерткіштері сияқты «Жеті жарғыда» қылмыстық-құқықтық қағидаларға ерекше мән берілді. Онда жеке тұлғаға, мүлікке, отбасына т.б. қатысты жасалған қылмыстар үшін жауапкершілік қарастырылды.

Қылмыстық жауапкершілік. Кісі өлтіргені үшін құн төлеу жазасы енгізілді. Құнның көлемі жәбірленушінің әлеуметтік жағдайына байланысты еді. Мәселен, кісі өлтіруші жәбірленуші тарапқа ер адам үшін 1000, әйел адам үшін 500 қой төледі. Ал сұлтанды немесе қожаны өлтіргені үшін жеті кісінің құны төленді. Егер жауапкер құнды төлей



алмаса, онда құн ақысы оның туыстарынан немесе ауылынан өндіріліп алынды.

Қазақтарда неліктен жазалау мекемелері болмады?

Ұрланған зат иесіне құнынан бірнеше есе артық етіп қайтарылды. «Жеті жарғыда» мүлікті тәркілеу мен бүкіл жұрт алдында масқара ету жазасы да қарастырылды. Жазаның бұл түрі жат дінге өткен адамдарға, ата-анасын жәбірлегендерге қолданылды. Әйелге зорлық-зомбылық жасау кісі өлтірумен теңестіріліп, өлім жазасына кесілді.

«Жеті жарғының» ережелерін талдаңдар, оның адам құқығын қорғауды қалай қамтамасыз еткендігін түсіндіріңдер.

Отбасылық-неке қатынастарында бала өміріне атананың құқығы бекітілді. Күйеуінің немесе әкесінің қылмысы туралы білген және бұл туралы хабарламаған әйелі мен балалары жазаға тартылмаған. Өйткені отбасындағы жасы үлкеннің үстінен сөз тасуға рұқсат етілмеген.

Қылмыскерді айыптау үшін куә талап етілді. Сот жүргізу көпшілік алдында өтті.

Тәуке ханның заңы барлық жүздер аумағында XIX ғасырдың ортасына дейін қолданылып келді.



Сұрақтар мен тапсырмалар

- Орта ғасырлардың «Жасақ», «Қасым ханның қасқа жолы», «Есім ханның ескі жолы» және «Жеті жарғы» заң жобаларына салыстырмалы талдау жасаңдар.
- Орта ғасырлар дәуіріндегі заң жобаларының моральдық-этикалық құндылықтарын анықтаңдар.



1. Ашық тест тапсырмалары

- 1.1. Хан кеңесіне ең ықпалды _____ мен тайпа көсемдері және _____ енді.
- 1.2. Ең маңызды мемлекеттік мәселелер _____ шешілді.
- 1.3. Жеті атаға дейін туыстық байланыстармен біріккен ауылдар _____ енді.
- 1.4. XV–XVI ғасырларда қазақ ұлыстары басында _____ тұрды.



2. Жабық тест тапсырмалары

- 2.1. Тарихи-шаруашылық тұрғыда қалыптасқан этноаумақтық бірлестік
 - ұлыс
 - ру
 - тайпа
 - жүз
 - бөлік

2.2. «Жеті жарғы» жасалған мерзім

- А) XIX ғасырдың ортасы
- Ә) XVIII ғасырдың соңы
- Б) XVII ғасырдың соңы
- В) XX ғасырдың соңы
- Г) XVI ғасырдың басы

§53.

XV–XVII ҒАСЫРЛАРДАҒЫ ҚАЗАҚТЫҢ
ДӘСТҮРЛІ ШАРУАШЫЛЫҒЫ**Тақырыпты оқу барысында:**

- көшпелі шаруашылықтың ерекшеліктерімен танысасындар;
- маусымдық көші-қон бағыттарын білетін боласындар.

Малшаруашылығы. XV–XVII ғасырларда көшпелі малшаруашылығы шаруашылықтың негізгі саласы болып қалды. Оңтүстік Қазақстан өңірлерінде, Сырдария, Шу, Талас өзендері жағалауларында малшаруашылығын отырықшы тұрмыспен ұштастырған дәстүр кең тарады.

Қазақтар негізінен қой, жылқы мен түйе өсірді. Төрт түлік малдың ішінде жылқы мен қойға ерекше мән берген.

Дала қойы төзімділігі, ірілігі және етті, сүттілігімен ерекшеленді. Мәселен, XVI ғасырда қазақ даласында болған саяхатшылар: «Бұл халық биязы жүнді, керемет ірі қойларды өсіреді», – деп жазған.

Көшпелілер өмірінде жылқының орны ерекше еді. Дала жылқылары төзімділігімен ерекшеленіп, қатаң жағдайларға тез көндікті. Жылқылар теңдеп жүк артатын (күш көлігі), салт мінетін және бөйге аттар болып бөлінді.

Түйе үй малының кең тараған түрі болды. Ол көшкен кезде таптырмайтын көлік еді. XV–XVII ғасырлардағы деректер қазақтың түйені киіз үйлі арбаға өгіз сияқты жегуге пайдаланғандығын атап өтеді. Түйенің жүнінен киім тоқылды, сүтінен дайындалған шұбат қымызбен бірдей бағаланды.

Малға жеке отбасылық меншік орнықты. Жайылымдар көшпелі қоғамның барлық мүшелеріне ортақ еді. Өр ру белгілі бір географиялық аймақ шегінде көшіп жүрді.

Қазақтар негізінен қой, жылқы және түйе өсірді. Бұл түлік түрлері көшпелілер өмірінде қандай рөл атқарды?



Арба үстіндегі үйлер

Маусымдық көші-қон. Көші-қон ережелері жылдың әр маусымындағы шөптің қалың шығуын есепке алу арқылы белгіленді. Жайылымдық жер аумағы жыл мезгіліне байланысты төртке бөлінді: қысқы жайылым – *қыстау*, көктемгі жайылым – *көктеу*, жазғы жайылым – *жайлау* және күзгі жайылым – *күзеу* деп аталды.

Қыстау үшін көбінесе көл жағасы, өзен бойы таңдап алынды. Мұның себебі: өзен-көлдер жағасында қамыс пен тоғай қалың өсті. Бұлар қатал қыс мезгілінде мал азығы ретінде пайдаланылды, отынға да жаратылды. Қыстауларда алдын ала мал қоралары салынды.

Желтоқсанда көшпелілер өздерін қысқы азықпен қамтамасыз ету үшін *соғым* сойды. Соғым кезінде қысқы ойын-сауықтар, думан-тойлар ұйымдастырылып, ауыл адамдары бірін-бірі қонаққа шақырды. Көшпелілер үшін ең қиын да мазасыз айлар қаңтар мен ақпан еді. Бұл айларда аяз күшейіп, боран, дала бұрқасыны басталды. Көшпелілерге малдың жаппай қырылуы – *жұт* үлкен апат әкелді. Қыста күннің кенеттен жылынуы мен жаңбырдың жаууы, соңы аязға ұласуы жұт белгісі саналды. Мұндай жағдайда жер үстін мұз басып, мал оның астындағы шөпті тебіндеп жей алмады.

Қыста көшпелі қазақтар малды қыстаудан алысырақ жерге жайды, ауқымды мал азығы молырақ болуы үшін қыстаулар бір-бірінен қашық орналасты. Сол себепті ауылдардың өзара араласуы қиынға түсті.

Неліктен көші-қон оңтүстіктен солтүстікке қарай бағытталғанын түсіндіріңдер.

Қыс әскери жағынан да өте қауіпті жыл мерзімі еді. Көшпелілерге қарсы жорықтар әдетте қыс кезінде жасалды. Рузбиханның айтуынша, ұлыстар «шашырап» орналасты да, қысқы тұрақтар арасындағы қашықтық «он бес күндік» жолды құрады.

Көктем шығысымен қазақтар көктеуге түсті. Қар ертерек еріген жерге көк шығып, мал тезірек қонданды. Мұнда қыс бойы арықтап қалған мал көтеріліп, салмақ жинады, қой қырқу науқаны жүргізілді.

Жайлау көбінесе шөбі шүйгін жайылымдар мен ауасы қоңырсалқын солтүстік өңірлерде орналасты. Жайлаудағы өмір емін-еркін кезең болды. Мұнда үйлену тойлары, ұлттық ойындар, ат бәйгелері өткізілді, балуан күрестіріліп, әнші мен жыршылардың жарыстары ұйымдастырылды.

Маусымдық көші-қон ерекшеліктерін анықтаңдар, қыстау немесе жайлау туралы әңгіме жазыңдар.

Күз келісімен малшылар күзеуге қарай көшті. Күзде халық жиналыстары өткізілді. Көшпелілер



Көш. Суретші Н.Г. Хлудов

әдетте күзгі жайылымдарынан алыс жерлерге жорықтар жасады. Себебі бұл кезде олардың мініс аттары күйлі келіп, алыс жолға шыдай алды. Ал қараша айында әскери іс-қимылдар тоқтатылды, өйткені деректе айтылғандай, «дала тұрғындары бұл кезде қыстау туралы ойлаулары тиіс еді».

XV–XVII ғасырларда киіз үймен бірге арба үстіне тігілген киіз үйлер де болды. Ағылшын саяхатшысы А. Дженкинсон көші-қон көрінісін сипаттай отырып, былай деп жазады: «Біз баспаналары бар арбаларға жегілген сансыз көп түйелерді көрдік, олар алыстан қала сияқты елестеді».

Деректерде арба үстіндегі үйлер туралы не жазылды?

Ортағасырлық авторлар Дешті Қыпшақ тұрғындарының «арба үстіндегі киіз үйлері», жабық арбалары туралы жазды. «Қандай ғажап шатырлар! – деп таңданады Рузбихан. – Даладағы қамалдар, өуе кеңістігіндегі үйлер». «Олар жолда аялдап, тоқтағысы келген кезде, – деп жазады И. Барбаро, – көшпелілер бұл үйлерді арбалардан түсіріп, соларда тұрады».

Арбаға бірнеше түйе немесе өгіз жегілді. Дала тұрғындары өздерінің арбаларымен еркін және ештеңеден жасқанбай көшіп жүрді. Арба үстінде негізінен әйелдер мен балалар орналасты. Әдетте арба жанында салт аттылар болды, олар өрге шыққанда және төмен түскенде киіз үй ішіндегілердің қауіпсіздігін қамтамасыз етті.

Көшпелі қазақтардың арба үстіндегі үйден киіз үйге көшу себебін түсіндіріңдер.

XVIII ғасырда арба үстіндегі киіз үйлерден жиналмалы киіз үйлерге жаппай көшу басталды. Көшпелілер барлық мүлкі мен киіз үйін түйе мен аттарға артып көшіп жүрді. Бұл Дешті Қыпшақтың көшпелі тұрғындары тұрмысындағы өзгеріс болатын.

Бұл өзгерістер жаугершілік заман мен жайылымдық шаруашылықтың тарылуынан туындады.

Аңшылық. Дешті Қыпшақтың түрлі аң-құсқа толы кең-байтақ даласы көшпелілерге аң аулауға мүмкіндік берді. Ортағасырлық авторлар қазақтардың киікті қаумалап аулауы туралы жазды. «Аңды көбінесе садақпен аулайды» деп атап көрсетеді. «Егер ет керек болса, үй иесі бірнеше жебесі бар мықты садағын иығына салып, аң аулауға шығады да, күйлі құланды өзінің сүр жебесінің нысанасына алады» дейді. Аң аулау кезінде қыран құстар (бүркіт, лашын, сұңқар т.б.) мен тазы пайдаланылды.

Қыран құс, тазымен аң аулау туралы шағын әңгіме жазыңдар.

Қолөнер және отбасылық кәсіп. Қазақ шаруашылығында қолөнершілік пен отбасылық кәсіп түрлері маңызды орын алды. Олардың



Бүркіт ұстаған саятшы.
С.М. Дудиннің суреті

көпшілігі малшаруашылығы өнімдерін өңдеумен байланысты болды. Қазақтардың отбасылық кәсібі, мәселен, тері өңдеу жоғары деңгейде дамыған.

Киіз басу, тері өңдеу, киім тігу т.б. жұмыстарды әйелдер атқарды. Көшпелі қоғам ер-азаматтары қару-жарақ түрлерін, ер-тоқым, ат өбзелдерін жасады, аяқкиім тікті, мал табындарын қорғады, аң аулады. Ер-азаматтардың ең басты міндеті елді, отбасы мен дүние-мүлікті қорғау болды.

Көшпелілер артық өнімді қала тұрғындары мен егіншілер өндіретін өнімге айырбастады. Дала өңірі мен отырықшы-егіншілік аудан тұрғындарының өзара тұрақты байланысы қазақ қоғамы өмірінің ажырамас бөлігі болды.

Міндеткерліктер. Көшпелілердің ежелгі және басты міндеткерлігі әскери міндет еді. Әр ер адам хан мен батыр, қолбасшылардың шақыруымен жасақ қатарына енді.

«Көшпелілер жыл сайын өз кірісінің жиырмамыншы бөлігінен» салық төледі.

Қатардағы көшпелі малшылар, егіншілер мен қала тұрғындары бір-қатар алым-салық төледі. Малшылардан *зекет, соғым, сыбаға*, егіншілер мен қолөнершілерден *құшыр, баж* және *харадж* алынды.

Қазақстанның оңтүстік аудандарында *сойырғал, мүлік, вақф* және т.б. жер меншігі түрлері қалыптасты. Сойырғал көшпелі ақсүйек қауымының оты-

Міндеткерліктер кімнің пайдасы үшін атқарылды, салықтар кімдерден алынды?

Салықтар мен міндеткерліктер түрлерін атаңдар, оларға сипаттама беріңдер.

рықшы-егінші тұрғындарға үстемдігінің кең тараған түрі болды. Қала және оның егіншілік аймақтары әскери немесе азаматтық қызметі үшін сыйға берілді. Бұл жердің иесі өз пайдасына салықтар жинады.

Дінбасылары салық салу құқығымен бірге вақфқа жер, су көздерін, суару қондырғыларын алды.



1. Ашық тест тапсырмалары

- 1.1. Оңтүстік Қазақстан өңірлері, Сырдария, Шу, Талас өзендері жағалауларында малшаруашылығын _____ тұрмыспен ұштастырған дәстүр кең тарады.
- 1.2. Шөбі қалың, ауа райы салқын болғандықтан жайлау _____ аудандарда орналасты.
- 1.3. XV–XVII ғасырларда киіз үймен бірге _____ үстіндегі үйлер де болды.



2. Жабық тест тапсырмалары

- 2.1. Қазақтар өмірінде маңызы жағынан жетекші орын алған шаруашылық
 - А) құс
 - Ә) ешкі
 - Б) түйе
 - В) қой
 - Г) ірі қара малы
- 2.2. Көшпелілердің халық жиналыстарын өткізетін мезгіл
 - А) қыс
 - Ә) көктем
 - Б) жаз
 - В) күз
 - Г) кеш түскен көктем

§54.

XV–XVII ҒАСЫРЛАРДАҒЫ ҚАЛАЛАР МЕН АУЫЛДАР

Тақырыпты оқу барысында:

- XV–XVII ғасырлардағы Қазақстанның қалалары мен отырықшы қоныстарында шаруашылықтың қалай дамығандығын білесіңдер;
- қалалардың дамуына ненің әсер етіп, не кедергі болғандығын анықтайсыңдар.

Қалалар. XV–XVII ғасырлардағы жазба деректер «Түркістанның отыз қамал-қаласы» туралы атап өтеді.

Оңтүстік Қазақстан аймағының отырықшы әлем мен көшпелі даланың түйіскен жерінде, сауда жолдарының қиылысында қолайлы орналасуы оны мәдени және экономикалық орталық етті. Бірақ феодалдық

қақтығыстар мен шапқыншылықтың (әсіресе жоңғарлардың) жиілеуіне байланысты қалалар құлдырауға ұшырады. IX–XII ғасырлармен салыстырғанда Оңтүстік Қазақстан қалаларының саны 3 есеге жуық азайды.

XV ғасырдың ортасынан бастап Отырар маңы қаңырап қалды. XVI ғасырға қарай бүкіл қала тіршілігі оның орталық бөлігінде ғана шоғырланды. XVIII ғасырға қарай тұрғындар қаланы тастап кетті. Жер аумағының азаюы Сайрам, Сығанақ, Созақ қалаларынан да байқалды.

Қиян-кескі соғыс кезінде әр қала қуатты бекіністер жүйесі саналды. Мәселен, Сауран XVI ғасырда қорғаныс қамалы ретінде белгілі болды. Сауранның қамал құрылыстарының қалдықтары осы күнге дейін сақталған.

XV–XVII ғасырлардағы қала мәдениетінің құлдырау себептерін айтыңдар.

XVII ғасырдан бастап Түркістан Қазақ хандығының діни және саяси орталығына айналды. Мұнда шет елдердің елшілері қабылданды, хан сайлау рәсімі өткізілді.

Қазақ мемлекеттілігінің қалыптасу және нығаю кезеңінде қалалар маңызды рөл атқарды. Мәселен, Сығанақ қаласы бүкіл Шығыс Дешті Қыпшақ үшін «сауда айлағы» және алғашқы қазақ билеушілерінің ордасы болды.

Археологтар Отырардан XVI–XVII ғасырларға жататын махаллалар (қала орамдары) орнын тапты. Қаладағы қоғамдық құрылыстар санатында монша салу ісі кең таралды.

Махаллалар онда тұратын адамдардың қызмет түріне байланысты құрылды. Отырардан XVI ғасыр соңындағы қыш-шеберлері махалласы қазып алынды, мұнда қолөнершілер шеберханаларға бірікті. Ұсталық кәсіп пен зергерлік өнер дами түсті. Ұсталар темірден орақ, пышақ, қазан, таға т.б. заттар жасады. Зергерлер бедерлеу, зерлеу, алтын жалату, қырлау және өрлеу сияқты түрлі өдістерді қолданды. Бағалы және түрлі түсті тастар кеңінен пайдаланды. Әшекейлер алтын мен күмістен дайындалды. Білезік, сырға, сақина, бұрымға тағатын пашбаулар жасалды.

Ортағасырлық Қазақстанның саяси, мәдени және экономикалық өміріндегі Түркістан қаласының маңызына баға беріңдер.

Сүйек өңдеу ежелгі қала тұрғындарының дәстүрлі кәсібі еді. Кілем тоқу, былғарыдан бұйымдар жасау сияқты кәсіп түрлері де кең таралды.

XV–XVII ғасырларда мемлекет өмірінде Оңтүстік Қазақстан қалаларының рөлі қандай еді?



Ежелгі Саурандағы қазба жұмыстары

Қалалардың төңірегінде бау-бақша, жүзімдіктер, егістіктер мен жайылымдар орналасты. XV–XVII ғасырларда әр қала маңында егіншілік орталықтары қалыптасты.

XV–XVII ғасырлардағы қолөнер түрлерінің дамуында алдындағы кезеңмен салыстырғанда қандай өзгерістер орын алды?

Сауда. Орталық Азия мен Ресейдің сауда қатынастарын қазақ даласы арқылы дамыту XV ғасырдың екінші жартысы мен XVII ғасырдағы жаңа құбылыс еді. Ресей Қазақстан мен Орталық Азияға мата мен тұрмыс заттарын, аң терісі, күміс т.б. шығарды. Сауда керуендері Сығанақ пен Түркістан арқылы өтті.

Жазба деректер халықаралық сауда туралы мәліметтер береді. Отырар, Түркістан, Сауран қалаларының орнынан XVI–XVII ғасырлардағы қытай фарфоры, орыс және ортаазия теңгелері табылған.

Сaudаның дамуына қандай жағдайлар ықпал етті немесе кедергі келтірді?

Сырдария қалалары көшпелі елдермен сауда жүргізді. Қала базарлары көше бойында орналасты. Дүкен қолөнерші шеберлердің меншігінде болып, шеберхана әрі сауда орны деп есептелінді.

Егіншілік Жетісу мен Оңтүстік Қазақстан өңірлерінде дамыды. Қазақстанның орталық, солтүстік және шығыс аймақтарында егін алқаптары, негізінен өзен жайылмаларында орналасып, шаруашылықта көмекші рөл атқарды.

Сауданың халықаралық қатынастарды дамытуға тигізген ықпалын анықтаңдар.

Егінші қазақтар түрлі дақылдар негізінен тары өсірді. Қазақстанның қатал ауа райы жағдайында тары көп өнім беретін және күтім талғамайтын дақыл еді. И. Барбаро Дешті Қыпшақ көшпелісі ұзақ жолға жиналған кезде өзімен бірге бір дорба балға бөктірілген жент алып жүретіндігін атап өтеді.

Қазақтар бидай, тарымен бірге сұлы, арпа екті, сондай-ақ қарабидай, күріш және бақша өнімдерін өсірді. Көшпелілердің егіншілікпен айналысуы қажеттіліктен туындады. Отырықшылыққа көбіне көші-қонға мүмкіндігі болмаған кедейлер ауысты. Малынан айырылған отырықшыларды *жатақ* деп атады. Кедейленген көшпелілер малы көбейген сәтте-ақ мәжбүрлі диқаншылықпен айналысуды қойған. Көші-қон мүмкіндігі бар қазақтар ауқаттылар қатарында саналды.

Қазақтардың отырықшылыққа көшуіне не себеп болды?



1. Ашық тест тапсырмалары

- 1.1. XVII ғасырдан бастап Қазақ хандығының ордасы _____ қаласы болды.
- 1.2. Қазақстанның ортағасырлық қалаларында қолөнершілер _____ бірікті.
- 1.3. Егіншаруашылығының рөлі _____ мен _____ Қазақстанда зор болды.



2. Жабық тест тапсырмалары

- 2.1. XVI ғасырда қорғаныс қамалы ретінде белгілі болған қала

- A) Тараз
- Ә) Фараб
- Б) Баласағұн
- В) Сауран
- Г) Сығанақ

- 2.2. XVII ғасырдан бастап Қазақ хандығының саяси орталығына айналған қала

- A) Суяб
- Ә) Түркістан
- Б) Баласағұн
- В) Тараз
- Г) Сығанақ



§55.

XV–XVII ҒАСЫРЛАРДАҒЫ РУХАНИ МӘДЕНИЕТ

Тақырыпты оқу барысында:

- XV–XVII ғасырлардағы рухани мәдениет дамуының ерекшеліктерін білесіңдер;
- күй, аңыз, эпостық жырлардың тарихи дереккөз ретіндегі маңызын айқындайсыңдар;
- қазақ халқы дәстүрлі мәдениетінің қазіргі кезең үшін маңызын түсінесіңдер.

XV–XVII ғасырлар аралығы қазақ халқының мәдениетінде ерекше орын алады. Осы кезеңде әдебиет және музыка өнері жетіле түсті.

Жыраулар шығармашылығын біріктірген тақырыптарды атаңдар.

Ақын-жыраулар. Жырау – өз жанынан жыр шығарып айтатын және эпикалық дастандар мен толғаулар орындайтындар. Олар хан кеңесшісі және ру басшылары болды. Жыраулар күрделі қоғамдық-әлеуметтік мәселелер, ел тағдыры туралы толғаулар шығарды. XV–XVII ғасырлардағы жыраулар шығармашылығы қазақ мәдениетінің алтын қорына қосылды. Жыраулар жеке қасиеттері, дүниетанымы, шешендік өнері және белсенді азаматтық көзқарасы арқылы қарапайым халық және билеушілер алдында беделді болған. Мемлекет тағдыры шешілер тұста жыраулар хан мен бүкіл халыққа жөн сілтеп, ұсыныстарын айтқан. Оның кеңесін хан да, халық та құптаған.

XV ғасырдың ортасындағы әйгілі жыраулардың бірі – Қазтуған. Ол ерлікті жырға қосып, дала тайпаларының қазақ хандарының қол астына бірігуі үшін күресті.

Тарихта Шалкиіз, Доспамбет (XV–XVI ғасырлар), Жиёмбет (XVII ғасыр) жыраулардың есімдері кеңінен белгілі. Доспамбеттің толғаулары батырлық пен қаһармандықты дәріптеді.

Шалкиіз жырау Тіленшіұлының поэзиясы отаншылдық тақырыпқа құрылған терең философиялық мәнімен ерекшеленді.

Жыраулық дәстүрді Жиёмбет (XVII ғасыр) жалғастырды. Ол «Еңсегей бойлы ер Есім» эпостық жырының авторы ғана емес, қол бастаған батыр да болды. Есім хан тұсында ойраттарға қарсы соғыстарға қатысты.



Қобыз

Музыка. XVI–XVII ғасырларда ел арасында түрлі музыкалық аспаптар кең таралды. Халық өнерпаздары эпикалық, тарихи, аңыздық және тұрмыстық тақырыптарға ән-күйлер шығарды. Шығарма орындар алдында қысқаша мазмұны айтылды. Мәселен, бозторғай туралы күйде құс өзінің балапандарын жыланнан қорғайды. Домбыра әуені арқылы балапандарын құтқару жолындағы құс өлімі суреттеледі.

Ауыз әдебиетінің бай қазынасын халықтың талантты өкілдері – ақын, жырау, суырыпсалма жыршылар ұрпақтан ұрпаққа жеткізді.

Суырыпсалма қабілеті бар, табан астында өлең шығаратын адамды *ақын* атаған. Ақындар сонымен бірге ауыз әдебиеті үлгілерін жеткізушілер саналды. Ел арасында нақыл сөз үлгісіндегі лирикалық өлең түрі *терме* кең таралды.

Ертегілер және эпос ауыз әдебиетінің ерекше жанры болып табылады. Тұрмыс-салт, қиял-ғажайып, хайуанаттар туралы қазақ ертегілері халық өмірін әр қырынан және жан-жақты қамтыды. Халықтың арман-мүддесі, мұң-зары, қоғамдық өмірі мен тұрмысы жайлы мол мағлұматтар береді.

Қазақ халқының XIV–XV ғасырлардағы батырлық эпостары – «Ер Тарғын», «Қамбар батыр» т.б. жырлары ұрпақтан ұрпаққа жетті. Лиро-эпикалық поэмаларда халықтың өмірі мен салт-дәстүрі жан-жақты сипатталды. «Қозы Көрпеш–Баян сұлу», «Қыз Жібек», «Айман–Шолпан» жырлары шынайы халықтық шығармалар.

XV–XVII ғасырлардағы халық ауыз әдебиетінде түрлі жанр: мақал-мәтелдер, жұмбақтар, қанатты сөздер, ақындар айтысы, шешендік өнер кең таралды. Шешендік өнер – ауыз әдебиетінің өнегелі ой-тұжырымға толы, тапқырлық танытатын жанры.



Домбыра

Қазақ ертегілерінің қандай кейіпкерлерін білесіңдер?



1. Ашық тест тапсырмалары

1.1. Өз жанынан жыр шығарып, дастандар мен толғаулар орындайтындар _____ деп аталады.

1.2. Ақын – _____ қабілеті бар, _____ шығаратын адам.



2. Жабық тест тапсырмалары

2.1. XV ғасырдың ортасындағы әйгілі жырау

- А) Шалкиіз
- Ә) Доспамбет
- В) Жиёмбет
- В) Қазтуған
- Г) Сыпыра

2.2. Ауыз әдебиетінің өнегелі ой-тұжырымға толы тапқырлық танытатын жанры

- А) Мақал-мәтелдер
- Ә) Жұмбақтар
- В) Эпостық жырлар
- В) Шешендік өнер
- Г) Батырлар жыры

§56.

XV–XVII ҒАСЫРЛАРДАҒЫ ҚАЗАҚТЫҢ ТҰРМЫСЫ МЕН САЛТ-ДӘСТҮРЛЕРІ

Тақырыпты оқу барысында:

- XV–XVII ғасырлардағы қазақтың тұрмысы мен салт-дәстүрлерін, қолданбалы өнердегі жетістіктерін білетін боласыңдар;
- киіз үйдің құрылымымен танысасыңдар.

Дін. XV–XVII ғасырларда қазақтар исламмен қатар, төңіршілдікке негізделген ежелгі дәстүрлерін де ұстанды. Қазақтар ата-баба рухын құрмет тұтып, аруақтарды сыйлады.

Әр қазақ үшін өз шежіресін білу маңызды болды.


Қазақтардың ата-баба рухына сиыну, аруақты құрметтеу себебін анықтаңдар.

Қазақтарда отпен аластайтын ежелгі дәстүр сақталды. Бұл дәстүр қыстаудан жайлауға көшіп-қонған кезде іске асты. Жайлауға баратын көп жолының басында үлкен екі алау жағып, олардың арасынан малды өткізген.

Қазақ күнтізбесі мен астрономиялық білімі жайлы өз ойларыңды айтыңдар.

Күнтізбе. Ұшы-қиыры жоқ шексіз далада үнемі қозғалыста жүру көшпелілерді кеңістікті жақсы бағдарлай біліп, жұлдыздар бойынша жол табуға, жайылымдар мен құдықтардың орналасқан жерін дәл анықтауға үйретті.

Халық арасында жыл санау есебімен айналысатын есепшілер болды. Олар жыл сайын бақылау жүргізіп, ауа райы болжамын жасады, маусымдық көші-қон уақытын анықтады.



Киіз үйдің қарапайым түрі



Киіз үйдің ішкі жасауы

Есепшілер жылды 12 айға бөлді. Халық өмірінде *күнтізбе* үлкен рөл атқарды. Қазақ күнтізбесі *мұшел* аталған 12 жылдан тұрды.

Жыл басы көктемгі күн теңесуімен сәйкестендіріліп, Наурыз мейрамынан (22 наурыз) басталды. Бұл күн кең ауқымда мерекеленді, жұрт бір-біріне қонаққа барып, жарыстар ұйымдастырды, азық-түлік молшылығының белгісі *наурызкөже* дайындалды.

Қазақ халқының негізгі баспанасы – **киіз үй**. Ол ағаш пен киізден жасалып, шаңырақ, уық, керегеден тұрады. Киіз үй көлемі кереге қанаттарының санына байланысты болды. Алты, сегіз, он, тіпті отыз қанатты киіз үйлер болған.

Киіз үйлер бірнеше түрге бөлінді: салтанатты киіз үйлер, қарапайым баспана түріндегі киіз үйлер, шаруашылық мақсатта пайдаланылған киіз үйлер және жорық киіз үйлері.

Киіз үйдің ортасында *ошақ* болды, кіреберіске қарама-қарсы құрметті орын *төр* деп белгіленді. Киіз үй жиһазы ағаш пен тері, киізден жасалған бұйымдардан тұрды.

Қазақстанның солтүстік және солтүстік-шығыс аймақтарында ағаш, тас, кірпіштен тұрақты баспана салынды.

Киім. Қазақтың ұлттық киімінде этникалық, экономикалық және ауа райы жағдайына байланысты дәстүрлер көрініс тапты. Киімді шұғадан, жүн және жібек маталарынан, киізден, аң терісінен тікті. Теріден тон

Көшпелілердің негізгі баспанасы киіз үй болуы себебін түсіндіріңдер.



Өшекей бұйымдар

тігіліп, жібек, шұға, паршамен тысталды. Ер адам мен әйелдің негізгі сыртқы киімі шапан мен қамзол жүн және жібек матадан тігілді.

Ерлер пен әйелдердің баскиімдері оралуандылығымен ерекшеленді. Көктем мен күзде қазақтар көбінесе аң терісімен жиектелген дөңгелек бөрік киді. Қыз бөрігі салпыншақ және үкі қауырсындарымен безендірілді. Қысқы

баскиім *тымақ* деп аталды. Әйел баскиімдерінің ішінде ең құнды той киімі *сәукеле* болды. Сәбиі дүниеге келісімен жас келіншек ақ матадан тігілген *кимешек* киді. Жазғы ұлттық киімдерден қазақ әйелдері *шәйі көйлек, желек, қамзол*, ер кісілер *жұқа шапан, көйлек, жарғақ шалбар* т.б. киген.

Ер адамның етігі салт атпен жүруге қолайлы болу үшін қонышы тізеден жоғары, ыңғайлы етіліп тігілді. Әйел аяқкиімі әдемі ою-өрнегімен ерекшеленді.

Тамақ әр халықта материалдық мәдениеттің айқын көрінісі болып табылады. Қазақтың тамағы негізінен ет және сүт өнімдерінен тұрды. Бие сүтінен қымыз, түйе сүтінен шұбат дайындалды. Сиыр, ешкі және қой сүті, айран, май, ірімшік түрлерін дайындауға жұмсалды.

Құртты қыста әл беру үшін ыстық сорпаға езіп ішті. Ешкі және қой сүтінен ірімшіктің бірнеше түрі дайындалды.

Жыл мезгілдеріне қарай қонақтарға қандай тағам түрлері ұсынылған?

Дәнді дақылдардан негізгі тамақ түрі тары, кей кезде бидай болды. Тарыдан тары көже, талқан, жент дайындалды. Бидай ұнынан нан, бауырсақ және бидай көже әзірленді.

Қазақтың ұлттық тағамдарын атаңдар.

Ет қазақтардың негізгі тағамы болды. Жылқы еті ең жұғымды саналды, одан қазы-қарта, жалжая, шұжық дайындалды. Асып пісірілген ет –

қазақтардың негізгі тағамы.

Салт-дәстүрлер халықтың материалдық және рухани өмірін қамтиды. Қазақтар ата-бабаларын құрмет тұтты, ұлттық әдет-ғұрыптарын сақтады.

Қазақ халқының қандай салт-дәстүрлерін білесіңдер?

XV–XVII ғасырларда ислам қазақтың отбасылық өміріне дендеп ене қоймады. Үйлену тойлары ғасырлар бойы қалыптасқан салт-дәстүрлерді сақтай отырып өткізілді. Болашақ күйеу қалыңдық үшін *қалыңмал* төлеуі тиіс болды.

Қалыңмалдан басқа күйеу жағынан түрлі жоралғылар: әулетіне мал, анасына *сұтақы*, қалыңдықтың ағаларына түрлі тарту-таралғылар (ер-тоқым, белдік т.б.), жақын туыстарына *кәде* (шағын сыйлық) әзірленді.

Қазақтың ғұрыптық жырының бірі – «Беташар». Беташарда келіннің беті ашылып, жаңа жұрты таныстырылды. Инабатты, ибалы, жақсы келін болуға үндейтін өсиеттер айтылды.

Қазақтарда кейбір салт-дәстүрлердің сақталу себебі неде?

Халықтық мерекелер қазақ өмірінде үлкен рөл атқарды. Мерекелерде түрлі ұлттық ойындар: күрес, сайыс, көкпар, атжарыс т.б. ұйымдастырылды. Ойынға қатысушыларға бағалы жүлделер тағайындалды.

Қазақ халқының отбасылық құндылықтарын атаңдар.

Әскери дәстүрлер көшпелілер өмірінде маңызды орын алды. Ұлы Дала тұрғындары, шын мәнінде, мықты жауынгерлер ретінде белгілі болды.

Көшпелі қазақтарда тұрақты әскер болған жоқ, оның есесіне қажеттілікке қарай жиналатын ру-тайпалық жасақ құрылды. Ру-тайпалық жасақ басында рубасы тұрды. Әр жасақтың өз әскери туы мен жауынгерлік ұраны болды. Мұндай жасақтардың кейбір бөлігін ұлыстық әскер құрады. Ұлыс билеушісі ұлыс әскеріне басшылық етті және өзінің жеке туы болды. Хан біріккен әскерлердің жоғарғы қолбасшысы саналды. Ол жауынгерлерді шайқаста өзі басқарды, әскермен бірге барлық қиындық пен қауіп-қатерді бөлісті. Бұрындық пен Қасым хандар шайқас кезінде жараланды. Мамаш хан ұрыста шейіт болып, Тәуекел хан соғыс кезінде алған жарадан қайтыс болды.

Қазақ өмірінде әскери дәстүрлер қандай рөл атқарды?

Бұл кезеңде қазақтардың негізгі қаруы қылыш пен садақ еді. Басқа қару-жарақ түрлерінен ұрыста айбалта, шоқпар, қарсыласты ер-тоқымнан жұлып алу үшін ілгекті найза қолданылды.

XVII ғасырдың ортасынан бастап Орталық Азия мен Ресей қалаларында сатып алынған немесе қазақтардың өздері дайындаған зеңбіректер мен мылтықтар пайдаланыла бастады. Деректерде жазылғандай, қазақтар оқ-дәрі жасай білді, қорғасын балқыта алды.

Әр рудың, әр ұлыс сұлтанының және ханның өз туы болды. Тудың саны бір ханда тоғызға дейін жеткен. «Тоғыз тулы хан» деп мықты билеушілерді айтқан. Ортағасырлық авторлардың айтуынша, алғашқы қазақ билеушілері «тоғыз тулы хандар» болған.

Әскерге шақырған кезде әр жауынгер жорыққа мінетін қос ат, әскери қарумен шығуы тиіс болды. Дешті Қыпшақ көшпелілері ара-



Қазақтың баскімдері



Ер адамның тоны



Шапан



Әйел тоны



Күдері тон



Ер адамның шалбары, белбеуі, етігі

Көшпелілер шайқаста қандай әдіс-тәсілдер қолданды?

сында шайқас кезінде өлім мен қауіптен қорықпай, атой салып, жауына қарсы шығатын ержүрек жауынгерлер көп болған. Көшпелілер шабуыл жасаған кезде *толғама* (қоршауға алу, айнала қоршау) әдісін қолданды. Бабыр жазбаларында толғама әдісін Дешті Қыпшақ көшпелілерінің «ұрыстағы сенімді тәсілі» ретінде сипаттаған.



1. Ашық тест тапсырмалары

- 1.1. Кіреберіске қарама-қарсы құрметті орын _____ деп аталды.
- 1.2. Қазақтар жал-жая, қазы-қарта сияқты тағамдарды _____ етінен жасады.



2. Жабық тест тапсырмалары

- 2.1. Қазақ арасында сақталып қалған дәстүрлі наным-сенім
 - А) төңіршілдік
 - Ә) зороастризм
 - Б) ислам
 - В) манихейшілдік
 - Г) отқа табыну
- 2.2. Ортағасырлық авторлардың айтуы бойынша алғашқы қазақ билеушілері туының саны
 - А) алты
 - Ә) он
 - Б) сегіз
 - В) тоғыз
 - Г) бес

§57.


XVI–XVII ҒАСЫРЛАРДАҒЫ ТАРИХИ ӘДЕБИЕТ

Тақырыпты оқу барысында XVI–XVII ғасырлардағы тарихи әдебиеттер және оның авторымен танысасыңдар.

«**Бабырнама**». Түркі мәдениетінің асыл мұрасында көптеген аса құнды еңбектер бар. Соның бірі – Бабырдың (1483–1530 жылдар) «Жазбалары». Ол тарихта «Бабырнама» деген атпен белгілі.

Бабыр «Жазбалары» жанры жағынан мемуарлық әдебиетке жатады. Басты кейіпкер – автор өзінің атынан адамдардан не естігені, өмірде нені көріп, нені бастан кешкені туралы әңгімелейді. Шығарма «Осындай жылдың оқиғасы» т.б. тақырыптармен берілген, бірін-бірі ауыстырып отыратын оқиғалар шежіресі сияқты сюжеттерге құрылған. Туынды-





Бабыр

«Бабырнама» еңбегінің авторы кім, онда не айтылған?

«Бабырнама» еңбегі әдебиеттің қай жанрына жатады?

да ондаған адамдар есімі, жүздеген үлкенді-кішілі оқиғалар тізбектеліп беріледі. «Жазбалар» дәуірдің өзіндік ерекшелігін қамтып, сол кездегі қоғам өмірін бейнелейді.

«Бабырнама» – өз заманындағы тарихи оқиғаларды мейлінше мол қамтыған, ғылыми құндылығы жоғары еңбек. Бұл ғалымдар атақты грек және рим авторлары еңбектерінің қатарына қойған бүкіл ортағасырлық түркі тілдес әдебиеттегі аса бағалы шығарма.

«Тарих-и-Рашиди». Мұхаммед Хайдар (1499–1551 жылдар) дулат тайпасынан шыққандықтан ғылыми әдебиетте оны Мұхаммед Хайдар Дулати деп атайды. Мұхаммед Хайдар Бабыр сарайында тәрбиеленіп, білім алды. Онда ол көптеген тарихи оқиғалардың куәгері болды. Сарайда сақталған тарихи құжаттарды, белгілі ғалымдардың еңбектерін оқыды.

Ол жан-жақты білім алып, әдебиетті, ғылым мен өнерді меңгерді. «Көркем жазуға, сурет салуға, жебе дайындап, садақтың адырнасын тартуға, барлығына қолы икемді болды», – деп жазады ол туралы Бабыр. Мұхаммед Хайдар түркі және парсы тілдерінде бірдей еркін жазды.

Мұхаммед Хайдар
Дулати

Мұхаммед Хайдар – аса көрнекті тарихшы, «Тарих-и-Рашиди» атты ғажайып тарихи ғылыми еңбектің авторы. Бұл еңбек парсы тілінде жазылған.

«Тарих-и-Рашидидің» негізгі мазмұны – XIV–XVI ғасырлардағы Моғолстанның тарихы. Кітапта сондай-ақ қазақтар мен Орталық Азияның басқа түркі халықтарының тарихы туралы деректер бар.

Мұхаммед Хайдардың еңбегі Қазақ хандығының тарихы бойынша нақты деректердің молдығымен маңызды орын алады. Оның жазбалары – Қазақ хандығы құрылуының бұрынғы және кейінгі тарихын жүйелі баяндаған бірден-бір құнды еңбек.

«Жәмиғ-ат-тауарих» («Жылнамалар жинағы») авторы – Тәуекел хан тұсындағы ықпалды би, жалайыр руынан шыққан Қадырғали (тарихи әдебиетте Қадырғали Жалаири есімімен белгілі). 1587 жылы ол Оразмұхаммед сұлтанмен бірге орыстарға тұтқынға түсіп, ұзақ уақыт орыс патшалығында тұрды.

Кітап XV–XVI ғасырлардағы қазақ тарихына арналған. Қадырғалидың қазақ хандары мен сұлтандарының шежіресі туралы деректері ерекше құнды. Бұл еңбекте Қазақ хандығы, оның билеушілері мен батырлары туралы материалдар келтірілген. Кітап араб әрпімен, қазақ тілінде жазылған маңызды тарихи дереккөз ғана емес, XVI ғасырдағы қазақ тілінің ескерткіші де болып табылады.

Қадырғали туындысы – қазақ тайпаларының өкілі жазған алғашқы тарихи еңбек.

«Шыңғыснама» тарихи еңбегін XVI ғасырда Өтеміс қажы жазған. Кітапта Жошы өулетінің тарихы баяндалады. Бұл шығармада XIII–XV ғасырлардағы саяси тарих, Алтын Орданы басқарған хандар, сол кезеңдегі Батыс және Оңтүстік Қазақстан туралы көптеген деректер бар.

«Тарих-и Әбілқайыр хани» шығармасы XVI ғасырға жатады. Кітап авторы – Масуд бин Осман Қухистани. Кітапта Әбілқайыр хан билік еткен кезеңдегі «көшпелі өзбектер» тарихы баяндалады.

«Шежре-и түрк» («Түрік шежіресі») кітабының авторы – Хиуа қаласының ханы, тарихшы, Әбілғазы Баһадүр (1603–1664 жылдар).

«Шежре-и түрк» Шыңғысхан өулетінің тарихына арналған. Онда қазақ халқының құрамына енген түркі тайпалары туралы құнды деректер бар. Әбілғазы Баһадүр тарихи еңбектер ғана емес, әскери іс пен ақындық өнер туралы еңбектер де жазған.

Мұхаммед Хайдар Дулатидің XV–XVI ғасырлардағы оқиғалар жайлы өткен тақырыптарда айтқан деректерін табыңдар. «Тарих-и-Рашиди» еңбегінің ғылыми құндылығын көрсетіңдер.

Мұхаммед Хайдар Дулатиды неліктен Қазақ мемлекетінің тұңғыш тарихшысы деп атайтынын түсіндіріңдер.



Қадырғали
Жалаири

«Жәмиғ-ат-тауарих» кітабының жазылу тарихын түсіндіріңдер.

«Түрік шежіресінің» ғылыми құндылығын анықтаңдар.

Ортағасырлық шығыс қоғамында ғылым мен білім жоғары бағаланды. Билеушілер әскери жетістіктерді ғана емес, өз астанасына ғалымдарды тартуды да ойластырды. Өр билеуші мен ықпалды сұлтан өз жанында сарай тарихшылары мен ақындарын ұстады. Бұл билеушілердің құдіреті мен беделін арттырды. Тарихшы, ақындар кез келген сарайда өздерінің қабілеттері мен білімдерін кеңінен танытуға мүмкіндік алды.



Оқиға куәгерлері мен тарихшылардың деректері

XVI–XVII ғасырлар аралығындағы белгілі автор Ахмад Рази былай деп жазды: «Одан Мұхаммед Хайдардан дүниеге игі істер тарады, ол ерекше қабілетті еді. Оның жазу емлесі таза, стилі айқын, өлеңі нақышты еді.

Автор Мұхаммед Хайдардың қандай қасиеттері мен іс-әрекеттері туралы айтады?

Сирек кездесетін батылдыңтың адамы және шебер әскербасы болды. Ол Қашғардан Тибетке өтті. Қашмирге келіп, ел басқарды. Қашмирде қайтыс болды. Оның Қашғар билеушісі Рашид ханға арнап жазған «Тарих-и-Рашидиі» бүкіл жұртшылыққа белгілі».



1. Ашық тест тапсырмалары

- 1.1. Мұхаммед Хайдар _____ және _____ тілдерінде бірдей еркін жазды.
- 1.2. «Тарих-и-Рашиди» еңбегінде XIV–XVI ғасырлардағы _____ тарихы айтылады.
- 1.3. «Жәмиғ-ат-тауарих» кітабы _____ әрпімен _____ тілінде жазылды.



2. Жабық тест тапсырмалары

2.1. Жанры жағынан мемуарлық әдебиетке жататын шығарма

- А) «Бабырнама»
- Ә) «Тарих-и-Рашиди»
- Б) «Жәмиғ-ат-тауарих»
- В) «Тарих-и Өбілқайыр хани»
- Г) «Құтадғу білік»

2.2. Еуропа ғалымдары жоғары бағалаған шығарма

- А) «Бабырнама»
- Ә) «Тарих-и-Рашиди»
- Б) «Жәмиғ-ат-тауарих»
- В) «Тарих-и Өбілқайыр хани»
- Г) «Құтадғу білік»

2.3. Мұхаммед Хайдар еңбегінің аты

- А) «Тарих-и-Рашиди»
- Ә) «Бабырнама»
- Б) «Жәмиғ-ат-тауарих»
- В) «Тарих-и-Өбілқайыр хани»
- Г) «Құтадғу білік»

2.4. Мұхаммед Хайдар тәрбие мен білім алған хан сарайының иесі

- А) Бабыр
- Ә) Ахмет Риза
- Б) Қадырғали Жалаири
- В) Қасым
- Г) Абылай

Шығармашылық тапсырма

Ұлы Далада ғылымның дамығандығы жайында өз пікірлеріңді білдіріңдер.



Тоғызыншы тарау бойынша

ҚАЙТАЛАУ-ЖИНАҚТАУ САБАҒЫ



Сұрақтар мен тапсырмалар

1. Оқулық деректері негізінде маусымдық көші-қон ерекшеліктерін ашып көрсетіңдер.
2. Оңтүстік Қазақстанның XV–XVII ғасырлардағы саудадағы егіншілік кәсіпті дамытудағы рөліне баға беріңдер.
3. XV–XVII ғасырлардағы қала мәдениетінің құлдырау себептерін ашып көрсетіңдер.
4. Көшпелі қазақтардың киіз үйге ауысу себепін түсіндіріңдер. Арба үстіндегі киіз үй неге жойылды? Киіз үйдің ішкі көрінісін сипаттаңдар, маңызын түсіндіріңдер.
5. XV–XVII ғасырларда қазақтар арасында таралған кітаптар тізімін жасаңдар.



1. Ашық тест тапсырмалары

- 1.1. Дәстүрлі қазақ қоғамы ақсүйек, қалған басқа халық _____ болып бөлінді
- 1.2. Халық өмірінде _____ үлкен рөл атқарды. Қазақ күнтізбесі _____ аталған 12 жылдан тұрды.
- 1.3. Қадырғали Жалаиридiң _____ туындысы XVI–XVII ғасырлардағы қазақ тарихи әдебиетінің маңызды ескерткіші саналады.



2. Жабық тест тапсырмалары

- 2.1. Тәуке тұсында хандық кеңесте шешуші дауысқа ие болғандар
 - А) діни қауым
 - Ә) байлар
 - Б) ақсақалдар
 - В) Шыңғысхан ұрпақтары
 - Г) билер
- 2.2. XVI ғасырда Сауран қаласының кеңінен белгілі болу себебі
 - А) берік қамал ретінде
 - Ә) озық сәулет ғимараттарымен
 - Б) қолөнер бұйымдары арқылы
 - В) діни ғимараттарымен
 - Г) өкімшілік орталық ретінде
- 2.3. Шайқастағы жеке ерлігі мен қолбасшылығы үшін берілетін атақ
 - А) хан
 - Ә) би
 - Б) бек

- В) батыр
- Г) сұлтан

2.4. XVII ғасырдың соңында – XVIII ғасырдың басында Қазақ хандығындағы құқық тәртібі мен мемлекеттік құрылым қағидаларын айқындап берген заң жинағы

- А) «Жасақ»
- Ә) «Жеті жарғы»
- Б) «Қасым ханның қасқа жолы»
- В) «Есім ханның ескі жолы»
- Г) Игельстром реформасы

Сәйкестікке арналған тест тапсырмалары

1.

XVII ғасырдағы тарихшылар және олардың еңбектері	Тақырыптар
А) Осман Кухистани «Тарих-и Әбілқайыр хани» Ә) Өтеміс қажы «Шыңғыснама» Б) Әбілғазы Баһадүр «Шежре-и түрк» («Түрік шежіресі») В) Мұхаммед Хайдар. «Тарих-и-Рашиди» Г) Қадырғали Жалаири. «Жәмиғ-ат-тауарих»	1. Әбілқайыр хан билік еткен кезеңдегі «көшпелі өзбектер» тарихы. 2. XV–XVII ғасырлардағы қазақтар тарихы, қазақ хандары мен сұлтандарының шежіресі туралы деректер. 3. Шыңғысхан өулетінің тарихы, қазақ халқының құрамына енген түркі тайпалары туралы деректер. 4. XIV–XVI ғасырлардағы Моғолстан мен Қазақ хандығы тарихы. 5. XIII–XV ғасырдағы саяси тарих, Жошы өулеті, Алтын Орда хандары туралы.

2.

Шығармалар	Билеушілер және ғұламалар
А) «Тарих-и-Рашиди» Ә) «Жәмиғ-ат-тауарих» Б) «Жеті жарғы» В) «Тарих-и Әбілқайыр хани»	1. Мұхаммед Хайдар 2. Осман Кухистани 3. Қадырғали Жалаири 4. Тәуке хан

ҮШІНШІ БӨЛІМГЕ ҚОРЫТЫНДЫ

Қазақ хандығының құрылуы мен дамуы біртұтас қазақ халқының қалыптасуында үлкен маңызға ие болды.

XV–XVII ғасырларда Қазақ хандығы тұтас саяси құрылым ретінде қалыптасу, өрлеу және құлдырау кезеңдерін бастан өткерді. Хандық аумағы бұл кезеңде сыртқы саяси оқиғалардың ықпалымен өзінің ауқымын бірнеше рет өзгертті. Бірақ бұл үнемі қазақ этносы Ертістен Сырдарияға дейін және Жайық жағасынан Тянь-Шаньға дейін қоныс еткен аумақтарда орын алды. Қазақ халқы өзінің түпкілікті этникалық аумағын қорғап қалды. Осылайша, Қазақ хандығы өзге аймақтарды басып алу нәтижесінде емес, жергілікті саяси, экономикалық және этникалық тұтастық негізінде құрылды.

Көшпелі малшаруашылығы және отырықшы-егіншілік, қалалық құрылымдарға негізделген экономикалық жүйе орнықты.

Қазақ хандығы жайлы дереккөздер оның билеушілерінің мемлекетті нығайту үшін күрестегі жетістіктері мен сәтсіздіктері туралы айтады. Қазақ хандары дербес сыртқы саясат жүргізді, Орталық Азияның елдерімен және көрші халықтармен, Ресей мемлекетімен бейбіт қарым-қатынастар орнатты.

Қазақ халқының ұлттық мәдениеті Орхон-Енисей жазба ескерткіштерінен бастап бүгінгі күнге дейін Ұлы Даланың мәдени дәстүрлерінен тамыр алған. Ұзақ мерзімді этногенез барысында қазақ халқында төзімділік, табандылық, қонақжайлылық, үлкенді сыйлау, кішіге қамқорлық, өзге дін мен ұлт өкілдеріне құрмет, табиғатты аялау сияқты ұлттық ерекшеліктер қалыптасты. Осының барлығы қазақ халқының рухани және материалдық мәдениетінде, салт-дәстүрі мен әдет-ғұрпында көрініс тапты.

Осы құндылықтарды оқып-білу «Мәңгілік Ел» ұлттық идеясы нәтижесінде жүзеге асырылады.



Тәжірибелік тапсырмалар:

1. Қазақ хандарының Қазақстан тарихында алатын орнына баға беріңдер.
2. Ортағасырлық Қазақстанға қатысты қандай тарихи әдебиеттерді білесіңдер?

ҚАЗАҚСТАН ТАРИХЫ БОЙЫНША ТЕРМИНДЕР СӨЗДІГІ

Автохтондар – белгілі бір аймақтың ең ежелгі тұрғын халқы.

Адаптация – өзгермелі сыртқы жағдайларға бейімделу.

Ақын – поэзиялық туындыларды ауызша не жазбаша түрде шығаратын өнер иесі.

Антропология – адамның шығу тегін, дамуын, дене құрылысын, нәсілдік ерекшеліктерін зерттейтін ғылым.

Аң бейнесіндегі өрнектер – діни наным-сеніммен байланысты хайуанаттар бейнесіндегі қиял-ғажайып өрнектер.

Ареал – таралу аймағы.

Аруақ – өулиелер, қасиетті ата-баба, сондай-ақ о дүниелік жандардың рухы.

Ассимиляция – жаңа орта дәстүрін қабылдау, сіңу. Бір халық өзінен үлкен екінші халыққа сіңіп кетіп, ана тілін, әдет-ғұрпын, дінін, мәдениетін, өзіндік сана-сезімін т.б. ұлттық ерекшеліктерін жоғалтады.

Атабек – кейбір мемлекеттерде (оғыздарда, Ақ Ордада және т.б.) тақ мұрагерінің тәрбиешісі.

Әдет-ғұрып жосындары – көшпелі қазақ қоғамындағы дәстүрлі құқықтық жүйе.

Әдет құқығы – орта ғасырларда мемлекеттің бекітуімен дәстүрлі түрде қалыптасып, салтқа енген мінез-құлық ережелерінің жиынтығы. Мысалы, «Жеті жарғы» заңдары әдет құқығы негізінде жасалған.

Әмір – мемлекеттің немесе өлкенің билеушісі, монғол жаулап алушылығынан кейін хандық билікке құқықтары болмаған билеушілер, яғни Шыңғысхан ұрпағына жатпайтындар (мысалы, Әмір Темір) өзін әмір деп жариялады.

Әскери жер иелену – жер иелену түрі. Қожайынынан оның пайдасына әскери қызметте болу жағдайында жер алған адам (орта ғасырларда Қазақстандағы мұндай жер иелену түрлері: иқта және сойырғал).

Әулет – белгілі бір әулеттен шыққан ұрпақтардың мұрагерлікпен билік ету реті (мысалы, Жошы ұрпақтары, Шайбани ұрпақтары).

Бай – дәстүрлі қазақ қоғамындағы дәулетті әлеуметтік топ. Мыңғырған мал иесі.

Басқақ – монғол хандарының жаулап алынған елдердегі сенімді өкілі, салық жинаумен де айналысқан.

Бек – ежелгі түріктердегі ақсүйек қауымының лауазымы.

Беклербек – Алтын Ордадағы жоғары лауазым иесі, ханнан кейінгі екінші адам, әскер қолбасшысы және мемлекеттің сыртқы саясатын басқарушы.

Би – дәстүрлі қазақ қоғамының саяси-әлеуметтік жүйесіндегі демократиялық билік иесі, сот міндетін атқарып, руды да басқарған.



Бүдун – халық (түрікше); қараңыз: қара бүдун.

Бұйрық – Батыс Түрік қағанатында сот қызметін атқарған лауазым иесі.

Вақф – мұсылман дінбасыларының жері, олар бұл жерді салық жинау құқығымен бірге алды, ал түскен кірісті мешітке, мектепке, медресеге жұмсаулары тиіс болды.

Вассал – қожайынына тәуелді және оның пайдасына түрлі міндеткерліктерді (салық төлеу, әскери қызмет және т.б.) орындауға борышты кез келген адам.

Генеалогия – (грекше ген – тек және логос – білім) – 1) тектердің тарихымен, жеке адамдардың шығу тарихымен, туыстық байланыстарды анықтаумен айналысатын ғылым; 2) шежіре – жеке адамның немесе тұтас бір рудың шығу тегі мен туыстық байланыстарының тізбесі (мысалы, Шыңғысхан ұрпақтарының шежіресі).

Гурхан («хандардың ханы») – қарақытайлардың жоғары билеушісінің лауазымы.

Декор – ғимараттарды немесе бұйымдарды әшекейлеу жүйесі.

Динар – орта ғасырлардағы алтын монета.

Дирхем – орта ғасырларда бастапқыда күміс монета, одан кейін күміс пен мыстың қоспасынан соғылды; дирхем – VI–XII ғасырларда саудадағы негізгі монета.

Диуан – Алтын Ордада және кейбір басқа мемлекеттерде мемлекеттің қаржысын, салығын, ішкі саясатын жүргізген атқарушы биліктің жоғарғы органы, диуанның басында үзір тұрды.

Дуальдық жүйе – бір-бірімен өзара әрекеттестіктегі екі тең құқылы жүйе (мысалы, түргештердегі сияқты тайпалардың екі негізгі тобы).

Ел – ежелгі түркі халықтарындағы мемлекет атауы. Кейін қарахандықтар қағанатындағы иеліктер басқарған дербес иеліктер осылай атала бастады.

Елтебер – Батыс Түрік қағанатындағы жоғары лауазымның бірі, қаған әулетінің бір мүшесі.

Ер – жауынгер, еркек, түркілерге тең құқылы еркін қауым мүшесі.

Жабғу – 1) Оғыз мемлекеті басшысының лауазымы; 2) Кейбір түркі мемлекеттерінде «қаған» атағын қабылдағанға дейінгі жоғары қызмет иесі, жоғары билеуші.

Жарлық – монғол мемлекеттерінде ханның заң немесе басқару мәселелері бойынша жарлығы. Бұл жарлық халыққа жария етілуі тиіс болды. Жарлыққа ханның таңбасы басылды.

«Жасақ» («Яса») – заң, жарғы; монғолдың әдет-құқығы, екі бөлімнен: Шыңғысханның нақыл сөздерінен (оның ойлары мен нақыл-өсиеттері) және заңдарды орындамағаны үшін тиісті жазалар белгіленген әскери және азаматтық заңдар жиынтығынан тұрады.

Жатақ – көшпелі шаруашылықты жүргізу мүмкіндігі болмағандықтан отырықшылыққа көшіп, егіншілікпен айналысқан, яғни жеткілікті мал санынан айырылған көшпелі.

Жәм – Монғол империясындағы пошта бекеті, жаушылар бекетте аттарын ауыстыра алды. Кейін барлық мемлекеттерге тарады («жәмшік» сөзі осыдан шыққан).

Жошы ұрпақтары – Жошы ұрпақтарының өулеті.

Жырау – XIV–XVIII ғасырлар дала өңірінде эпикалық шығармалар мен толғаулар шығарған жыршы. Көшпелілер арасында ерекше үлкен беделге ие болды. Әдетте тұрғындардың арман-тілегін білдірді, кейде хандар мен сұлтандардың кеңесшісі, әскербасы, би болды (мысалы, Жиенбет жырау).

Зекет – көшпелі малшыдан алынған салық (әдетте малдың 1/20 бөлігі).

Зороастризм – ежелгі халықтар діні, Заратуштра (Зороастра) «пайғамбардың» есімімен аталған.

Иерархия – әлеуметтік топтардың немесе басқару жүйесіндегі қызметкердің әлеуметтік біркелкілігі, онда әр топ жағдайына қарай өзінің алдындағыдан төмен тұрады (мысалы, Қазақ хандығын басқару жүйесіндегі иерархия. Ханнан бастап, ауыл басшысына дейінгі жүйе).

Иқта – өз пайдасына салық жинау құқығы бар жер үлесі.

Иқтадар – феодал, иқтаның иесі, иқта үшін қаған пайдасына қызмет етуі тиіс болды.

Кедей – қазақтар арасындағы тұрмысы төмен отбасы.

Кесене – әйгілі адам басына тұрғызылған мазар (мысалы, Қожа Ахмет Ясауи кесенесі).

Кешен (шаруашылық) – шаруашылық немесе кәсіпорындардың бір-бірімен байланысты салаларының жиынтығы.

Конфедерация – әскери, сыртқы саяси және басқа міндеттерді үйлестіру үшін біріккен басқару органдары бар тәуелсіз мемлекеттердің немесе тайпалардың одағы.

Көші-қон – адамдардың қоныс аударуы, тұрғындардың бір жерден екінші жерге ауысуы.

Ксилография – қағаздағы мәтін мен суреттер таңбаларын алуға негізделген кітап басу түрі.

Күй – музыкалық шығарма, қазақ халық музыкасының бір түрі (әдетте домбыраға, қобызға арналған күйлер).

Күмбез – дөңес шатыр, жартышар түріндегі күмбез.

Қара бұдун (сөзбе-сөз алғанда «қара халық») – VI–XIII ғасырлардағы түркі қағанаттарының негізгі тұрғындары, еркін қауымшы-малшылар, диқандар, қолөнершілер және басқалары.



Қарасүйек – қазақ қоғамының қатардағы тобы.

Қонтайшы – Жоңғар мемлекетінің жоғарғы билеушісі.

Құрылтай – монғолдарда, одан кейін XIII–XV ғасырлардағы мемлекеттерде және Қазақ хандығындағы ақсүйектер кеңесі, оған Шыңғысхан ұрпақтарының билік етуші әулетінің барлық өкілдері, сондай-ақ тайпа көсемдері енген.

Махалла – ортағасырлық қала орамы.

Мәртебе (құқықтық) – қалыптасқан құқықтық ережеге сай артықшылық жағдай.

Меценат – ғылым мен өнердің, әдебиеттің, сәулет өнерінің қамқоршысы. Көптеген Шығыс билеушілері өз беделін нығайтып, өз билігінің дақын шығару мақсатында меценаттықпен айналысқан.

Мүлік (мильк) – орта ғасырлардағы дінбасыларының жекеменшік жерлері.

Миссионер – өзге діндегі тұрғындар арасында белгілі бір дінді таратумен айналысатын адам. Мәселен, VI–IX ғасырларда Жетісуда миссионерлердің рөлін соғдылар жиі атқарып тұрды.

Монотеизм – бір құдайлық, бір жаратушы құдайды танитын дін (мысалы, ислам, христиандық).

Некрополь – атақты адамдар жерленген орын; ол міндетті түрде сәулет құрылысымен ерекшеленеді.

Ноян – монғолдардағы және монғол кезеңінен кейінгі барлық мемлекеттердегі жоғары ақсүйек лауазымы; әскербасы.

Номиналды – тек қана аталатындар, бірақ өз міндетін орындамайтындар (мысалы, Алтын Орданың Берке тұсындағы ұлы ханға тәуелділігі номиналды болды).

Нумизматика – теңгелердің, ақшалардың, медальдардың тарихын зерттейтін ғылым (сондай-ақ ескі теңгелер мен медальдарды жинау). Әдетте соғылған орындары мен билеушілер есімдері көрсетілген теңгелерді зерттеудің арқасында тарихшылар хандардың билік еткен мерзімін, олардың иеліктерінің шегараларын, сауда байланыстарының таралуын және т.б. анықтайды.

Он оқ бұдун – «он жебе халқы», Батыс Түрік қағанатындағы 10 жетекші тайпа, тайпалық ұйымының негізі.

Орда – монғолдардағы хан ордасы.

Өркениет – 1) қоғам қол жеткізген материалдық және рухани мәдениеттің белгілі бір деңгейі; 2) ірі әлеуметтік-мәдени ортақтық (мысалы, ислам өркениеті, түркі өркениеті).

Патриархалды-феодалдық қатынастар – рулық-тайпалық ұйым негіздерін сақтайтын феодалдық қатынастар.

Портал – ғимарат қасбетіне салтанатты сипат беру үшін қолданылатын сәулет тәсілі; ол еңселі әрі әсемдігімен көз тартып тұрады.

Протекторат – күшті мемлекеттің әлсіз елді ресми түрде құрамына алуы. Бұл жағдайда әлсіз ел өзінің мемлекеттік құрылымы мен дербестігін жай ғана сақтай отырып, шын мәнінде, күшті елге бағынышты болады.

Рабад – ортағасырлық қалалардың қолөнер мен сауда орындары шоғырланған бөлігі. Рабадтар шахристан маңында орналасқан.

Реформа – жаңа жағдайларға бейімделіп, өз қызметін жақсарту мақсатында экономикада, мемлекеттік басқаруда және басқа салаларда билік жүргізген жаңарту үрдісі.

Руна жазуы – көне түркілер жазуы.

Сабақтастық – бір құбылыстың өзінің алдындағыдан келесісіне маңызды белгілерін жоғалтпай өтуі (мысалы, дәстүрлер сабақтастығы, билік сабақтастығы).

Саманилер – Мауараннахр билеушілерінің әулеті (мөлшермен 840–999 жылдар). Әулет негізін салушы – Саман. Қарахандықтар ғазнауилермен одақтаса отырып, бұл билікті жойды.

Салжұқтар – Салжұқ бастаған түрік-оғыз тайпаларының оғыз тайпалық одағынан бөлініп кеткен тармағы.

Сепаратизм – мемлекеттің бір бөлігінің жекешеленуге, оқшаулануға ұмтылуы.

Соғдылар – Орталық Азия мен Оңтүстік Қазақстан аумағын мекендеген көне шығыс ирандық халық, VI ғасырдан бастап Жетісуды қоныс етті. Саудамен, қолөнермен және егіншілікпен айналысты.

Соғым – көшпелі малшылардан алынған салық (қысқы ет дайындау).

Сойырғал – көшпелі ақсүйек қауымының отырықшы-егінші тұрғындарға үстемдік етуінің түрі. Ханға адал қызмет еткен әскерилерге тарту етілген жерлер мұрагерлікпен берілмеді, бұл жердің иесі өз пайдасына салық жинады.

Сопылық – исламдағы ағым.

Сословие – әдет пен заң бекіткен өзінің құқықтық ережесі бойынша ерекшеленетін адамдардың қоғамдағы үлкен тобы.

Стандартау – бұйымдардың бірыңғай өлшемдері мен үлгілерін белгілеу; дамыған қолөнер және өнеркәсіп өндірісіне тән.

Стела – тастан қашалған немесе тұтас қабырға түріндегі ескерткіш-белгі, құлпытас.

Сюбашы – оғыз әскерінің бас қолбасшысы.

Сұлтан – жасы мен қоғамдағы жағдайына қарамастан, Шыңғысхан әулетінің әр мүшесінің лауазымы (қазақтарда сұлтандарды төре деп атаған).

Тархан – 1) Батыс Түрік қағанатында сот қызметін атқарған шенеуніктер; 2) монғол кезеңінен кейінгі мемлекеттерде тархандық құқық алған ақсүйек өкілдері.



Тархандық – ру-тайпа билеушілері мен ақсүйектерінің жерге ерекше және дербес құқықтығы.

Тауыс (павлин) – қырғауыл тұқымдас ұзын құйрықты әдемі құс.

Тат – түркілер қол астындағы салық төлеуге міндетті отырықшы тұрғындар.

Тегін – түркілердегі билік етуші әулет мүшелерінің, ханзадалардың мансабы (мысалы, Күлтегін Білге қағанның кіші інісі).

Тенденция – жеке тұлғаның бойындағы немесе қоғамдағы мәдени, саяси және әлеуметтік-идеологиялық көзқарастар мен түсініктердің негізгі бағыттары (мысалы, көшпелілердің қалалық өңірде отырықшылыққа бейімделу тенденциясы).

Терракота – шағын көзе кірпіш (күйдірілген сары немесе қызыл қыш), сондай-ақ балшықтан боялмай жасалған бұйымдар.

Толғама (қоршау, орау; тура мағынасында – жалмау) – соғыс тәсілінің бір түрі.

Толғау – өлең түріндегі өсиет, уағыз, жыраулар поэзиясында кең тараған ауыз әдебиетінің жанры.

Топоним – жеке географиялық мекеннің (елді мекеннің, өзеннің және т.б.) атауы. Топонимдерді талдау мекендер мен тұрғындардың тарихын білуге, түрлі оқиғалар орындарын анықтауға көмектеседі.

Төре – Шыңғысхан ұрпақтары, сұлтандар.

Транзит – жолаушыларды немесе жүктерді бір бекеттен екінші бекетке қандай да бір аралық бекеттер арқылы тасымалдау; сауда керуені. Мысалы, Ұлы Жібек жолы бойымен керуен саудасы кең ауқымда жүргізілді.

Түдүн – Батыс Түрік қағанының қол астындағы иеліктердегі өкілетті өкілі, алым-салықтың жиналуы мен оның қаған ордасына жөнелтілуін бақылады.

Тұмар – діни сенім белгісі. Тұмарда тіл-көзден, қауіп-қатерден қорғайтын дұға жазылған; оны адамдар қашан да өзімен бірге алып жүрген. Тұмар бөйге аттарға да тағылған.

Түмен – 10 мың жауынгерлік жасақ.

Түркілену – түрлі тайпалардың, халықтардың түркі тілі мен мәдениетін меңгеруі.

Уәзір – Алтын Ордадағы, сондай-ақ бірқатар мұсылман елдеріндегі жоғары қызмет иесі (мысалы, салжұқтар, Хорезмшахтары мемлекеттерінде).

Ұлыс – мемлекет қарамағындағы ірі әкімшілік-аумақтық, әдетте автономдық немесе нақты алғандағы тәуелсіз бірлік (мысалы, Шыңғысхан ұрпақтарының ұлыстары).

Ұлысбек – Моғолстандағы жоғарғы қызмет, ханнан кейінгі екінші адам.

Ұшыр – егіншілерден алынған салық (әдетте астық өнімінің 1/10 бөлігі).

Инжу – тікелей хан әулетінің мүшелеріне тиесілі жерлер.

Фактория – шетел көпестерінің сауда тұрағы немесе кеңсесі (мысалы, XIV–XV ғасырларда Алтын Орда кезінде генуялықтардың Қырымдағы сауда факториялары).

Федерация – белгілі бір деңгейде дербестігін сақтаған, біріккен мемлекеттерден немесе тайпалардан тұратын мемлекет.

Фельс – айырбас мыс монетасы.

Филология – халықтың тіл мен әдеби шығармашылығын, рухани мәдениетін зерттейтін ғылым. Алғашқы белгілі ірі түркі филологы Махмұд Қашғари болды.

Харадж – егіншілерден жиналған салық.

Шағатайлықтар – Шыңғысханның екінші ұлы Шағатайдан тараған әулет.

Шад – Батыс Түрік қағанатындағы қаған әулеті мүшесі.

Шад-түтүқ – қимақтар тайпасының билеушісі.

Шайбани ұрпақтары – Жошының ұлы Шайбани ұрпақтарының әулеті, оның өкілдері XV–XVI ғасырларда Көшпелі өзбектер мемлекетінде, сондай-ақ Сібір хандығында және Мауараннахрда билік етті. Әулеттің негізін салушы Әбілқайыр ханның немересі Мұхаммед Шайбани хан Дешті Қыпшақ даласы үшін соғыста қазақ билеушілерінен жеңілгеннен кейін, 1500 жылы Мауараннахрды басып алып, өз билігін орнатқан.

Шариғат – мұсылман құқығы (Алтын Ордада исламды қабылдағаннан кейін «Жасақпен» бірге қолданылды, мұсылман мемлекеттерінде құқықтың негізгі көзі).

Шахристан – ортағасырлық қаланың қоғамдық ғимараттар мен сауда және мәдени мекемелер орналасқан бөлігі. Мемлекеттік қызметтегілер мен жергілікті ақсүйектердің тұрғын үйлері, мәдени және қоғамдық ғимараттар қаланың осы бөлігінде орналасты.

Шежіре – қазақ рулары ататектерінің жиынтығы.

Эволюция – даму, біртіндеп үздіксіз сандық және сапалық өзгеру үдерісі.

Экспансия – елдерді экономикалық немесе саяси бағыныштылықта ұстауға, ықпал ету саласын кеңейтуге, өзге аумақтарды басып алуға бағытталған саясат (мысалы, XIII ғасырдағы монғолдар экспансиясы).

Эпитафия – 1) біреудің қазасына байланысты жазу (көбінесе өлең түрінде); 2) бейіттегі жазу.

Этногенез – халықтың шығу тегі.

Этнография – халықтың материалдық және рухани мәдениетін, тұрмысы мен салт-дәстүрінің ерекшеліктерін зерттейтін ғылым.

Этнос – халық (тайпа, ұлт). Ортақ аумақ, тіл мен мәдениет негізінде құрылады, бірінші кезекте адамдардың ортақ этникалық сана-сезімімен (өзінің этносқа қатыстылығы мен оның өзгешелігін сезінумен) ерекшеленеді.



ҰСЫНЫЛАТЫН ӘДЕБИЕТТЕР

Ақынжанов С. Ортағасырлық Қазақстан тарихындағы қыпшақтар. – Алматы, 1989.

Артықбаев Ж.О. «Жеті жарғы»: Мемлекет және құқық ескерткіші (зерттелуі, деректер, тарихы, мәтіні). Оқу құралы. – Алматы, 2004. – 150 бет.

Аяған Б.Ф. Қазақ хандығы тарихы: құрылуы, өрлеуі, құлдырауы. – Алматы: Сөздік-Словарь, 2011. – 320 бет.

Байниетова С. Қожа Ахмет Ясауи. Тарих, тұлға, уақыт. – Алматы: Аруна, 2007. – 96 бет. – «Шығыстың әйгілі адамдары» сериясы.

Байпақов К.М. Ұлы Жібек жолы (Қазақстан аумағы). – Алматы: Адамар, 2007. – 496 бет.

Барманқұлов М.К. Түркі әлемі. – Алматы, 1996.

Бегалин К. Алтын Орда хандары. «Отан тарихы» сериясы. – Алматы: Адамар, 2007. – 272 бет.

Дәулетхан Ә. Ежелгі және орта ғасырлардағы түркілер: тарихи зерттеулер. – Алматы, 2011. – 302 бет.

Әбдәкімұлы Ә. Қазақстан тарихы (көне заманнан бүгінге дейін). Оқу құралы. – Алматы: Қазақстан, 2005. – 608 бет.

Әбусейітова М.Қ. Қазақстан тарихы. Шығыс миниатюраларында. – Алматы: Дайк-Пресс, 2010. – 264 бет.

Есенберлин І. Алтын Орда: Роман-трилогия. – Алматы: І. Есенберлин атындағы қор, 1999. – 448 бет.

Жанайдаров О. Ежелгі Қазақстанның аңыздары. Қазақстан балалар энциклопедиясы. – Алматы: Аруна, 2007. – 248 бет.

Жанайдаров О. Жүсіп Баласағұни. Тарих, тұлға, уақыт. – Алматы: Аруна, 2008. – 92 бет. – «Шығыстың әйгілі адамдары» сериясы.

Ізбасарова Г.Б. Қазақстанның орта ғасырлардағы тарихы. – Ақтөбе, 2007. – 244 бет.

Қазақстан тарихы (көне заманнан бүгінге дейін). 5 томдық. 1–2-томдар. Алматы: Атамұра, 1996.

Қазақтың Қасым, Хақназар хандары туралы тарихи деректер. 2-басылымы, толықтырылған. – Алматы: Үш қиян, 2013. – 376 бет.

Қалыш А.Б. Қазақ халқының этногенезі мен этникалық тарихы: Оқу әдістемелік кешен. – Алматы: Қазақ университеті, 2013. – 148 бет.

Кәрібаев Б. Қазақ хандығының құрылу тарихы. – Алматы: «Сардар» баспа үйі, 2014. – 520 бет.

Қинаятұлы З. Шыңғысхан және Қазақ мемлекеті. – Алматы, 2010. – 728 бет.

- Көшпелілердің ұлы шайқастары. – Алматы: Адамар, 2007. – 192 бет.
- Күзембайұлы А., Әбілев Е.* Қазақстан тарихы. – Алматы, 1996.
- Құдайбердіұлы Ш.* Түрік, қырғыз-қазақ һәм хандар шежіресі. – Астана: Фолиант, 2008. – 384 бет.
- Мағауин М.* Қобыз сарыны. XV–XVIII ғасырлардағы қазақтың ақын-жыраулары. – Алматы: Жазушы, 1970.
- Мұхаммед Хайдар Дулати. Тарих-и-Рашиди.* – Алматы: «Мирас» баспасы, 2015. – 788 бет.
- Н. Ә. Назарбаев.* Мәңгілік ел – қазақ халқының ұлттық идеясы.
- Насыров Р.* Ежелгі сауда жолымен. Деректі повесть. – Алматы: Балауса, 1998. – 80 бет.
- Омарбеков Т.* Қазақ түркілерінің шығу тегі (IX–XV ғасырлар): Оқу құралы. – Алматы: Қазақ университеті, 2014. – 369 бет.
- Орта Азия мен Қазақстанның ұлы ғұламалары (VIII–XIX ғасырлар). – Алматы, 1965.
- Сафарғалиев М.Г.* Алтын Орданың ыдырауы. – Алматы: Дайк-Пресс, 2014. – 326 бет.
- Ұлы Дала мемлекеті. – Алматы: Адамар, 2007. – 216 бет.
- Ұлытау төріндегі толғанис. «Егемен Қазақстан». №165 (28389), 26 тамыз, 2014 жыл.
- Шәлекенов У.Х.* Түріктердің отырықшы мәдениеті. – Алматы: Қазақ университеті, 2003. – 300 бет.



Электрондық қорлар

ҚР Ұлттық музейі. <http://nationalmuseum.kz/>

ҚР Алматы қаласындағы Мемлекеттік орталық мұражайы. <http://www.csmrk.kz/>

Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты. <http://www.iie.kz>

Орта ғасырлар тарихы (Бойцов М., Шүкіров Р.). <http://historic.ru/books/item/f00/s00/z0000033/index.shtml>

Деректі фильмдер. Орта ғасырлар тарихы. <http://dokumentfilm.ru/tags/%C8%F1%F2%EE%F0%E8%FF+%D1%F0%E5%E4%ED%E8%F5+%E2%E5%EA%E% E2/>

Орта ғасыр дегеніміз не? Тарих ғылымының докторы, профессор В.П. Буданованың «Адамзат тарихындағы орта ғасырдың рөлі» мақаласы. http://www.home-edu.ru/user/uatml/00001838/Gotovie/cho_takoe_srednie_veka/cho_takoe_srednie_veka.html

«Тарих» – Қазақстан тарихы – оқушыларға. <http://www.tarihbegalinka.kz/ru/history/medieval/>

Қазақстан тарихы. <http://e-history.kz/ru/contents/view/116>

Білімдік портал. <http://ibrain.kz/istoriya-kazahstana/kazahstan-v-srednevekove>

Қазақстан тарихы. http://kazakhhistory.blogspot.com/2014/02/blog-post_28.html

Мұғалімнің әдістемелік құралы. География. <http://tak-to-ent.net/publ/6-1-0-110>

МАЗМҰНЫ

Кіріспе	4
Бірінші бөлім	
Түркі кезеңіндегі Қазақстан тарихы (VI–XIII ғасырдың басы)	
Бірінші тарау	
VI–IX ғасырлардағы Қазақстан	7
§1. Түрік қағанаты (552–603 жылдар)	7
§2. Батыс Түрік (603–704 жылдар) және Шығыс Түрік (682–744 жылдар) қағанаттары	12
§3. Түргеш қағанаты (704–756 жылдар)	17
§4. Қарлұқ қағанаты (756–940 жылдар).....	21
§5. Оғыз мемлекеті (IX–XI ғасырдың ортасы).....	25
§6. Қимақ қағанаты (IX ғасырдың соңы – XI ғасырдың басы).....	29
Екінші тарау	
Көне түркі дәуірі мәдениетінің тарихы (VI–IX ғасырлар)	35
§7. VI–IX ғасырлардағы түркілердің шаруашылығы	35
§8. Қала мәдениетінің қалыптасуы (VI–IX ғасырлар)	40
§9. Көне түркі дәуіріндегі жазу.....	45
§10. Көне түркілердің діни наным-сенімдері	49
Үшінші тарау	
X ғасырдың ортасы – XIII ғасырдың басындағы Қазақстан	54
§11. Қарахан мемлекеті (942–1212 жылдар)	54
§12. Қарақытай мемлекеті (1128–1212 жылдар).....	59
§13. Наймандар, керейіттер, жалайырлар (XII–XIII ғасырдың басы)	62
§14. Қыпшақ хандығы (XI–XIII ғасырдың басы)	66
Төртінші тарау	
Қазақстан аумағындағы Ұлы Жібек жолы	73
§15. Ұлы Жібек жолының қалыптасуы	73
§16. Ұлы Жібек жолының түркі бөлігі	77
§17. Ұлы Жібек жолының тарихи маңызы	80
Бесінші тарау	
X–XIII ғасыр басындағы Қазақстан мәдениеті	83
§18–19. Қалалардың дамуы. Сәулет өнері (X–XIII ғасырдың басы)	83
§20–21. Сауда мен егіншілік. Материалдық мәдениет.....	90
§22. Рухани мәдениет. Исламның таралуы	95
§23–24. IX–XIII ғасыр басындағы ғылым және әдебиет	98
§25. Мәдени қарым-қатынастың дамуы	103



ЕКІНШІ БӨЛІМ

XIII–XV ҒАСЫРЛАРДАҒЫ ҚАЗАҚСТАН

Алтыншы тарау

XIII–XV ғасырдың бірінші жартысындағы Қазақстанның

саяси тарихы110

§26–27. Қазақстан аумағын монғолдардың жаулап алуы110

§28–29. Монғол империясы құрамындағы Қазақстан118

§30. Шығыс Дешті Қыпшақтың саяси бөлектенуі. Ақ Орда126

§31. Моғолстан (XIV ғасырдың ортасы – XVI ғасырдың басы)130

§32. Өмір Темір және ұрпақтарының мемлекеті134

§33. Өбілқайыр хандығы (1428–1468 жылдар)138

§34. Ноғай Ордасы. Сібір хандығы.....141

Жетінші тарау

XIII–XV ғасырдың бірінші жартысындағы мемлекеттердің саяси

құрылымы, экономикасы және мәдениеті147

§35. XIII–XV ғасырдың бірінші жартысындағы мемлекеттердің
қоғамдық және саяси құрылымы147

§36. XIII–XV ғасырдың бірінші жартысындағы мемлекеттердің
экономикасы150

§37. XIII–XV ғасырдың бірінші жартысында рухани мәдениеттің
дамуы153

ҮШІНШІ БӨЛІМ

XV–XVII ҒАСЫРЛАРДАҒЫ ҚАЗАҚ ХАНДЫҒЫ

Сегізінші тарау

Біртұтас Қазақ мемлекетінің құрылуы159

§38–39. Қазақ халқының этногенезі159

§40–41. Қазақ хандығының құрылуы163

§42. XV ғасырдың соңы – XVI ғасырдың басында қазақ жерінің
біріктірілуі.....168

§43. Қасым ханның (1511–1518 жылдар) ішкі және сыртқы саясаты171

§44. Хақназар хан (1538–1580 жылдар) тұсындағы Қазақ хандығы176

§45. Тәуекел хан (1583–1598 жылдар) билігі. XVI ғасырдың соңындағы
Қазақ хандығы..... 179

§46. XVII ғасырдың басындағы Қазақ хандығы. Есім хан
(1598–1628 жылдар).....182

§47. Жоңғар шапқыншылығына қарсы күрес. Жәңгір хан
(1629–1652 жылдар)185

§48–49. Тәуке хан (1680–1715/18 жылдар) тұсындағы Қазақ
хандығы189

Тоғызыншы тарау**XV–XVII ғасырлардағы Қазақ хандығының****әлеуметтік-экономикалық дамуы және мәдениеті196**

§50. Қазақ қоғамының әлеуметтік құрылымы.....196

§51–52. XVI–XVII ғасырлардағы Қазақ хандығының саяси және
құқықтық құрылымы.....199

§53. XV–XVII ғасырлардағы қазақтың дәстүрлі шаруашылығы.....203

§54. XV–XVII ғасырлардағы қалалар мен ауылдар208

§55. XV–XVII ғасырлардағы рухани мәдениет.....212

§56. XV–XVII ғасырлардағы қазақтың тұрмысы мен салт-дәстүрлері214

§57. XVI–XVII ғасырлардағы тарихи әдебиет219

Қазақстан тарихы бойынша терминдер сөздігі.....227

Ұсынылатын әдебиеттер234

Электрондық қорлар236



18-беттегі картаны дайындаған *Е. Мясников*

О қ у б а с ы л ы м ы

**Бакина Нәзікен Сапарбекқызы
Жанақова Нүргүл Торғайбекқызы
Сүлейменова Қымбат Қасымқызы**

ҚАЗАҚСТАН ТАРИХЫ

Жалпы білім беретін мектептің 6-сыныбына арналған оқулық

Редакция меңгерушісі *Ә. Пірманов*
Редакторы *Г. Нұрланқызы*
Суретшілері *А. Ысқақов, Т. Асықов*
Көркемдеуші редакторы *В. Пак*
Техникалық редакторы *Ұ. Рысалиева*
Корректоры *Ұ. Бахова*
Компьютерде беттеген *С. Төлегенова*

ИБ № 068

Теруге 21.01.2018 берілді. Басуға 29.05.2018 қол қойылды. Пішімі 70x90¹/₁₆.

Шартты баспа табағы 17,55. Есептік баспа табағы 16,59.

Таралымы 70 000 дана. Тапсырыс № 3479.

«Атамұра» корпорациясы» ЖШС, 050000, Алматы қаласы, Абылай хан даңғылы, 75.

Қазақстан Республикасы «Атамұра» корпорациясы» ЖШС-нің Полиграфкомбинаты,

050002, Алматы қаласы, М. Мақатаев көшесі, 41.

